



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№1, 2011



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Төлеубекова Р.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бас редактордың орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** — Халықаралық "Қазақтілі" қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** — Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық Білім академиясының академигі; **Беркімбаева Ш.К.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Баймырзаев Қ.М.** — Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** — Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова Ә.С.** — Абай ат. ҚазҰПУ-нің «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Бейсенбаева А.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Берікханова А.Е.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** — жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** — ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** — Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Қирабаев С.С.** — М.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қазмағанбетов А.Ғ.** — Х.Досмұхаммедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қыдырәлиев Д.** — ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** — ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик; **Қойгелдиев М.Қ.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Құсайынов А.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Керімов Л.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ педагогика кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Құрсабаев М.Қ.** — халықаралық «Атамекен» ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасының авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Көкше» академиясы этнопедагогика зертханасының жетекшісі; **Колумбаева Ш.Ж.** — педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры; **Мырзахметов М.** — Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы "Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының" директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ мәдени-антропология кафедрасының профессоры, Әлеуметтік академиясының академигі, Халықаралық акмиологиялық академиясының академигі; **Нәрібаев К.Н.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Ректорының кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Сарыбеков М.Н.** — ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** — Абай атындағы ҚазҰПУ-дің әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Саңғылбаев О.С.** — Абай атындағы ҚазҰПУ "Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының" кафедра меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы; **Табылдиев Ә.Т.** — әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шолпанқұлова Г.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Сентова Ж.М.** — жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. — директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Толеубекова Р.К.** — зав. кафедрой "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** — руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** — президент международного сообщества "Қазақ тілі", главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** — профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** — декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии Образования им. Ы. Алтынсарина; **Беркимбаева Ш.К.** — ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук, доцент; **Баймырзаев К.М.** — ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** — зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** — зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Бейсенбаева А.А.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук; **Берикханова А.Е.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Габбасов С.** — писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есим Г.** — депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** — директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Кирабаев С.С.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** — директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Казмаганбетов А.Г.** — ректор Атырауского государственного университета имени Х.Досмухаммедова, доктор педагогических наук, профессор; **Кыдыралиев Д.** — эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** — председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** — профессор кафедры "Общей педагогики" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор, академик; **Койгелдиев М.К.** — зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Кусаннов А.** — зав. кафедрой "Педагогика и психология" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Керимов Л.К.** — зав. кафедрой "Педагогика" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Курсабаев М.К.** — автор международного научно-этнопедагогической программы «Атамекен», кандидат педагогических наук, заведующий лабораторией этнопедагогике академии «Көкше»; **Колумбаева Ш.Ж.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Мырзахметов М.** — директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** — ректор Восточно-Казахстанского государственного технического университета им. Д.Серикбаева, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — профессор кафедры "Культурной антропологии" КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук, академик Социальной академии, академик Академии Международной акмнологии; **Нарибаев К.Н.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Сарыбеков М.Н.** — вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** — начальник административного управления КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Сангылбаев О.С.** — зав. кафедрой "Общей и прикладной психологии" КазНПУ им. Абая, доктор психологических наук, и.о. профессора; **Табылдиев А.Т.** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** — профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, академик Академии гуманитарных наук; **Шолпанкулова Г.К.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Сейтова Ж.М.** — ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. — the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Toleubekova R.K.** — the university chair of «National education» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the second deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** — the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** — the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** — the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** — the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Berkimbaeva Sh.K.** — rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences, the associate professor; **Baymyrzaev K.M.** — the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** — the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** — the chair of sub department «the Scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Beysenbaeva A.A.** — professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** — the writer, the deserved worker of public health services SSSR, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** — the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** — the director of the ethnopsychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** — the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair "Kazakh literature" of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** — the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kazmaganbetov A.G.** — the rector of Atyrausk State University named after H.Dosmuhammedova, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kydyraliev D.** — the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** — the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** — the professor of the chair "General pedagogic" of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academic; **Koygeldiev M.K.** — the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Kusainov A.** — the university chair of "Pedagogics and psychology" of the Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kerimov L.K.** — university chair of "Pedagogics" KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical science, professor; **Kolumbaeva Sh.Zh.** — professor of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Myrzakhmetov M.** — the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** — the rector of the Kazakh National University named after al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** — the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi; **Naribaev K.N.** — rector adviser of KazNPU named after Abai, the doctor of economics, the professor, the academician of NAS RK; **Sarybekov M.N.** — the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** — the director of administration of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Sangylbaev O.S.** — the university chair of the "General and applied psychology" of KazNPU named after Abai, the doctor of psychological sciences, the acting professor; **Tabyldiev A.T.** — the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** — the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Sholpankulova G.K.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Seitova Zh.M.** — the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.



Шын мәнінде отаншылдық — тәуелсіздікті құрметтеу, мемлекетті қастерлеу, өз Отаныңды қалтқысыз сүю деген сөз.

Табанды тұлғалар тәрбиелеу арқылы ғана ел тәуелсіздігінің баянды болатынын ұмытпайық, ағайын.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне
арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі
15.12.2010 ж.*

Б.Жұмағұлов –
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕГІ ҮНДЕСТІК

Қазіргі таңда қоғамда орын алған ірі экономикалық және технологиялық жетістіктер әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім жүйесінің кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы тұлғаны қалыптастыру қажеттігін алға тартып отыр. Қазақстан халқы үшін ұрпағына жақсы тәлім-тәрбие мен оған сапалы білім беріп, өсірудің, өрбітудің жаңа дәуірі келіп, бұл тұрғыда кең көлемде келелі мәселелер туындауда. Жасыратыны жоқ, бұл күнге дейін қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне мән беруі қазіргі алмағайып аласапыран кезеңге қарағанда аса жауапкершілікпен қараған. Бұл жайында хазіреті Әлидің: «Балаларыңды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелеңдер. Өйткені, олар сендер болмайтын уақыт үшін жаралған» деген сөзін басшылыққа ала отырып, ұрпақ жалғастығының үзілмеуін қадағалаған. Қазіргі жаһандану жағдайында біз жер астынан қазба байлықтар, кен іздегеніміз сияқты жас ұрпақтың бойынан тек білім нәрі арқылы келетін іскерлік, білгірлік, қабілеттілік, жауапкершілік сияқты артықшылықтарды ғана емес, ұлттық құнды қасиеттерді дарытып, іздестіруіміз қажет. Өйткені, кен байлығы тәрізді ұлттық құндылықтар да Қазақстанның болашағын алға сүйер, өркендеу дәуіріне апаратын маңызды фактор. Біз қазіргі таңда өтпелі кезеңнің қарсаңында тұрмыз. Қазіргі әлемде жоғары білім берудің ғылыммен, осы заманғы ғылыми-техникалық жетістіктермен өзара тығыз байланысты екендігіне ешкім де шүбә келтірмейді. Білім дейгейін көтеру бүкіл өмір бойы үзіліссіз өтіп жататын құбылыс деген пікір аксиомаға айналды. Бұл ғылыми білімдердің жедел түрде ескіруімен байланысты болып отыр. Бүгінгі

таңда 3-4 жыл сайын жинақталған білімді жаңғыртып, толықтырып тұру қажет. Тәуелсіз еліміздің соңғы жылдар тізбегінде жүргізіліп келе жатқан білім реформасына қатысты түбегейлі бетбұрыстар, келелі істер, мәселен білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналатын 12 жылдық білім беру жүйесіне ену – қоғамдық ортадағы адамдардың ерекше пікірлері мен көзқарастарын қалыптастыруға негіз болып, білім сапасының жаңа деңгейге көтерілуіне өзгеше талаптар қойды. Одан байқағанымыз, тәрбиесі берік елдің тұғыры да биік болады. Әл-Фараби бабамыз айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – білім емес, ол адамзаттың қас жауы» демекші, ең алдымен тәрбиеге баса назар аудару керек. Тәрбие нәрімен сусындап, елінің бар құндылығын бойына сіңіріп өскен балада отаншылдық, ұлтжандылық, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын сыйлай, ата-анасын ардақтай білетін ұл мен қыз болып қалыптасқаны. Ондай тәрбиелі жастан елін кейін тартар керітартпа қылық шығады деуге әсте болмас. Мұндай аса жауапты мәселеде ата-аналар, мектеп мұғалімдері бірлесе отырып, әр ұл-қыздың тәрбиесін бірге бірлесе отырып шешкен әбден дұрыс. Балаға біз қанша білімді бол деп, оның санасына құйғанымызбен, егер ұлттық тәрбие дұрыс берілмесе онда одан ұлтжанды азамат қалыптаспағаны. Қазір патриоттық, ұлттық тәрбие барлық қоғамдық саяси құрылымдарда қарастырылады. Тек оны ұйымдастыру жағына келгенде аз-маз ақсайтыны рас. Сондықтан да білім мен тәрбие егіз ұғым екенін ескере отырып, оны бірінен-бірін ажыратып қарау әбестік. Бұл ретте тәрбиені білім саласында дұрыс ұйымдастырылу жағына баса назар аудару жағын қадағалау керек.

Ғылым мен білімнің, ұлттық ерекшелікке сай тәрбие берудің жаһандық дамуы мен

кірігуі жергілікті ұйымдастыру шаралары негізінде мүмкін болады, бірақ бұл іс-қимылдар үйлестіріліп, өзара келісімді болуы, қазіргі қоғамның даму қисынына сәйкес келуі тиіс. Мұндай жағдайда қоғамның жан-жақты негізделген білім беру және ғылыми саясаты болуының үлкен маңызы бар. Қазіргі жаһандану жағдайында ол тұрақты даму мақсаттарына сәйкестендіріліп, оны жүзеге асырудың тетіктері мен мүмкіндіктерін ескеруі қажет. Бұл ретте, әлбетте, ұлттық мүдделер мен қажеттіліктерді ескерген жөн. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың: «Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», - деген сөзімен айтсақ, қазіргі жаһандану дәуірінде маңызы ерекше. Бұл біздің шынайы, әрі тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруымызды талап етеді. Білім беру жүйесі – бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана-сезімнің даму көрсеткіші, ал оның басты нысаны – қазақ жастары. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық процестерге пәрменді қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі. Қазақстандық жаңа, ұлттық негізге құрылған білім үлгісі жас жеткіншектерді отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге негізделе отырып, білімді де, білгір, білікті маман етіп өсірумен қатар, оның азаматтық тұлғасын, адамгершілік, рухани жан дүниесін ұлттық құндылықтарға негіздеу. Қазір елімізде белең алып отырған прагматикалық жағдаяттарға негізделген әр түрлі ұлт тағдырына нұқсан келтіретін жағдаяттар баршамызды толғандыруда. Мұның шешімін рухани, интеллектуальды, экономикалық мемлекет орнату тұрғысынан және тұғыры биік тәуелсіз мемлекет орнату болашағына бағдарланған, ұлттық құндылықтарға үйлестірілген білім беру жүйесі мен тәрбие жұмысы бағдарламалары

қарастырылуда.

Себебі, тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие мен білім жүйесін қатар қойып, іске қосу бүгінгі күннің басты талабы.

Жас буын өкілдерінің бойында құндылық бағдарларын, қоғамда үстемдік ететін нұсқауларды, өмірлік мұраттарды қалыптастыру нәтижесінде жастар қоғам өміріне тартылып, әлеуметтеніп, әлеуметтік жүйеге қосылады. Тілді, әдебиетті, Отан тарихын, адамгершілік-ізгілік қағидаларын (осы күндері қолға алынып жатқан «Ұлттық тәрбие» пәнінің түп мақсат-мүддесі) оқып-үйрену жастардың бойында біртұтас құндылықтар жүйесінің қалыптасуына алғышарт болады да, сол арқылы бұл жастар өзін және басқаларды танып-білу арқылы еліміздің саналы азаматына айналады.

Оқу-білім беру жүйесі жүзеге асырып жатқан балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіру процесінің мазмұны едәуір дәрежеде қоғамда үстемдік ететін рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарға тәуелді болады. Қазақ өнеркәсібі құлаштап дамыған қоғамда ұлттық тәрбие оқудың құрамдас бөлігі болып табылып, отбасы аясы мен мемлекеттік, арнайы оқу орындарында жүзеге асырылатын болады.

Бала қайдан жарық көрінеді, соған қарай иіліп өсетін жас шыбық тәрізді. Баста берілмеген дұрыс тәрбие ол тек өзіне ғана нұқсан келтіріп қоймайды, сонымен бірге келешек ұрпағына да, қоғамға да әсерін тигізетіні анық. Сол себепті білім бере, жаңа тағылымдық-тәрбиелік негіздегі материалдарды кірістіре отырып, толыққанды ұрпақты қалыптастырғанымыз. Біріншіден, оқулықтарда ұлттық тәрбие берудегі халықтық педагогиканың ғылыми-әдістемелік негіздері; оның психологиялық-педагогикалық негіздері; дұрыс ұйымдастырудың үлгісі; халықтық педагогика құралдары арқылы тәрбиенің мазмұны, әдіс-амалдары, формалары анықталуы тиіс. Бұл – ең бірінші қолға алынатын шаруа. Екіншіден, барлық білім мекемелерінде тәрбиені біліммен қатар ала отырып, халықтық педагогика құралдары арқылы

ұлттық тәлім-тәрбие берудің бағдарламасы толығымен жасалуы; оқу процесі кезінде педагогика құралдары арқылы ұлттық тәлім-тәрбие беру бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар, нұсқаулар; мұғалімдердің ата-аналармен бірлесіп істейтін жұмыс бағдарламасы және т.б. осы тәріздес шаралар тез арада қолға алынып, нәтиже берілуі тиіс. Қазіргі таңда білім беру ісінде жеке тұлғаны ұлттық негізде қалыптастыру, өздеріңіз көріп отырғандай елімізде болып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты туындаған өмір талабы. Сол себепті, біздің барлығымыздың көтеріп отырған біріншіден – ұлт, екіншіден – тәрбие мәселеміз осы оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты. Егер де ұлттық тәрбие беру мәселесі өз шешімін таппаса, білім беру аясында көтеріліп және жүргізіліп отырған мәселелер қандай да бір нәтижеге қол жеткізбесе ұлттың болашағы мүшкіл болғаны.

Сондықтан да, қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарының жаһандануы нәтижесінде шын мәнінде жаңа әлеуметтік, саяси, экономикалық, технологиялық, экологиялық факторлардың өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі туралы жаңа сападағы ғылыми білімдер, анықтап айтар болсақ, тәрбиемен біте қайнасқан білімнің болуы қажет. Себебі, қазіргі жаппай жаһандану жағдайындағы адамзаттың өміршеңдігі, қоғамның тұрақты дамуы енді ғылымның даму деңгейіне, ғылымға апарар жолдағы ұлттық тәрбиеге негізделген білім қорының молдығына, оның болжамдық қызметіне, табиғаттың, қоғамның, техносфераның жайы туралы, мәдениеттің, әлемдік экономиканың, қатынас құралдарының және қазіргі әлеуметтік тұрмыстың басқа да белгілерінің даму үрдістері туралы ақпараттың алдын ала алынуына тікелей байланысты болады.

Ғылыми білімділікті ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздестіру – білім беру жүйесін қайта құрудың аса маңызды сара жолы. Бүгінгі таңда оқу-ағарту жүйесінде қалыптасқан қатаң тәртіптілік пен

бірыңғайлылыққа қарсы ғылымның жаңа бейнесі бой көтеріп келеді. Ол білім беру үрдісіне тәрбиенің, оның ішінде ұлттық мүддемізге негізделген тәрбиенің жаңа тұрғыдан қойылу талаптары. Сонымен бірге білімділік жайындағы түсінікке көзқарас та өзгеру үстінде. Бүгінгі педагогикада адам мен білімділік жайында дәстүрлі түсініктермен қатар жаңа ұғымдар да қалыптасып, педагогиканың антропологиялық негіздері алмасу кезеңіне аяқ басты. Білімді адам – көзқарастары қалыптасып үлгерген, көп нәрседен хабардар тұлға ғана емес, сондай-ақ, қазіргі мәдениеттің күрделі мәселелерін бағдарлай алатын, ұлттық құндылықтарын бойына жиған, өмірдегі өз орнын түйсінуге қабілетті, демек, өткен тарихынан хабардар, тәлім-тәрбиемен сусындап өскен, бір сөзбен айтқанда, мынандай алмағайып жаппай жаһандану жағдайында нақ өмірге әзір адам. Оқу-білім мен берілетін тәрбие еркін жеке тұлғаның қалыптасуына, оның басқа адамдарды түсінуіне, ой-өрісі мен қарым-қатынастарының қалыптасуына, ақыры, адамның нақтылы іс-әрекеттерді жүзеге асыруына жағдай жасауы тиіс.

Тәрбие – сан ғасырлар бойы халықтың жинақтап, іріктеп, сұрыптап алған озық тәжірибесі мен құнды қасиеттерін жеке тұлғаның бойына қалыптастыру мақсатын көздейді. Тәрбиесі мықты ұйымдасқан елдің рухы биік. Ол мемлекеттің іргесін ешкім шайқалта алмасы анық. Біздің ұлттық тәрбиемізге ықпал жасайтын факторлар алуан түрлі. Мәселен, ұлт тарихы, халық фольклоры, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, ұлттық психологияның элементтері, саясат, қоғам идеологиясы, мәдениет және т.б. Бұл аталғандардың барлығы ұлттық шектеушілік пен басқа тар өрісті ойлардан аулақ болғаны жөн. Өйткені, ұлттық психологияны алып қарасақ, ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Ал, ескінің барлығы жаңамен үндесе бермейді. Бұл оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде ұлттық тәрбиенің барысы, жас ерекшелігі ескерілу қажет. Басты бағдар ретінде – барлық ұлт балаларының

Қазақстанға деген сүйіспеншілік сезімін арттырып, ортақ отан қорғау мүдделерінің қалыптастыруға тәрбиелеу. Тәрбиені беруді тек оқу процесінен ғана іздестірмей, басқа салалардан да шебер, әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіру қажет.

Ұлттық тәрбие – ұрпақ тағдырын шешетінін ескерсек, ол уақыт талабымен бірге келген игілікті іс екендігі белгілі. Сондықтан да, тәрбие берудегі негізгі тетіктері айырып, білім беру үрдісіне ендіру жолын дұрыстау – бүгінгі күндегі елеулі мәселелердің бірі екендігіне барлығымыз оң көзбен қарап, дұрыс шешімін табылуына жағдай жасау керек. Сіздер білесіздер, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ мектептері көптеп ашылып, жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісімен айналысу ісі дұрыс жолға қойылуда. Шынайы білім ең алдымен ұлттың игілігіне, одан әрі адамзаттың, жеке тұлғаның игілігіне бағытталуы тиіс. Ұлттық білімнің өзектілігі де осында. Ұлттық білім беру жүйесінің негізі болып педагогикалық дәстүр, білім беру дәстүрі, жүздеген ғасырлар бойы қалыптасқан біздің бойымыздағы құндылықтарымыз саналады. Яғни, нағыз педагог та, педагогика да халықтың өз ішінде жатыр. Сондықтан да, ұлттық тәрбиені білім алушы жастардың бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз. Бүкіл адамзат тарихында оқу-білімнің басты қайнар көзі – қоғамды ағарту құралы болып келді. Сонымен қатар, әр халықтың мәдениетіндегі өзіндік ұлттық-этникалық ерекшеліктер ескерілді, демек білім беру жүйесі ұлттық мәдениетті, оның қайталанбас және бірегей белгілерін қолдап сақтауда айрықша маңызды рөл атқарып отырды. Ал осы құндылықтарды бойына сіңіре алған тұлға ғана ұлттық сана мен ұлттық психологияның ұйытқысына айналады.

Халыққа білім берудің үлгісі әр елдің өз тарихында бар. Мысалы, өзіміздің тарихымыздағы кемеңгер ойшылдарымыз Шоқан, Ыбырай, Абай, бертінде алаш зиялыларының өкілдері секілді ағартушы педагог-ғалымдар ұлттық білім мәселесін ұлттық мүдде деңгейіне дейін көтеріп, осы мәселелерге тереңнен назарын ауда-

ра отырып, білім берудің тиімді жолдарын жасап кетті. Сол қазақ тұлғаларының ұлттық мүдде тұрғысындағы ұлттың тарихи тәжірибесіне сүйенген ағартушылық идеялары Кеңес одағы тұсында жалғасын таппады. Кеңес үкіметінің тотаритарлық қоғам кезіндегі білімі «кеңестік» деген атпен аталып, ұлттық сипатынан айырылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақ тарихының сол өткен қоғам тұсында ақиқатты тұрғыда зерттелініп, жан-жақты жазыла бастады. Ендігі кезекте өз билігі өз қолына жеткен тұста қиыншылықпен келген баға жетпес дүниелерімізді жоғалтып алмай, нық тұрақтандыруымыз керек. ХХІ ғасыр бүкіл әлемде информатикалық-технологиялық қоғамның орнығуы мен дамуы ең алдымен білімі сапалы, жаңа мамандарды қажет етеді. Осы ретте білімнің информатикалық сипат алып бара жатқанына орай, үздіксіз білім беру үдерісіне ұлттық білім беру пәнін ендірудің маңызы зор деп ойлаймыз. Себебі, дәуір мен қоғамның құбылысына сай көптеген этносқа қамқор ел ретінде дамып келе жатқан Қазақстан халқы үшін өзінің рухани қадір-қасиетін тұрақты ұстап тұруы шарт. Қазіргі жастардың көбі үлкенді сыйлау, жасы үлкенге орын беру, бір-бірімен ана тілінде сөйлесу, ұлттық мәдениетті бағалау, қастерлеу, қадірлеуге немқұрайды қарап бара жатыр. Осыдан келіп ұлттық тіл мен мәдениетін менсінбейтін, тілсіз, дінсіз, ессіз ұрпақтар өркендеп, өсіп келеді. Міне, сол себепті бүгінгі ұрпаққа ізгілік, имандылық рухында тәрбие керек. Бүгінгі таңдағы егеменді еліміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамып жетілген, түйсігі толық, бойында ұлттық тәрбие мен ұлттық сана қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу – әрбір жанұяның, балабақшаның, орта, жоғары оқу орындары мен бар халықтың міндеті. Қазіргі кезеңде жастар тәрбиесі туралы мәселені жаңа психокөзқараспен қарау қажеттігі бүгінгі замана дамуы әсер етуде. Бүгінде «Білім – жас ұрпақ тәрбиесінің негізгі құралы» дегенімізбен, адам өміріндегі оның алатын орны жаңаша пайымдалып белгіленбесе, оны қаншалықты жамап-

Қорытындылай келе айтарым, халқымыз «Ұры елдің малын жейді, ұстаз – елдің қамын жейді», «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе» демекші, әр мұғалім, әр ата-ана елдің ертеңін ойлап, ел болашағы саналатын бүгінгі жастардың тәрбиесіне дұрыс бағыт-бағдар беріп, ұлтжанды тұлғаға айналдыруға жұмыла кірісуі тиіс. Себебі, тұлға қалыптастыру оңай шаруа емес.

In given article the author considers value of education and education. Both problems are paramount, education and education are inseparable from each other, and are the major precondition of development of a modern society.

**С.Ж.Пірәлиев –
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі**

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ТӘРБИЕНІҢ БҮГІНГІ ТАҢНАН ҚОЙЫЛУ ТАЛАБЫ

Тәуелсіздік алып, ой-санасы жаңарған қазақ халқының жаңа үшінші онжылдық қадамында түп тамыры тереңге бойлаған еліміздің ұлттық қайнар тәрбие көздерімен сусындаған жастардың өсіп, қалыптасуы ауадай қажет. Бүгінде Еуропалық және Азиялық өркениеттің тоғысында ғұмыр кешіпотырған Қазақстан жаһандану жағдайы өршіп тұрған тұста өзінің геосаяси орнын, кеңестік дәуір мен қазіргі жай-жапсарды бағамдай отырып, халықтың құнарлы даналығынан, ұлы педагогтарымыз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық еңбектерінен, рухани құндылықтарымыздан сусындай отырып, оны ұлттық білім жүйесінде қалыптастыруы қажет. Біздің, қазақ халқының болашағын айқындап, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір тұлға – қазақ жастары. Ол жасөспірім тұлғаны отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеп жетер жеріне жеткізу аға буын өкілдерінің парызы. Өздеріңіз байқағандай бұл мәселенің көтеріліп отырғанына да көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен де бұл істе біраз жетістіктерге жетіп, көңіл қуантарлық нәтижелерді еңсерудеміз. Оның көрінісі ретінде тек бір ғана мекеме, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетін алсақ, мұнда екі жылдың ішінде «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының ашылғанын, «Ұлттық тәрбие» пәнін оқу бағдарламасына енгізілгенін, осы аттас ғылыми-көпшілік журналдың жарыққа шыққанын, көптеген оқу әдістемелік құралдардың шығып жатқанын, бұл салаға қызығушылық танытып, ғылыми жұмыстармен айналысушылардың өскенін айтар едім.

Тәуелсіз елдің ертеңі өскелең жас ұрпақта. Оның бойына тәрбиенің бес көзі: дінін, тілін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тарихын, ділін қадірлей білуге, қалыптастыруға баулу тәрбиедегі басты міндет. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда елдің жетістігін дәріптеп, отан дегеніміз не, ел үшін еңбек етудің маңызын түсіндіре отырып, елін, жерін қорғауға деген патриоттық сезімін оятуды, құрметтеу сияқты құндылықтарды уағыздау. Елі үшін мақтана білсе, ол әр жастың өзіндік санасының қалыптасқандығы. Ендеше, біздің қазақстандық білім беру мен тәрбиедегі жаңа үлгі осыдан бастау алып, жастарды білімді, білгір, білікті етіп өсірумен қатар, оның бойына адамгершілік, тұлғалық болмысын, ішкі жан дүниесін қалыптастыруда жатыр. Өйтпеске болмайды. Себебі, қазір елімізде батыстық өркениетке талғамсыз еліктеу, оған қарсы тұруға құлықсыздық, оның келешектегі ұлт болашағына тигізер әсерін ойламаушылық, ұлттық идеяға негізделген ұлттық идеологиямызды дұрыс құрмау, тәрбие жүйесінің ғылыми-әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық, рухани, әлеуметтік негіздерінің осалдығы сияқты т.б. басты-басты ойлануға тұрарлық мәселелер орын алып отырғаны белгілі.

Қазіргі жаппай жаһандану кезіндегі өзгерістер адам өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси, технологиялық, коммуникациялық, рухани негіздерін түгел қамтығандықтан, бүгінгі таңда адамзат алдында туындаған көптеген түйткіл мәселелердің ортақтығы айқын сезіліп отыр. Әлемнің тұтастығы, халықтар мен елдердің өзара байланыстылығы анық байқалады, ақиқат болмыс жаһандық ауқымда

ұғынылады. Мұндай жағдайда ғылым мен білім жаңа мән-мағынаға ие болады. Әртүрлі саладағы адамның қызметі ғылым мен білімнің тұтастай даму дәрежесіне тікелей тәуелді бола түсуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі керек», - деген болатын [1. 32 б.]. Демек, бұл жерде пайымдап қарайтын болсақ, Отанымыздың ертеңгі өсіп-өнуіне ғылым мен білімнің, ұлттық мүддеге негізделген тәрбиенің де қосар үлесінің аз болмайтынын аңғарамыз.

Білім беру, экономика, технология, денсаулық сақтау, қауіпсіздік мәселелерінің бүгінгі таңда екі бірдей – жаһандық аймақтық өлшемі бар дейтін болсақ, ал оларды ішкі түйсік арқылы немесе тәжірибе негізінде ғана шешу мүмкін емес. Табиғи және әлеуметтік болмыстың, оның ақыл-парасатқа негізделген алғышарттары мен бастауларын бүтіндей ғылыми тұрғыдан тану қажеттігі бүгінгі күн тәжірибесі дәлелдеп отыр. Демек, ғылымның маңызын терістеу жаһандық ақпарат қоғамын қалыптастыру дәуірінде уақыт шындығына қайшы келетін ескірген көзқарасқа айналып, жаңа сапалы әлемдегі адамзаттың аман қалуының қажетті шарты болып табылады. Ғылым мен білім бүгінде шын мәнісінде халықаралық, ғаламдық құбылыстар. Білім беру мен ғылымның даму бағдары, олардың сипаты жалпы және тегіс дүниетанымдық және мәдени-әлеуметтік бағдарларға, қоғамның экономикалық және басқа да қажеттеріне тәуелді. Өйткені, тәрбие мен білім әрқашан да қоғамдық дамудың ажырамас бір бөлігі болып келді және бола бермек те. Бұған байланысты ғылым мен білім беру алдында және келешек ұрпақ бойына тәрбие дарыту жолында бүгінгі таңда мүлдем жаңа ұйымдастырушылық, әдіснамалық мәселелер бой көтеруде. Сондықтан жастарды тәрбиелеуде, оларға дұрыс бағыт-бағдар

беруде нақты жоспар құрып алған орынды. Өйткені, бүгінгі жас жеткіншектердің бойынан қазақи болмысты, түсінік-танымды көре де, байқай да бермейміз. Жастарды біз Қазақстанның болашағы деп, үлкен сенім артамыз. Түлеп шыққан өз отанын, халқын, жерін, елін сүйетін, шыншыл, адал, білімді, мейірімді, ұлтжанды. Қайырымды, жеті атасынан бері үзілмей жалғасып келе жатқан ерекше тектілігін сақтаған жасты тәрбиелеп шығару парыз. Мұның бәрі айтуға оңай болғанмен, ұрпақ бойына қалай қалыптастыру керектігі жайлы сөз қозғалғанда мәселенің күрделілігі байқалады. Біздің жол таппай қиналатынымыз да сондықтан. Қазақта «Шешілмейтін күрмеу жоқ» деген жақсы сөз бар, бұл әрине баршамыз жұмыла кіріскенде босатылатын мәселе.

«Адамға үш жұт бар» дейді халық. Бірі – өлім, екіншісі – кәрілік, үшіншісі – тексіз бала. Біріншісі алмай қоймайды, кәрілік келмей қоймайды, ал баланың тексіз болуы, болмауы – тәрбиеден». Баланы яғни болашағымызды тексіздіктен – ана тілін, ел тарихын білмейтін, оған немқұрайлы қарайтын, ұлттық тәрбиеден мақрұм қалған, мәңгірт етіп жіберу өз қолымызда.

Біз бар мүмкіндігімізді пайдалана отырып, әр жастың санасына Батыстың ғылымы, білімі, олардың техникасы, технологиясы, іс-тәжірибесі керек екенін ұғындырып, сол арқылы өзі қорытынды жасай білуге баулуымыз керек. Бізге, қазіргі дамушы мемлекет ретінде сыртпен қарым-қатынас жасау – ауадай қажет. Батыстың жеткен жетістіктерін өзімізге алу өмір сұранысы, қажеттілік, ал қазір рухани тапшылықтарымыз жұтап отырғанда, олардан кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тағы да басқа ізгілік қасиеттерді іздестіру қисынға келмейтін нәрсе. Олардың бар жақсысын өзімізге алып, жаманын санадан алып тастап, екшеп пайдалану – қоғамның алға дамуына ықпалын тигізеді. Сондықтан мұны

жас өскелең ұрпаққа түсіндірген тұста қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйрету, оны бөлшектеп сату түрінде түсіндіру үлгі болмасы анық. Батыстың өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік ақырында сол халықтың тамырын балтамен шапқандай болатынын санамыз әлі де уланбай тұрғанда қолға алғанымыз әбден орынды. Қарап отырсаңыз, Батыста мұндайға бой ұрғандар ешбір жетістікке жеткенін көрмедік, қайта дәстүрлі қазақ қоғамында мәдени құндылықтар сақталған. Ол қазақ халқының өмірлік ұстанымы ретінде қарастырылған. Батыс пен қазақ халқының ұстанымын салыстыра қарар болсақ, олар мәдени құндылықтарын тауар ретінде қарайды, оларда бұл қалыптасып қалған. Ал бізде мүлде басқаша. Олардың мақсаты – сату, сатылу, сол арқылы пайда табу. Біз қанша қақсап айтсақ та, қала, қалама жаһандану үрдісінен бойымызды аулақ сала да, оқшау бола да алмаймыз. Бұл тұрғыда жаһандану барысына бейімделген әрбір ұлт, мемлекет болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана бұл үрдістің игілікті жағын көреді. Сондықтан біздің айтарымыз, жаһандануды ұлттық болмысқа икемдемей, тұтастай ағылып келген қалпында алсақ, әлі күшті елдің шаңына көміліп, сол өркениеттің құлына немесе үлкен тобырға айналады.

Ғылым мен білім берудің, тәрбиенің жаһандық дамуы және кірігуі жергілікті ұйымдастыру шаралары негізінде мүмкін болады десек, бұл іс-қимылдар кемел үйлестіріліп, өзара келісімді болуы, қазіргі қоғамның даму қисынына сәйкес келуі тиіс. Мұндай жағдайда қоғамның жан-жақты негізделген білім беру және ғылыми саясаты мен ұлттық мүддеге негізделген тәрбие болуының да үлкен маңызы ие. Қазіргі жаһандану жағдайында бұлар тұрақты даму мақсаттарына сәйкестендіріліп, оны жүзеге асырудың тетіктері мен мүмкіндіктерін ескеруі тиіс. Бұл ретте, атап айту керек,

ұлттық мүдделермен қажеттіліктерді қаперде ұстаған жөн. Осыған байланысты білім беру және тәрбиенің теориялық негіздерін топшылау мен оны қалыптастырудың ұлттық тұрғыдан мүдделеудің маңызы артып отыр.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің ең маңызды ерекшеліктерін көрсетер болсақ: оның сараланып жіктелген көпсатылы (бастауыш, орта, жоғары білім беру) жүйесі адамның білімі мен әдет-дағдыларын үзіліссіз жаңартып және жетілдіріп отыруына мүмкіндік береді, адамның жеке тұлғасына зор әсер етеді. Ал ол адамның әлеуметтенуінің, рухани жағынан дамып, ақыл-ой өрісін шыңдауының қайнар көзі болып табылады. Жоғары білім едәуір дәрежеде адамның әлеуметтік орнын айқындап, қызмет бабында жоғарылай беруіне өріс ашады. Бүгінде адамның әлеуметтік мәртебесі ең алдымен алған біліміне сәйкес мамандықтың қадірімен айқындалады дейтін болсақ, бұл тұрғыдан ұлттық тәрбие негіз болған тақырыпты көтергеніміз өте дұрыс дер едім. Қазір біздің университетте де осы мәселеге айрықша көңіл бөлініп отыр. Бұл жөнінде қазіргі күннің өзінде баршаға аян болып отырғаны жайы бар. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Бұл тұрғыда әсіресе педагогтар дайындайтын оқу орындарына үлкен міндет жүктеледі. Осы алға қойған мақсатты жүзеге асыруда біз лайықты мамандар дайындауды қолға алып отырмыз. Жаңа бағдарлама жобасын да әзірлеп қойдық. Егер құзырлы министрлік бекітсе, бұл күрделі мәселенің оң шешілуіне өз үлесімізді қосқан болар едік. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз керек. Сол себепті, жаңа білім үлгісін жасау аясында бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып рухани, экономикалық және интеллектуалдық егемен ел, тәуелсіз мемлекет орнату болшағына бағдарланған, ұлттық және жалпыадамзаттық

құндылықтарға үйлестірілген ұлттық тәрбие берудің үлгісін жасай отырып, білім беру көлеңкесінде қалып қоймайтын, керісінше тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие-білім жүйесін іске қоссақ – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты мәселелерінің бірін оңтайлы шешкеніміз.

Құрметті оқырмандар, Ұлттық тәрбие қазір қоғамда бүгінгі күн талабынан және белең алған келеңсіздіктердің алдын алу үшін пайдаланылатын өмір қажеттіліктерінен туындап отыр. Қазіргі таңда жастардың таным түйсігі мен психологиясы бұрынғымен салыстырғанда мүлдем өзгерген. Әрбір іс-қимылы, өзін алып жүруі бұрынғы жастарға қарағанда ерекшеленеді. Қоғамдық қатынастар да әр түрлі. Ұлттың, тіпті отбасының құрамы да әр түрлі. Сол себептен болар қазақ отбасындағы ежелден беріліп келе жатқан тәрбие желісі күрделі өзгерістерге ұшырап, күтпеген жағдайларды бастан кешіріп жатқандығы. Қызын арға, ұлын нарға балаған халқымыз мұндай өзгерістерге қашанда дайын болуы қажет. Оны білім арқылы тәрбиелеуде әлемнің озық үлгілеріне арқа сүйер болсақ еш ұтылмасымызды сіздер жақсы түсінесіздер. Соның арқасында халықаралық деңгейдегі нарықтық бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткіземіз. Бұл бүгінгі заман мен тарихи-психологиялық ахуалдың талабы. Қанша тер мен қан төгіліп, тар жол, тайғақ кеше отырып, жан алысып, жан беріскенде жеткен тәуелсіздіктің маңызын, оның қандай қиын жолмен келгенін бағалай білуіміз абзал. Шын мәнінде ол дегеніміз ұлтық мәдениеттің сақталуы мен оның халыққа рухани қызмет етуімен жүретін процесс. Осы процестің ары қарай үзіліссіз дамуына жастарды талап бойынша тәрбиелеуде бізде барлық мүкіншіліктер бар. Бірақ орнымен, саналы түрде батыс мәдениетімен, жаһандану бағытының құрсауына шырмалмайтындай жастардық рухы биік мәдениеті мен білімі

әлеуетін қалыптастыру кезек күттірмейтін зор іс. Мұндай мәселенің орынды шешілуі жаһандану барысында ұлттың өзіндік келбетінің жоғалмай сақталуына негіз болады. ХХІ ғасыр жастар арасында мінезге жат қылықтар – нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, екіжүзділік, арсыздық, безбүйрек қатігездік сияқты толып жатқан жат әдеттер осы жағдайда өрши түсуде, бұл тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірінен саналады. Сырттан ағылып келіп жатқан осы тәріздес бей-берекеттікке тосқауыл қою үшін теңдей қызмет етуіміз керек. Бұл үрдісіке түсіп кетпей одан шығудың амалын іздестіру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ғаламдық, ХХІ ғасырдың алаңдаушылық пен қатерге толы әлемінде мемлекеттің, діннің, азаматтық қоғамның, менің ойымша, ізгі ниет білдіруінің ерекше және бірыңғай стратегиясы мен жолы бар.

Бұл – бітімгершілік, елдердің, халықтардың, конфессиялардың арасында келісімге, өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа қол жеткізуіне бағытталған үндеу және іс-қимыл.

Тек қана төзімділік пен серіктестік арқылы біз лаңкестік, жаппай қырып-жою қаруы мен кез келген басқа қаруды тарату, есірткі бизнесі мен оның зардаптары, экологиялық апаттар, біздің заманымыздың дене бітімдегі және әлеуметтік дерттері тәрізді әлемдік нәубет көріністеріне қарсы күресте біз табысқа қол жеткізе аламыз.

Бұл сол сияқты қоғамның неғұрлым кембағал жіктеріне қатысты рахымдылық пен қайырылымдылық», – деп сараптайды [1.327 б.]. Тәрбие ешқашан жалаң, бірізді болмау керек. Ол жан-жақты, әрі тек айту-дан ғана емес, көрсетуден болады. Сонда ол белгілі бір нәтижеге жетері анық. Жалаң тәрбие қашанда қауқарсыз. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда мұндай үрдістің бар екенін мойындауға тура келеді. Біздің айтарымыз кез келген адамды тәрбиелеуде ұлттық негіз болу керек, соған сүйенуіміз қажет. Тәрбие

жұмысының мазмұнын арнайы жоспарлы түрде ұйымдастыру керек. Мәселен, ең алдымен баланың отбасындағы мінез-құлқын, содан кейін үлкендермен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы, көшедегі және қоғамдық көліктегі тәртіптерін қадағалау, өзіне қарым-қатынасын реттеу, ұлттық салт-дәстүрлер туралы білімін жетілдіру, ұлттық мәдениетке деген жағымсыз көзқарасты жойып, ұлттық санасезімінің қалыптасуына және сол арқылы өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі мен ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру, сондай-ақ басқа ұлттарға сыйластық қатынасы негізінде ұлттық мәдениетінің жоғары тұрғыда көрінуіне үлкен жауапкершілікпен қарап, іске асырылуын қадағалап отыру.

Әлемдік саяси аренада да Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Еліміздің өз тәуелділігіне қол жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі.

Қандай қоғамда да жоғары білімді ма-

мандарды даярлау, ғылыми ізденістерді ұйымдастыру үздіксіз жүретін процесс екендігі белгілі. Бұл – бір. Екіншіден, бүгінгі күннің міндеттерін анықтап, түйінін шешкенде тек қана жаңа тәсілдермен және жаңа әдістермен жүзеге асырып, орындап шығу мүмкін емес. Демек, біздің ойымызша, өткеннің бай тәжірибесіне арқа сүйеп, бүгінгі күн тұрғысынан пайдалануға болатын ілкімді дүниелерді де игілікке жаратудың орындылығын ескерген жөн. Онсыз қоғамдық прогрестің сабақтастығы үзіледі. Ал, білім саласында сабақтастық байланысын сақтамау ұлттық ерекшеліктерді әлсіретіп қана қоймай, еліміздің рухани өміріне кері әсерін тигізіп, мұндағы ұйымдастырылатын іс-шараларының тиімділігін әлсіретуге әкеліп соғады.

Демек, егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін отбасында, мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие идеяларының өскелең жас ұрпақ санасына дарытуда тәрбиенің алатын орны ерекше.

Резюме


В данной статье автор рассматривает направления и раскрывает смысл воспитания в аспекте современного образовательного процессе, проводит анализ с научной точки зрения.

Summary

In given article the author considers directions and opens sense of education in aspect today's educational process, carries out the analysis from the scientific point of view.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. - 336 б.



М.А.Нуриев –
ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Жаңартпа технологиялар және білім беру
мазмұнын ҒЗИ директоры

ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Жалпы орта білім беретін ұйымдардағы негізгі мақсат – ХХІ ғасырдағы тың және жаңа технологияға қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Осы жолда негізгі міндетіміз – оқу процесіндегі білім сапасын арттыру. Қазақстандағы саяси және экономикалық қатынастардың дамуына байланысты білімді де білікті маман дайындау бүгінгі күн талабы.

Бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құру мақсатындағы қазақстандық білім беру реформасы бағыттары жас ұрпаққа мағыналы да маңызды білім беруді мақсат тұтады. Егеменді еліміздің дамуы, өркениетті елдердің қатарына қосылуы қазіргі өсіп келе жатқан жастарға тиянақты, күрделі білім берумен тығыз байланысты. Халықтық қасиеті қанында бар, елінің қамын ойлайтын мамандарды тәрбиелесек, біз дегенімізге жетеріміз хақ.

Осы тұрғыдан қарағанда мектепте жастарға білім беретін мұғалімдердің орны өте бөлек. Өйткені, еліміздің көшін бастап алға жүргізетін дарынды тұлғалар, елдің экономикасын дұрыс жолға қойып, сараптап, өсу, өркендеу жолын таба білетін мамандар, жеріміздің байлығын тиімді пайдалана алатын инженерлер, технологтар, ғалым мамандар осы мектеп оқушыларынан өсетіні анық. Елбасының: «Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал, мемлекет тәуелсіздігі, ұлы мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады», – деген сөзінде үлкен мән бар. Осы тұрғыдан қарасақ, педагог мамандарды тәрбиелеу, оқыту өзекті мәселе.

Республикамызда осы мамандарды даярлап жатқан біраз университеттер, педагогикалық институттар бар. Соның ішінде көшбасшысы, мұғалімдер дайындауда 80 жылдан асқан нәтижелі еңбегі белгілі Қазақстанның Абайатындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. Бұрынғы ҚазПИ-дің мұғалім даярлауда атқарған еңбегін бағалап, Отанымыздың өсуіне, өркендеуіне қосқан үлесі ескеріліп, «Ұлттық университет» дәрежесіне көтеріліп қайта құрылды. Оған білім беру, ғылыми жұмыс жүргізу, мәдени-ағарту және басқа да жұмыстарды жоғары білімнен кейін және қосымша білімдерді іске асыру жүктелді.

Осы тапсырылған міндеттің атқарылып жатқанына ешқандай күмән жоқ. Біздің көтеріп отырған мәселеміз қазіргі істеліп жатқан жұмысты дамыту жолындағы нақтылықты айқындауды, нағыз Ұлттық дәрежеге қалай көтеру керектігін көрсету. Осы тұрғыдан қарағанда біраз мәселелерді шешу керек екендігін қойылған міндеттер талап етеді. Олар мына төмендегі ойлар:

Университеттің Қазақстандағы ұлттық дәрежесінің мәні, тұлғасы, миссиясы толық анықталуы қажет. Дәлірек айтқанда, атына заты сай болуы керек. Ол үшін:

- Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті өзін-өзі басқаратын (автономия) жоғарғы оқу орнына айналу керек. Автономды университет білім сапасына, ең алдымен қоғам алдында, содан кейін мемлекет алдында жауап беруі тиіс (мысалы: МГУ, шетелдік

университеттер). Бұл дегеніміз, ғылым мен білімнің дамуына басқа жоғары оқу орындарының іс-әрекеттерін кешенді түрде бағалай отырып, сапалы жоғары білім ордасының жүйесін қалыптастыру екендігі сөзсіз.

- Абай атындағы КазҰПУ оқу траекториясын өзінің жасаған оқу бағдарламасы және оқу әдістемесі бойынша қазіргі бекітілген стандарттан тыс өткізуі керек. Себебі, бекітілген стандарт әрбір 2-3 жылға өзгертулер енгізуді талап етері анық. Бүгінгі күннің талабы оқу кестесіне және оның бағдарламаларына ғылым мен техниканың жедел дамуына байланысты өзгерістер тез арада білім алушыларға жетуі керек. Осы өзгертулер Ұлттық университетте енгізіліп, басқа оқу орнына тапсырылуы керек. Бұл қазіргі стандарттардың кей жақтарын тез арада жетілдіруге мүмкіндік беріп, нарықтың талабына сай мамандар дайындауға жағдай жасайды.

- Ұлттық университетте педагогика саласына сәйкестендірілген мамандықтарға базалық құрылым жүйесі болуы керек. Бұл жүйе басқа аймақтарды, жоғары оқу орындарына ғылым кандидаттары мен докторларын қамтамасыз етуді қадағалайды;

- Ұлттық университетке оқытудың жаңа сапасы дайындалып, білім беру бағдарламалары бойынша іске асуын қадағалауын қамтамасыз ету; Оқу процесін модернизациялау барысында Ұлттық университет аумағында зерттеу ұйымдары мен педагог дайындайтын оқу орындарына жаңа бағдарламалар құрастырылуы қажет (ОҚР, НИИР). Осы мәселе жаңа министр Б.Жұмағұлов келгелі қолға алына бастады. Іске сәт!

- Ұлттық университет ішінде әр түрлі мамандардың білімін жетілдіретін оқу бөлімдерін құрып, оған алыс және жақын шетелден мамандарды,

Республикамыздың озық тәжірибелі мұғалімдерін тәжірибе алмасуға шақырту бүгінгі таңдағы инновациялық білім мазмұнын тереңдете түскен болар еді. Шақыртылған мамандарға арнайы қаржы жағын бір нақтылыққа жүйелеу.

- Білім саласына сәйкестендірілген кафедрааралық немесе кафедра ішінде проблемалық зерттеу лабораториялары құрылуы қажет. Зерттеу лабораториялары мен кафедралары нақты зерттеу жүйелерінің нәтижесінде қалыптасып, ғылым саласындағы инновациялық жаңа траекториялармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізіп, ғылыми жаңалықтарды жүзеге асырулары тиіс.

- Студенттерді қабылдаудың жаңа үлгісін құрастыру. Аталмыш жоғары оқу орнына құжаттарын тапсырған абитуриенттерге қосымша емтихан тапсыру жолын қарастыру; (пәндік олимпиада және конкурстық сынақтың нәтижесінде оқуға қабылдаудың жаңа үлгісін жасап, жүзеге асыру). Өйткені, мұғалім болу әр адамның қолынан келе бермейді. Республикадағы басқа оқу орнында алдыңғы қатарлы талантты студенттерге Ұлттық университет аясында білімін жалғастыруға мүмкіндік туғызу. Бұл Ұлттық университетте талантты студенттерге білім алуға жол ашып, ғылыми элитаның және оқу орындарында жоғары сапалы мұғалімдер қалыптасуына апарар бірден-бір жол екендігін нақтылайды.

- Басқа жоғарғы оқу орындарын инновациялық технологиялар жүйесімен және мазмұнының тереңдігімен бәсекеге сай кадрлық оқытушылармен қамтамасыз ету;


- Ұлттық оқу орнында карьераны жоспарлау орталығын, студенттерге, бітірушілерге, жұмыс берушілерге арналған кадрлық консультация беру орталығын қалыптастыру;

- Ұлттық университетте студенттер

Аталмыш мәселелер бір жүйеге енгізіліп, жүзеге асқан жағдайда ғана Ұлттық университет атағы ақталатыны сөзсіз. Осы көтерілген ойлар Білім мен Ғылым Министрлігінің назарына ілігіп шешуін тапса, жоғары мектепте дайындалып жатқан мамандар дайындаудың сапасын тікелей жоғарылатуға мүмкіндік туғызар еді.

В данной статье автор прослеживает пути подготовки специалистов высшей школы. Поднимает проблему Национальных вузов, предлагает пути решения проблемы, как усилить роль и поднять их имидж в системе национального образования.

In given article the author traces ways of preparation of experts of the higher school. Lifts a problem of National high schools, offers ways of a solution of a problem how to strengthen a role and to lift their image in national education system.



18

Ә.С.Бейсенова –
география ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА-ның академигі,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «География және
экология ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі
Д.Т.Алиаскаров –
«Қазақстан географиясы және ГОӘ» кафедрасының ассистенті

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Егеменді елдің іргетасы қаланып, экономикасы дамуға бет алған қазақ елінің болашағы – оның сапалы дайындалған, инновациялық технологияларды жетік меңгерген, қазақтың ұлттық тәрбиесін бойына сіңірген жастардың қолында.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылатын кешегі «Астана саммиті», бүгінгі мұсылман елдері лигасына төрағалығы, Азия елдерінің басын қосқан қысқы Азиада ойындары – ол бүгінгі Қазақстанның атқарған қыруар жұмыстарының бір бөлшегі. Осындай жетістіктеріміздің тұрақты болуы үшін ішкі саясаттың оң жолға қойылуы, еліміздегі ұлттар достығы, діни конфессиялардың бірлігі бүгінгі күннің талабынан туындаған жағдай.

Өтпелі кезеңде ұлыларымыз қалыптастырып кеткен ұлттық тәрбиенің желісін үзіп алдық. Тіліміздің шұбарлануы, дініміздің аясының тарылуы – ғасырлар бойы Орыс империясының ықпалында болғандығымыздан. Ұлттың болмысын анықтайтын тілдің теориялық негізін салған – Алаш қайраткерлерінің Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің дамуындағы рөлі ұшан-теңіз. Кешегі өткен батырларымыздың ерліктері, би-шешендеріміздің ұлағатты сөздері бүгінгі күнгі жастарымыздың бойында ұлттық тәрбиенің қалыптасуына әсері мол. Тек, солар қалдырған мұраны заман талабымен байланыстыра отырып дамыту – бүгінгі күннің талабы.

Бүгінгі қоғамда ұлттық тәрбиені оң жолға қою үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс

жасау қажеттігі айқын:

1. Кеңестік кезеңде қалыптасқан «біз – бір ұлтпыз» деген, өз ұлтын менсінбеген, тілін қадір тұтпаған, дінін сатқан жалған «патриоттардың» бойына ұлттық сезім ұялату, оларды бүгінгі тәуелсіздік рухына тәрбиелеу;

2. Кезінде ата-бабаларымызға қоныс болған ұлан-байтақ өлкеде жер атаулары өзгерді, көбі келімсектердің аттарына қойылды. Қазақ – табиғат құбылыстарын жете білген, түсінген. Халық оның ұғым-түсінігінде ұлттық сананы оятатын тұжырымдар көптеп кездеседі. Осындай табиғат танымдары арқылы отансүйгіштік сезімдерді оятып, табиғат сұлулығы арқылы берілетін тәрбие жұмыстарын жетілдіруіміз керек, оларды жас буынның бойына сіңіру қажет. Мысалы, С.Сейфуллиннің:

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсысы алтын кесе аясында.

Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,

Көкірек қанша жұтсаң, тоясын ба? – деген жолдарында ұшырасатын табиғаттың адам денсаулығына дауа, жұпар иісін сезіну оған деген құштарлықты оятатынын, табиғаттың сұлулығын түсінуге жол ашпай ма?

Әрбір атау ұлттық болмысты анықтайды, сол себептен атауларға қатысты жұмыстар жасауымыз керек-ақ;

3. Бүгінгі ұрпақ Алаш арыстарын, олардың педагогикалық мұрасын дұрыс түсіне білмейді. Бұл – біздің қазіргі тәуелсіздігімізге қызмет ететін ұлы мұра. Онда ұлт тәуелсіздігі, халықтың дәстүрі мен дербес шаруашылығын құрудың мәселелері,

оқу-ағарту идеялары жан-жақты қамтылған. Олар ХХ ғасыр басында патша отаршылдарына қарсы үн көтеріп, тәуелсіз қазақ елін құруды армандаған, сол салада бірқатар шешуші қадамдар жасаған. Алаш мұрасы – түгелдей біздің тәуелсіздігімізге қызмет етеді. Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Халел Досмұхамедовтың әдеби-көркем туындыларымен бірге Ұлттық мектеп үшін жасаған оқулықтары – бүгінгі ұрпақ үшін зор үлгі;

4. Тәуелсіз ел болған тұстан бастап, сырттан келген «мәдениет» (атыс-шабыс кинолар, мағынасыз, мәнсіз әндер, т.б.) қыздардың көше жағалауына, жігіттердің жеңіл жолмен ақша табуына, кісі тонауы мен адам өлтіруіне, әр түрлі діни ағымдар жетегінде кетуіне бірден-бір түрткі болды. Соның айғағы ретінде бүгінгі күнгі қоғамда бет-аузын тұмшалаған қыздар, сақалын өсірген ерлер саны күн санап көбеюде. Тіпті, сәнге айналды десек те болады. Ислам дінінің қағидаттарын жете түсінбегендер бұл күндері қоғам құртына айналған діни ағымдар жетегінде кетуде. Имандылықтың жүректе екенін ұмытқан ұрпақ пайда болды. Ұлттық сусынымыз қымыз бен шұбатымызды да арақ пен темекіге, нашақорлыққа айырбастадық. Ұлттық болмысын жоғалтқан кейбір азаматтарымыз да қартайған әке-шешелерін қарттар үйіне тапсыруда. Қай замандарда қазақтар әке-шешесін далаға тастап, қыздары пәренжі жауып, жастары дорба сақал өсіріп шала молда сияқты жүрген. Қазақ үлкенді құрметтеген, жетімін жылатпаған, жесірін сыртқа теппеген батыр, дархан, алғыр халық болған. Бұл – біздің ұлтқа ғана тән ерекше қасиеттер. Бүгінгідей адамдардың психологиясы өзгерген заманда қоғамдағы осындай жағдайлардың алдын-алу мақсатында ұлттық мұрамызды, дәстүрімізді кеңінен насихаттау қажет;

5. Бүгінгі күннің өзінде көптеген біздің атақ-дәрежесі бар педагогтарымыз педагогикадан оқушыларға, студенттерге дәріс беруде кеңестік дәуірдегі ғалымдардың (Ушинский, Сухомлинский т.б.) тәжірибесіне көп сүйенеді. Бұл әрине, ұстаздардың

этнопедагогика қайраткерлерінің, би-шешендердің ұлттық тәрбиенің негізі екендігінен бейхабарлығын, тәжірибесінің аздығын көрсетеді. Осы орайда, қазақтың ұлттық тәрбиесі көлеңкеде қалып жататыны сөзсіз. Қазақтардан шыққан алғашқы педагог Ы.Алтынсарин, балалар әдебиетінің классиктері С.Көбеев, Б.Соқпақбаев т.б. сияқты тұлғаларымыздың еңбектерін, Абай, Бауыржан секілді ұлыларымыздың нақыл сөздерін кеңінен насихаттайтын күн жетті;

6. Қазақ халқының ұлттық болмысы бүгінгі қоғамға сай жұмыс жасауы үшін этнопедагогикалық құндылықтарымызды қайта қалпына келтіруге ерекше мән беру шарт. Бала бесікте жатқанда «бесік жырын» айтып, балабақшада ертегілердегі жағымды кейіпкерлерін үлгі ете білсек, мектепте баланың бойына ұлттық құндылықтарымызды тәрбие арқылы сіңірсек, ол бала күні ертең қоғамға пайдалы іс-әрекет жасары хақ. Осы орайда бүгінгі таңда елімізде «Балапан» бағдарламасы іске асуда. Ондағы мақсат – балабақшалар санын көбейтіп қана қоймай, ана тілін қадірлейтін, ана сүтімен берілген отансүйгіштікке тәрбиелейтін жас буындарды тәрбиелеу. Мәдени мұрамызды, халықтық дәстүрімізді жаңғыртып, бүгінгі қоғамда тиімді пайдалансақ, жаһандану жетегінде кетпесіміз анық;

7. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет іргетасын қалауда, индустриялық өндірістік-шаруашылықты дамытуда, мәдениет саласының жандануына, саяси тұрақтылықты қалыптастыруда, ел экономикасының дамуы үшін атқарған жұмыстары ұшан-теңіз. Мұның барлығы дерлік тәуелсіз қазақ елін өркениетті 50 елдің қатарына қосылу үшін жасаған қадамдары. Саяси тұрақтылық пен халықтар достығы орнаған Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалығын да сәтті атқарды. 11 жыл бойына жалғасын таппаған төрағалықты Қазақстан әлем алдында қайта жандандырып, бірқатар мәселелерді шеше білді.

Биылғы елбасы жолдауы – ел экономикасының дамуына, білім мен ғылымның жаңа жетістіктерге жетуіне,

әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар бағыттарды айқындап берді. Соның бірі – қазақ тілі мәселесі. 2020-жылға дейін халықтың 95%-ы қазақ тілін білуі тиіс деп атап көрсетті. Біздің арамыздағы қазақ тілін білмейтін көптеген педагог ұстаздарымыз, тілге атүсті қарайтын қандастарымыз және Қазақстан жерін мекен еткен әрбір ұлт өкілдері үшін қазақ тілін үйренуде ұлт көшбасшысынан үлгі, өнеге алуы тиіс және сол елдің ана тілін құрметтеуі еш мәселе туғызбауы керек. Бұл біздің қоғамның және ұлттық тәрбиенің үлкен келелі мәселелерінің бірі.

Дегенмен де, балалардың білім кеңістігін ұлғайтуда, ана тілі арқылы, білім жүйесінің бала ұғымына жеткізе білуде ойлы ағартушылардың еңбектері әлі де жоғары тұр. Б.Алтынсариннің:

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық.

Сиса көйлек үстінде

Токуменен табылған...

Сауысқанның тамағы

Шокуменен табылған...

Өнер-білім бәрі де

Окуменен табылған, – деген өлең жолдары алдымен ауызға ілігеді. Осы шумақтағы барлық тәрбие-біліктілікті ұстаз жас ұрпақ бойына талдап, нақтылап түсіндірсе, еңбекке, өнерге, білімге деген құштарлығын оятып, жаңа жетістіктерге жетуіне бағдар берсе, ол ұстаздың еңбегінің жанғаны. Осы айтылған өлең жолдарындағы қағидалар біздің білім беру жүйесінде әлі де жеткілікті ескерілмей келеді.

Алдымен баланың қабілетін анықтау керек. Ата-анасының неге бейімекенін, білімнің қай саласын жақсы көретінін бақылап жүріп бағыт-бағдар беруі тиіс. Біз мұғалім дайындаймыз. Қазір ел баласын мұғалімдікке бермейтін болды. Осы жайында «Бүгінде ел баласын неге мұғалімдікке бермейді?» деген тақырыпта, кең көлемде «Заң» газетінде мен мәселе көтердім. Оның себебі, мұғалімнің жалақысы төмен, жағдайы жоқ. Ұстаздық бағытты тандап алғанда оның қаржысы

басты мәселе болмауы тиіс әрине. Мен мұғалім мынадай болу қажет деп тізбелемей-ақ, Елбасы Жолдауындағы «Талантты педагог өз оқушыларын таң қалдыра білуі керек», – деген сөзді ақын Ғ.Қайырбековтың:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдары, – деген өлең жолдарын келтірсе де болады. Ұстазға артылар жауапкершілікті осыдан-ақ түсіне беріңіз.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа, жас өскіндер бойына ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттаумен қатар, экологиялық білім тәрбиесіне де назар аударғанымыз жөн. Себебі, экология қазір ғаламдық мәселеге айналып отыр. Ол мәселеден Қазақстан да шет қалмайды. Кезінде атом қаруы мен ғарыштық алаң орталығы болғандықтан, бізде радиация таралмаған жер жоқ. Елімізді қазір экологиялық апат қысып келе жатыр. Оның жайын түсінетін, оған қарсы күресе алатын, экологиялық проблемаларды шешетін кадр керек, оны дайындау қажет. Кадрлар қандай болу керек десек, олар ең алдымен, өз елінің табиғат жағдайындағы экологиялық мәселерді шешу үшін жұмыс жасайтын және еліне деген патриоттық сезімі болуға тиісті маман қажет. Дамыған елдердің барлығында, әсіресе Батыс Еуропа мектептерінде, ЖОО-да экология пәні оқытылады. Бізде бұл мәселеге әлі күнге дейін көз жұмып қарауда. Ал, өркениетті елдердің тұрғындары жасыл желегі жайқалған табиғат аясында өмір сүруді үйренген солай ете бергісі келеді. Қоршаған ортаның адамның тұлға ретінде қалыптасуына өзіндік әсері бар екенін ескерсек, онда біздерде де осыны оң жолға қойғанымыз тиімді болар еді. Көптеген шет елдерде бірінші орында адамгершілік, сосын экологиялық, одан кейін кәсіптік білім беру ісі қойылған. Дамыған елдердің осындай ұтымды жолдарын біздерде де қолдану қажет. Біздерде мұны ұлттық болмыс – экологиялық тәрбие – кәсіби білім бағытында дамыту ыңғайлы. Шет елдерден адамға пайдасыз нәрселерді алғанымызша, осындай қоршаған

өйткені олар бұл мамандыққа қызығып бармай, мұғалім болу мұратын бойына сіңірмей, кездейсоқ келгендер. Мұндай кемшіліктер барлық жоғарғы оқу орындарында байқалады. Әлсіз әзірленген дәрігер, инженер, тағысын тағылар бізде әлі де жеткілікті. Осының барлығы да біздегі, қай саланың мамандығы болмасын, сапасыздығын, оны жетілдіру, шыңдау мақсатында жұмыс жасалмағандығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы аталған мәселелердің шешім табуы өзіміздің қолымызда. Тек, өткен күнге өкпе артпай келер күннен үміт күтіп, соған қажетті шараларды бүгіннен бастағанымыз абзал. Онда атқарылатын шараларға: этнопедагогикалық құндылықтарымызды қайта жаңғырту, халық арасында кеңінен насихаттау; жастарды тәрбиелеуді балабақшадан бастап, ЖОО-дағы студенттерге дейін ұрпақты, ана тілін, дінін, ділін, отанын құметтеуге үйрету; халық арасында экологиялық тәрбие мәселесін қолға алуымыз қажет. Ел болашағы жастар екенін ескерсек, сонда ғана біз болашаққа сеніммен қадам басар едік.

Бүгінгі жаһанданған заман тұсында ұлттық тәрбиені кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізумен қатар, ұлы хакім Абай айтқандай: «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген қағиданы жастарымыздың бойына сіңіруіміз қажет. Жастардың сапалы білім алуына, инновациялық технологияларды игеруге, ұлттық құндылықтарымызды көзінің қарашығындай қастерлеуге, елін құрметтеуге тәрбиелеу бүгінгі күнгі педагог ғалымдардың, ұстаздардың басты міндеті.

В данной статье рассматриваются проблемы национального воспитания в педагогическом образовании и пути их решения.

Given article deals with the problems of national education in pedagogical education and the solutions of them.

Д.Ж.Нүкетаева –
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЗАҢ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚҰРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы №2347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жалпыға бірдей құқықтық білім беру туралы ережесінің жалпы бөлімінде:

- жалпыға бірдей құқықтық оқу – бұл бұқаралық құқықтық насихат пен азаматтарға құқықтық тәрбие беру жүйесі;

- осы Ереже Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды жүргізудің мақсатын, принциптері мен тәртібін айқындайды;

- жалпыға бірдей құқықтық оқудың мақсаты – азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру және заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру;

- жалпыға бірдей құқықтық оқудың ұстанымдарына:

- халықты жаппай қамту;
- жүйелілік;
- үздіксіздік;
- құқықтық білім алуға мүдделілік және оны алу мүмкіндігін жүзеге асыруды қамтамасыз етудегі мемлекеттің міндеті;
- дербестік (түрлі санаттағы азаматтардың жасын, кәсібін және басқа да ерекшеліктерін ескеру) болып табылады делінген білім беруді жатқызады [1].

Бүгінгі заманда мемлекеттің жаңа тұрғыда дамуы, білімінің сапасын арттырып жоғары дәрежеге жеткізу мақсатының жүзеге асырылуы мектеп табалдырығынан бастау алады. Мектеп табалдырығында оқушы жастарға берілетін білім мен тәрбие мемлекет азаматының тұлғасын қалыптастырып, дамытушы құрал болып табылады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім – тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады. Осыдан келе тұлғаның құқықтық санасы мектептегі құқықтық білім берумен тәрбиелеу

жүйесі арқылы қалыптасатындығына көзіміз жетеді.

Жеке тұлғаға сапалы құқықтық тәрбие берудің негізгі дәлелі – тұлғаның жоғары деңгейде дамыған құқықтық санасы мен мәдениеті. Мектеп табалдырығынан басталатын құқықтық тәрбие оқушының құқықтық ұғымын қалай дамытып, құқықтық санасын қалыптастырып жетілдіретіндігінде. Құқықтық тәрбиенің бағдары тұлғаның құқықтық санасы мен мәдениеті ғана емес, сондай-ақ барлық құқықтық қызметінің негізгі бағыттарын анықтай отырып, осы үдерістің сапалы жүзеге асуына негіз болады. Қазақ хандығы дәуіріндегі заң жүйесін оқыту арқылы оқушыларды құқықтық тәрбиелеу мәселесі ұлттық тәрбиемен тығыз байланыстылығы айтпай ақ белгілі.

Түркі қағанаты елі деп аталған мемлекет өзінің 1500 жыл өмір сүруі барысында ұлттық әдептілік тәлім-тәрбиеге ерекше мән берген. Олар:

- Еділ-Жайық өңірін жайлаған Қазан татарлары, башқұрттар, шуаштар, қырым татарлары;
- Кавказды жайлаған әзербайжан, дағыстан, ноғай, қарашай-балқар;
- Батыс Түркістанды жайлаған қазақтар, өзбектер, түрікмендер, қырғыздар, қарақалпақтар;
- Шығыс Түркістанды мекендеген саһа, шор, саян, хакас, алтайлықтар еді [1, 5 б.].

Бала дүниеге келгеннен отбасында көрген ұлттық тәрбие арқылы оның санасы мен мәдениеті, тәртібі қалыптасып, мектеп табалдырығында жетіле бастайды. Жастарды өз отанын сүйетін, адамгершілігі мол, қоғамдық және құқықтық санасы мен мәдениетін, белсенділігін, білімін дамыту үшін мектептегі ұйымдастырылып өтілетін тәрбие түрлерінің бірі құқықтық тәрбие. Оқушыларға қазақ даласындағы заң жүйесін

оқыту арқылы құқықтық білім мен тәрбие беру ұлттық тәрбиенің бір саласы десек те болады.

Қазақ халқы ар, намыс, адамгершілік, имандылық идеяларын терең түсініп, оларды тәрбиеге топтастырған. Тәрбие мәні адамдық қасиеттерді сақтау, тәртіп бұзбау, біреудің құқығына қол салмау сипатында өрілген. Бұл мақсатқа жету жолы тек күнделікті тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге деп ұққан. Оған жеткізетін басты құрал – қызыл тіл деп білген. Ұлан асыр кең далада сөз өнерінің қарқынды дамуы да сол себепті. Бұл өнермен төрелік айтушылар міндетті түрде таныс болып, сөзді құрал етіп пайдаланған. Сөз өнері әркімді ойлануға, шешен сөйлеуге міндеттеген. «Сөз мәдениеті көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қоғамының бүкіл болмысының, оның барлық өмір салаларының (шаруашылық, әлеуметтік, саяси-құқықтық, тұрмыстық т.б.) ішкі рухани өзегі әрі мәйегі іспеттес еді» [3, 50 б.] деп, З.Кенжалиев жоғарыда айтып отырған мәселелерді терең түсінетін кемел заңгер екенін көрсетеді.

Кең ауқымды территориядағы көші-қон үдерісін қамтамасыз етудің күрделілігі мемлекет тарпынан жер қатынастарын реттеуде жаңа әдістерге көшу қажеттігін тудырды. Оның үстіне терең этникалық үдерістердің орын алуы, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу процестерінің әлі де болса кең қанат жаюы, жаңа рулар мен тайпалардың пайда болуы бұл процестерді реттеуге деген қажеттілікті туындатты. Бұл тұрғыдан жаңа нормативті құжаттардың, оның ішінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысының» пайда болуы Қазақ хандығының дамуындағы терең эволюциялық процестерді айқындайды. Бұл процестердің орын алуын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ құқығының тарихында сол заманнан жеткен үш заң ескерткіші бар, олар аңыз бойынша Қасым мен Есім хандардың есімдеріне байланысты айтылатын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және «Тәуке ханның жеті жарғысы». «Жеті жарғыға» ХҮІІ ғасырдағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік өмір қажеттерінен туған қаулылар енді. Осынау құқықтық ескерткіштер қазақ халқының дер-

бес мемлекеттік алып, бірлесуге құлшынған сан ғасырлық арманын айқын көрсетті», – деп түсіндіреді [4, 212 б.].

Қазақ халқының құқықтық әлемін терең білетін заңгер ғалым С.З.Зиманов адамгершілік пен құндылықтарға толы ұлы дала демократиясының институттары негізінен әділ сот пен шешендік ділмарлықтан тұрып, өзін-өзі басқару еркіндігін сақтағанын айта отырып, оны үш фактормен түсіндіреді.

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендеген тұрғындардың басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бірі негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы.

Екінші фактор – осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және темуридтер империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар...; б) жайылымдық – көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер... құрады.

Үшінші фактор – қыпшақ даласы деп аталатын кең байтақ аймақ көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адам құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда Сөз құдіреті мен Әділ Сот құдіреті өмірлік күшке ие болды [5, 19-20 бб.]. Міне, осылайша кең байтақ қазақ жері еркіндік пен бостандық аясында өзара теңдік, өзін-өзі басқару, әділдік, адамгершілік, имандылық негізінде қалыптасып, дамыды. Қоғамды реттеуші нормалар басты тұтқаға айналып, өмір болмысының барлық тармақтарын реттеді. Бұл еркін, азат өмір сүрушілерге қолайлы да ыңғайлы болды.

Қазақ құқық жүйесінің ұстанымдарын заңгер-ғалым З.Кенжалиев: бас ұстаным, ара (ортақ) ұстанымдар және дербес (жеке) ұстанымдар топтайды [3, 64 б.]. Құқықтық нормалар мен құқықтық ұстанымдар өзара тығыз байланыста болады. Нормалар мен

ұстанымдардың бірлігі құқықтық нормалар жүйесінің мәдени-рухани деңгейінің жоғары болуына ықпал ететін. Құқықтық көзқарастар мен идеялар реттеуші күштер арқылы соларға сай ұстанымдарын тудырады. Ал, олар өз кезегінде әр түрлі тұрмыстық жағдайларды, қарама-қайшылықты шешуге бастама болады. Нәтижеде, жалпыға ортақ үлгіге бағындырып, логикалық мән беру себепті, өзара тұрақты және өзара үйлесімді логикалық ұстанымдар мен құқықтық идеялар шығуына әсер етеді. Сөйтіп, олар құқықтық жүйені қалыптастырады. Әдеттік-құқықтық институттар мен олардың салалары, бірлестіктері осындай міндетті жүзеге асырады. Институттар нормативтік-заңнамалық құқық жүйесінің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылып, олардың қызмет етуінде де маңызды рөл атқарады. Өйткені, олар бір жағынан, әлеуметтік өмірдің сәйкес салаларын тиімді реттеу қажеттілігіне орай, әр түрлі нормаларды айрықша мүдделерге біріктірсе, екіншіден, құқық саласын қалыптастырады.

Қазақ даласында мемлекет пен құқықтық ара-қатынасы жөнінде М.Т.Баймаханов: «оларға көптеген объективті және субъективті факторлар әсер етеді: экономиканың даму деңгейі, халықтың әлауқаты, елдің әлеуметтік тұрақтылығы, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың демократиялық деңгейі, аса маңызды саяси институттардың ара қатынасы, басқару элитасы мақсаттарының бағыттылығы, басшылардың жеке басының қасиеті. Осыған байланысты мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасының тұрпаты қалыптасады» – деп пікір айтқан [6, 511 б.].

Бұл пікір қазақ хандығының саяси жағдайымен, оның ішкі және сыртқы қызметтерімен тығыз байланысты. Бұл мемлекет пен құқықтық жүйенің кемелсіздігін емес, қайта заман талабына икемділігінің көрсеткіші болып табылады. Қазақ хандығы дәуіріндегі заң жүйесін мектеп оқушыларына оқытуда сол дәуірдегі саяси-құқықтық ойларды, мемлекеттік институттар мен саяси-құқықтық жағдайды ескерген дұрыс.

«Қазақ хандығы пайда болған күнінен бастап, соңғы күніне дейін түркі мемлекетінің дәстүрінің жалғастырушысы болып та-

былды. Түркі өркениетіндегі мемлекет пен құқыққа деген философиялық көзқарастың мұрагері ретінде Қазақ хандығы дәуірінде қалыптасқан саяси-құқықтық мәдениет (мектеп) бүгінгі зерттеушілерді дәстүрлі зерттеу әдістерінен басқа альтернативті әдістерді іздеуді талап етеді. Бұл көшпелі шаруашылық пен даладағы адамдардың еркін сүйгіштік табиғатымен тығыз байланысты», – дейді Ш.Қ.Ергөбек өз зерттеулерінде [7, 8 б.].

Е.М.Абайдельдинов қазақ даласындағы заң жүйесінің жан-жақтылығын: «қазақ хандарының заң шығару негізіне монғол, Ресей және басқа да Еуропа елдерінің мемлекеттік билікті жүргізуіне қажетті болған түркі елдерінің мемлекеттік, әкімшіліктік, қаржылық қызметтерін ұйымдастыру тәжірибесінің әсері басым», – деп тұжырымдайды [8, с. 108].

Қазақ хандығының мемлекеттік реформаларының, билік органдарының дәстүрлі институттарға жақындығы да сондықтан.

Қ.Омарханов қазақ даласындағы заң жүйесі жөнінде: «Оның тегеурінді, әрі тиянақты болғандығы соншалықты, алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, патриархалдық-феодалдық, одан кейінгі қоғамдық формацияларда да өзінің мәнін жоймай, қазақ ұлтының дәстүр-салты мен құқықтық ерекшеліктерін мыңдаған жылдар бойы қаймағын бұзбай сақтап келді. ...Әдет-ғұрып қандай қоғамда болмасын адамдардың мінез-құлқындағы өзге ережелерге қарағанда қоғам мүшелерінің психологиясына ерекше әсер беретін нормативтік жағынан инерциясы басым келетін құқықтық өлшем. Егер ол белгілі бір уақыт ішінде өмір сүріп, халықтық сипат алса, мемлекет мүддесіне сай келсе, мемлекеттік биліктегі заң нормасы деп танылған», – дейді [9, 326].

«Қазақ көшпелі өркениеттің көрсетілген қоғамдық даму сатысында билік жүргізудің негізгі қағидасы: көшпелі қазақ өркениеті жүздеген жылдар бойы этикалық-нормативтік тәртіптерді қалыптастырып, оларды сақтау күш қолдану және жаза қолдану мен қорқыту арқылы емес, керісінше саналы түрде орындаумен қамтамасыз етіліп отырды, неге десек, жеке адам көшпенділердің мүдделері

жас кезден ұжымдық, қауымдық психологияны қалыптастырып отырды» деген С.Өзбекұлы [10, 18 б.]. Оның тұжырымы арқылы қазақ халқы мемлекеттілігінің дамуына бірінші орынға адам құқықтары мен бостандықтарын, тәртібін қойғандығына көзіміз жетеді. Нақтырақ айтатын болсақ, қазақ хандығында азаматтық қоғамның болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Осы мәселе жөнінде О.А.Сегізбаев: «Қазақстанның мемлекеттік құрылымы хандық қалыпта қалыптасуында оның билік формасы мен басқарушылық қызметтерін күшейту мақсатында әдет-ғұрып нормаларын мемлекет өміріне енгізу халық алдында беделді, әрі танымал ақындардың, жазушылардың, жыраулардың қолдауымен жүзеге асырылды», – дейді. Себебі, қазақ даласында өмір сүрген ұлы ойшылдар, ғұламалар, ақын-жыраулар, қоғам қайраткерлерінің негізгі арманы – Қазақстанда құқықтық мемлекет орнатып, азаматтық қоғам құру еді.

Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып құқық жүйесі өте ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан, көшпелі этностардың өркениетті, мәдени-рухани құндылықтары болып табылады. Өзге аумақтарда жасаған этностар өркениет, құқықтық мәдениет, адамгершілік, бостандық, әділдік жайлы толғанып-ойлана қоймаған замандарда біздің ата-бабаларымыз Ұлы Даланың өшпес мәдениетін, демократиялық сипатқа толы қағида-ережелерін жасады. Оны жүзеге асырушы билер өз мүдделерінен, руластары мүдделерінен гөрі көптің, елдің мүддесін жоғары қойып, адамгершілік идеологиясын дәріптеді. Билер де, ел басшылары да, ақсақал, көсемдері де сөзге шешен, ойға терең, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағида-ережелерін жетік білетін данышпан, ел басқарушысы болды. Бұларды үздіксіз, үнемі қоғамдық пікір таразылап бақылап отырды. Әбден жетілген, тәжірибеден өткен қағида-ережелер халықтың тұрмыс-тіршілігімен өзектес, мәні қисындас болып, өмір сүруін ұзартты [11, 102-103 б.б.].

Осы жайында айта кетер бір жай, ол билер соты қылмыскерге жаза тағайындағанда, қылмыскерге құн төлеуге руластары көмек беріп отырған. Сонымен бірге, қазақ

даласындағы заңдарда міндеттемелік құқыққа асар, сауын, жылу сынды институттар кіріктірілген. Міндеттемелік құқық нормаларының реттелінуі арқылы адамның санасына өз міндеттері мен құқықтарын ұғындырып отырған. Мысалы: жылу (апат немесе т.б. табиғи құбылыстардан зардап шеккендерге берілетін көмек); асар (егін егу немесе үй салу барысында ауыл болып көмек беру); аманат (жеке тұлғаға белгілі бір мерзімге берілетін мүлік, мал) және т.б.

Мектептегі оқушыларды құқық тарихы негізінде тәрбиелеу үдерісі мектепте сабақ барысында және сыныптан тыс уақытта жүргізіледі. Сабақ барысындағы жүргізілетін құқықтық тәрбие негізгі «Қазақстан тарихы», «ҚР мемлекет және құқық тарихы», «Мемлекет және құқық теориясы» және «ҚР мемлекет және құқық негіздері» пәндерін қамту арқылы жүзеге асырылады. Ал, сыныптан тыс уақыттағы құқықтық тәрбие іс-шараларына мектепте өткізілетін тәрбие сағаттары, факультатив сабақтар, әр-түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары кіріктірілген. Сонымен бірге, сыныптан тыс уақыттағы тәрбиеге ықпалын тигізуші институт – бұл оқушының қоршаған ортасы. Нақтырақ айтатын босақ, оқушының отбасы, достары, араласатын құрдастары және т.б. жатқызуға болады.

Осындай негіздемелерге сүйеніп, құрылған міндетті және элективті курстарды мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беруге ықпал-әсерін экспериментте тексеріп байқауды мақсат еттік.

«Құқық негіздері» курсы мектепте 9-сыныпта өтілетін пән. Бұл пән жалпы құқық саласын толық қысқаша қамтиды. «Құқық негіздері» пәнін өтудің екі себебі бар: біріншіден, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде өзінің құқықтық білімін, белсенділігін, санасы мен мәдениетін жетілдіреді. Сондай-ақ, мемлекетіміздің заң жүйесімен және т.б. заң нормаларымен рұқсат етілген немесе тыйым салынған нормалармен танысады; екіншіден, заң нормаларын білу, өзінің құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін ұғынады, құқықтық санасы мен мәдениеті қалыптасып, дамиды.

Бұл пән мемлекет және құқық теориясының,

мемлекет және құқық тарихының, азаматтық және қылмыстық, еңбек, отбасы, экология және т.б. құқық негіздерін қамтиды. Оқушыларға қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде құқықтық тәрбие беру мақсатында біз «Құқық негіздері» пәнінде қарастырылатын құқық салаларын ұлы дала заңдарымен байланыстыра отырып оқытуға бағдарлама құрдық. Мұнда «Құқық негіздері» пәні келесідей мәселелерді қамтиды:

- Мемлекет және құқық теориясының негіздері тақырыбы бойынша оқушылар мемлекет пен құқықтың пайда болу процесі, ол туралы теориялар, олардың ұғымы мен маңыздылығы, мемлекеттік билік, мемлекет қызметі, аппараты, нысаны және құқық нормасы, құқықтық сана мен мәдениет, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам, құқық бұзушылық және заңды жауаптылық нормаларын білу арқылы оқушылардың құқықтық білімінің негізі қаланады;

- ҚР-сының конституциялық құқық негіздері тақырыбы бойынша оқушы ҚР Конституциясының құрылымын, өздерінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін, мемлекеттің конституциялық құрамын, мемлекеттің сайлау жүйесін білуі және оларды қазақ даласындағы заңдармен, қазақ халқының құқықтары мен бостандықтарымен, билер институтымен байланыстыру арқылы оның құқықтық мәдениеті, санасы, білімі мен белсенділігі артады;

- ҚР-ның құқық қорғау органдары тақырыбы бойынша оқушылар арасында құқықтық тәрбие және кәметке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алу шараларына қатынасу іскерліктерін дамытады;

- ҚР-ғы мемлекеттік басқару тақырыбы бойынша оқушы мемлекеттік билік органдарының қызметі, құзіреті, құқықтары мен міндеттері туралы біле отырып, оларға қатысты заң нормаларын жүйелеуі арқылы заң нормаларымен жұмыс жасау әдісіне үйренеді және қазақ хандығындағы билік формасының ерекшелігін біле алады;

- Әкімшілік құқық курсына білім беру мекемелеріндегі мүшелердің құқықтары мен міндеттерін білу, әкімшілік жауаптылық

мәселелеріне шолу арқылы біледі;

- ҚР-ның азаматтық және отбасы құқығының негіздері тақырыбы арқылы оқушы азаматтық құқықтық қатынасқа түсуші субъектілер мен объектілерді, құқықтық қатынас түрлерін, мәміле, мұрагерлік нормаларын өтуі арқылы отбасы құқығы негіздерінен дәріс алады;

- Оқушыларға ҚР-сының еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негіздері оқыту арқылы, оларға болашақтағы еңбек ету құқығын, еңбек келісім-шарт негіздерін, ұжымдық шарт ерекшелігін, жұмыс және демалыс уақытын, жалақы мен әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарын білдіреді;

- ҚР-ның экология және жер құқығының негіздерін оқу арқылы оқушының қалыптасқан экологиялық білімі мен тәрбиесі заңды негізде дами түседі;

- Қылмыстық құқық саласы негізінде жасөспірімдердің істеген қылмыстық әрекеттерін және олар үшін жазалау шараларын оқушыларға түсіндіру арқылы құқық бұзушылықтың алдын-алу ісін жүзеге асыруға болатындығын оқушыларға ұғындыру негізгі мәселе болып табылады.

«Құқық негіздері» пәнін қамти отырып, мектеп оқушысының құқықтық білімі, тәртібі, санасы мен мәдениеті қалыптасып, жетіле бастайды. Бірақ, қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларға құқықтық тәрбие беру мәселесі «Құқық негіздері» курсына қамтылған әр тақырыпты қазақ даласындағы заңдармен салыстырып оқуы жеткіліксіз. Сол себепті, мектеп оқушыларын қазақтардың құқық тарихын оқыту арқылы тәрбиелеу мақсатында «Мемлекет және құқық теориясы» пәнін оқу үдерісіне енгіздік.

«Мемлекет және құқық теориясы» пәні құқық саласының негізін қалаушы курс. Бұл курс толығымен қазақ хандығы дәуіріндегі заң жүйесін қамтымаса да, оқушыларға құқық тарихын дұрыс ұғынуға негіз бола алады.

«Мемлекет және құқық теориясы» курсы мемлекет пен құқықтық ара-қатынасын, олардың пайда болуы мен дамуын, ұғымы мен нысандарын, түрлерін, қызметтерін,

мемлекеттік билік, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, құқық пен заң ұғымдарын қамтиды. Бұл курс екі бөлімнен тұрады: мемлекет теориясы және құқық теориясы.

«Мемлекет және құқық теориясы» пәнін оқыту барысында оқушыларға әр тақырып бойынша тапсырмалар беріп, оның орындалуын қадағалау міндетті. Себебі, оқушы мұғалім айтқанынан гөрі өзі ізденіп жұмыс жасаған тақырыптарды есінде сақтап қалады. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген бағдарлама негізінде оқушыларға келесідей тапсырмалар беріледі:

- «Мемлекет пен құқықтың пайда болуы» тақырыбы бойынша оқушыларға мемлекет пен құқықтың пайда болуы туралы теорияларды саралап, оларға өз пікірін айтуы арқылы бұл тақырыптың теориялық негізін жақсы біле алады;

- «Мемлекет ұғымы және оның нысандары» тақырыбы бойынша оқушыларға мемлекетке өз ұғымы бойынша түсінік беру және мемлекет нысанын сурет-схема ретінде жіктеу тапсырмасы беріледі;

- «Мемлекеттік билік. Мемлекет қызметі және мемлекеттік аппарат» тақырыбына мемлекеттік билік жүйесін және ҚР конституциясын негізге ала отырып Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігін өздігімен жіктеу;

- «Құқықтық мемлекет. Азаматтық қоғам» тақырыбына байланысты «Мен Қазақстанды құқықтық мемлекет ретінде қалай көремін», «Азаматтық қоғам мүшесі қандай болуы керек» тақырыптары бойынша шығарма жазу. Осы шығармаларды орындау арқылы оқушының өзіндік тәрбиелену үдерісі жүзеге асады;

- «Құқық ұғымы мен нысаны» тақырыбы бойынша оқушыларға берілетін тапсырма құқық ұғымын жан-жақты зерттеген ғалымдардың еңбектерінен алып, оларды салыстырып, өз тұжырымын жасау және құқық нысанын кесте ретінде құрастыру;

- «Құқықтық норма. Нормативтік құқықтық акт ұғымы» тақырыбы бойынша құқықтың нормаларын Қазақстан Республикасы заңдарының баптарынан анықтау;

- «Құқықтық сана. Құқықтық мәдениет» тақырыптары негізінде оқушыларға реферат, ғылыми баяндама, тезис жазу тапсырмасын беру арқылы олардың жалпы құқықтық сана мен мәдениеттің құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам үшін қажеттілігі ұғымы қалыптасады;

- «Құқықтық нигилизм» тақырыбы бойынша дөңгелек стол, пікірталас сайысын ұйымдастыруға болады;

- «Құқықтық тәртіп» тақырыбы бойынша практикалық сабақ ұйымдастыру қажеттігі туады. Себебі, қоғамдағы құқықтық тәртіпті қорғаушы, оның бұзылмауын қадағалаушы құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастырған өте дұрыс;

- «Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік» тақырыбына берілетін тапсырмалардың біріншісі, қылмыс пен құқық бұзушылық әрекеттердің айырмашылықтарын, ерекшеліктерін анықтау; екіншісі, заңды жаза мен жауапкершіліктің ауыртпалық деңгейін көрсету; үшіншісі, заңды жауапкершілік заңды жазаға айнала алады ма?

«Мемлекет және құқық теориясы» пәнін қамту арқылы оқушылардың құқықтық санасы мен мәдениеті, білімі, белсенділігі мен тәртібі қалыптасады. Ал, қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесін оқыту арқылы оқушыларды құқықтық тәрбиелеу мәселесі үшін бұл пәнді қамту аздық етеді. Сол себепті, біз мектептің оқу үдерісіне «ҚР мемлекет және құқық тарихы» пәнін енгіздік.

Бұл пәнді оқу барысында оқушылар қазақ даласындағы мемлекет пен құқықтың пайда болуы себептерін, олардың ұлы даладағы заңды күштерін, билер институтын олардың халыққа әсерін, сол уақыттағы қазақ халқының құқықтық тәртібін, білімін, санасы мен мәдениетін бөле алады.

Оқушыларға қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде берілетін құқықтық тәрбие мәселелері сабақ өту арқылы шектелмейді. Бұл үдеріс сабақтан тыс уақытта жалғасады және күрделенеді. Сабақ барысында қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесін түп-түбіріне дейін оқытуға сағат көлемі жетіспейді. Сол себепті, осы бағытта оқушыларға құқықтық тәрбие беру мәселелерін сыныптан тыс

уақытта өткізуге қажеттілік пайда болды.

Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларды құқықтық тәрбиелеу жөніндегі зерттеу жұмыстарын ойдағыдай жүзеге асыру үшін келесідей міндеттерде алдыға қойдық:

- мектеп оқушыларына тәрбие беру жұмыстарын жоспарлау;
- құқықтық мәселе бойынша құжаттамалар құрастыру;
- оқушыларға, олардың ата-аналарына, еңбек ұжымдарына құқықтық насихаттау жұмыстарын өткізу үшін баяндама, хабарландыру, рефераттар жазу, әңгімелер мен дәрістер өткізу;
- құқықтық кештер, рөлді ойындар, дөңгелек стол, әңгіме, олимпиадаларды ұйымдастыру;
- мектептегі құқық қорғау отрядтарын құрып, жетекшілік ету;
- құқықтық тәрбиені дамыту мақсатында элективті пәннің құқықтық құзырын пайдалану;
- аталынған әрекетті жүзеге асыру үшін дүниежүзілік дамыған мәдениет нормаларын қолдану;
- көрнекі құралдарды дайындау, оларды дұрыс пайдалану;
- белгілі бір жастағы оқушыларды заңды мекеме жұмыстарымен таныстыру;
- тәрбиеленуші тұлғаны құқықтық тәрбие барысының басында және соңында анықтап, зерттеу;
- қиын жасөспірімдерге дұрыс құқықтық білім беру, оған көмек көрсету;
- құқықтық тәрбиелік мәні бар іс-шараларды өткізу және талдау;
- мектеп ұжымына әдістемелік көмек беру мақсатымен құқықтық тәрбиелеу тақырыбына мектеп кабинетін немесе бұрышын ұйымдастыру;
- мектеп оқушыларын құқықтық тәрбиелеуде құқық қорғау органдарымен және қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынасты ұйымдастыру;
- оқушыларды құқық қорғау қызметіне қатыстыру;
- жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Осы икемділіктерді оқушылардың бойына

қалыптастырып, дамыту үшін сабақтармен қоса сыныптан тыс уақытта тәрбие жұмыстарын жан-жақты жүргіздік.

Сабақ барысынан сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстарының ерекшелігі келесідей:

- сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстары ерікті түрде ұйымдастырылады;
- бұл тәрбие жұмыстары міндеттеуші бағдарламамен байланысты емес;
- сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына оқушылардың барлығы жас ерекшелігіне қарамастан түгел қатыса алады;
- оқушылар өздігімен білім алып, тәрбиелене алады;
- сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстарына басқа да ұйымдар, органдар және оқушылардың қоршаған ортасы қатынаса алады.

Осы ерекшеліктерді ескере келе, біз сыныптан тыс уақыттағы құқықтық тәрбие жұмыстарына қойылатын талаптарды да жіктедік. Олар:

- ұйымдастырылатын құқықтық тәрбие жұмысын өткізу барысында тәрбиеленушінің өз құқықтарын білу, мемлекет пен қоғам тәртібін сақтауға және азаматтық парыздарын орындауға даярлықтарын қалыптастыру мақсатына сүйенуі;
- мемлекеттегі болып жатқан құқықтық өзгерістердің және құқықтық реформалардың тәрбие жұмыстарында қамтылуы;
- сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстарының мектептік оқу-тәрбие мақсаттары мен міндеттеріне сай келуі;
- сыныптан тыс уақыттағы ұйымдастырылатын тәрбие сағаттары оқушылар үшін түсінікті, әрі тиімді болуы;
- сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстарының жаңаша және әр түрлі жағдайларда ұйымдастырылуы және т.б.

Мектепте сыныптан тыс уақыттағы тәрбие сағаты, факультатив сабақтар, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары және олардың тәрбиесіне әсер етуші қоршаған ортамен тәрбие жұмыстарын жүргізе отырып, оқушыларды сыныптан тыс уақытта жеке-ше, топтасып және жалпылама тәрбиелеу әдістерін қолдану болып табылады.

Оқушыларды сыныптан тыс уақытта жеке-

ше тәрбиелеу жұмыстарына әр оқушылармен жекеше факультатив сабақтарын өту, атаналары арқылы оқушылардың құқықтық санасы мен мәдениетін жетілдіру, психологтармен, құқық қорғау қызметкерлерімен жекеше әңгімелер жүргізу, оқушылардың өзін-өзі бағалауы сынды іс-шаралар жатады.

Мектеп оқушыларын топтасып тәрбиелеуге сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылған құқықтық үйірмелермен, клубтармен жүргізілетін құқық қорғау орган қызметкерлерімен, заңгер ғалымдармен кездесу кештерін, дебаттар, пікір таластар, дөңгелек столдар, әр түрлі сайыстар және т.б. жатады. Мұнда, оқушылар осы іс-шараларға топтасып қатынаса отырып, бір-бірінің әрекеттерін бағалай отырып, өзара қадағалау, бағалау арқылы құқықтық тәрбие жұмысының мақсатына жетуге болады.

Жалпылама құқықтық тәрбие жұмыстарына жалпы мектеп бойынша өткізілетін кештер, мейрамдарға (ҚР-сының тәуелсіздік күні, ҚР-сының конституциясы күні және т.б.) байланысты іс-шаралар, сайыстар, тренингтер, «президенттік тесттер», конференциялар, олимпиадалар және т.б. жатқызуға болады.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының формаларына оқушылармен жүргізілетін жеке, үйірмелік және топтық, біріктірілген, көпшілікпен жұмыс формаларын атауға болады. Мұнда, оқушылармен жүргізілетін жеке жұмыстың формасы – сыныптан тыс жұмысқа байланысты мұғалімнің міндеттері мен тапсырмаларын оқушылардың жекеше өздігімен орындауы. Үйірмелік және топтық жұмыстарға үйірмелер (пәндік, техникалық, спорттық, көркемдік) және басқа бірлестіктер: ансамбльдер, патрульдер, полицияға көмекші топтар, үгіт бригадалары және т.б. сыныптан тыс жұмыстың біріктіретін формасына балалар мен жастар клубтары, мектеп мұражайлары және әр түрлі қоғамдық жұмыстар жатады. Сыныптан тыс жұмыстың көпшілік формасына кештер, мейрамдар, спорттық жарыстар, фестивальдар, баяндамалар, диспуттар, дәрістер, кештер, сенбіліктер, жарыстар, олимпиадалар, туристік жорықтар, теарт мен киноға ұжыммен бару.

С.Б.Омарова өз зерттеулерінде жеке тұлғаның азаматтық тәрбиелігінен көрінетін тұлғаның мемлекетке, билік жүйесіне, мемлекет азаматы ретіндегі өзіне деген оң көзқарасы сияқты оның бойында қалыптасқан қасиеттерді анықтай отырып, тәрбиеленушінің бойында азаматтық қасиеттердің қалыптасу деңгейін 18 топқа жіктеген. Оның кейбірлерін атап өтсек:

- мемлекет белгілері мен рәміздерін білу, тану, сыйлау, қызығушылығын арттыру және т.б.;

- мемлекеттің тарихи-мәдени дәстүрі мен мемлекеттік тілді білу, тану, сыйлау, қызығушылығын арттыру және т.б.;

- билік жүйесінің қағидаларын, сипатын және құрылымын білу, тану, сыйлау, қызығушылығын арттыру және т.б.;

- билік органдарының қызметтерінің механизмі мен негізгі қызметтерін білу, тану, сыйлау, қызығушылығын арттыру және т.б.;

- азаматтардың құқықтары мен міндеттерін білу, тану, сыйлау, қызығушылығын арттыру және т.б. [12].

Аталынған белгілер құқықтық тәрбие үдерістерінде жүзеге асатыны анық.

Құқықтық тәрбие үдерісі мектепте бастауыш сыныптан моральдық, адамгершілік тәрбие негізінде бастау алады. Моральдық нормалар адамдардың адамгершілік сезімін, ар-ожданын дамыта отырып, олардың өзара және қоғаммен қарым-қатынасын білдіреді. Бұл сияқты ұғым мораль немесе адамгершілік нормасы деп аталады. Ғ.Ақмамбетовтың пікірінше, мораль – қоғамдық сананың ерекше түрі [13, 34 б.].

Сонымен, адамның құқықтық санасы мен мәдениетін дамыту құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты болып табылады. Тұлғаның құқықтық мәдениетімен қоса құқықтық санасын қалыптастырып, дамыту – құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаттарының бірі. Адамның құқықтық санасы қалыптаспай оның құқықтық мәдениеті жетілмейді. Сол себепті, құқықтық сананы қалыптастыру мәселесіне көп көңіл бөлген дұрыс.

Қорыта келгенде, Н.Рысбайұлының пікірін қолдай отыра оқушыны ұлттық тәрбиелеудің мынадай жүйесін қолдануды ұсынады:

- 1) Балаңыз дүниеге келгенде, оны бесікке

бөлеп, бесік жырымен тербетіңіз.

2) Балаңыз 2-3 жасқа келіп, тілі шыққан кезде тілашар, санамақ, жаңылтпаш жаттатып, оның дүние танымын арттыру үшін, үнемі ертегі айтып беріңіз.

3) 4-5 жасында жұмбақ шешкізіп, ой-өрісін өсіру керек.

4) 6-7 жасқа келіп, қаріп таныған уақытынан бастап, батырлық жырлар мен кисса-дастандар жаттатыңыз. Бұл жырлар

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Аманжолов К., Рахметов Қ.* Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, 1996. – 272 б.
2. *Кенжалиев З.* Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
3. *Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. – Алматы, 1998.
4. *Зиманов С.З.* Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың Ата Заңдары: 10 т. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.4. – 552 б.
5. *Баймаханов М.Т.* Мемлекет теориясының негіздері//Избранные труды по теории государства и права. – Алматы: Әділет, 2003. – 510-525 бб.
6. *Ергөбек Ш.Қ.* Хандық дәуірдегі саяси және құқықтық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы. Заң ғ.к. ... дисс. –Астана, 2008 –170 б.
7. *Абайдельдинов Е.М.* Политико-правовая история. – Алматы: Данекер, 1999. – часть I. – 295 с.
8. *Омарханов Қ.* Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. 1-кітап. – Астана: Елорда, 2003. – 280 б.
9. *Өсерұлы Н.* Жеті Жарғы: – Алматы: «Жеті Жарғы», 1995. – 80 б.
10. *Бақытхожаев Ж.Ж.* Қазақтың құқықтық жүйесі жайлы зерттеу (тарихи-тағылымдық маңызы). Заң ғ.к. ... дисс. – Тараз, 2007. – 115 б.
11. *Сейталиев Қ.Б.* Тәрбие теориясы. – Алматы, «Мектеп», 1986. –150б.
12. *Омарова С.Б.* Истоки (текст): Книга эссе о жизни замечательных людей, внесших свой неоценимый вклад в развитие Казахстана в XX веке. – Алматы: Өлке, 2006. – 256 с.
13. *Ақмамбетов Ғ.* Парасат. Әдеп. Тәртіп. (Жастардың философиялық шағын кітапханасы). – Алматы: Қазақстан, 1980. – 71б.

Резюме

В статье рассматривается проблема правового воспитания учащихся средствами национального воспитания.

Summary

The article discusses the problem of legal education of students by means of national education.

Ж.Е.Ішпекбаев –
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие істері
жөніндегі проректоры, саяси ғылымдарының кандидаты,
доцент, Ханьшань педагогикалық
университетінің құрметті профессоры

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Ұрпақ тәрбиесі мәселесі қай кезде де, қай қоғамда да өзектілігін жойған емес. Әдетте, ұлт болашағы мен мемлекет қауіпсіздігі оның ішкі тұрақтылығымен, азаматтық жауапкершілікпен және орныққан тәртіппен қалыптасатыны анық.

Қазіргі таңдағы ұлттық рухтың оянуы ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр және тілге байланысты жаңа көзқарасты қалыптастырды. Осы ретте біздің міндетіміз мемлекеттік мүдде, ұлт болашағы секілді күрделі мәселелерді уақыт талаптарына сай шешудің жолдарын іздестіру болып табылады.

Қазіргі қазақстандық қоғам дамуының басты стратегиялық бағыты – жастар тәрбиесі болып табылады. Демек, бүгінгі ұлттық қауіпсіздік мәселесі – ертеңгі ел тағдыры. Осыған орай, өскелең ұрпақтың денсаулығына, білім сапасына, ұлттық санасы, ұлтаралық мәдениеті мен әлеуметтік жағдайына аса назар аударылуда. Осы мәселелердің шешімі олардың ертеңге деген сенімін нығайтып, ұлт патриоты, ел азаматы, білікті маман болып қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Білім баға жетпес үлкен рухани қару, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш болып табылады. Расында да, білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық-рухани күш, қуат көзі жоқ екені баршамызға мәлім. Тек білімі жоғары сапалы мемлекеттің ғана әлемдік қауымдастықта бәсекелестікке қабілеттілігі биік болмақ. Сондықтан да, күллі әлемдік жаңа идеология ең алдымен білім күшіне арқа сүйейді. Білім – биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күретамыры, ел дамуының алтын арқауы. Заңғар жазушы

Мұхтар Әуезовтың: «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін білім», – деп атап көрсеткеніндей, рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім ғана ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайта алады.

Қазіргі кездегі білім берудің негізгі мақсаты – жастарға білім беріп қана қоймай, алған білімдерін үздіксіз дамыту, олардың бойына адамгершілік, ізгілік, кішіпейілдік, елдік сана мен ұлттық рухты қалыптастыру, ұлтсыздықпен күресі, тәуелсіздікті баянды ету болуы қажет. Демек, Қазақ елінің мәңгілік ұлттық идеясын қалыптастыру. Оған қол жеткізудің бірден бір жолы ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу.

Бүгінгі таңда ұлттық тәрбие мәселесі өзекті болып табылады. Ұлттық тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне көтеріледі.

Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретеді. Себебі, әрбір жеке тұлға ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың өкілі екендігін терең сезініп, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамдағы орнын белгілеуі қажет. Бұл жерде негізгі әңгіме

арқауы ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық идея, ұлттық құндылық, ұлттық мінез туралы болып отыр. Бұлай дейтініміз мұның барлығы қазіргі жаһандану үдерісінде өзімізді ұлт болып, ұлттық тарихымызды, дінімізді, ділімізді, тілімізді, мәдениетімізді, дүниетанымымызды сақтап қалудың бірден бір кепілі болып табылады.

Бүгінгі жастардың психологиясы, таным түйсігі, алдына қойған мақсат-мүдделері аға буын ұрпаққа ешқандай ұқсамайтыны мәлім. Қазіргі қоғамда болып жатқан жағдайлар өскелең ұрпақты қайткенде де өз иіріміне тартып әкетіп, дегеніне көндіріп бағуда. Ұлттың құрамы ала-құла болғаны себептен, тілі де, ұстанымы да, діні де біркелкі емес. Мұның барлығы Қазақстандағы бүгінгі қоғамдық қатынастардың өзгеріске ұшырауына әсерін тигізеді. Елімізде осындай жағдайды жіті, әрі дер кезінде пайымдаған мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев ұлттық тәрбие қағидасын ұсынды.

Ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты Елбасымыз өзінің «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Ұлттық мәдениетке, ана тілге еркіндік беру, оны тәлім-тәрбие құрылымына айналдыру, тәрбие мәселесінде ұлттық ізгілік пен өркениетті әлемдік имандылық үрдісінің ортақ мүддесін жаппай сезіну және оны кіріктіре пайдалану арқылы іске асыру керек», – деп атап көрсетеді.

Міне, осы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан бүгінгі таңда өзінің әлеуметтік әлеуетін паш етіп, сәтті саяси-экономикалық реформаларымен бүкіл дүние жүзін мойындатып келе жатқан дамушы ел. Осы орайда айтып өтейік, Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына 2010 жылы төрағалыққа сайлануы кездейсоқтық емес еді. Бұл сайлау біздің еліміздің жоғары халықаралық беделінің бір көрінісі ғана емес, сонымен бірге Қазақ елінің ұлтаралық, мәдениетаралық және дінаралық диалогты жүргізудегі рөлінің мойындалуы болатын. Қазір Елбасының көрегенділігімен

жүргізіліп отырған Қазақ елінің осы саяси қадамы басқа көптеген елдерге үлгі. Соның бір жарқын көрінісі былтырғы жылдың 1-2 желтоқсанында Астанада өткен ЕҚЫҰ-на мүше елдер басшыларының VII Саммиті болды. Аса жоғары деңгейде өткен Саммит Қазақстанның осы беделді халықаралық ұйымдағы төрағалығының ұшар шыңы, мәртебелі мәресі болғандығын атап өткен Мемлекет басшысы: «оның нәтижелерінің біздің еліміз үшін стратегиялық мәні зор, әрі маңызды болды», – деді. Ең бастысы, Астана Саммиті Атлантика мен Еуразия арасындағы мемлекеттердің бір-біріне қайшы келетін көзқарастарының барлығына қарамастан қатысушы елдер басшыларын келіссөз үстеліне отыруға сендіре білді. Бұл жоғары миссияны Қазақстан үлкен абыроймен атқарып шықты. Ендігі мәселе осы жеткен жетістіктеріміз ұрпақ талабында жарасымды жалғасын табу үшін не істеу керек? Бізді алаңдататын жайт ендігі жерде осы мәселе болуы тиіс.

Ең алдымен, әлемдік қауымдастықтағы басқа елдермен терезесі тең, төрт құбыласы түгел мемлекет ретінде қалыптасу үшін білім-білігі жоғары, рухы биік жастарды отаншыл, мемлекетшіл етіп тәрбиелеуге көңіл бөлуіміз қажет. Соңғы кезде қалыптасқан тәрбие жүйесінде мәселенің осы тұсына жеткілікті түрде көңіл бөлінбегендіктен жастарымыз бойындағы патриоттық сезім факторларын көп ақсатып алғанымызды қаншалықты ауыр болса да мойындауға тиіспіз. Бұл жайт бізден осы олқылықтардың орнын толтыратындай, ол үшін қазақ елінің өткендегі ерлік істері мен жасампаздығын терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді әдістері мен формаларын қарастыруды талап етеді. Ұлттық сана-сезім туа бітті, қанмен келетін нәрсе емес, ол әлеуметтік, анығырақ айтқанда тарихи ортада қалыптасатын қасиет. Яғни, жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, отаншылдық қасиетті, патриотизмді қалыптастыру қажет. Сонда ғана халықтың рухани құндылығы

ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мәңгі өмір сүреді. Ұлттық тәрбие берудегі негізгі мақсат осындай жағдайлармен тікелей байланысты.

Осы ретте бір ескеретін нәрсе, кейбір кертартпа адамдар «ұлттық тәрбие» деген ұғымды әдейі бұрмалап, оны басқаларға түсіндіргенде де ұлтшылдық мағынасында көрсетуге тырысып жүр. Бірден айтайық, бұлай түсіндіруге тырысу отқа май құйғанмен бірдей. Шын мәніндегі ұлттық тәрбие пәнінің мақсаты – ешқандай да ұлтшылдыққа бет бұру емес, керісінше қазақ елінде білім алатын басқа ұлт өкілдеріне автономды ұлттық тұрмысынан, салт-дәстүрінен, арман-мүддесінен, әдеп-ғұрпынан мағлұмат беретін, сондай-ақ мағлұмат бере отырып, оны оқыту, түсіндіру арқылы қазақ халқының бүгінгі күнге дейін қол жеткізген жетістіктері мен мол мүмкіндіктерін паш етіп, қазақстандықтардың бірлігін, қарым-қатынасын нығайту, сөйтіп еліміздің басқа жұртқа үлгі-өнеге боларлықтай ұлттық тәрбиесі бар екенін насихаттау. Осындай жағдайды ескерсек қана ұлттық тәрбие пәні біздің тәуелсіз еліміздің болашағының негізі, ұстыны болатынына олардың көзін жеткізіп, сендіре аламыз.

Оқу мен тәрбие егіз дейтін болсақ, тәрбие жұмысының білім беру процесімен қатар да және одан тыс уақытта да жалғасатыны бәрімізге белгілі. Осы тұрғыда университет ректоры Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің тікелей басшылығымен студенттердің бойына адамгершілік-рухани тұрғыдан жетілдірілген, қазіргі заман бәсекелестігіне жауап бере алатын, кәсіптік дайындықтары шыңдалған тұлға болып қалыптасуға мүмкіндік беретін «Тәрбие жетекшілігі» жүйесі енгізілді. Тәрбие жетекшісі – өз тобындағы студенттердің оқу-тәрбие үдерісіндегі қызығушылықтары мен құқықтарын қорғаушы, тұлғааралық қарым-қатынастарына және студенттердің күнделікті өмірін тиімді ұйымдастыруға дұрыс бағдар беруші педагог. Тәрбие жетекшісінің жұмысын тиімді жүргізу үшін

Тәрбие жетекшісі туралы Ереже, Тәрбие жетекшісінің жұмыс журналы, Тәрбие жетекшісіне арналған нұсқаулық әзірленді. Сонымен қатар, Тәрбие жетекшілерінің жұмысын одан әрі жандандырып, сапалы жүргізу үшін университет және факультеттер жанынан Тәрбие жетекшілерінің кеңесі құрылды.

Сонымен қатар, университет базасында «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі» құрылғандығын атап өткен жөн. Ұлы Абай мұраларын насихаттау, оның адамгершілік-эстетикалық ұстанымдарын оқыту мақсатында «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының ашылуы да кейінгі жылдардың жемісі. Барлық мамандықтар бойынша «Абайтану» және «Әдептану» дәрістері жүргізілуде. Аталған пәндерді оқыту студенттердің тұлғалық және ұжымдық тәрбиесіне, оның ішінде өзара қарым-қатынас мәдениеті мен мінез-құлық әдебіне, ұлттық мінез қалыптастыруына, ел-жұртын ардақтауға тікелей әсерін тигізетіні сөзсіз.

Тәрбие жылы аясында «Ұлттық тәрбие – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында ректор кубогына арналған пікірсайыс турнирі өткізілді; «Әйгерім» сән театры ашылып, ұлттық сән үлгілерінен коллекция әзірленді; жас ақындардың «Жалын атқан жастық шақ!» атты жыр жинағы баспаға ұсынылды; «Өз наурыз Абай ауылында» мерекесі тойланды; университет жанынан фольклорлық-этнографиялық ансамблі құрылды.

Тұлғаға бағытталған тәрбиелік шаралар, жеке тұлғалық қабілеттерді жетілдіру жұмыстары бойынша академик К.Н.Нәрібаевтың жетекшілігімен «Тұлғалар тағылымы» дәрістер циклы жүзеге аса бастады. Оған көрнекті қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен танымал тұлғалар шақырылды. Олардың қатарында академиктер С.Зиманов, С.Қирабаев, С.Сартаев, Ө.Айтбаев, Ә.Бейсенова, белгілі ғалымдар М.Мырзахметов, Қ.Жарықбаев, С.Ғаббасов, А.Құсайынов, Ә.Сығай, Ә.Табылдиев т.б. бар.

Олар өз дәрістерінде ұлттық тәрбие, ұлт тарихы мен мәдениеті жөнінде есте қаларлықтай мазмұнды дүниелер жастардың ұлттық санасезімін оятуда, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруде зор ықпал жасады дей аламыз.

Ұлт тұлғаларының өнегелі өмір жолдары мен тағылымды мұрасын түсіндіру мақсатында жаңадан арнаулы кабинеттер ашылып, пайдалануға берілді. Атап айтқанда, ұлы ойшыл, кемеңгер Абайдың мәңгілік даналығын насихаттайтын «Абай» музей-кабинеті, университетте ұзақ уақыт қажырлы еңбек еткен белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллин атындағы оқу-әдістемелік кабинет, Кеңес Одағының Батыры Нағи Ильясов атындағы әдістемелік кабинеттің ашылуы соның көрінісі. Сондай-ақ, Қазақстан тарихы кафедрасына академик Т.С.Садықовтың есімі беріліп, ескерткіш тақта орнатылса, Қазақстан педагогика ғылымының негізін қалаушы ғалымдар, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Талғат Сабыров пен Ромсейіт Қоянбаевты еске алу шаралары ұйымдастырылып, арнайы кабинеттер пайдалануға берілді.

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ғылыми зерттеу институтымен бірлесе отырып даярланған «Студенттер мен магистранттардың» Этикалық кодексі қабылданып, кең қолдауға ие болды.

Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушыларының қызметтік этикалық нормативті іс-әрекеттері мен жоғары оқу орны ұстаздарына қойылатын талаптары анықталып көрсетілген «Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің» Этикалық кодексінің жобасы даярлану үстінде.

Осы ретте астын сызып айтып өтетін бір нәрсе, үстіміздегі 2010-2011 оқу жылының басынан бастап «Ұлттық тәрбие» кафедрасының ұйымдастыруымен, университет ректоры, профессор С.Ж.Пірәлиевтің жетекшілігімен ұлттық тәрбиеге байла-

нысты мәселелерді жан-жақты қарастырып, талқылайтын, әр түрлі пікірлерге қозғаушы болатын Дискуссиялық клуб іске қосылды. Мұндағы мақсат – ұлттық тәрбие мәселесімен айналысып жүрген еліміздің жетекші ғалымдары мен тәрбиеші-мамандардың басын қосып, тәжірибе алмасу; осындай тәжірибелер алмасу арқылы ұлттық тәрбие құндылықтарын сұрыптап, екшеп, оны ғалымдардың талқысына салып, одан әрі жетілдіру; сөйтіп ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаттарын айқындап, өскелең ұрпақты осы айқындалған іс-тәжірибе арқылы тәрбиелеу; олардың Отан алдында жауап бере алатын қабілет-борышын жетілдіру, қоғам алдындағы маңызды мәселелер жөнінде өзінің азаматтық көзқарастарын қалыптастыра алатын шын мәніндегі патриот тұлғаны тәрбиелеп шығару. Қалай дегенде де мұндай іс-тәжірибенің мәні мен берері мол болатыны анық. Дискуссиялық клубтың отырысын айына екі рет өткізу жоспарланды. Айтпақшы, бұл пікірталас клубтың көтеретін тақырыптары да жан-жақты, әрі кең ауқымды екенін айта кету ләзім. Осы кезге дейін Дискуссиялық клубтың бірнеше отырысы болып өтті. Оның жұмысына Қазақстанның көрнекті ғалымдары Жарықбаев Қ., Қалиев С., Құсаинов А., Ғаббасов С., Мырзахметұлы М., Нуриев М., Нәрібаев К. тағы басқалар қатысып, ұлттық тәрбиеге байланысты келелі ойларын айтып, аталған мәселелерге өз пікірлерін білдірді. Олардың ішінен Шымкент университеті «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, профессор Әтемова Қ., ҚызМемПедУ-нің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Қоңырбаева С., аталған университеттің психология-педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жиенбаева С., Алматы қаласы Білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының бас маманы Еденбаева З. сияқты баяндамашыларды айтып өтуге болады.

Студеттерді білім нәрімен сусындатып, ұлттық құндылықтарымызды, ата-бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан мұрасын, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық

тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде жан-жақты пайдаланғанымыз жөн. Сондықтан да, біздің міндетіміз бүгінгі уақыт талабына сай ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу болса, осы бағытты ұстанып отырған жолымыздың жемісті болуына барша қауым қолдау көрсетіп, атсалысады деген үміттеміз.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде». –Алматы, 2000.
2. Түймебаев Ж. Елбасы және ел білімі. /Егеменді Қазақстан. - 3 шілде, 2010.

В данной статье рассматривается вопрос о сущности национального воспитания и о ее роли в воспитании молодого поколения.

The article covers the issues of national upbringing and its role in educating young generation.



Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.

Төле би

**Абай атындағы ҚазҰПУ-де өткен жылдың 11-ші қарашасында
Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ және
«Ұлттық тәрбие» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген
«ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДА
АДАМ РЕСУРСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕПІЛІ»**

атты дөңгелек үстел отырысынан

Қазіргі жаһандану дәуірі өршіп тұрған қоғамда өркениетті қоғам көшіне ілесе алатын ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені, қазіргі таңдағы еліміздің жағдайы білім мен мәдениеттің дамуына байланысты болып отыр. Сол себепті, қазақты тоқпейілділіктен арылтып, іскерлікке бейімдеу қажет. Батыстың солақай ықпалына түсіп кетпеу жағын және ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдениет үлгілерін игеруші, оны өзінің қалыптасу және даму жолында тұтынушы, жалғастырушы мұрагер ретінде қалыптастыруымыз қажет. Осындай жағдайларға байланысты қараша айының 11-де Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ және «Ұлттық тәрбие» кафедрасының ұйымдастыруымен *«Ұлттық тәрбие – өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі»* атты дөңгелек үстел өтті. Қазақстанға белгілі *Ә.Бейсенова, С.Қирабаев, Қ.Жарықбаев, М.Мырзахметов, С.Ғаббасов, З.Ахметова* сынды тағы басқа ғалымдар мен ұлт өкілдері бас қосқан жиналыста тәрбиеге қатысты көптеген қызу мәселелер көтерілді. Бұл бас қосуда ұлы ғұламалар идеяларындағы ұлттық тәрбие мәселелері, еліміздегі тәрбие мәселелерін идеологиялық тұрғыдан көтеру, ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негіздері, ұлттық мәдениет – ұлттық тәрбие құралы ретінде тағы басқа да біраз мәселелер кеңінен талқыланды.

Дөңгелек үстелді аталған жоғары оқу орнының ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик С.Ж.Пірәлиев ашты:

«Сіздерді бүгінгі дөңгелек үстеліміздің ашылуымен құттықтаймын! Бүгінгі өткелі отырған дөңгелек үстеліміздің тақырыбы: «Ұлттық тәрбие – өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» деп аталады. Біздің ұлттық тәрбие мәселесін көтерудегі мақсатымыз еліміздегі білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының жобасында тәлім-тәрбие және жастар ісіне ерекше көңіл бөлінуіне орай, ұлттық тәрбие мен жалпыадамзаттық гуманизм мұраттарын игеру талаптарын басты назарға алу. Болашақ дамуымызды дұрыс бағдарлап, тура жолға салу үшін ең алдымен өткеннен дұрыс тағылым алып, келешегімізді қазіргі заманға орай тәрбиенің жолдарымен сараптап алуымыз қажет. Сол арқылы ұлттық зиялы қауымды қалыптастырып, тәуелсіздігімізді баянды ете аламыз. Зиялы қауым қалыптаспады деп отырғаным жоқ. Бізде бар, дегенмен олардың мәртебесін көтеру ұлттың ұлт болып ұюына тигізер әсері мол. Себебі, зиялы қазақ азаматы – қазақ топырағынан бастау алып, әлем мәдениетінен сусындаған, ұлтына жөн сілтей алатын болашақты жалғастырушы алтын көпір.

Осыған орай, елбасы Н.Назарбаев: «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек», – деген болатын. Шынын айту керек, тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдай уақыт өтсе де, біздің ой-танымымызда осы мәселе жетіспей тұр. Оны жетістіруге жетелейтін нәрсе тәрбие ісі екенін барлықтарыңыз білесіздер. Анығында ұлттық тәрбие жүйесі жасалуы

тиіс. «Ұлт болам десек, бесігінді түзе», – деп ұлы жазушымыз М.Әуезов бекер айтқан жоқ. Отбасынан бастап балабақшадағы, мектептегі, колледждер мен жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысы жолға қойылып, бұған жалпы халықтық, мемлекеттік бетбұрыс жасалуы қажет. Өздеріңіздей халқы арқа сүйер абзал азаматтарды шақырудағы басты мақсат та осында.

Мектептегі басты тұлға, жүрегі – мұғалім десек, біздің Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, негізінен, осындай тұлғаларды тәрбиелеп шығаратын еліміздегі ең үлкен қара шаңырақ. Сондықтан университетіміздің Ғылыми Кеңесінің 2009 жылдың 20 қарашадағы шешімімен 2009-2010 оқу жылы тәрбие жылы деп жарияланды. Тәрбие жылы аясында университет көлемінде көптеген игілікті іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ, студенттердің «Этикалық кодексі» қабылданды, ұлттық тәрбие құндылықтары мен халықтық педагогикаға негізделген «Ұлттық тәрбие» пәні оқу үрдісіне енгізілді. Оның нәтижесінде Университетімізде білім алып жатқан студенттер ұлттық тәрбиенің тарихи-мәдени негіздерін, оны жас ұрпаққа үйретудің әдістемелік, теориялық мәселелерін меңгереді.

Осыған байланысты «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылып, бүкіл республикаға тарайтын осы аттас ғылыми-көпшілік журнал шығарыла бастады. «Ұлттық тәрбие» журналы ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулумен қатар, ұлт тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйретуге, ұлттық интеллектуальдық әлеуетті анықтауға бағытталады. Журнал ЖОО-на, мектептерде білім алушыларға ғана емес, жалпы көпшілік қауымға бала тәрбиесінде пайдасы мол материалдармен қамтылған. Университетіміздің базасында «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі» құрылды. Қазақстандағы белгілі қоғам қайраткерлерін, атақты ғалым ұстаздарды, **ұлтжанды ірі тұлғаларды шақырып** “Тұлғалар тағылымы” атты лек-

циялар курсы ұйымдастырылды. Бұл лекцияларда ұлттық тәрбиенің жастар тәрбиесіндегі ролі мен қажеттігі туралы мол мағлұматтар қамтылды. Аталмыш іс-шаралар біздің университетіміздің аясында атқарылып жатыр. Енді, осындай игі істердің Республика көлемінде дамып, әсіресе, білім беру орындарында жалғасын табуы, халыққа ұлттық тұрғыда тәрбие беруге жұмылдырар күш болып табылары анық. Университетіміздің базасында «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі» құрылды.

Ұлттық тәрбие халықтың өмірін, рухын және тілдерінен тұратын ішкі заңдарын, оның ұлттық мінезін, болмысын көрсетпек. Сондықтан, ұлтты оятудың негізгі тетіктерін анықтап, біліп алған дұрыс. Ол тетіктерге біріншіден – мемлекеттік нышандарды дамыту, тілі, діні, ділі, тарихы, салт-дәстүрі арқылы отаншылдық рухын ояту керектігін ұсынамыз. Ұлттың мәңгілік болуы халқын, жерін, елін сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде болмақ. Сол себепті жаңа ғасырды жақсы қарқынмен бастап келе жатқан егеменді еліміздің болашағы үшін саналы да, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық сипатын жандырып, дамытуға бар күш-жігерімізді салуымыз керек.

Себебі, жастарға ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты тәрбие беру – сол өркениетке жету жолындағы мұратымыздың кепілі. Терезесі теңескен, төрт құбыласы тең мемлекет ретінде қалыптасу үшін білім-білік пен рухы биік, жастарды отаншыл етіп тәрбиелер өнегелі тәрбие қажет. Бұл жайында Елбасы өзінің халыққа жолдауында да ашық айтқан болатын.

Біз жастарды тәрбиелегенде шыннайы отаншылдарды тәрбиелеуді естен шығармауымыз керек. Себебі, солар ғана еліне игілікті істер тындыра алады. Біздің бастаған ісімізді аяқтаушы. Жалпы, келешек ұрпақтың қамын бүгін ойлау – аға ұрпақ борышы. Ұлттық тәрбие беру ата-бабамыздың біздің алдымыздағы парызы болса, келер ұрпаққа соны жеткізу біздің қарызымыз.

Сондықтан да, құрметті дөңгелек үстелдің қатысушы қонақтары, осы жерге бәріміздің бас қосып отырған себебіміздің мақсаты – ұлты үшін жаны күйген азамат ретінде осы аталған ұлттық тәрбие мәселесіне атсалысып, өз ойларыңызды ортаға салып, ой бөлісу болып отыр. Дөңгелек үстелде тұщымды ойлар мен құнды пікірлер айтылады деген зор сенімдемін!...», – деп дөңгелек үстелдің маңызын нақты ашып берді. Дөңгелек үстелді осы іске жауапты, басты ұйымдастырушыларының бірі Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның білім беру мазмұнын және үдерісінің деңгейлерін жасау және жетілдіру, зерттеу бөлімінің бастығы **Жанар Айтбергенқызы Сейсенбаева** институтта жасалып жатқан жұмыстарға, қазіргі елімізде көтеріліп отырған ұлттық тәрбие мәселелеріне кеңінен тоқталып, өз ұсыныстарын жеткізді.

«Экономикадағы ең басты капитал шикізат, немесе өңдеуші-ұқсатушы өндіріс немесе сауда және банк капиталы емес, тек қана адам капиталы. Ал, адам капиталының негізі тәрбие, оның ішінде Ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбие мәселесі бүгінгі таңда Абай атындағы ҚазҰПУ-де қолға алынып біраз іс-шаралар атақарылуда. Ұлттық тәрбие не үшін қажет, кімге қажет деген сұрақ осы тұрғыда көкейге ұялайды. Тәрбие мәселесі, соның ішінде ұлттық тәрбие мәселесі білім беру үрдісінде кеңінен насихатталып, қарастырылып дамып отыратын процес. Осы тұрғыда кез-келген білім алушының болашақ маман иесі ретінде білім алуымен қатар, ұлттық тәрбиелік біліммен берленген тұлға болып қалыптасуына Жоғары оқу орындары өзіндік бағыт-бағдар бере білу жақтарын дұрыс жолға қоя білулері қажет. Осы мақсатта ұлттық тәрбиелік білімнің оқу үрдісіндегі келбетін дұрыс жолға қоя білгеніміз орынды. Қазақ халқының діліне сай келетін адамгершілік қасиетін, үлкенге деген құрмет-ізетін, ақыл-парасатын, көсемдігін, мол мәдени, рухани мұраларын сақтап, оны заман өткен сайын

еселеп жаңғырта түсетін қырларын жастарға ұғындыра білім беру – олардың кәсіби тұлғасын ұлттық тұрғыда жандандыра түсері анық. Жаһандану кезеңінде халқымыздың осындай асыл қасиеттерін насихаттай отыра білім мен тәрбие беру болашағымыздың ұлттық бет-пердесін нығайта түсері сөзсіз.

Ұлттық тәрбиеге байланысты университетте төмендегідей ғылыми-оқу әдістемелік жұмыстар атқарылды:

1. Университет басшылығымен жаңа ұлттық тәрбие кафедрасы ашылды;

2. Ұлттық тәрбие идеяларының, оның мазмұндық аспектілерін және әдістемелік жағынан қамтамасыздандырудың ғылыми негіздері анықталды;

3. Ұлттық тәрбие кафедрасының авторлық ұжымымен ұлттық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері анықталды;

4. Интегративті практикалық бағыттағы “Ұлттық тәрбие” пәнінің типтік оқу бағдарламасы жасалды:

Ұлттық тәрбие пәнінің мақсаты

Студент жастарға жоғары деңгейдегі ұлттық сана-сезімдерін, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылық қатынастарын қалыптастыру, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін дамыту, қоғамның адамгершілік мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын әдептілік негіздерін меңгеру.

Ұлттық тәрбие пәні екі бағытта оқытылады:

1. Әдеп негіздері

2. Ұлттық тәрбие негіздері

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бүгінгі дәстүрге сай заманауи тұрғыда даму сипатын халыққа таныстыра отырып, бойына ұлттық болмысты сіңіру мақсатында Республикалық ғылыми-көпшілік **бағыттағы Ұлттық тәрбие журналы ашылды. Журналдың мақсаты** – ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулу, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету, ұлттық интеллектуальдық әлеуетін анықтау. **Журналдың міндеті** - ғылыми-теориялық

тұрғыдан зерттеп, ата-бабамыз қолданған үрдіс пен бүгіндегі жаймен саралап, халық педагогикасының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиюластыру. **Өзектілігі** - тақырып ауқымының кеңдігінде. Рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеруге, халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды аялай білуге, құндылықтарымызды дәріптеуде болып табылады.

Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру жолында 4 бағытта оқу құралдары дайындалуда:

1. Ұлттық тәрбие кафедрасы Төлеубекова Р.К. жетекшілігімен «Студент жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың негіздері» атты оқу құралы.

2. Педагогика кафедрасы Керимов Л.К. жетекшілігімен «Студент жастар арасындағы отансүйгіштікті қалыптастыру» атты оқу құралы.

3. Жаңартпа технологиялар және Білім Беру Мазмұнын ҒЗИ директоры Нуриев М.А. жетекшілігімен «Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері» атты оқу құралы.

4. Республикалық біліктілікті арттыру институтының директоры Сманов Б. жетекшілігімен «Дінтану негіздері» атты оқу құралы.

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ-да Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізін анықтау мақсатында 2 оқу құралы дайындалды.

1. Кейінгі дәуір зардабынан қолданылмай, ұмытылуға айналған кейбір ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта отырып, жастарға бағыт-бағдар беру; салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды білім беру үрдісіне ендірудің ғылыми негізінің тиімді жолдарын айқындайтын “Ұлттық тәрбие” (Салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде) атты оқу құралы.

2. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің теориясы мен практикасы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі сарапталып, олардың

тәрбиелік қырлары тілдік білім тұрғысынан қарастырылған “Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі” атты оқу құралы.

Біздің қоғамның дамуының әлеуметтік-саяси шарты білім алушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, ұлтжанды азамат қалыптастыру идеясы негізінде болып келе жатқаны белгілі. Барлық білім беру бағдарламалары осы мақсатқа негізделіп, орайластырып жасалып өзгеріп отырады. Бұл ұрпақ дамуының дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыру жолымен тығызбайланысты. Мәдениетті болудың негізі де осы білім беруде емес пе?! Ендеше, осы жолда біз ұлттық тәрбиелік білім жастардың ұлттық тұлғасын қалыптастыруда үлкен роль атқаратыны туралы сөз қозғамақпыз. Сонымен, ұлттық тәрбиелік білім жоғары оқу орындарында қандай бағыт-бағдарымен ерекшелінуі қажет? Оның бағдарламада басқа да білім пәндерінен ерекшелігі қандай деген сұрақ осы пән туралы айтқанда кез-келген адамды ойландырады орынды. Бұл алдымен қоғамдық пәндердің қатарындағы пән. Бұл пәнді жоғары оқу орындарында оқытуда біз негізгі ұстаным ретінде ұлттық тәрбиелік әдістер мен заңдылықтарға сүйене отырып, оның мазмұнды ұйымдастыру формаларын айқындайтын идеяларды жалпы тәрбие үрдісіндегі әдістерімен байланыстыра ұлттық бағытқа қиюластырғанымыз жөн. Жоғары мектепте төмендегідей негізгі ұстанымдарға бағытталу керек:

1. Жоғары мектепте білім алушыларды өз ана тілінде сөйлеуге мәжбүрлеу; Бұл әсіресе, қазақ жастарына арналған. Басқа ұлт өкілдеріне емес, өз қазақ жастарымызға өз ана тілін қадірлеп, қастерлеп, ана тілінде сөйлете білсек, болашақ кәсіби маман ана тілінде еркін сөйлей біледі деген сөз. Ана тілінде еркін сөйлей білетін маман иесі ертенгі ата немесе ана, болашақ отбасының иелері. Отбасында ана тілінде сөйлейтін ата-анадан туған тілін сүйетін ұрпақ тәрбиеленері анық.

2. Ұлттық тәрбиенің қоғамдық бағыт-бағдарын болашақ маманға жалпы адамдық

қасиеттермен қабылдата білу. Бұл білім алушының қоғамдағы әр түрлі жайттарға адамдық құндылық қасиеттермен үн қоса білуге үйретуді мақсұт тұту деген сөз. Жастарды елін, жерін қорғауда атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған тарихты, салт-дәстүрді, ана тілімізді қастерлеуге, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетуін мұрат етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты, адамгершілігі биік, білімді азаматтарын тәрбиелеуге қадам жасауында адами қасиеттерді қамтып, білімді де ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты – халықтан, пайымдылықты – қариядан үйрен деген, ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттер мен әдет-ғұрыпты білім алу процесінде үйреніп, алдағы өмірлеріне арқау болатынын ұғындыру.

3. Ұлттық тәрбиенің инабаттылық ұстанымы. Инабаттылыққа жетелейтін бұл ұстанымда болашақ маманды адамгершілікке, әдептілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, әдеп әліппесін дарыту жолдары негізге алынады. Жастар арасында еңбексүйгіштік, намысқойлық, инабаттылық, үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс, тәртіптілік секілді құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек.

4. Ұлттық тәрбиені халықтық педагогикаға негіздеу ұстанымы. Білім алушы бойына ата-бабамыздан қалған тәлім-тәрбиенің бар құндылық қасиеттерін білім беру процесінде ұғындыру. Уақыт білім алушы жастарды жаңа заман талаптарына сай, әрі озық ұлттық дәстүр рухына тәрбиелеп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отыр. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден-бір жолы ол – өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық тұрғыдан шыңдау. Осыны халықтық педагогика арқылы жүзеге асыруға болатыны белгілі. Ендеше, ұлттық тәрбиелік білім жолында осы халықтық педагогиканы жалпы әлемдік мәдениет және

тәрбие құндылықтарымен ұштастыра білу қажет. Жалпы, тәрбие мәселесі зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, қоғам дамуының алғашқы сатыларында-ақ өзіндік көзқарасының болғандығын, мақсатқа сай тәрбиелеудің жолдары ойластырылғандығын айтады. Біздің ұлттық этнопедагогикамыздың қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Балалардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор роль атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Ұлттық тәрбиелік білім беру жолында әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға бағыттау, сондықтан әр баланың сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуды мақсұт етеді. Сонымен, ұлттық тәрбиелік білім болашақ маманның ұлттық тұлғасын нығайтумен қатар, кәсіби маман ретінде шыңдалуына үлкен септігін тигізеді».

Алғашқы сөз кезегін алған география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі **Әлия Сәрсенқызы Бейсенова** отбасындағы қыз тәрбиесі, қоғамда белең алған келеңсіз қылықтар мен ұлттық тәрбиенің маңыздылығына, оны шешудің жолдарына тоқталып, өз ойымен бөлісті. «...Ұрпақ қамын ойлаған ата-бабаларымыз ұл-қыздарын дәстүр сыйлауға, үлкендерге ілтипат жасауға, именуға, арын былғамай, өнегелі ортадан тәлім алуға үйреткен. Ұлды дала тіршілігіне, қызды үй ұстауға, ел бірлігін, ошақ бүтіндігін сақтауға баулыған. Қыз намысы дегеннің

орны үлкен. Қыз бала отырған жерде абайлап сөйлеу, бейпіл сөз айтпау – оны әдептілікке тәрбиелеу емес пе?...

Біздің жүріп өткен жолымызда қателіктер аз болған жоқ. Социализм дәуірі ерлер мен әйелдерді теңестірді, әйелдердің оқуына, қоғамдық пайдалы еңбек жасауына жол ашты. Бәрі де дұрыс. Қоғамнан өз орнын тапқан, үйде де, түзде де сыйлы апа-сіңлілеріміз, құдайға шүкір, баршылық. Бірақ осыны пайдаланып, үйді ойламай, түзді ойлаумен жүріп, ошақ иесі ролін әлсіретіп алған әйелдер де жеткілікті ғой. Осындай әйелдердің қыздары да осы жолмен жүре бастады. Тәуелсіз ел болып, ұлттық қазыналарымызды жинастыра бастағанда, ұлттық дәстүрімізді аяқ-асты етіп жүрген осындай мінездерге қарсы күрес ашу керек емес пе?...» деді.

Одан кейінгі сөз медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, жазушы-дәрігер **Совет-Хан Ғаббасовқа** берілді. Ұлттық тәрбие, оның методологиясы, пәні, негізі, қалай берілу керектігі жайлы сөз қозғап, бұл түсінікті ұғындырып берді. Толғандырып жүрген жайттарды аша келе: «...Адам тәрбиесі – бүкіл адамзат көлемінде, жыл өткен сайын азғындап бара жатқандығы да байқалмай отырған құбылыс емес. Олай болса, осынау теңдессіз терең мәселені шешу үшін ендігі жерде ескі канондар мен ұғымдарға байланып қалмай нені болса да ашық айтып, шырқыраған шындықты іздестірген жөн сияқты. Тура сөздің жақтаушысы аз болса да, онда біраз жылдан бері жинақталған психо-физиологиялық жаңа көзқарасты ашып айтудың мезгілі де жетсе керек...», – дей отырып, ұлттық тәрбиенің методологиясы, пәні ішкі негіздерінен бастау алмаса, ол ғылыми пән бола алмайтынын, оны дұрыс құра білу керектігін түсіндірді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі **Серік Қирабаев** мәдениет дегеніміз не, оған жастарды қалай баулимыз деген сұрақтарға жауап іздеп, ойын ортаға салды.

«...Мәдениет деген өте кең ұғым. Кезкелген ұлттың да дара көрсеткіші – мәдениеті.

Мәдениетін ұлықтамаған ел тарихын да дұрыс пайымдай алмайды екен. Адам баласы тіршілік етіп жатқан қоғамда мәдениет жасалады, дамиды. Оны дамытатын – адамның әрекеті мен саналы қызметі, ақылы, қиялы, т.б. Олардың мазмұны мен түрі мәдениеттің даму сатысын көрсетеді. Сондықтан, мәдениеттегі қазіргі бардың, болашақтың сабақтастық байланысын тани білу қажет. Ұлттық мәдениет – халықтың ежелден жалғасып келе жатқан өзіне тән өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы есебінде қалыптасып, жетіліп отырады. Рухани-мәдени мұраларымызды танып-білуде дәрменсіздік көрсету – қоғамымызда мәдени сабақтастық пен тұтастықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сол себепті, жастардың бойына ата-бабаларымыздан жеткен тарихи-мәдени мұраларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу қажет. Ұлттық тәрбие аясында осындай мәселелер толығымен қамтылу қажет...».

Ең алдымен, тәрбие отбасыдан басталады. Отбасында берілмеген тәрбие ешқашан баланы қанша жерден тәрбиеле оған еш ой салмасы анық. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген қазақтың сөзін ары қарай халықтың дарабоз тұлғасы Бауыржан Момышұлының келіні **Зейнеп Ахметова** өрбітті.

«...Ұлттық тәрбие ең алдымен тек қана ана тілі арқылы ғана келеді. Біздің ата-бабаларымыз баланы ананың жүрегінің астында, іште жатқан кезінде тәрбиелеген. Келінді тәрбиелеу, үлгі-өнеге көрсету, келіннің көзінше әдеппен жүру арқылы, оған қамқорлық жасап, сол келіннің жүріс-тұрыс, ішкен тамағын, киген киімін бақылау арқылы іштегі тәрбиеге назар аударып, баланың дені сау болып, дұрыс туылуына, үлгі-өнеге алуына жағдай жасаған. Ақылды әжелер келініне айтады екен: «Қарағым, биік тауға қара – көңілің өседі, көңілің өссе немеремнің өресі биік болады, жазық далаға қара – жан сарайың кеңиді, сонда немерем кең пейілді болады, жайқалған шөпке, жайнаған гүлге

қара – сәбиің шырайлы болады, бұлақтың көзін аш – бала қайырымды болады», – деген секілді ұлағатты тәлімін беріп, аналарымыз жас келіншектің таным-талғамын ұштап, баулып отырған». Қазіргі заманда мұның барлығы қарапайым болып көрінеді, барлығы іште жатқан балаға ұлттық тәрбиенің бағыты болып табылады. Содан кейінгі берілетін тәрбие ананың баласына айтатын «бесік жыры» әнінен бастау алады екен. Өздеріңіз оқып жүрген шығарсыздар, атаның сөзі бар: «Немересіне ертегі айтпайтын әжелер азайып бара жатыр, сәбиін бесікке бөлемейтін келіндер азайды. Мен осыдан қорқамын...» деген. Мінекей, біз соның барлығын басымыздан өткеріп келеміз, – дейді апай ақтарыла. Қазақ «Әйел – үйдің ырысы, еркек – сырттың тынысы» дейді. Барлығы әйел адамға байланысты болғандықтан, ең алдымен біздің қыздарымыз, аналарымыз ұлттық тәрбиенің үлгі-өнегесін бойына сіңіруі керек. Ұлттық тәрбиенің жұтандығынан, арқау жібінің бостығынан бізге бір жағы Батыс бағыты, бір жағы Шығыс бағыты әсер етуде. Бет-аузын тұмшалап, қап-қара киінген қазақтың қыздары мен иегіне бір шоқ сақал қойған жап-жас балалардың қатары көбейген. Бұл бір жағы болса, енді бір жағы шалбары ышқырынан түсейін деп, кіндігін шошайтқан қыздарды, темекі тартып, арақ ішіп тұрған жастарды көресің. Міне, осындай екі ортада қалған жайымыз бар. Қазақтың тәлім-тәрбиесін қай жағы жеңеді, қай жағымыз жеңіп аламыз дегендей қарауда. Бұл біздің тек қана ұлттық тәлім-тәрбиемізге ғана емес, ұлттық тұтас ұғымымызға кәдімгідей іріткі салуда, шабуыл жасауда...»

Педагогика және психология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, академик, Т.Т.Тәжібаев атындағы Этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры **Құбығұл Жарықбаев** халық педагогикасы арқылы тәрбие беру жайлы өз ойларын ортаға салды.

«...Менің Қазақ Университетінде жұмыс жасағаным 30 жылдай болды. Сонда өзім

сияқты бір-екі ақсақалдармен ақылдасып, «Ұлттық тәлім-тәрбие» қауымдастығын құрғанбыз, алдағы жылы 20 жыл толады. Сондықтан бұл жиын тонның ішкі бауындай өтуі керек. Ұлттық тәрбиенің ең алдымен, теория, әдіснамасын жасауымыз қажет. Оған 20 жылдың ішінде де шешім шығара алмадық. Осы мәселе жөнінде 1998 жылы алғаш рет Клара Кожаметова деген қарындасым диссертация қорғады. Мен оның оппоненті болдым. Сонда оның әдіснамалық-теориялық негізі талай жылдарға баратынын айтқан едім. Енді бәріміз жабылып, мұның әдіснамалық, теориялық негізін жасауымыз қажет. Ұлттық тәрбие деген сөз баяғыдан айтылып жүргенімен, қазір жиірек қолданылуда. Қара шаңырақтың осындай іспен айналысып отырғаны көңіл қуантады...», – деп мұның маңыздылығын атап көрсетті.

Тәрбиенің мақсаты Абай шығармалары арқылы ары қарай өрбіткен **Мекемтас Мырзахметовтың** ойлары өте тұщымды өтті. Біз қазір қандай халықпыз? деп төтесінен сұрақ қойып, оған жауапты өзі берді. «...Біз өзіміздің рухани дүниесінен айырылып қалуға жақындап қалған халықпыз. Мәселен, осыны қалпына келтіретін, өзіміз айтып отырған – ұлттық тәрбие мәселесі. Бұл мәселенің Абай дүниелерінен бастау алғанына мақтанамыз. Себебі, бұл ұлттық дүниенің ядросы сияқты бір кезде институт, университет болған. Қазір сол жағдайға қайтадан баратын жағдайы бар сияқты. Біз өзімізді өзіміз танып алайық, әрине. «Әкел, әкел» дегеннен ұлттық тәрбие келе қоймайды. Бұдан шығатын қорытынды, біз көп жағдайда Абайға жүгінеміз. Абайды жұрт мойындаған, бәрі мойындаған. Сонда осы мәселе қалай қойылған? Абайдың 38-ші қара сөзінде: «...Баланың тәрбиесі ата-анасына, өскен ортасы, ойнаған құрбы-құрдастарына, ұстазына байланысты болады. Қайсысы мықты шықса, баланы сол меңгеріп кетеді». Қазір бізді кім меңгеріп кетті, ұстаз ба? Ол меңгере алмай отыр. Ата-ана ма, қазір олар өздерінің рөлін орындай алмай отыр. Қазір тәрбие билігін жанағы шеттен

Сонымен бірге, осы тәрбиемен тікелей айналысып отырған әріптестер жоғарыда айтылғандар жерде қалмай, істелген істің нәтижесі болашақта кітап болып шықсын. Мұны қолға алуларыңызды сұраймын», – деп дөңгелек үстелдің аяқталуын қорытындылады.

өтті. Пікірталасты дискуссиялық клубтың жетекшісі Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Серік Жайлауұлы Пірәлиев ашып берді. Ол өз сөзінде: «Отбасы – адамзат баласының шыр етіп дүниеге келгеннен бастап тәрбиеленетін, өзі де тәрбиеші болатын алтын діңгегі. Отбасының тәрбиесі – қоғамның дамуына әсер етуші негізгі фактор. Отбасыны шағын мемлекет дейміз. Адам баласының бүкіл адами негізгі қасиеттері отбасында қаланып, өмір бойы бүкіл ғұмырына негіз болары анық. Сондықтан отбасында берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің сақталуы, ата-бабамыз қастерлеп келе жатқан отбасылық құндылықтардың төмендеп кетуі барлық көкірек көзі ояу жандарды толғандыруы тиіс. Қазіргі таңда қалыпты тәрбиені айтпағанның өзінде әр түрлі жағдайлармен көптеген жас отбасылардың шаңырақтары шайқалып, бала тағдырына жіті көңіл бөлінбей келеді. Бүгінде бұл мәселеге қаншалықты мән берудеміз, жанұяда берілетін тәрбиені қалай ұйымдастырсақ болады, ұлттық тәрбие мен оның құндылықтарын жас ұрпақ бойына қалай сіңіреміз деген сауалдар төңірегінде пікір алспақпыз» – деп қорытындылады. Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ мен «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының бірлесіп ұйымдастыруымен құрылған отбасы тақырыбында қатысты келелі әңгімелер, пікірсайыстар тәжірибе алмасуда маңызы өте зор болды.

Алғашқы баяндаманы «Бүгінгі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің мәселелері» атты тақырыпта педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Шымкент университеті «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі **Қалипа Тұрсынқызы Әтемова** жасады: «Біз бүгінгі баяндамамызда мынадай өзекті мәселеге көңіл аударғымыз келеді.

Біріншіден, қазақтың болмысына тән отбасылық тәрбие дәстүрлері қандай еді және қазіргі таңда ол қандай жағдайда және

ол бізге не берді?

Екіншіден, бүгінгі отбасы тәрбиесін жетілдіру үшін не істеу керек? Осындай мәселелерге тоқталып өткім келеді.

Қай қоғамда болмасын ұрпақ тәрбиесі, қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыру идеясы баршаны қызықтырып келген және бүгін де қызықтырып келеді. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні өзекті мәселе ретінде күн тәртібінде. Қандай болғанда да тұлға болмысын заман талабына сай қалыптастыру отбасы тәрбиесінен бастау алары сөзсіз. Өйткені, тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасынан алады. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталуы тиіс.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде «Тек бақытты адамдар ғана ұлы істер атқаруға қабілетті болады» деп айтқан. Сондықтан отбасында тыныштық пен ынтымақ болмаған жағдайда адам қалайша мемлекеттік істерде пайдалы әрекеттер жасай алады. Осыны жете түсінген өркениетті елдерде бұл мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынған. Мысалы, Жапонияның мемлекеттік экономикасы ең алдымен отбасы экономикасынан басталып, дамитын көрінеді. Жапон шаңырағындағы бұлжымас тәртіп, баланы сәби кезінен бар күш қуатын жұмсап еңбек етуге жағдай жасауы, кәсіптің отбасылық дәстүрінің дамуы бұл елді зор өркениеттілікке әлдеқашан жеткізген.

Пекинде өткен әлем әйелдерінің халықаралық конференциясында Жапондық профессор Сакико Фуколо өз еліндегі үй шаруасымен айналысатын әйелдің жылдық табыстағы үлесінің қомақты болатынын айтқан. Жапон әйелі бала тәрбиелеп, күйеуінің еңбек етуіне жағдай жасағаны үшін осылай табыс тауып, қоғамның дамуына үй шаруасы арқылы үлес қосады екен.

Мұндай идея біздің елімізде де мемлекеттік тұрғыда көтеріліп, айтылды. Мысалы, егемендікке қол жеткізгеннен кейін елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 1997

жылғы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деген Қазақстан халқына жасаған жолдауында «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз» деп атап көрсеткен болатын. Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен Президент жанындағы отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі арнайы кеңес құрылды. Ол консультациялық кеңесші орган болып табылды. Кеңес өз қызметінің алғашқы қадамын «1995 жылы Қазақстандағы әйелдер және отбасылардың қазіргі жағдайы» деген тақырыпта баяндама әзірлеуден бастады. Өкінішке орай, бұл кеңестің қызметі бүгінге дейін көпшілікке таныла алмады.

Кеңестік дәуірге дейін қазақ отбасы тәрбиесі бүкіл түркі халықтары ішіндегі ең ізгілікті де шынайысы еді.

Қоғамның дамуында біз еуропалық бағытты ұстандық. Зайырлы мемлекет болдық деп табиғатымызға тән шығыстық тәрбие дәстүрлерін ұстанудың орнына табиғатымызға жат батыс мәдениетін отбасы тәрбиесінде ту етіп көтердік. Нәтижеде қазақ отбасының бейнесі, тәрбие болмысы түбегейлі өзгерді.

Бүгінгі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің ұйымдастырылуының ерекшеліктеріне келетін болсақ, біріншіден, жас отбасыларының 50-70% ға жуығы ата аналарынан бөлек, жеке тұрғысы келетіндігін айтады. Бұл отбасындағы тәрбиенің ұйымдастырылуына екі жақты ықпал етеді. Біріншіден, (оңды жағы) жас отау иелері ерте өз бетінше өмір сүруге бейімделсе, екіншіден, (теріс жағы) ұрпақтар сабақтастығы үзіледі. Отбасындағы ересектер немере қызығынан шектеліп, жас отбасылары бала күтімі мен отбасы өмірін дәстүрлі тұрғыда ұйымдастыру бойынша көмек алудан шектеледі. (Халқымызда отбасы тәрбиесі ұрпақтар сабақтастығы негізінде жалғасын тауып келген. «Қариясы бардың қазынасы бар» деп

ұққан халқымыз ересектер кеңесіне мұқтаж болған. Жас отау иелерін отбасылық қарым-қатынас пен бала күтіміне байланысты әртүрлі дәстүрлер мен талаптарға үйретіп отырған. Тіпті болмағанда, отбасылық өмірге баулып, кейіннен еншісін беріп бөлек шығарған. Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесі бір шаңырақтың астында өмір сүретін бірнеше ұрпақтың өзара ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылатын тамаша ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүзеге асырып отырған. Оған мынадай мысал дәлел: «Өзінің маңдай терімен тапқан еңбек ақысын үшке бөліп отырған бір кісіден оның мән-жайын сұрағанда, ол: «Бір бөлігін қарызыма берем, ал екінші бөлігін қарызға берем, үшінші бөлігі ғана өзімдікі» деп жауап беген екен. Бұл мысалдың астарында қазақ халқының тарихи дамуында қалыптасқан өмір салтының көрінісі жатыр. Үш ұрпақтың: «ата – әке – бала» арасындағы қарым-қатынастың біртұтастығы мен тәрбиелік өнеге сабақтастығы арқылы отбасы тәрбиесінің тиімді түрде іске асуы сипатталып тұр).

Бүгінгі отбасына тән тағы бір ерекшелік, отбасы ішілік **қарым-қатынаста демократиялық** және эгоитарлық үрдіс белсенді байқалуында. Яғни, мұндағы қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың ата-аналар мен балалардың бір-бірінің алдындағы міндеттерінен гөрі, автономиялық құқықтары, мен бостандығы басым көрінеді. Мұнда дәстүрлі отбасыларына қарағанда демократиялық отбасыларындағы ерлі-зайыптылар бір-біріне моральдық-психологиялық тұрғыда талаптарды (өзара түсінісу, көңіл аудару, сыйлау, қамқорлық көрсету, қолдау, шыдамдылық танытуда секілді) жоғары қояды.

Бүгінгі отбасының дамуына тән тағы бір ерекшелік **ажырасу фактілерінің артуы** байқалады. Ұлттық болмысымызға тән тәрбиенің халықтық сипат алуы күшін жойып, қоғамдық пікір бойынша да ажырасу құбылысы проблемадан шығудың бір жолы ретінде қарастырылуымен байқалады.

Нәтижеде, жалғыз басты аналар, толық емес отбасылары және т.б. типтері көбейіп барады.

Бүгінгі отбасы тәрбиесіне тән тағы бір ерекшелік отбасы мүшелері арасындағы **қарым-қатынастың жеткіліксіздігі**. Ата-аналар күні бойы үйде болмағандықтан, бала тәрбиесі назардан тыс қалады. Ата-ана мейірімі ақшалай, заттай, материалдық қамтамасыз етумен толықтырылды. Мұндай отбасыларының тәрбиелік мүмкіндігі төмен болады. (Осы орайда біз «Бала отбасындағы мейірімділіктің аздығынан ғана зардап шекпейді, оның ұшан теңіз молдығынан да зардап шегеді» деген қағидасын естен шығармауымыз керек. Себебі, мейірімділікті аз көрген бала жасық, тұйық, ұяң, сенімсіз т.б. өссе, мейірімділікті молынан көрген бала жалқау, өзімшіл, тәкаппар т.б. болып өседі. Сондықтан тең ортасын ұстау керек.)

Нәтижеде:

Дәстүрлі қазақ отбасы тәрбиесінің нәтижесінде ешқашан тастанды бала, қараусыз ата-ана болмаған. Сонымен қатар, есікке құлып салынбаған, қарауыл да болмаған, тәрбие нәтижесі жоғары көрсеткішті берген. Себебі, халқымыз әрбір адамды ар-ождан таразысы тұрғысында тәрбиелеп келген. Ешкім көрмесе де, естімесе де бақылаушы күштің бар екендігіне сендіріп, ар тазалығын қалыптастырған. Бұның дәлелі, «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп, мал дүние адам үшін, ал ар намыс адам жанынан да асыл қасиет екендігін ұққан.

Ал, бүгінгі отбасы тәрбиесінің сипатына орай, отбасының әр түрділі типтері пайда болды. Олар:

1. Отбасылық тәжірибесіне байланысты отбасы типтері;
2. Бала санына байланысты отбасы типтері;
3. Құрамына байланысты отбасы типтері;
4. Өмір сүру сапасына байланысты отбасы типтері;
5. Ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасының түріне байланысты отбасы

типтері;

6. Қарым-қатынас стиліне байланысты отбасы типтері;

7. Тәрбиедегі қателіктерінің типтеріне байланысты отбасы типтері және т.б.

Осындай типтегі отбасыларындағы тәрбие мазмұны ұлттық бағыттан гөрі, батыс мәдениетіне тән тәрбиемен ұштастырылды. Отбасы тәрбиесінің сипаты мен құрамы, тәрбие мазмұны мен дәстүрлері табиғатына тән шығыстық дәстүрден алшақтап, табиғатына жат батыс мәдениетіне қарай бейімделіп, бағыт алды. Осындай типті отбасыларындағы тәрбие қандай нәтиже берді?

Нәтижеде, жалғыз басты аналардың, әкесіз, анасыз және тастанды балалардың саны жыл сайын көбейе түскен (Қазақстандық этнограф-ғалым Жағда Бабалық бүгінгі қазақ отбасы тәрбиесіне қатты алаңдаушылық білдіретіндігін өзінің «Біздің тәрбиеміз жөргегінен бұзылып жатыр» деген мақаласында мәлімдеген.). жыл сайын 90 мыңнан астам бала тастанды аталып, бүгінге дейін 5591 бала шетелге сатылған, жастардың отбасылық өмірге жеңіл қарауы немесе отбасын құруға деген ынта-ықыласының төмендігінен асықпауы, тіпті ажырасу фактілерінің көптігі (жыл сайын үйленуге арыз берушілердің 40% қайта ажырасады) орын алып келеді.

Бүгінгі қазақ қоғамында аралас некелердің, яғни аралас ұлттар өкілдерінен тұратын отбасыларының санының көрсеткіштері өзгермей отырған жайы бар. 2000 жылы бүкіл некеге тұрушылардың ішіндегі 20,3 % - ы аралас некені құраған болса, 2004 жылғы санақта бұл көрсеткіш 18,7 %-ы беріп отыр. Сондай-ақ, некеге тұрмай-ақ бала табу дәстүрі де бүгінде үйреншікті жағдайға айналып барады. Мұндай жағдай әсіресе, қара көз қазақ қыздары арасында басым болып отырғандығы өкінішті-ақ. Мұндай жағдай әсіресе, бүгінгі көптеген елдердегі ұлтаралық қақтығыстар мен өзара түсініспеушіліктің салдарынан болып жатқан жанжалдардан кейін аралас отбасыларындағы татулықтың

тұрақтылығына кім кепіл болмақ. Әсіресе, отбасындағы тәрбиеленіп жатқан балалардың ұлттық көзқарастарында қандай ұстанымды басшылыққа алу керектігін шешуде нақтылықты табу қиын.

Мұндай келеңсіз көрсеткіштердің орын алуы ұлт болашағын алаңдатып отырған проблема ретінде мемлекеттік тұрғыда қолға алынып, нақты тәрбиелік шараларды енгізуді керек етеді. Өйткені, тарихымызда бұрын соңды болып көрмеген мұндай келеңсіз жағдайлар қоғамымыз ілгері басқан сайын өркениеттің, ғаламдық тәрбиенің бір көрінісі ретінде етек алып барады. Бұл келеңсіз жағдайлардың пайда болуы, *біріншіден*, табиғатымызға жат батыс мәдениетінің жастарға теріс ықпал етуі болса, *екіншіден*, жастарды отбасылық өмірге дайындаудың жеткіліксіздігі дер едік.

Шындығында да жастарды болашақ отбасы өміріне мектепте, университет қабырғасында арнайы дайындықтан өткізу іске асырылмайды. Тәжірибеде жастар болашақ отбасылық өмір туралы ақпарат алуға мұқтаж және өте қызығушылығы жоғары. Өкінішке орай, біз маман даярлауға аса үлкен мән береміз және барлық инновациялық технологияларды пайдалануға тырысамыз, бірақ олардың отбасы өмірін ұйымдастыруға қаншалықты қабілетті болып шығуына мән бермейміз. Сондықтан, университет қабырғасында маман даярлағанда оларды жан-жақты қалыптастыру үшін тәрбие кешенді ұйымдастырылғаны жөн деп білеміз. Ол үшін оқу жоспарының таңдау компонентіне отбасы педагогикасы пәнін ендіру қажет.

Сонда ғана олар ертең мектепке барғанда ата-аналармен жұмыс жүргізуге қабілетті болады.

Бүгінгі күні отбасы тәрбиесін ата-аналар қаншалықты ұйымдастыруға сауатты? Олардың бала тәрбиесіне деген көзқарасы, мектеппен байланыс орнатуы, мұғалімдермен тіл табысу қабілеті, өзара көмекке деген қатынасы біркелкі емес.

Сондықтан, отбасы тәрбиесін жетілдіруде

ата-аналарға көмек көрсететін бірден бір мекеме ол мектеп болуға тиіс. Мектеп жасындағы балалардың даму сатысына қарай физиологиялық және психологиялық өзгерістері мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу әдістерін мектеп мұғалімдері ата-аналармен бірге іске асырып отыруы тиіс. Ол үшін ата-аналар жиналысы, кездесулер, ата-аналар университеті секілді ата-аналармен жұмыс түрлері барысында олардың педагогикалық сауатын көтеріп отыру қажет. Онсыз тәрбие үрдісі біржақтылық сипатқа ие болып қалады да, тиімді нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмайды. Тіпті, отбасы тәрбиесіндегі тәжірибелерді жинақтауда тәжірибелі ата-аналарды тартуға әбден болады. Олардың сұхбаттары мен ақпараттары анағұрлым ұтымды болмақ.

Рухани, адамгершілік негізі қалыптасқан ынтымақты, инабатты отбасы ең ауқатты мемлекет болудың тірегі болып есептеледі. Осы ретте, бүгінгі таңда отбасы бірнеше әлеуметтік саламен тікелей байланыста болуы шарт. Ең алдымен, мектеп, өнер, әдебиет, мәдени орындары, кітапхана, мұражайлар, театр, кино және т.б. тәрбиелік, білімдік мақсатқа, қарым-қатынаста болуы болашақ ұрпақтың қазіргі қоғамның өркениетті бағытта дамуына сай тәрбиеленуіне мүмкіндік жасайды. Бүгінде көптеген Қазақстандық ғалымдар зерттеулері осындай тұжырым жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Сондықтан, осы тұста қоғамдық және отбасылық тұрғыда нақты қадамдар жасалып, бала тәрбиесінде іс-шаралар қарастырылуы тиіс. Әйел және бала тағдыры мемлекет үшін маңызды мәселе болуға тиіс. Мұндай келеңсіз жағдайларды болдырмау шараларын қарастыру тек Үкімет басшыларының ғана ісі деп қарап емес, ел қамын ойлайтын ғалымдар мен жалпы зиялы қауым да осы орайда өзіндік үн, өзіндік үлес қосуға тиіс.

Ұсыныстар:

Отбасы тәрбиесін жетілдіру мәселесін мемлекеттік тұрғыдан қолға алу қажет. Ол үшін:

1. Республикалық деңгейде «Отбасы

тәрбиесін жетілдіру» ғылыми орталығын ұйымдастыру қажет. Аймақтарда оның филиалдары қызмет етуі тиіс.

2. Отбасы тәрбиесін ұлттық тұрғыда жетілдіруде қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан дерек беретін, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда әрбір ата-ана әрекетіне тірек болатын «Отбасы тәрбиесінің энциклопедиясын» жазу қажет. Ол үшін Қазақстанның отбасы тәрбиесі мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдарынан тұратын шығармашылық топ құру керек.

3. Маман даярлауда көңіл аударылатын оқытудың жаңа технологиялары мен кәсіби іскерліктерін қалыптастыруға аса назар аударып, олардың жеке отбасылық өмірін ұйымдастыруын қамтамасыз ету. Ол үшін университет қабырғасында оқып жүрген студенттер үшін оқу жоспарының таңдау компонентіне «Отбасы педагогика-сы» пәнін кеңінен ендіру арқылы отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға байланысты ғылыми теориялар жүйесін меңгеруге қол жеткізу.

4. Отбасы тәрбиесіне психологиялық кеңес беретін мамандықтар үшін төлеңбектер жазу. (Өйткені, психология сабақтарының дені Ресейден шығатын оқулықтар негізінде оқытылып жүр. Шын мәнінде бұл біздің ұлтымыздың менталитетіне сай келе бермейді).

5. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (теледидар, радио, газет, журналдар және т.б.) отбасы тәрбиесін ұлттық дәстүрлі жетілдіруді мақсат еткен бағдарламалар мен сұхбаттар, кездесулерді жиі насихаттау арқылы қоғамдық пікір қалыптастыруға қол жеткізу.

Келесі баяндама кезегін педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазҚызПУ-нің аға оқытушысы **Сараш Сахиқызы Қоңырбаева** алып, отбасы тәрбиесі және оның ұлттық мазмұнға негізделген қызметін жетілдіру жайында өз ойын айтты. «Ең алдымен баршамыз саналы тұлға тәрбиелеп шығаруымыз керек, оған бүгінгі отбасы не бере алады, не беруі керек тәрізді мәселелер бойынша талдау жасады. Мәселен, қазақ

отбасындағы әрбір **ата-ананың арманы:**

- дені мен жаны сау;
 - ана тілінде еркін сөйлейтін;
 - ата-тегін, өз шежіресін тарата білетін;
 - кез келген ортада өз орнын, халық дәстүріне сай қарым-қатынас мәдениетін білетін;
 - ұлттық өнер түрлерін меңгерген – «сегіз қырлы бір сырлы»;
 - өз жынысына сай: «текті», «пәк», «ару», «қылықты», «көргенді», «жетелі» – ұлттық құндылық сапалар мен өлшемдерге лайық;
 - отбасындағы әлеуметтік рөлдер мен этноәлеуметтік рөлдерді меңгерген;
 - алған білімі мен тәрбиесін өз өмірінде пайдалана алатын;
 - неке мен жұбайлық өмірді, отбасылық өмірді құрметтейтін;
 - отбасылық және ұлттық құндылықтарға сүйіспеншілігі бар;
 - ата-ананың орнын басатын, аталық әулетті жалғастыратын;
 - болашақ ата-ана ретінде ұрпақ тәрбиесі алдында жауапты сезінетін;
 - өз елі мен жерінің азаматы екендігіне мақтанышы бар, өз ұлтына құрметі жоғары;
 - ата-ана мен Отан алдындағы перзенттік парыз бен борышты сезінетін
- ТҰЛҒА** тәрбиелеу.

БҮГІНГІ ОТБАСЫ НЕ БЕРЕ АЛАДЫ?

- баланың тұрмыстық қажетін өтеу: өсіру – асырау;
- үй шаруашылығы жұмыстарына баулу;
- баласы үшін мемлекеттік білім беру мекемелерімен байланыста;
- жеке қабілетіне сай үйірмелер мен секцияларға апару;
- бос уақытын өткізуде заманауи талаптарға сай болу;
- тұрмыста ақпарат алу еркіндігін ұйымдастырған т.б.

БҮГІНГІ ОТБАСЫ НЕ БЕРУІ КЕРЕК?

(қазақ отбасының ережесі)

Балаға жақсы ат қою; баланың тілін ойын дамыту; денсаулықты сақтауға көңіл бөлу; отбасында балаға қатысты мерекелерді қалдырмай тойлау; отбасылық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу; баланың жынысына қарай тәрбие беру; білім алуына мүмкіндік жасау; әр іске жауапкершілік қалыптастыру; дүниетанымын және ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға үйрету; қабілетін шыңдап, дарындылығын дамыту; баламен оңаша қалуды естен шығармау; отбасындағы келеңсіздікті балаларға естіртпеу; басқаларды үлгі ету, ата-ана өз ісімен үлгі болу; ата тек, шежіре арқылы туысқандық сыйластықты ұғындыру; көршімен тату болуға үйрету; баланың киіміне мән беру; айтқанды тыңдауға, бағыну заңына үйрету; үй шаруасының барлық түріне баулу; қонақ күту, қонаққа бару талаптарына жауапкершілік; ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді отбасында қалыптастыру; мамандық алуына көмектесу; болашақ жұбайлық өмірге даярлау; отбасында әлеуметтік рөл белгілеу; қоғамда белсенді өмір сүруін үйрету; ұлттық ұғымдарға сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесінің ұлттық мазмұнға негізделген қызметін немесе әлеуметтендірушілік әлеуетін жетілдіруге педагогика ғылымы не бере алады?

Бүгінге дейін берілген тәрбие бағыттарына қоса, ОТБАСЫНДА:

- **имандылық тәрбиесі – ұлттық тәрбиенің негізі, сондықтан:** отбасында адал-харам, обал-сауап, күнә, парыз, т.б. ұғымдарын тәрбиеге басшылыққа алу;

- **өмір салтын ұлттық мазмұнға құру,** *ол үшін:* ұлттық тағам, ұлттық киім немесе жынысына сай киім үлгісі, ұлттық өнерге баулуға отбасында басымдылық берілуі тиіс.

- **ұрпақты салауатты отбасылық-жұбайлық өмірге даярлау,** *ол үшін:* «текті», «пәк», «ару», «қылықты», «көргенді», «жетелі» ұлттық құндылық сапалар мен өлшемдерге сай болу, отбасындағы әлеуметтік рөлдер мен этноәлеуметтік

рөлдерді меңгерту;

- **отбасында әке мен шеше, ата мен әже өздерінің әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдерін атқару,** *ол үшін:* әкелік, аналық тағылымды, ата және әже педагогикасын меңгеру, т.б.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ оқушыларды болашақ отбасылық өмірге даярлау мен әлеуметтендіру мақсатында:

- Сынып жетекшілеріне оқушыларды ұлттық тәрбие негізінде отбасылық өмірге даярлау мәселесіне білім жетілдіру курстарын ұйымдастыру;

- Жоғары сынып оқушыларына отбасылық өмірге даярлауға арналған «Отбасылық өмір – ұлттық мәдениет негізі» таңдау курсын ұйымдастыру;

- Ер балаларды отбасылық өмірге даярлауға арналған арнайы бағдарлама;

- Қыз балаларды отбасылық өмірге даярлауға арналған арнайы таңдау курсы бағдарламасын таңдау пәні есебінен оқыту;

- «Отбасылық өмір – ұрпақ жалғастығы» атты ана-аналар университеті сияқты т.б. педагогикалық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.

- «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», т.б. ата-аналармен тағылымдық жұмысты ұйымдастыру;

ЖОО-да студенттерді болашақ отбасылық өмірге даярлау мен әлеуметтендіру мақсатында:

- Болашақ ана-аналар университеттерін ұйымдастыру;

- Жұбайлық өмірге даярлау мақсатында таңдау пәні есебінен элективті курс жүргізу;

- Оқулықтар жазу, әдістемелік нұсқаулар мен көмекші құралдар дайындау;

- «Жас аналар» клубын ұйымдастыру;

- Студенттер үшін жас отбасыларға арналған «Жас отбасы» журналын шығару.

МЕМЛЕКЕТТІК ТҮРҒЫДА:

- **отбасылық өмірге даярлауды қолдау – жергілікті АХАЖ-дардың жанынан**

«Отбасылық мәдениет», «Жұбайлық өмір», «Отбасы тәрбиесі», т.б. курстар ұйымдастыру және оқуға міндеттеу;

- **ата және әжелік рөлдерге даярлау** – зейнет жасына дейін ақсақалдық мектептен, аналық мектептен өту, ауылдық әкімшілік жергілікті кеңестер жанынан курстар ұйымдастыру және оқуды міндеттеу;

- **елдің салт-дәстүрін дәріптейтін, тәрбиеге ықпалды тұлғаларға әлеуметтік мәртебе беру**, ол үшін: ауылдарда, әлеуметтік орталарда «жігіт ағасы», «ауыл ағасы», «ел ағасы», «ауыл ақсақалы», «ауылдың биі», т.б. әлеуметтік атауларды жаңғырту;

- **тәрбиеде жетістігі бар, отбасын марапаттау** – «ҰЛГІЛІ ҚАЗАҚ ОТБАСЫ» мемлекеттік деңгейде марапат тағайындау;

- **телехабарлар беру** – телеарналардан қазақ отбасыларына арналған арнайы хабар ұйымдастыру т.б.

Міне, осындай өзекті мәселелер қозғалған «дөңгелек үстел» барысында өте қызу пікірталастар өтті. Алматы қалалық мәслихатының депутаты, белгілі қоғам қайраткері Амантай Біртанов, Жанартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, профессор Марат Алмасайұлы Нуриев, педагогика ғылымдарының кандидаты, тәрбие және әлеуметтендіру кафедрасының меңгерушісі (ББЖКБАРИ) Мейірімгүл Анарбекқызы Еркінбекова, тәрбие және әлеуметтендіру кафедрасының меңгерушісі (ББЖКБАРИ) Қарлығаш Исақызы Қалдарова, ҚБТУ-нің гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Гүлжан Кашенқызы Өтебаева және тағы басқалары отбасы тәрбиесі жайлы өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Жанартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, профессор **М.А.Нуриевтің** айтқан ұсыныстары өте тартымды, әрі орынды болды: «Отбасы тәрбиесі деген адам өмірінде айрықша орын алады. Тәрбиенің негізі отбасында

қаланады. Өйткені, бала ақ пен қараның, ар мен ұяттың, жақсы мен жаманның айырмашылығын отбасынан үйреніп, нәр алып қалыптасады. Сондықтан отбасындағы тәрбиені қалыптастыру не үшін керек деген күрделі сұрақ туады. Біріншіден, отбасындағы тәрбиені жолға қою үшін жанұяның қоғамдағы ролін арттыру керек. Ол үшін:

– отбасын әлеуметтік жағдайда қорғауды күшейту керек;

– аналарға, әсіресе көп балалы аналардың зейнетке шығу жасын азайту керек;

– жас балалы аналарға берілетін әлеуметтік көмектің түрлерін сараптап, қайта қарау керек;

– қазақтың тәрбиесінің негізі – тілде. Тәрбиені тіл арқылы қабылдап, тіл арқылы қазақтың бала тәрбиелеудегі бай, асыл мұрасын үйретіп іске асырамыз. Сондықтан Қазақстанда тұратын барлық халықты қазақ тілін үйренуге мәжбүрлеуіміз керек (тек мемлекеттік қызметкерлерді емес)». Бірінші кезекте қазақтарды мәжбүрлеу керек;

– қалалардың әр аудандарында, селоларда халықтың санына байланысты отбасына, ата-анаға кеңес беретін клубтар ашуымыз керек. Олар педагог, психолог, дәрігер мамандарымен қамтамасыз етілуі қажет;

– бала құқығын қорғау заңына ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеттерін күшейтетін түзетулер мен қосымшалар енгізу қажет;

– мектепте, әсіресе бастауыш сыныптарда ер мұғалімдердің санын арттыру керек. Бұл күрделі мәселе. Қазіргі жағдай бала тәрбиелеу, оқыту тек әйелдің міндеті деген ұғымды алып келді...».

Осы дөңгелек үстелдің нәтижесінде қалыптасқан ата-баба дәстүрі бойынша балаға ұлттық тәрбие берудің маңыздылығына тоқталып, әр халық өзіндік қалыптастырған жолымен, үлгі-өнегесімен ерекшеленетіндігі алға тартылып, отбасы тәрбиесі бір жолға қойылды десек те болады.

Жанат Мұратқызы

Т.Мұсабаев –
*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Төрағасы,
Қазақстанның Халық қаһарманы,
Ресейдің Батыры, ұшқыш-ғарышкер,
Қазақстан Республикасы авиациясының генерал-лейтенанты*

**КӘСІБИ ІСІМ МЕН ОТАНЫМА ДЕГЕН МАХАББАТ – МІНЕ, МЕНІҢ
ҰСТАНЫМЫМ!**

«ҒАРЫШТА ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ!» – ДЕП АЙҚАЙЛАП ЖІБЕРДІМ

Мен Алматының жанындағы Қарғалы ауылында зиялылар отбасында дүниеге келдім. Жыл өткен сайын адам өзінің шыққан тегі туралы ойланып, шежіресі жайлы толғанады екен. Өз тағдырым үшін мен ата-бабама ризамын. Бұл менің әділдігі үшін ел құрметтеген, қуғын-сүргінге ұшыраған, Алатау бөктеріне белгілі прокурор Орынтай атам, әкем Амангелді адал журналист және ақкөңіл анам Салиха медсанбатта Берлинге дейін майдан жолдарынан өткен дәрігер. Олар өз еңбектерімен және жақсы аттарымен менің ғарышқа «жұлдызды сапар» жасауыма жол ашты деп ойлаймын.

Менің балалық шағым бақытты өтті. Балалық шағымның жарқын көріністері әлі есімде. Соның бірі – 1961 жылғы 12 сәуір. Күтпеген жерден бізді, оқушыларды сал-

танатты жиынға жинады да, таңғаларлық жаңалықты хабарлады: ғарышқа алғаш рет кеңес азаматы Юрий Алексеевич Гагарин ұшыпты! Мұғалімдер «Ура!», «Мен – Гагаринмін!» – деп айқайлап, қуаныштан секірген оқушыларды басқара алмайтын жағдайда еді. Мен де аспанға қарап тұрып: «Ғарышта Талғат Мұсабаев!» – деп айқайлап жібердім. Достарым мені естіді ме, естімеді ме білмедім, дегенмен ғарышкер болу туралы арманым сол сәттен басталды. Көптеген жылдар өткен соң, мен ғарышкер болу туралы белгіні жоғарыдан, Көктен соны тілегенімнен болғанын түсіндім. Әрқашан ұшқыш болатынымды білдім, әрі ата-анам менің Талғат деген есімімді даңқты ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдиновтің құрметіне қойған.

*...ӘЛЕМДЕ ҒАРЫШТАН ӨЗІНІҢ ҰЛТЫНЫҢ БІР ҒАРЫШКЕРІН БІРНЕШЕ РЕТ
ҚАРСЫ АЛҒАН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ КЕМДЕ-КЕМ ШЫҒАР*

Ғарышкер ретінде, мен «Мир» орбиталық станциясындағы ұзақмерзімді және айрықша жұмысымды өзімнің кәсіби жетістігім деп санаймын. 1994, 1998 және 2001 жылдардағы менің барлық үш ұшуымда да орбитада оқыс жағдайлар туындады. Станциядағы техникалық ақаулар, Жермен байланыстағы проблемалар, борттағы электр қуатын толық жоғалту, ашық ғарыштағы жұмыс кезіндегі және қонудағы айрықша жағдайлар. Бір сөзбен айтқанда, біздің «қария» – «Мир» станциямыз қайта өмір сүруі үшін өте көп еңбектенуге тура келді. Алғаш рет Юрий Маленченкомен ұшқанда және екінші рет Николай Бударинмен ұшқанда

біз «Мир» орбиталық кешенін құтқарып қалдық. Ғарыштағы осы жетістіктеріміз үшін маған Ю.Маленченкомен бірге Ресей Федерациясының Батыры атағы берілген болатын. Ресей батырының Алтын Жұлдызын бізге Ресейдің Президенті Борис Николаевич Ельцин табыс етті. Бір айдан кейін, 1995 жылғы қаңтарда біздің еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев Ресейдің ғарыш саласындағы басшыларының үлкен тобын мемлекеттік сыйлықтармен марапаттады. Ал біз Юрий Маленченко екеуіміз Мемлекет басшысының қолынан жоғарғы марапат алып, Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» атағына ие болдық. Үшінші рет ұшқанда

құрамында алғашқы әлемнің ғарыштық турисі – америкалық миллионер Денис Тито бар, экипаждың командирі болу бақытына ие болдым. Ғарышта болып қайтқан мұсылманның бас кітабы «Құранды», қазақ жерінің топырағы салынған капсуланы, Қазақстанның туын ғарыштан оралғаннан кейін өзіміздің Президентке табыстау бақытына үш рет ие болдым. Мен өзімнің ғарышкер болу арманыма жеттім, маман болдым және өзімнің білімімді қолдана білдім. Осыларды мен өзімнің басты кәсіби жетістігім деп айта аламын.

Менің өмірімде, толыққанды ғарышкерлік

...ҒАРЫШ ОТАНҒА ДЕГЕН СЕЗІМДІ СӨЗСІЗ АРТТЫРАДЫ, БҰЛ - ШЕКСІЗ ҒАЛАМДЫҚ ПАТРИОТИЗМ СЕЗІМІ

«Мир» станциясында болған 126 тәуліктік ғарыштық экспедиция кезінде мен жалпы ұзақтығы 11 сағат 7 минут болатын ашық ғарышқа екі рет шықтым.

Сезімдер, эмоциялар көп болды. Алайда, ең бастысы Жермен, Отанмен байланысты болатын сезімдер ғарышта жердегіден де күшейе түседі екен. Жер шары қаншалықты әдемі болса да, ғарыштан қарағандағы Жердің көрінісі керемет таңданыс тудырады. Негізінде, ғарыштан қарағанда Жер көрінісінен әсерлі сурет жоқ шығар. Осы көгілдір ғаламшар өзінің тірі жылуымен және жарығымен таңғалдырады. Ол Бүкіл жаратылыс үшін маяк сияқты, Өмірдің мәні секілді. Орбитада болғанда, шынымен, өзіңді жер тұрғыны ретінде көбірек сезінесің, ғарыштан мемлекеттердің шекаралары көрінбейді ғой. Әйткенмен, менің кәсіби және адами қасиеттерім арқылы әріптестерім бүтіндей қазақ ұлты туралы пікір қалыптастыратындықтарын мен үнемі жадымда ұстадым.

Ашық ғарышқа алғаш шыққан кез «Мир» станциясының дәл менің Отанымның үстінен ұшып бара жатқан сәтімен сәйкес келді. Мен ұшқыштарды басқару орталығына «Қазақстанның үстінен ұшып бара жатырмыз!» – деп хабарлады. Юрий Маленченко екеуіміз Балқаш, Алатау, Алматыны, Арал

мансабымда, әрине, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ерекше орын алады. Оның қолдауының, жағдайды түсінуінің және бастысы оның Қазақстанды ғарыштық державаға айналдыруға ұмтылуының арқасында борт инженері, халықаралық экипаж командирі ретінде менің үш рет ғарышқа ұшуымның мүмкіндігі туды. Мен Елбасына менің ғарыштық тағдырыма көңіл бөлгені үшін әрқашанда ризамын, бәлкім, әлемде ғарыштан өзінің ұлтының бір ғарышкерін бірнеше рет (бұл үш рет болды) қарсы алған мемлекет басшылары кемде-кем шығар.

теңізін анық көрдік. Бұл мен үшін көңіл толқытарлық сәт болды. Ауасыз кеңістікке алғаш шығар алдында біздің экипажға Отаным бата бергендей әсерде болдым. Содан бері ғарыштан қарағандағы Қазақстанның көрінісі жақын адамымның бейнесі секілді менің жадымда мәңгі сақталып қалды. Сондықтан да, ғарыш Отанға деген сезімді сөзсіз арттырады, бұл - шексіз ғаламдық патриотизм сезімі.

Әр халықтың өз дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Осылардың барлығы ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген, өз халқының тарихын ұмытпағандар мен өз балаларын ұлттық дәстүр рухында тәрбиелейтіндер үшін әр ұлттың қайталанбайтын өзіндік ерекшеліктері мен абыройы және мадақтары болады.

Ұлттық сана-сезімді, туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің негізгі мақсаты болып табылады. Мен бір оқиғаны айтқым келеді. Бұл 1998 жылы менің ғарышқа екінші рет ұшқан кезімде болған. «Хабар» агенттігі Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың тұсаукесер құрметіне «Мир» станциясымен телекөпір өткізуді жоспарлаған. Ол кезде бұл 208 тәулікке созылған экспедициядағы Николай Бударин екеуімізді рухани қолдауды

көздеген агенттік журналистерімен байланыс сеансы болатын. Мәскеу түбіндегі ұшқыштарды басқару орталығы арқылы Алматыдан келген көріністе мен нағыз қазақтың келбетін көрдім. Бұл танымал әнші Нұрлан Өнербаев еді. Ол бізбен сәлемдесті де, жаныңды аялайтын «Қарағым-ай» әнін орындады. Нұрланның дауысы не деген таңғаларлық лирикалық дауыс десеңізші! Бұл ғарышта ерекше сезілген болатын. Осы аспан әлеміндегі диалогта екі тарапта толғанысымыз бен көз жасымызды жасыра алмадық. Нұрлан маған өзімен бірге ән салуымды сұрады. Мен сондай қуанып, бірден патриотизмнің әнұранына айналған «Көзімнің қарасы» әніне қосыла кеттім, әрі керемет ғарыштық дуэт болды! Бұл – барша Қазақстан мен бүкіл әлем естіген, әуенді, бауырластық, көзге жас ұялатар сезімге толы дуэт болды. Кейін Америкада да біздің телесеансты көргендерін және американдықтарды біздің «қазақ рухының» таңғалдырғанын естідім. Мен ғарыштан

елорданы тамашалаған кезде ол қарапайым провинциалық қалашық болатын. Қазір мемлекеттің саяси, экономикалық, ғылыми ойдың орталығына – нағыз мегаполиске айналды. Мұнда ірі халықаралық кездесулер өтеді, мұнда тек Қазақстанға ғана емес, тек Орталық Азияға ғана емес, барша әлемге ықпалын тигізетін орасан зор жұмыстар басқарылады.

Бүгінде мен тағдырымның қалауымен ғарыштың, адамзаттың тек биік арманы ғана емес, кез келген мемлекеттің халықаралық деңгейі мен беделін айқындайтын жоғары саясат екенін өз тәжірибесінен түсінетін шенеунікке айналдым. Елбасының Ұлттық ғарыш агенттігінің алдына қойған отандық ғарыш саласын жасау жөніндегі міндеттерін, мен маған деген сеніммен халқымның алдындағы үлкен жауапкершілік белгісі ретінде қабылдаймын. Қазақстан толыққанды ғарыш державасы болу үшін бар күш-жігерімді аямаймын.

ТӘРТІП ПЕН ТӘРТІПТІЛІК – МЕНІҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ!

Еліміздің ғарыш саласын жасау, бұл 2007 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған Ұлттық ғарыш агенттігінің алдына қойылған мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар міндет. Осы уақыт ішінде еліміздің ғарыш қызметін ретке келтіруде көптеген жұмыстар атқарылды. Біздің Агенттік қызметінің басты нәтижесі Қазақстан Республикасының ғарыш қызметін дамытудың Стратегиялық жоспары болды, онда нысаналы ғарыштық жүйелер мен технологиялар, «Байқоңыр» ғарыш айлағын дамыту, нормативтік-құқықтық базалар жасау, халықаралық ынтымақтастық, кадрлар даярлау, экологиялық қауіпсіздікті арттыру, ғарыштық саланы дамытуды мемлекеттік басқару және басқа да мәселелерді іске асыру ескерілді. Мен ғарыштың болашағына сенемін және әлемдегі ғарыштық державалардың қатарында болу үшін

бізде барлық мүмкіндіктер бар. Еліміздің жоғарыда отырған басшыларының тарапынан түсіністік пен қолдау бар, біздің бірегей «Байқоңыр» ғарыш айлағымыз бар, үлкен ғарыштық жобаларды қаржыландыру басталды, еліміздің ғарыш саласын дамытудың стратегиясы айқындалды. Біз шынайы нақты тәжірибелік жұмыстарға кірісіп жатырмыз. Осының куәсі ғарыш саласындағы белсенді халықаралық ынтымақтастық болып табылады. Бір дәлел келтіре кетейін, 2009 жылғы қазанда Қазақстанға Франция Президенті Николя Саркозидің мемлекеттік сапары шеңберінде ғарыш қызметі саласындағы 4 құжатқа қол қойылды. Осы жолдағы бар және болатын орасан зор қиындықтарға қарамастан, біз қойылған міндеттерді орындауға тиіспіз.

Тәртіп пен тәртіптілік – міне, менің өмірлік ұстанымым. Егер саған соңыңнан адамдарды ертіп жүру сеніп тапсырылса,

тәртіпсіз, ішкі тәртіптілік пен талаптарсыз қажетті нәтижелерге жету мүмкін емес. Өзіңіз ойлаңызшы, ғарыш станциясында салмақсыздық жағдайында кішкентай қықым мен бөгде заттың өзі қайғылы салдарға әкелуі мүмкін. Ғарышқа ұшқан кезімде, ашық

кеңістікке шыққанда, ұшақпен ұшқанда да, тіпті, өмірде де төтенше жағдайлар аз болған жоқ, сондайда әрдайым тәртіп, жүйелілік, кәсібилік алып шықты.

Кәсіби ісім мен Отаныма деген махаббат – міне, менің ұстанымым!

...ҒАРЫШКЕР БОЛУ ТУРАЛЫ БАЛАЛЫҚ АРМАНЫМА ҚАРЫЗДАРМЫН

Өзімді өмірде жеткен барлық жетістіктерім үшін ұшқыш, ғарышкер болу туралы балалық арманыма қарыздармын деп санаймын. Бұны орындауға тырысу үшін өмірлік мақсат, бағдарлама керек. Жастарымызға өздерінің ойлаған армандарына жетуде мақсаттылық тілегім келеді. Әрбір жас адам өзінің ұлтжандылығын Отан туралы өлеңдер мен әндерде ғана емес, өз өмірінде, іс-әрекеттерінде, ең бастысы халық игілігі үшін атқарған істерінде көрсете алады.

Қазір өз ісін білетін адамдардың заманы... Бізге ғарыштық бейіндегі біліктілігі жоғары кадрлар, күрделі ғылыми және техникалық міндеттерді шешуге қабілетті қажырлы жас мамандар қажет.

Мен қазіргі жас ұрпаққа сенемін, өз

еліміздің болашағына және әлемдегі жетекші ғарыштық державалардың біріне айналатындығына сенемін. Тек олармен жұмыс істеп, халқымыздың жақсы дәстүрлерімен тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық мәдениетті, тарихты білудің маңызы зор. Осы білімімізбен, біз Отанымызға деген махаббатымызды тағы бір дәлелдейтін боламыз.

Мен сіздердің оқырмандарыңызға табыс пен амандық тілеймін! Армандаңыздар, мақсат қойыңыздар және оларға жетіңіздер деп тілегім келеді. Қиындықтарға мойымаңыздар! Жеңіске деген ұмтылыс бізді шыңдайды және шынықтырады деп нық сеніммен айта аламын. Баршаңызға жақсылық тілеймін!



Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолғыншысы – ой,
Жолдасы – кәсіп,
Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез.

Сакқұлақ би

Г.Бельгер –
*писатель, лауреат ряда литературных и
общественных премий,
Заслуженный работник культуры Казахстана*

ЧТО УВИДИШЬ В ОТЧЕМ ГНЕЗДЕ....

Такова первая половина известной казахской пословицы. Вторая половина гласит: «...то познаешь в полете».

Древняя мудрость номадов, которую просвещенные педагоги с научными степенями то и дело разворачивают – перепевают-переиначивают на все лады в своих мудреных трудах-трактатах, щедро напичканных цитатами от Ушинского до Алтысарина.

Напомню: я тоже педагог по своему базовому образованию. Окончил в 1958 году КазПИ им.Абая (к новому названию моей Альма-матер-АГУ-никак не привыкну). Было время и в школе преподавал. И аспирантуру по кафедре методики преподавания русского языка и литературы при этом же институте окончил.

Ну, а потом ушел в литературу, в переводчики.

А вырос, между прочим, в сугубо («Қаймағы бұзылмаған») казахском ауле на берегу Ишима-Есиля и окончил среднюю школу на казахском языке.

Еще в родительском гнезде я познал азы и подлинно национального (немецкого и казахского), и истинно интернационального.

На эту тему за немалую свою литературную жизнь я размышлял и написал изрядно (романы, повести, рассказы, эссе, статьи).

Узнав, что в «моем» институте (теперь университете) задумали журнал «Ұлттық тәрбие» (что от всей души приветствую и сознаю острую необходимость, актуальность такого издания), я решил поделиться некоторыми ощущениями по этому вопросу в чисто публицистически-эссеистском направлении, избегая по мере возможности квази-научной тональности.

С самого начала должен сознаться, что я как гражданин независимого Казахстана,

как человек, с семилетнего возраста воспитанный в казахской среде, пропитанный и пронизанный казахской ментальностью, сохранивший и оберегавший при этом свою этно-немецкую сущность, еще не созрел до космополитического восприятия мира, до выделенной для некоторых пресловутой глобальности, до лирических вселенских ценностей, до последней стадии унификации в некоем бурлящем американизированном котле. Для меня и поныне все подлинное, высокое национальное играет главенствующую роль в воспитании и становлении личности. Стирание и потерю исконных национальных черт и качеств я воспринимаю как разрушение, крах, катастрофу индивидуальности. Я убежденный противник всякого «шала»-шала казахов, шала немцев, шала евреев. Ни в городе Богдан, ни в селе Селифан-не мой идеал. Острое неприятие вызывает во мне и рабская подражательность, когда, скажем, казах тщится быть русским, немцем, американцем, когда он сознательно отрекается от своих национальных корней, от материнского языка, истории, культуры, духа, обычаев, нравов, заповеданных предками. Вот на борьбу с подобным манкуртизмом и должны быть направлены все усилия, все возможности, все таланты педагогов, литераторов, историков, философов, культуртрегеров всех мастей. Ринуться в общий котел, в общий хлев и перемешаться-раствориться в нем, полагаю, человечество, нации всегда успеют, спешить к этому, форсировать этот процесс, на мой взгляд, особенно резонанет, никак не стоит, а надо, поелико возможно, держаться руками, ногами, зубами за все национальное, этническое, что выявляет, подчеркивает, определяет твою сущность и значимость как Homo Sapiens.

Таково мое кредо.

С таким нравственным критерием я неустанно обращаюсь и к немцам, и к казахам, и к русским, призывая их, прежде всего, оставаться самим собой, развивать, оберегать и сохранить те национальные, этнические достоинства, которые составляют генетическую цель, суть («тек» по казахски) твоего рода.

На этой ноте я, собственно, мог бы закончить статью для «Ұлттық тәрбие», но я ведь литератор, а потому позволю себе конкретнее проиллюстрировать основные положения своих воззрений в данном вопросе.

Родился я в городе Энгельсе Саратовской области – тогдашнем центре Автономной республики Немцев Поволжья (АССРНП). В лётной школе, где служил в Рабоче-Крестьянской Красной Армии (РККА) мой отец, среда была интернациональная – русские, украинцы, татары, евреи, немцы, чуваша. Потом, до начала войны, с 1938 по 1941 годы, я жил в родительском краю, в сугубо немецкой среде, где я столкнулся на стихийно-несознательном уровне с традициями национального воспитания поволжских немцев. В чем была его суть? Перечислительно обозначу: аккуратность, чистота, честность, ответственность, исключительное уважение к родителям, старшим, воспитанность, помощь малым, слабым, посильный труд, прилежание, склонность к музыке, к разным ремеслам, доброта, сдержанность в своих желаниях, экономность, трезвость, привычка к строгому распорядку, ласковое отношение к домашним животным, опрятность во всем, любовь к природе, к “Mutterspouch” (*Muttersprache*) – к материнскому языку. Если к тому же ты мог малость «шпрехатъ» auf Rusch – то есть по-русски, ты сильно вырастал в глазах деревенских соплеменников.

Таков был глубоко внедрившийся в сознание бытовой и нравственный уклад жизни поволжских немцев.

Это и было моим начальным семейным и национальным воспитанием.

В сентябре 1941 года (получается 69 лет назад) семья наша была депортирована в Казахстан, и мы очутились в казахском ауле в Северо-Казахстанской области, где отец заведовал фельдшерско-акушерским пунктом. Вокруг по обе стороны реки Есиля простирались аулы Коктерек, Мектеп, Орнек, Бирлик, Жана-жол, Жана-талап, Каратал, Алка-агаш, Жанасу, Аксу – первозданная казахская среда, Приишимье, воспетое акынами. Я с головой окунулся в казахскую стихию. Начал осваивать казахский язык, приучать свою немецкую гортань к казахским специфическим звукам, к ладу и складу иноязычного речестроя. Понемногу я обрел психологическую устойчивость и уверенность. Окончил казахскую среднюю школу. Стал аульным бала, любимчиком старейшин и сверстников. Читал, писал, сочинял стишки (абсолютно беспомощные, правда), говорил, пел, иногда сквернословил, подражая колхозному бригадиру, по-казахски. И понял, уразумел вскоре, что те воспитательные основы, которые я усвоил в немецких деревнях на Волге, не потеряли своей ценности и значимости и в казахских аулах. И здесь суть национального воспитания зиждилась на вековых традициях: любовь к родителям, исключительное почтение к старшим, знание своих предков до седьмого колена, учтивость, воспитанность, совестливость, забота о младших и сирых, взаимопомощь, умение обходиться с домашними животными, пасти ягнят, скакать на лошади, достойно вести себя за дастарханом, не вопить по-дурному, быть добрым, участливым и чужому горю, строго соблюдать приличия, быть умеренным в своих запросах, довольствоваться малым, благодарить всевышнего за все блага (О, Аллах, бергеніне шүкір!), не жаловаться на тяготы жизни, ибо на все воля Создателя.

В большой степени, равняясь на аульчан, я освоил и эти национальные качества и достоинства казахов. И эти два нравственных корджуна – немецкий и казахский – стали моим главным богатством. Позже, уже

студентом, я обзавелся и третьим корджуном – русским языком, русской культурой. Правда, должен сознаться: многие черты бытового русского национального духа, разные манеры-повадки в людских отношениях мне оказались чужды. Вероятно, оттого, что в «чисто» русской среде я никогда не обитал, а те русские, что встречались на моем пути в молодые – подчеркиваю – годы, судя по всему, не являлись подлинными носителями русской ментальности. Истинная русскость не вошла в мою плоть и кровь. Пишу я преимущественно по-русски, но русским писателем себя никогда не считаю.

С годами я от своего аула все более удалялся, приезжал в него один или два раза в год, пока там жили родители. После окончания института более двух лет учительствовал в Байкадамской средней школе Джамбульской области. Тем самым снова оказался в чисто казахской среде. Что меня больше всего удивило – это полная идентичность северных и южных казахов: один язык, одна ментальность, одни нравственные критерии, одно мировоззрение и мироощущение. Конечно, в чем то местный колорит проявлялся, сказывался, но общность, единство нравственной сути обозначались во всем. Едиными были и национальные основы воспитания. Удивлял меня этот феномен еще и потому, что российские немцы, к которым этнически принадлежу и я, очень уж неоднородны: есть заметная разница в диалектах, быту, нравах и обычаях, верованиях, исторически и географически сложившейся ментальности между, скажем, поволжскими, украинскими, кавказскими, крымскими, московскими, петербургскими, балтийскими немцами. Такой разницы между казахами разных регионов не встретишь. В этом я убедился и позже, часто бывая в Семипалатинской, Павлодарской, Шымкентской, Карагандинской, Северо-Казахстанской, Джамбульской, Кызылординской, Алматинской, Акмолинской, Мангышлакской областях Казахстана. В общности национальных основ и традиций я имел возможность

убеждаться и как литератор, и как переводчик казахской литературы. А переводил я на русский язык казахских писателей и с Севера, и с Юга, и с Запада, и из Центра. Не перестаю удивляться и восхищаться этим феноменальным своеобразием казахской нации.

О казахской национальной ментальности, о духе, о языке, воспитательных основ и традиций, обычаев и нравов казахов я неизменно высокого мнения, и то, что нынешние казахи эти свои природные, исконные национальные качества, черты и достоинства катастрофически, прямо на глазах теряют из года в год, я воспринимаю, как свою личную трагедию. Все мое существо активно противится этому разрушительному процессу.

Вероятно, эта нравственная деградация в принципе неизбежна (не только в отношении казахов). Народы, нации, этносы охватила такая глобальная зараза, которая всех опрощает, примитивизирует, обедняет, нивелирует. Германские немцы уже не хотят быть немцами, а европейцами. Дескать, они уже интеллектуально выросли из тесной немецкой шкуры. «Я европейка» называется один германский роман. Есть казахи, которыми совестно быть казахами, они предпочитают называться «евроазиатцами»! И если – опять-таки на мой субъективный взгляд – иммунитет национальной устойчивости у русских, немцев, евреев значительно силен и размывать его труднее, то казахи в силу своей исторической судьбы более склонны к потере всего исконно национального, ибо заражены вирусом подражательности, увлеченности, странным и пагубным желанием быть непременно, как все – как русские, как англичане, как американцы. Меня это стремление всегда обескураживает. По моему убеждению, спасение в нравственном смысле казахов в том, чтобы они оставались казахами, чтобы сохранили, берегли свою древнюю ментальность, язык, историю, дух. И в этом как раз их подлинная сила, та самая надежная опора, которая не позволит раствориться, разжижаться в стремитель-

ном потоке Времени.

Возможно, не все со мною согласятся, но таков мой штандпункт в этом вопросе.

Что ныне я все чаще вижу?

Тридцать пятый год я обитаю в многоэтажном доме на перекрестке улиц Кабанбай батыра и Шокана Уалиханова. На расстоянии крика или брошенной палки находятся три школы – две русские и одна казахская. Еще одна – частная – школа обустроилась в нашем доме, где детишек обучают казахскому и английскому языкам. С учащимися этих школ сталкиваюсь ежедневно – по аллее Шокана, на улицах Джамбула и Уалиханова, во дворе, в подворотнях и подъездах, на измызганных ими же скамейках, в лифте, на этажах. Большинство учащихся – казахи. Милые ребятки, сытые, ухоженные, одетые, обутые. От излишней энергии, может, несколько крикливые и бесцеремонные. Общая характерная черта – все говорят исключительно по-русски.

Примитивная, лексически обедненная, тривиальная, суконно-деревянная, обиходная речь. Участь в казахской школе, они общаются и между собой, и с родителями, а часто и с бабушками и дедушками, как правило, на русском языке, вернее, на тарабарщине. А русская речь, замечая, накладывает на них и иной психологический настрой и манеру поведения: безалаберность, расхристанность, агрессивность, неучтивость, переходящая в разнузданность, в хамство, в неуважение к окружающим, расхлебанность, дерзость, показное ухарство, хвастовство, вседозволенность и многие другие негативы, которые напрочь вытравливают природную, генетическую национальную ментальность.

Понятно: сама по себе русская речь тут ни причем. Беда в том, что юные прелестные казахские создания уж больно легко отрекаются от национальных качеств, обретенных предками веками, склоняются к браваде, ко всему показному, наносному, чужому то есть, осваивают самое дурное, низменное в иной ментальности, пренебрегая лучши-

ми, достойными чертами инобытия. Вот где собака-то зарыта. Откуда это идет? От простодушия? От заниженной самооценки? От зыбкого самосознания? От чувства неполноценности? Не знаю. Но очевидно, что очень уж просто и катастрофически стремительно вытравливаются из души и плоти достохвальные национальные качества и осваиваются заразительные дурные примеры и наклонности.

Вот сбиваются в стайки учащиеся десятых-одиннадцатых классов соседней казахской школы в нашем дворе, балдеют, куролесят, шумят, галдят, ржут, свистят, улюлюкают, сквернословят, не стыдясь девушек, беспрестанно курят, по кругу отхлебывают из бутылок, балуются анашой, обнимаются, обжимаются, тискают друг-друга, дико похохатывают, взвизгивают, заливаются дурниной, сидя на скамейках-лавках, на ступеньках, набиваясь в подъезды, пугая прохожих и жильцов, играют мобильниками, время от времени облегчаются тут же в кустах, под деревьями, на виду у всех. Так гуляет стая подростков и подлеток, конечно, с вольными девицами-одноклассницами из года в год, изо дня в день, в любую погоду по шесть-восемь часов, терроризируя весь околотов, весь двор, оглашаемый их невыразимым ором.

Раздражают они жильцов невероятно. Их урезонивают, уговаривают, стыдят, случается, разгоняют, вызывают милицию, но все напрасно, тщетно. Через час базар продолжается. Самое обидное то, что они в большинстве своем казахи и казашки, немного понимают и говорят по-казахски, но часами балдеют исключительно по-русски.

С одной стороны, жалко их. Не находят себе места и применения. Интересов, увлечений никаких. Дома, должно быть, скучно, убого, неудобно. Родители заняты добычей пропитания. Куда подросткам деваться? Чем заняться? Подрастает бесхозный люд. Я зываю к их совести, к национальной чести, к намысу, они, бывает, что-то мямлят в ответ, иногда огрызаются, или извиняются,

даже виновато отходят в сторонку, но вскоре опять усаживаются на ступеньках под окнами квартир. И, нередко обкуренные, горланят на всю ивановскую.

И вот я недоумеваю: что казахского от этих ребят осталось? Откуда такая разнузданность, распущенность? Почему юные казашки взвизгивают, будто собираются пуститься в русский пляс? Куда делась природная стыдливость, достойные национальные качества? Каким образом происходит такая деформация психики?

Такова сфера, на которую должны обратить внимание и общественность, и национальные организации, и воспитатели в детских садах, в школах, институтах, и журнал «Ұлттық тәрбие».

Могучим, действенным средством в воспитании, в культивировании национальной ментальности я лично вижу систематическое воздействие на этническое происхождение, на накопленные предками чувства достоинства и чести, на то, что называется объемным понятием НАМЫС. В Казахстане обитают десятки этносов. Каждый из них самодостаточен, самоценен. Каждый имеет свои этнические достоинства, особенность, гордость. И каждый должен, обязан демонстрировать перед другими свои лучшие качества. Это элементарно. В ауле, к которому я вырос, мы были единственной немецкой семьей. И мои родители, и мы, дети, понимали, что, находясь в инобытии, мы должны держаться везде и всюду исключительно правильно, достойно, не выказывать слабину, не ударять лицом в грязь, не осрамиться, не опозориться перед аульчанами, ибо мы – представители немецкого этноса и по нас могут судить об этносе в целом. Я полагаю, что такую ответственность чувствовали в Казахстане и депортированные поляки, греки, чечены, ингуши, карачаевцы, турки, корейцы, крымские татары и многие-многие другие.

Это и есть тот самый НАМЫС в национальном воспитании. И все эти этносы были вправе сказать нерадивому, нравствен-

но распущенному русскому: «Эй, брат! Ты же представитель великого народа. Ты же не имеешь права срамиться на наших глазах. Помни это! Не забывайся, не позорься!»

Казахи – государствообразующий народ. Казахи – титульная нация. Их именем называется целая страна. И каждый обитатель этой страны должен воспринимать казаха как образцовый пример гражданского и житейского поведения. Именно такой должна быть нравственно-национальная планка. Никак не меньше! И каждый этнос вправе сказать: «Эй, бауырым! Ты представитель большого народа. За твоей спиной могучие предки, славные деяния, у тебя крепкая опора – язык, история, культура. Не срами свой род! Береги его честь, славу и традиции. Будь во всем впереди. Твоя миссия велика. Мы ведь равняемся на тебя, следуем за тобой. Будь достоин своей исторической судьбы!»

Именно так должна строиться в идеале национальная политика в такой стране, как Казахстан. Именно на этом постулате должно зиждиться национальное воспитание наших граждан и их потомков.

Понятно: жить в капсуле, в своей консервированной общине, отчужденно, обособленно, автономно в наш век невозможно, немыслимо. От влияния глобализма, массовой культуры, радио, телевидения, компьютера, интернета, среды, ауры никому не спастись. Да и не нужно сознательно отставать от кочевья времени.

А что нужно?

Нужно прежде всего показать себя, развивать свое сугубо национальное, сберечь, сохранить то, что передано тебе генетически предками, культивировать методически и настойчиво всю свою национальную суть и одновременно посмотреть на других, дабы выявить и усвоить достойные черты и благородные свойства иноязычных граждан.

Так я понимаю суть национального воспитания.

Это не тема. Это политика. Это идеология. Это философия. Это общечеловеческое

в принципе мог бы написать пространный доклад с привлечением множества цитат, разных мнений и доводов, но я старался избежать этого и говорить просто и конкретно о наболевшем, о том, что меня волнует давно и постоянно.

The author of article on the basis of concrete everyday examples hotly stands up for savings of truly national traditions and moral bases. Each people should piously protect praisely qualities and features, enjoining ancestors, without lagging behind thus from nomads'camp time.

*Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, жазушы-дәрігер,
Махамбет сыйлығының лауреаты*

ХАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ
(Ұрпақ тәрбиесіне жаңа көзқарас)

Міне, бұдан халық педагогикасының ғылыми жүйеленбегендігін былай қойғанда, тіпті оның мазмұны мен мәніне, болысы мен негізіне ешуақытта да көңіл бөлінбегендігі анық байқалып тұр. Ендеше халық педагогикасының осыншама өгейлікке ұшырауының себебі не? Оның басты се-бебі, халық педагогикасы ғылыми пән ре-тінде танылмады. Ал, ол **империялық саясаттың**

тікелей әсері еді. Мәселен, көне грек мәдениетінің соңғы екі ғасыры мен біздің эрамыздың сегіз ғасырын қамтитын Рим империясының әсерімен Еуропа елдерінің халық педагогикасы ғылыми жүйеленбей, оның орнына **“классикалық педагогика”** дейтін жасандылық дүниеге келді. Екінші, өзімізге тікелей қатысы бар орыс империясының әсерінен оның қоластында бодандықта болған жүздеген халықтың Ұлттық тәлім-тәрбиелері ғылыми дамудан мақұрым қалды. Сондықтан да **ғылыми педагогика** делінетін жасандылық қолдан жасалып, Адам баласы ең әуелі **биологиялық индивид**, сонан кейін ғана **қоғамдық тұлғаға** ауысатындығын даралауға рұқсат етілмеді. Себебі, генетика ғылымдарының заңдылықтары империялық саясатқа қайшы келетін еді. Жалпы, Империя атаулы бағынышты елдерінің **ұлттық тарихын да, халықтық педагогикасын да...** табанының астына салып, оның бой көтеруін ешуақытта қаламады. Өйткені, бұл екеуінен де, қай халықтың болмасын **ұлттық санасы** оянады. Ал Империя атаулыны күйрететін күш тек **ұлттық сана** екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалық заңдылық...

Ендеше, уақыт талабы мен жаппай қаулап өмірге ене бастаған **халық педагогикасын ғылыми түрде дамыту**, оның қадау-қадау негіздерін айқындау қажет. Сол арқылы оның **теориясын** жасау, ғылыми байыптау, жинау, **ғылыми жүйелеу** де кезек күтіп тұрған жұмыс екені белгілі. Ең бастысы мәселенің негіздерін айқындау арқылы методологиясын да өзгерту қажет. Осылайша, ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің: **“Халық педагогикасы жоқ жерде, педагогика ғылымы да жоқ, педагог та жоқ”**, - деген тұжырымын есте ұстаған жөн.

Халық педагогикасының бастауы

Шын мәнінде адам ғұмыры бір-бірінің міндеттері екіншісіне жүктелмейтін **физиологиялық кезеңдердің** тізбегінен тұратындығы анық. Ол кезеңдерді шартты түрде:

1. Отбасын құруға дайындық және

ұрық тазалығы;

2. Ана құрсағындағы тоғыз ай...

3. Нәресте кезеңі;

4. Балбөбек кезеңі;

5. Сәбилік кезең;

6. Балиғат кезеңі;

7. Кәмелеттік кезең, – деп міндетті түрде бөле-жара қарастырмаса болмайды. Өйткені, әр кезеңнің өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Бұл заңдылықтар ешуақытта басқа кезеңдерге ауыспайды да және екінші бір кезеңге жарамайды да?! Міне, адам тәрбиесінің биологиялық индивид ретіндегі құдіреті күшті тылсым жұмбағы да оның өзіне тән сипатында жатыр.

Отбасын құруға дайындық немесе халық педагогикасының І-ші негізі

Отбасын құруға дайындық кезеңінде екі жастың өздері, сондай-ақ, олардың туыс-туғандары мен ата-аналары үш түрлі мәселеге ерекше көңіл бөлулері қажет.

1. Ата-баба дәстүрлерін қадағалау арқылы халқымыздың генофондын көздің қарашығындай сақтау. Қандай да ағаттықтармен бұзып алмаудың қамы.

2. Отбасын құруға саналы түрде дайындалу арқылы ұрық тазалығын сақтау. Өйткені, ұрығында уланып туған ұрпақты түзеп алудың мүмкіншілігі жоқ. Оны адам түгіл, құдайдың өзі де жөндей алмайды.

3. Ата-ана мен бала арасындағы сыйластық.

Міне, осы үш мәселені қазіргі уақыт жағдайларымен салыстыра отырып талдау жасап көрелік. Бірінші мәселенің ағи, ата-баба дәстүрлерін қадағалау арқылы халқымыздың генофондын сақтаудың жай-күйі **“қызыл империяның”** саясатымен шын мәнінде құрдымға құлдырап бара жатқан еді. Дәстүр атаулының ішіндегі ең ұлттық ерекшелігі бар құндысы болып табылатын **“...Жеті атаға дейін қыз алыспау...”** өз мәнінен айырыла бастаған болатын. Қазір халық бұл дәстүрді сонау әл-Фараби мен Қорқыт

замандарынан, яғни, IX-X ғасырлардан қалыптастырғандығы белгілі. Халқымыздың бұл дәстүрді ұстанғанына мінеки, он екі ғасырдай уақыт өткен екен. Сонда, бұл дәстүрдің құндылығы неде? Бұл сауалға жауап бергенде, ең әуелі салыстырмалы түрде XIX ғасырдың бастапқы кезінде ашылған бүкіл адамзат қауымының үлкен жаңалығы деп есептелінетін “Дарвинизм” ілімін еске алуға тура келеді. Оның ашқан **“...табиғи сұрыптау...”** атты жаңалығы, осынау халқымыздың **“...жеті атаға дейін қыз алыспау...”** дәстүрі мен тікелей сабақтасып жатқандығын ашып айтқан жөн. Оның үстіне басқа жер бетінде тұратын халықтарда мұндай дәстүрдің аса сирек кездесетіндігін айтпағанның өзінде, тіпті бір туыстас Түркі халықтары да **“...жеті атаға дейін қыз алыспау...”** дәстүрлерін қолданбайды. Қазақ халқына ең жақын деген қарақалпақ пен қырғыздар да ең ұзағанда, үш-төрт атадан аса алмайтындығы белгілі...

Міне, халқымыздың көптеген қасиеттерінің ішіндегі ең ұлағаттысының бірі осы. Оның мәнін ұқпағандықтан өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан айырыла бастаған жұртымыз, бірте-бірте мәңгүрттену жолына ауысқандығын қадап айтқан жөн. Ана тілін білмейтін жұртымыздың 40 пайызы, сөз жоқ, **“...жеті атаға дейін қыз алыспау...”** дәстүрін олар не қажетіне жаратпақ. Тек ерекше атап айтуға тұрарлық жағдай, кең байтақ өлкеміздің шығысы мен батысы, түстігі мен терістігінің жіті араласуынан біздің халқымыз аса бір қолайлы жағдайда отыр. Егер осыны саналы түрде дамытып, **“қыз алып, қыз берісуді”** осындай кең өріске шығарсақ, онда жұртымыз бұрын-сонды көрмеген жаңғырудың күдіретін сезінеді. Халқымыздың генофоны мүлдем жаңғырудың жаңа биіктігіне көтерілер еді...

Екінші үлкен мәселе, яғни, отбасын құруға дайындық немесе ұрық тазалығын сақтау – аса қиын күйге душар болып отыр. Бұл халқымыздың дәл осы мәселені тереңдей түсініп мән бермеуінің салдарынан

у ішкендей болып отырғанын батыл түрде айтуымыз қажет. Олар бүгінгі таңда отбасын құруға дайындық дегенде, тек материалдық жақтарын ескереді. Той жасарда арақ-шарап, ішімдіктің мол болуын қарастырады. Отбасын құру қуанышына жиналған жұрт есінен танғанша арақ-шарап ішуді қызық көреді. Бұл сәтте үй болғалы тұрған екі жас та құр алақан қалмайды. Олар да ішеді.

Той тарқағаннан кейін арақ ішкен екі жасты күтіп тұрған ақ төсектен уланған ұрпақ туады. Өйткені, күллі наркотикалық заттардың, соның ішіндегі арақ-шараптың адам ағзасындағы бірден барып уландыратын мүшелері ми қабаттары мен ұрық бездері екендігі ғылыми түрде дәлелденген нәрсе. Адам ағзасына түскен арақтың 100 грамы ағзадан 7 күнде еркектің бойынан, 28 күнде әйелдің ағзасынан әрең шығып тазарады екен. Ал ЗАГС-ке тіркелгеннен кейінгі ай бойы ішілетін ішімдіктің зияндылығын немен салыстыруға болар екен? Ендеше ертеңгі өмірге келетін **ибасыз қыздар, қатыгез ұлдардың** көбеюіне кім кінәлі болады?!

Біздің ойымызша, келер ұрпақ алдында қауым болып қателесіп жүргендігімізді дер кезінде, уақыт өткізбей мойындағанымыз жөн. Өйткені, тіршілік заңы өте қатал. Оны нәпсісіне еріп бұзғандар, түбінде бір жапа шекпей қалуы мүмкін емес. Сондықтан да табиғат қойнауларында тіршілік ететін күллі жан иелері ұрпақ қамына кірісерде, тек судың тұнығын ішіп, шөптің асылын жеуге тырысады. Тіпті, олар өз бойларындағы **арам тер мен артық майынан** да арылуға арнайы уақыттарын жібереді. Ал, пендешілікпен шырмалған адам баласы, керісінше, ақылы мен парасатын әдейі уландыратындығын қалай түсінеміз? Біздің ойымызша, бұл масқара халден ел-жұрт болып тез арада тыйылуымыз керек.

Қазіргі дүниеге келіп жатқан нәрестелердің кейбірі ұрығынан бұзылып туатындықтан, көпшілігі жарық дүниені көрмей-ақ, өлі туып жатса, бірсыпырасының жаны шықпағанымен жарымжан күйінде

тіршілігін бастаған болады. Ал қалған дұрыс туды дегендердің өздері де зейіндері мен зерделері таяз болып туатындықтан, олардың да жай-жапсарларын оқу-ағарту жүйелерінде істейтіндер жақсы біледі. Ендеше, бұл індеттен құтылудың жолын халық педагогикасының негіздерін де ел болып еркін шешіп алудың жолдарын қарастырған жөн.

Үшінші мәселе, яғни, Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластықтың қазіргі кездегі жай-күйі қалай екенін айтсақ, бұл мәселе де қатты дағдарыста екендігін аңғару қиын емес. Бұрынғы ата-бабаларымыздың салып кеткен жолы бойынша Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластық үлкен этикалық заңдылықтарға бағынатындықтан өзара үндесіп жататынды. Ал, қазір ол үндестіктердің бұзылуының салдарынан, ата-ана баланы, бала ата-анасын түсіне алмайтын күйге ұшырап отыр. Соның кеселінен үлкен трагедияларға жиі ұшырап отырғанымызды жасыра алмаймыз. Жастардың бойындағы өзін білемдік ешбір сын көтермейтін жағдайларға жетіп отыр. Ендеше, ел басына түсіп, еңсесін езген осы кінәраттың түп-төркінін анықтауға тырысып көрелік.

Халқымыздың өзі өмір сүрген ұзақ тарихында небір кезеңдерді бастарынан өткізіп, заман дауылдарының аяздай қарыған үскіріктеріне ұшыраған сәттері көп. Әсіресе, соңғы үш ғасырға жуық уақыттың ішінде аса күрделі аласапыран кездерді бастарынан өткізді. Өз билігінен ажырап қалған халықтың азып-тозып кетуіне көптеген себептер ықпал етті. Енді сол себептерді іріктеп, жұптап қарасақ:

1. Өз еркіндігі жоқ, басқа жұрттың боданы болып келген елдерде ғана қалыптасатын, топастана бастайтын тоғышар орта;

2. Тағдыр тауқыметінің салдарынан ата-баба дәстүрлерінен адасып, оның үстіне арақкештікке салынғандықтан адамдық парасаттарынан айырыла бастаған ата-аналардың бой көрсете бастауы;

3. Ата дәстүрінің құндағында өспей, ана тілінде тәрбиеленбеген жаңа буын жас ұрпақтың есер қылықтары... — деп шартты түрде топтастыруға болатын тәрізді. Оның үстіне халқымыздың ежелден келе жатқан дархан мінездерін дарақылыққа, жомарт пейілдерін ысырапшылдыққа айырбастай салатын пендешілігіміз де жетіп жатыр.

Міне, 1990 жылы 25 қазан айында, халқымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, өзінің дербес мемлекет ретіндегі декларациясын дүние жүзіне паш етті. Енді өзін-өзі билейтін ел болмақ?! Олай болса, жоғарыдағы айтылған топастана бастаған тоғышар орта да жөніне келіп, ата-баба дәстүрінен ажырап қалған қауым да, ана тіліміздің қасиеттері де қайтып оралғалы отыр. Бірақ, бұл қасиеттер аспаннан өзі келе салмайтындығын ел болып ұғынуымыз керек. Сондықтан, егеменді елдігімізді толық меңгеруіміз үшін **“еңбектеген жастан, еңкейген қарияға дейін”** намыстарын қайрап, жігерлерін жанитындай белсенділікке ауысуымыз ауадай қажет. Сөйтіп, тіршілік-тұрмысымыздағы белең алып отырған ата-ана мен бала арасындағы қайшылықтар да жойылып, адамшылықтың ақ босағасын аттаймыз деген үмітіміз мол. Ол үшін үзіліссіз ұрпақ тәрбиесін халық педагогикасының құндағында, ерекше жігермен ел болып қолға алатын мезгілді өткізіп алмауымыз керек.

Ана құрсағындағы тәрбие, немесе халық педагогикасының II-ші негізі

Ана құрсағындағы тоғыз ай — Адам ғұмырының ең ұзақ, ең күрделі кезеңі. Оның ұзақтығын түйсіну мен сезінуге ақыл күшін қосу арқылы байқасақ, Жер бетіндегі тіршіліктің сатыларын қамтуға кеткен 500 миллион жылмен пара-пар. Міне, мұны түсіну үшін тіршілік құпияларына тереңдей толғап үңілмей болмайды.

Қазіргі ғылыми дәлелдерге сүйенсек, Ана құрсағындағы өсіп жатқан Жан иесі өзіне берілген тоғыз айдың ішінде табиғатта кездесетін барлық тіршіліктің әр деңгейдегі

сатыларын басып өтеді де, “...он сегіз мың ғаламның...” сипаттарын түгелдей қайталап шығатындығы белгілі. Былайша айтқанда, бір клеткалы “**қарапайым**” тіршілік көзінен бастап, хайуанат әлеміндегі омыртқалыларға дейін, тіпті оның ең шырқау биігі болып саналатын Адам бейнесіне де біртіндеп ауысып жетіледі. Сөйтіп, табиғаттағы әр тіршіліктің өз аты-жөндерімен атасақ, бір клеткалы амебадан құрт-құмырсқа, бақашаян, жан-жануарлардың саты-сатыға бөлінетін баспалдақтарын басып өтеді екен.

Бұл күллі табиғат жаратылыстарының ішіндегі аса күрделі, әлі де тылсымы ашылып бітпеген, құдіретті құбылыс екендігінде сөз жоқ. Қысқа ғана ескерте кетсек, Жанның ОН ЕКІ АРНАСЫ – **түйсік, сүю, ұят, мінез, жігер, зерде, табиғи қабілет және ішкі бес сезім** де осы Ана құрсағында ғана ашылатынын ұғынған жөн. Әрине, мұндай құдірет табиғат шебердің ғана қолынан келмек.

Міне, осынау айтуға ғана жеңіл, ал өсу жолындағы әрбір сәті күрделі сан алуан құбылыстарға жіктеле отырып, тек биология мен физиология заңдылықтарына ғана бағынып дамытын тоғыз торқаның ішіндегі жан иесі - **жүрек тәрбиесі** атты жүйенің әліппесін парақтап та кетеді екен. Егер әл-Фараби тұжырымына жүгінсек: “...Адам мүшелерінің ішінде ең алдымен жүрек пайда болады, сонан кейін ми, одан кейін бауыр, бұдан кейін көк бауыр... сосын басқалары пайда болады. Бәрінен соң ғана қимылға келетіні “**жыныс мүшелері**” дей келіп, жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені, ол ағзадағы барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді”, - деп таңғажайып тамаша тұжырым жасайды.

Әл-Фараби өзінің осы тұжырымдарын ары қарай ғылыми жетілдіре келіп, түркі халықтарының тәлім-тәрбиесінен (халық педагогикасынан) негіздерін алатын үш түрлі ілімнің - **хауас, хауас салим, хауаси**

хамса заһириди (түйсік, ішкі бес сезім және сыртқы бес сезім), екінші - **Имани гүл** (үш сүю), **үшінші – Жәуанмәртлік** (ақыл, әділет, рақым) мәнін түсіндіреді. Бұл ілімдер – өз топырағына түспеген дән сияқты - араб елдерінде өзінің өркендей даму жолдарына түсе алмайды. Бірақ түркі халықтарынан шыққан ғұламалар ғұламахи Дауани, Жүсіп Қарабағи, Жүсіп Баласағұн, Әлішер Науаи бұл жайында көп еңбектер жасайды. Жүсіп Баласағұн осының негізінде дүние жүзін тамсандырған “**Құтты білігін**” поэзия тілімен өмірге әкеледі. Бұл айтылған үш ілімді ары қарай жетілдіріп ерекше биіктікке көтерген ұлы Абайдың орыны жеке-дара бір бөлек.

Мінеки, қазақ жұртының ұлттық педагогикасының тамыры тым тереңде жатқанын осыдан-ақ анық аңғаруға болады. Бұны ғылыми негіздерде дамыту болашақтың ісі. Біз көтеріп отырған адам тәрбиесінің алғашқы екі кезеңі **ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тәрбие** бүгінге дейін ғылыми педагогикадағы тәрбие жүйелерінен мүлдем тыс қалған. Сондықтан да адам тәрбиесіндегі орны толмас кемшіліктер қатпар-қатпар күйінде жалғасып жатыр.

Біздер ұсынып отырған **жүрек тәрбиесінің жүйесі** - адам бойындағы күллі имандылықпен, инабатты мінез-құлықпен, табиғи қабілеттің негіздерін, жаратылыс заңдылықтарымен үндестіре дамыта қалыптастырып, жарық дүниеге іштен жетілдіріп тудырады. Бір ерекше даралай атап, таң қалатын нәрсе, осы құбылысты біздің ата-бабаларымыз білген. Сондықтан да олар: “**...Алып - анадан туады...**” - дейтін ұрпағына тұжырымды бағдарлама қалдырған.

Құрсақтағы жан иесінің бір жарым айдан кейін-ақ бармақтай ғана жүрегі мен қан тамырлары жүйесі қалыптасып, бірден қозғалысқа түседі. Сөйтіп, анасының түйсігі мен сезімдері арқылы жүрек тәрбиесі қалыптаса бастайды. Бұл күллі тәрбие атаулының алтын арқауы болып саналатын жүрек тәрбиесінің мәні мен мазмұны тек ана

күрсағында қалыптасады деген сөз.

Ана атаулы екіқабат кезінде айналасынан сезінген қым-қиғаш әсерлерді көңіл-күйлерімен әлдилей аялап, күрсағында өсіп жатқан тіршілік иесіне, алпыс екі тамыры арқылы ықпал етуін бірде-бір сәт тоқтатпайды. Ол өзі сезінген жайлы да жайсыз тітіркендіргіш әсерлерді, үнемі ішінде жатқан Жан иесінің жүрек қылын күйге келтіруге жұмсайды. Сөйтіп, оның жүрек тәрбиесін қалыптастыру арқылы келешекке келер адамның аса елгезек әсерленгіштігімен қоса, оның табиғи қабілетін жетілдіре отырып, мінез-құлқының парасаттануына ықпал етеді. Міне, осындай жүкті кездеріндегі бойына бітетін аса күдіретті құбылысты дұрыс пайдалануды, бұрын парасаты мол, түйсігі терең аналар ғана аңғара алды. Ал көпшілік аналар мұндай қасиетті біле бермеген. Сондықтан да бұл жағдайды **“...Мыңнан бір ана ғана білген...”** десек асыра айтқандық емес.

Егер біз ЗАГС және басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, осынауға жайып құбылыстардың сырларын әрбір жас анаға үйретсек, біздің болашақ ұрпағымыз ғана үлкен сапаға ауысып қоймайды. Сонымен қоса, күллі ел-жұртымызды да бірте-бірте сауықтыра алған болар едік. Біздер күні бүгіннен бастап, осыншама ұлы арманды жүзеге асыруды бастап кетсек, бекер ғұмыр кешпегендігіміздің айғағы болар еді.

Ұлы Абайдың **“Жүрек тербеп оятар баста миды”** деп тұжырымдауында телегей-теңіз ғұламалық жатыр.

Жалпы, күрсағындағы Жан иесінің болашағын болжай білген аналар көп. Солардың бірі - Тобықтының анасы Айпараның мынау бір ауыз сөзін еске түсірелік.

Шынжыр балақ, шұбартөс Ырғызбайым,

Тоқпақжалды, торайғыр Көтібағым,

Әрі де кетпес, бері де кетпес Тоңайым,

Сірә да оңбас Торғайым..., - деген сөздерін осы күнгі ұрпақтары үнемі

таңырқай еске алып отырады. Анасының осы айтқанындай, төрт ұлынан тараған ұрпақтарының сипаттары тура келгенін ешкім жасыра алмайды.

Осы тектес мысал, бес қыпшақтың анасының айтқанынан да байқалады. Ол былай айтады:

1) Бұлтың бітті бойыма, ұрлық кірді ойыма; 2) Торы бітті бойыма, билік кірді ойыма; 3) Ұзын бітті бойыма, ерлік кірді ойыма; 4) Көлденең бітті бойыма, сауда кірді ойыма; 5) Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма, - деген екен.

Ананың күрсағында жатқанда тәрбиелеу, адамзаттың ашатын ала бөтен жаңалығы болары хақ...

Нәресте кезеңі немесе халық педагогикасының III-ші негізі

“...Ал, қазақ, мешел болам демесен, бесігіңді түзе!”

Мұхтар Әуезов

Бесік – адам баласы игерген игіліктердің ішіндегі ең парасаттысы. Ол үй шаруасында пайдаланатын заттардың ешқайсысымен де салыстыруға болмайтын мүлік. Тіпті, оның өзіне тән қасиеттерін кең түрде тарата алсақ, күллі адамзаттың игілігіне айналдыруға да болар еді. Сондықтан да бесікті ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқан Орта Азия мен Қап тауының қойнауын мекендейтін алуан тілдегі толып жатқан жұрт, Таяу Шығыс пен Кіші Азия елдері бүкіл жер бетіндегі Түркі халықтарының өмір тәжірибелеріне ерекше көңіл аударған жөн. Өйткені, бесік жаңа туған бала үшін де, онан да бетер, жас босанған Ана үшін де қажет. Оның атқаратын биологиялық және физиологиялық қызметтерінің теңдесі жоқ. Тіпті, оның кейбір өміршең қасиетін басқа еш нәрсемен алмастыруға болмайды. Себебі, бұл қасиеттер тек Бесікке ғана тән.

Ұрпақ тәрбиесінің негізгі бір тірегі – бесік. Кешегі халқымызды мәңгүрт етуге тырысқан зобалаң жылдар бесік тәрізді қасиетті мүлкінді де күресінге лақтырды емес пе? Бас пайдасы үшін арын сатқан

ғалымсымақ әзәзілдердің азғыруымен, қалың қауым ата-баба қасиеттерін тепкендей болды. Соның әсерінен қаншама жылдар бойы ұрпақ тәрбиесінің құтынан айырылды. Бесіксіз өскен баланың сағат сайын шырқырап, мазасыздануынан, жас босанған талай ананың түн ұйқысы төрт бөлінуінен жүйкесі тозып, олардың омырауларынан сүт шықпайтын ауыр халге ұшырады. Қазір бұл әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Осыған орай, тек бесікке ғана тән Бала мен Анаға берер қасиеттерге тоқталып көрелік. Барынша ойымызды топтастырып айтсақ:

біріншіден, бесік - әмбебап тазалық,

екіншіден - терең ұйқы,

үшіншіден – сәби үшін тендесі жоқ микроклимат.

Мінеки, бесік беретін осындай үш түрлі қасиеттің арқасында дүниеге жаңа келген сәбилердің дендері сау болып қана қоймай, сонымен қоса, олардың дене мүшелері мен жұлын-жүйкелері табиғи үндестікте өсіп жетілмек.

Бесікті күстәнәлаған қазіргі таңдағы жағдайымыз қалай?

Ашығын айтсақ, бесіксіз тәрбие жас босанған анаға да, жаңа дүние есігін ашқан сәбиге де оңай тиіп отырған жоқ. Сәбидің сағат сайын дәретімен асты суланып, ұйқысы қашып, жүйкелері тозып, өзінен-өзі әлсірейді. Бұл жағдайды түсіну үшін аса үлкен ғұламалықтың қажеті жоқ. Өйткені, жаңа туған жас сәбидің денесіне тиген дәреті оның балғын терісін тітіркендіріп қоймай, тіпті тұз құйғандай ашытады. Бөленбеген аяқ-қолдары ербеңдеп, терең ұйықтап тыныстауға мүмкіндік бермейді. Осының салдарынан, жас нәрестелер аз ғана уақыт ішінде, шала ұйқыдан асқынған **невроз** дертіне шалдығады. Бебеу қаққан ана да, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалатындықтан оның да жұлын-жүйкесі тозып тынады. Оның үстіне тәулік бойы таудай болып үйіліп қалатын зәрмен шыланған жаялықтарды жуып-ақ жас босанған аналардың күш-қуаттарынан ештеме қалмайды.

Міне, халқымызды бесігінен бездіріп, қолдан жасалынған есуас әрекеттермен ұйқысыз түндер, жаялық жуумен өтетін күндер, жас тума аналардың жұлын-жүйкесін тоздырып тынады. Осындай күйге ұшыраған аналардың сәбилеріне деген сезімдері қалай болмақ?...

Жүйкесі тозған нәрестенің тәрбиеге икемділігінен не қалады? Міне, бұл сауалдар сөз жоқ, кезек күттірмей шешетін мәселелер екендігі даусыз? Ендеше, бүкіл халқымызды азапқа салып аздырған заманның ландарын тез арада танып қана қоймай, оны бірден пәрменді тәсілдермен күнделікті тұрмысымыздан аластауымыз керек. Бұл мәселеде де, біздерге қолұшын берер халқымыздың қасиетті дәстүр, салттары болмақ. Ендеше бесіктен безінуіміздің салдарынан жас босанған ананы да, дүниеге жаңа келген жас нәрестені де қолдан **невроз** жасап отырғанымызды мойындауымыз керек.

Міне, осынау сауалдың ықпалымен тұмса аналар исінуден қалып отырса, нәрестелеріміздің психикалары дұрыс жетілмеумен қоса, балалардың шығыны да аса көп. Өйткені, жөргегінде дұрыс ұйықтаудан айырылып, ана сүтіне жарымай өскен баланың дене құрылыстары түгіл, оның енді ғана, ояна бастаған психикасының да орасан ауыр зардаптарға ұшырайтындығы белгілі. Оның үстіне бесікке бөленіп тәрбиеленбеудің салдарынан, жас нәрестенің бесік жырымен жетілетін **Жүрек тәрбиесі** де өз бетіне әдірә қалады. Бұл ойланбасқа болмайтын аса ауыр ахуал. Себебі, жүрек тәрбиесі – күллі адам тәрбиесінің іргетасы екені белгілі. Олай болса, еліміздің ежелгі мүлкі Бесікке жаппай қайта оралудың мәні ешқандай үгіттеуді көтермейтін шындық. Ол ұрпақ тәрбиесінің де алтын дінгегі болып қала бермек...

Жалпы, бесікке бөлеп өсірген балалардың асты құрғақ, үсті жылы болғандықтан, өзіне қажет мөлшердегі ұйқысын да дұрыс пайдаланады. Жас нәресте алғашқы айларында, нақтырақ айтсақ, сәби қырқынан

шыққанша, тіпті үш айға дейін, кем дегенде 18-20 сағаттан аса уақыт ұйықтаулары ауадай қажет. Ол үшін оған тек астының құрғақтығы ғана емес, сонымен қоса, айналасындағы дыбыстармен ауа қозғалыстарының екпінін де қағып қалатын бесіктің шымылдығының да маңызы зор. Ол тіпті, бұдан басқа да толып жатқан тітіркендіргіштерден сақтай алатын **микроклимат** екендігін де ерекше ескергеніміз жөн.

Осындай аса үлкен мәні бар жағдайларды қамтамасыз ететін бесік – жас сәбидің жан жайлауындай қасиет берер құдіретті мүлік. Тек, бесік ішінде ғана ұйқысы қанып, тән рахатына кенеле алатын болғандықтан, бала оянған сәттерінде жадырай езу тартып, бесіктен босанысымен-ақ керіле-созылып, кереметтей ләззатқа бөленеді. Осы сәтте ұзақ уақыт сәбиін қолына алмаған ана да бар мейірімімен емірене толғанып, нәрестесін сылап-сипаған алақанының табымен де таңғажайып әсер етпек. Мұндайда халқымыз **“...Бала сылаумен, қар қылаумен өседі”** дейтін тамаша тұжырымдарын қалдырған.

Айта берсе, бесіктің сыры тым тереңде жатыр.

Ана тәрбиесі. Баланың ана құрсағындағы өсетін тоғыз айы мен қырқынан шығару және үш айға дейінгі нәресте тәрбиесіндегі анаға тиісті сыбаға тым ерекше ауқымды екендігі баршамызға аян. Ол нәрестесінің құрсақтағы кезінде оған өзінің түйсігін, ішкі жан сезімдерін және сыртқы бес сезімін, алпыс екі тамыры арқылы жеткізіп, әсер етсе, енді сәбидің дүниеге келген алғашқы айларында жағымды әуен, аялы алақан, сөз, дыбыс, аналық мейірім, бәрі-бәрі де ана тәрбиесінің пәрменді құралдарына айналады.

Ата-бабамыздың дәстүрінде жас босанған ананы ауыл-аймағы болып қастерлеп, оны қол-аяғын бауырына алып сергігенше ерекше күтімге алады. Алғашқы сәттен-ақ, жайлы да таза төсек-орынға орналастырып, арнайы күтімде қалжалаумен қоса, өмірге жаңа адамның келгенін паш ететін шілдехана тойының бел ортасында жас босанған ананың болуына жағдайлар жасалынады.

Бұл қуанышты жас босанған ана ерекше көтеріңкі көңілмен қарсы алатыны айтпаса да түсінікті.

Халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өмір тәжірибесінде дүниеге жаңа келген нәрестенің кіндігін кесіп, орап-қымтап алғаннан кейін-ақ, көп кідіртпей анасының омырауына салады. Баланы, алғашқы сәтінен-ақ, анасының уызына қандыруға тырысады. Қазіргі кезде бұл тәртіп те бұзылған күйде екендігін ескертеміз. Бұл анаға да, жас нәрестеге де қиянат. Өйткені, уызға тоймаған нәрестелер қашанда аурушаң болып келеді. Бәрінен де қиыны, сәбилердің аллергиялық және басқа дерттері: диатез, есек жемі, құркұлақ, бұлақ ағу тәрізді көптеген сырқаттардың белең алуларының негізгі бір себебі, оны анасының уызына қандырмаудан шығатындығын ашып айтқан жөн. Ананың уызында нәрестенің бүкіл иммунобиологиялық жүйесін қалыптастыратын белокты заттар көп болады. Мұндай заттар ана сүтінде неғұрлым алғашқы тәуліктерде жеткілікті болатынын да ескертеміз. Олай болса, нәрестені анасының омырауына ерте беру сәбидің болашағы үшін ересен үлкен биологиялық мәні бар нәрсе екендігін түсінуіміз керек. Міне, бұдан кейінгі бір атап өтетін сәт баланың кіндігі қатып үлгіретін жетінші күннен бастап-ақ, бесікке салу рәсімі. Ол аса білімдарлықпен жасалынады.

Бесіктің құрылысы. Бесік түп-түгел ағаштан жасалынады. Қазақ халқы негізінен тал бесікті ерекше қадір тұтқан. Себебі, талдан жасалынатын бесікке иіс-қоңыс көп сіңбейді және әр түрлі кішігірім жәндіктер де жоламайтындығы ескерілген. Бесікке қажетті баланың **“жөргегінде”** мыналар болады:

1. Түбек. 2. Шүмек. 3. Бесіктің жазғы жабуы. 4. Бесіктің қысқы жабуы. 5. Қолбау. 6. Тартпа бау. 7. Баулар байланатын бел ағаш. 8. Бас жастық. 9. Екі бел жастық. 10. Аяқ жастық. 11. Бел көрпеше. 12. Аяқ көрпеше. 13. Арқалық ағаш. 14. Бесіктің басы. 15. Бесіктің аяғы. 16. Арқалыққа ілінетін жез

қоңырау.

Баланы бесікке салу өнер деп қабылданған. Сондықтан да бесік тойы жасалынады. Бесікке салуды аса тәжірибелі, парасатты әжелерге табыстайды.

Баланың балбөбек кезеңі немесе халық педагогикасының IV-ші негізі

Ұрпақ тәрбиесінің бұл кезеңі, яғни, балбөбек пен балабақша дәуірінің де ұлттық үлгілері жасалынып көрген емес. Сондықтан да, қазіргі ұрпақ тәрбиесі ұлттық психология мен халықтық педагогиканы пайдаланудан мақұрым қалып отыр. Ұрпақ тәрбиесінде осы күнге дейін қолданылып отырған оқу-ағарту жүйесі тәрізді сырттан таңылған көшірме мазмұн мен формалар үстемдігін жүргізуде. Былайша, үнемі еліктеушілікпен тәрбиеленген ұрпақтан өзінше ойлауды, халқының табиғатына лайық жетілуді күтпек түгіл үміттенудің өзі мүмкін емес.

а) Бала екі жаста. Бұл жаста баланың дене бітімдері балғадай болып, өте ықшам да сергеккүйге ауысады. Оның ойлау қабілеттері күшейіп, тыным таппай айналасындағы заттарды түсінуге, олармен қатынас жасай отырып, тілдесуге талпынады. Оған арнар уақыт мөлшерлері де (5 сағ.) көбейеді. Тіпті, өздері жасайтын қимыл-әрекеттерін өз еріктеріне бағындыра алатындай халге де жетеді. Бұл кезде олар өз ойыншықтарын өздері жинастырып, тіпті қуыршақтарын киіндіріп-шешіндіруге де жарап қалады. Олар үйренгендерін ұмытпауға тырысады.

ә) Баланың ақыл-есі. Қозғалыс қуаттары артқан сайын, баланың ойлау қабілеттері де күшейе береді. Күннен-күнге қиялдары қанаттанып, ішкі түйсігі мен сезіну қасиеттері тереңдейді. Екі жасқа толған баланың миы бұрынғысынан әлдеқайда алғырлана түседі. Оның тіл үйренуге деген ынтасы артып, 200-ден 500-ге дейін сөз тіркестерінің қоры қалыптасады. Ал, олардың әлі де айта алмағандары мен түсінетін сөздері мұнан да көп болатыны белгілі. Сондықтан да естігендерін жылдам

түсініп, дереу орындауға тырысады. Өйтсе-дағы балалар бұл жасында қат-қабаты мол, күрделі ойларды дәл түсіне қоймайды. Тіпті, күрделілікті ғана емес, жалпылама айтылғандарға да онша көңіл бөле қоймайды. Мәселен, **“балалар, асқа отырыңдар”** деген жалпылама шақыруды түсінбейді. Өйткені, олар әлі де қарапайым қысқа сөйлемдермен нақты өз аттарын атап шақырғаннан аса қойған жоқ. Бұл тұста олар өздерінің қиялы мен ойларына келгендерін, тек ойын арқылы айқындауға бар күштерін салады. Сыртқа шықса, айналасындағы табиғатқа таңырқаудан танбайды. Олар үшін көріп-сезгендерінің барлығы да жаңалық? Сондықтан да жанындағы үлкендерге: **“Бұл не? Ол не? Мынау кім? Анау кім?”** - дейтін толып жатқан сұрақтарды төпеп қоя береді. Көбінесе, олар далада естігендерін жадында ұстап қалып, үйге келгеннен кейін ойнап отырған сәттерінде өзімен-өзі сөйлесіп, үйренгендерін пысықтауға кіріседі. Мұндай әрекеттердің барлығы да ішкі түйсіктерімен байып, ойынның мазмұнымен астасып кетеді. Олар өздерінің кез келген ойындарын мазмұнға құруға тырысады. Мұндай сәтте баланың беріле ойнайтындығы соншама, тіпті, атын атап шақырғанның өзін елемейтін кездері болады. Олар үшін бұл үлкен жұмыс. Көп қуат-күштерін жұмсайды. Бірақ соншама мол ләззат та алады.

Осы кездің өзінен бастап филогенетикалық ата-баба зерделерін оятуды ескерген жөн. Ол үшін ұлттық ойындар санамақ, жұмбақ, ән-күй, шағын ертегілерді айту артық емес. Кезінде бесік жырымен үндесе дамыған **Жүрек тәрбиесі мен Ақыл тәрбиесі** енді саналы түрде жүргізілетін ойындармен тереңдей түседі.

б) Имандылыққа ұмтылу. Бала екі жастан бастап, өзінің жайсыз істеріне ұялатын қылықтар көрсете бастайды. Сондықтан, барынша өзін жағымды жағдайларда ұстауға тырысады. Ол осы сәттен бастап үлкеннің тілін алу, кішіге мейірім көрсету тәрізді, имандылық қатынастарды меңгере бастайды. Өзімен ойнап жүрген құрбыластарымен

есептесіп, олардың да айтқандарын тыңдап, өзінің де өтініштерін орындатып, бір-бірімен сыйластық қарым-қатынастардың әліппесін парақтайды. Кейде олар өзара беріп және алғанның қуаныш сезімдеріне кенеледі.

Жоғарыда айтылған, негізін әл-Фараби салған **хауас, хауас сәлим, яғни, түйсік және ішкі бес сезім** ілімдерінің жемісін, халық педагогикасының екінші негізі болып саналатын ана құрсағындағы тәрбиеге пайдалансақ, ал оның **хауаси хамса заһириди** делінетін сыртқы бес сезімінің беретін мүмкіншіліктерін барынша үндестіре жетілдіретін тұс **балбөбек кезеңі** екенін естен шығармауымыз керек. Осы жастағы сәбилердің жүрек тәрбиесінің тереңдігін аңғартатын бір жәйі, ол өзі ренжіткен балаға жаны ашып, олармен бірге жылайтын сәттері де болады. Сыртқы бес сезім – **көру, есту, тұшыну, тән сезімі** арқылы ғажайып тәрбие нышандарының үрдістеріне қол жеткізуге болады. Балбөбек немесе халық педагогикасының төртінші негізінде еңбекке баулу, сұлулыққа сүйсіну процестері де басталады.

Сәбилік кезең немесе халық педагогикасының V-ші негізі

“Көру оңай, болжау қиын”

В.Франклин.

Жас баланың 4 пен 7 жас аралығында оның ғұмырына қажетті адамшылық қуатының қайнар көзі осы кезеңде қалыптасады. Адам тәрбиесінің бұл кезеңінде халық педагогикасының қайнарында, тіпті тіршілік-тұрмысымыздың сан түрлі салаларында қолданылатын дәстүр, салттарымызды да, мейлінше жан-жақты игеруге үлгірген жөн. Ғасырлар бойы қалыптасқан ата-баба дәстүрлерінің кейбір күрделі де қиын сәттерінен жасқанбай, лапылдап тұрған жас жүректің отты сезімдерін парасатпен үйлестіріп, зергелікке де, суретшілікке де, жыраулыққа да, термешілікке де, қиялшылық пен салыстырмалы танымға да, тіпті жүйелі ойлауға да батыл

түрде баулудың мәні зор. Дәл осы тұс, баланың танымы мен саналы көзқарастарын жан-жақты етіп, тереңдете дамытуға аянбайтын сәт. **Тіпті, аса айқын байқалған дарындыларды арнайы лицейлік мектептерге топтастырып, оның қабілеттерін ерекше ашудың маңызын ұлттық қажеттілікке дейін көтерген жөн.** Тек дарыны мен талантын қастерлеген халық қана адамзаттық қазынаға өз үлесін қоса алмақ.

Адам ағзасында сонау жаратылыстың арғы тегінен, атап айтқанда, ана құрсағындағы кезеңде басып өтетін күллі тіршілік иелерінің сипаттары мен қасиеттерінің сақталатындығы белгілі. Осынау жаратылыс зерделерін де барынша ұтымды пайдаланудың сәтті тұсы – балбөбек пен сәбилік кезеңдері. Әл-Фарабидің түйсік пен ішкі бес сезім (хауас, хауас сәлим) ілімінің заңды жалғасы - үш сүю (**имани гүл**) ілімін жіті қолданудың берері көп. Жас балаға өзін жанындай жақсы көріп жаратқан **жаратушысын** (табиғатты) сүюді, одан кейін күллі **адамзатты** сүюді жетілдіре түсіп, үшінші бір күдірет ретінде де **әділетті** сүюді үйретуден үлкен парыз болмаса керек. Үшінші ілім деп қарастырылатын **Жәуанмәртлік** (ағыл, әділет, рахым) те үзіліссіз берілетін тәлім ретінде өзінің жалғасын тапқаны жөн. Баланың түйсігі мен ішкі сезімдері үндесе жетілетінінің мысалы ретінде, ұйықтап жатқан адамның өзіне қажетті уақытта, ешбір қоңыраусыз-ақ оянып, **“уақыт мезгілін”** ұйықтап жатып-ақ сезуін айтуымызға болады. Алайда, осынау физиологиялық ерекшелікті әзірге беймәлім құбылыстардың қатарына қосып жүргені, адам тәрбиесінің бастапқы екі кезеңіне мән бермей келгеніміздің жанды мысалы деуімізге болады. Әйтсе де, бұл айтып отырған қасиет адам миының ең алғашқы қатпарларында (подкорка) сақталған сонау ықылым замандардағы тіршілік тектерінің зердесі, солардан қалған түйсік екендігінде еш күмән жоқ. Осынау күдіреті мол **түйсіктік ақыл** қазіргі кездегі адам тәрбиесінен мейлінше

шет қалып отырғандығын барынша ашып айтуымыз керек. Міне, бұл сәбилік кезеңінде өте қатты қадағаланса, адам тәрбиесіндегі көп игілікке қол жетеді.

Мынандай бір аса сирек кездесетін қасиеті бар адамның аты тарихта қалыпты. Оның аты-жөні Жан Шевалье. Ол XVIII ғасырда Швейцарияда өмір сүрген. Жалпы, жұрт оны **“сайтанмен қарым-қатынасы бар”** деп сескенетіндіктен, оған көп үйір болмаған екен. Жан Шевальенің адам таңырқарлықтай ерекшелігі сол уақыт сұраған жандарға кез келген сәтте сағатына қарамай-ақ, дәл уақытты кідірместен айтып бере салады екен. Оның осындай ала бөтен ерекше қасиетін адамдар өмір бойы ұғуға талпынып ештеңе шығара алмапты.

Жан Шевальенің бүкіл ғұмырын өзінің шағын диірменінің басында, жұпыны ғана тіршілігімен жападан жалғыз ғұмыр кешіпті. Алайда, оның **“уақыт мезгілін қателеспей дәл айтатын қасиеті”** бүкіл ел ішіне, неше түрлі қауесет болып түрлене түлеп тарап кетіпті. Жан Шевальеге оның өмірінің соңғы шағында Шаван деген ғалым келіп жолығады. Зерттеуші онымен жақынырақ таныса келе оның ешқандай сиқыршылық та, әулиелік те қасиетінің жоқ екендігін аңғарады. Тек оның аса көп оқыған, неше алуан әңгімелерді көп білетін адам екенін түсінеді. Әйтсе де, зерделей қараған адамға Шевальенің сыры тым қарапайым да емес, сонымен бірге, таңырқауға да тұрарлық қасиеті бар екені рас болып шығады. Өйткені, ол өмір бойы ояу кездерінде үнемі ішінен уақытты секундтап, минуттап, сағаттап есептеуге әдеттенген. Ол жұмыс істеп жүрсе де, кітап оқып отырса да, өзге жұртпен әңгіме үстінде де ішінен уақыт санауды тоқтатпайды екен. Солай болған күннің өзінде де, оның уақыттан ешбір жаңылмайтындығы ақылға сия қоймаған. Сондықтан да жұрт онымен әдейі дауласып, жарыса есептеп, жамырай сөйлеген сәттерді пайдаланып, кенет **“уақыт қанша болды?”** - деп те сұрап көрген. Бірақ Шевалье сол сәттің өзінде де еш кідірместен, дұрыс уақытты секунд-минутына дейін айтып

беретін болған.

Бұл тәріздес өмір ритмдерін сөз еткенде, еріксіз белгілі физиолог Н.Пэрнаның жеті жылдық психологиялық ритмдер жайындағы зерттеулерін ескерген жөн. Оның болжамдары бойынша, адам ғұмырының ұзақ жолдарында бірнеше ауысып отыратын **«бетбұрыс»** кезеңдері болады екен. Олар 6-7 жаста, 12-13, 18 бен 19, 25 -26, 31 мен 32, 37-38, 43 пен 44, 49 бен 50, 56 мен 57, 60 пен 61, тағы осылайша жалғаса береді.

Ғалымның пікірінше, бұл жылдары адамдардың **“рухани өсуі”** мен **“сана-сезімдерінің ашылуы”** үндесе дамидынығын сипаттайды.

Бала мектепке дейінгі 4-5 жасар кезеңінде немесе балабақша тәрбиесі тұсында сан-салалы танымдарды игеріп, неше алуан қиындықтарға толы, аса күрделі құбылыстарды да ұғына алатын жағдайға жетеді. Бұл кезде мидың үстіңгі жарты шарлары (кора) баланың бүкіл мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін басқара отырып, өзінің күллі нерв талшықтары мен жұлын-жүйкелерінің тереңдей жұмыс істеу қабілеттерін күшейте береді. Міне, осыған байланысты күн өткен сайын балалардың дене құрылысы мен психикасы үндесе тереңдей жетілуінің ықпалында болады. Төрт-бес жасар балалардың ақыл-есі, салыстырмалы ойлай алатын қабілеттері күшейіп, барынша ерекшелене түседі. Санамақтарды игеріп, аздық пен көптікті, қалың мен жұқаны ажырата алатын халге жетеді. Айналасындағы заттардың жоғары-төмен сатыларын, уақыт мезгілдерін түсінумен қоса, жыл мезгілдерін де жақсы ұғынып, ажырата бастайды. Жалпы адамның ақыл-есінің қайнар көзі болып табылатын, оның ми қабаттарының жұмбағы әлі шешіле қойған жоқ. Әсіресе, ми қабаттарының күрделі құбылыстары мен құрамдық сипаттарын тек қана космоспен салыстыруға болар. Мәселен, аспандағы жұлдыздар дүниесі қаншалықты шексіз, көз жеткісіз шетсіз болса, адам миының жұмбақтығы онан да күрделі екендігі дәлелденді. Бірақ

осы күнге дейін мидың ашылған сырынан гөрі ашылмаған жұмбақ қасиеттері, әлі де сол тылсым күйінде қалып отыр.

Бала тәрбиесінің жаңа тәсілдерін іздестіргенде, сөз жоқ, мидың ерекше қасиеттерін ескермей болмайды. Әлі ештеңемен былғана қоймаған сәбилердің ми қабаттарының тіршілік ырғақтарын (биоритмін) ғылыми негізделген жүйемен пайдаланғанның жетістіктері әлдеқайда мол болмақ.

Ойын. Төрт-бес жастағы балалардың ойындарын өткен жастағы кезеңдерімен салыстыруға еш келмейді. Бұл жастағы ойындардың әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, белгілі бір мақсаттарды орындауға ұмтылыс жасайды. Мұндай талап баладан үлкен қуат, күш-жігермен қоса белгілі бір мөлшерде зейін зердесінде қалыптасқан білім қоры мен жинақталған іс-тәжірибелерін де пайдалануды қажет етеді. Осының бәрі бірте-бірте баланы табанды еңбек етуге баулиды. Осындай еңбекке үйренудің үстінде, оның инабатты тәлімі мен мінез-құлқының төзімділігі де қалыптаса түседі. Бұл жастағы балалар топ-топ болып, бірігіп ойнағанды жақсы көреді. Олар кейде белгілі бір мазмұнға құрылған ойындарын қатарынан бірнеше күнге созып жіберетін сәттері де жиі кездеседі. Бірақ одан өздері кереметтей ләззат алады. Бірінің қиялын екіншісі дамыта түсіп, ойындарын ерекше мазмұндандырып аса қызықты етіп жібереді. Жалпы, нағыз тәрбиеші баланың 4-5 жастағы кезеңдеріндегі іс-әрекеттерінен ешуақытта шаршамаса керек. Өйткені, не істемесе де олар барынша саналы түрде жасауға тырысады. Міне, баланың осы жасында қысқа-қысқа уақыттарға ықшамдап ән-күй, домбыра мен қобызда ойнау, шағын ертегілер тыңдатумен қоса, неше түрлі ұлттық ойындарды қызықты етіп үйрету керек. Оларды неге тәрбиелесең де, ойын тәріздендіріп өткізудің қызықты да тиімді болары хақ.

Инабат. Төрт-бес жасар балалардың үлкенге деген ізеті мен кішіге деген

мейірімділігі күннің шуағындай әсерлі де, жан-дүниеге рахат сезімдер ұялатады. Оның бұл қылықтарын үлкендер ешуақытта қағаберіс қалдырмай мадақтап отырғандары жөн. Сонда мұндай қылықтарының дұрыс екендігін бала жақсы түсінеді. Үлкеннің тілін екі етпей алып, бірден тындыруға тырысудың жөні ерекше дамитын кез. Олар бұл жастарында әділеті мол, мейірімді жандарға аса ынтық болады. Осылайша жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің үндесе жетіліп, саналылық әліппесі парактала бастайды.

Сана – ой елегінен өткен білім десек те немесе болып жатқан оқиғаларды ой елегімен іріктеп, талғап қабылдау деуге де болады. Әуелі санаға, ең алдымен ой келетіндігі, сонан кейін ғана ойланудың басталатындығы түсінікті. Бірте-бірте ой үстіне ой қосылып, санаға ырық, мақсат көздеу, талап-тілек, сонымен қоса сезімдердің үндесуінен әсер алу, ренжу, қуану, қайғыру тәрізді көңіл күйлері араласады. Бала кезден бастау алатын күнделікті тәрбиенің бұл тектес тәлімдері, адамдардың ұзақ ғұмырында бір сәтке де толастамай, үнемі жалғаса береді. Ақырында бала кәмелеттік жасқа жеткенде, тіршіліктегі көптеген әрекеттерді сараптай пайдалануға да шамасы жететін кезеңге шығады. Баланы 4-5 жасында еңбекке баулу, сұлулыққа сүйсінуі де бөлек-бөлек әңгіме.

“Жеті атасын білген ұл - жеті ру, елдің қамын ойлайды” - дейді халқымыз. Балалар бақшасындағы соңғы екі жылды тәрбиелік қуаты мен санадағы өзгерістердің өлшемін еш кезеңдермен салыстыруға келмейді. Бұл шақ адам ғұмырындағы ең алғашқы сана көзі мен сезім түйсіктерінің ағарып атқан ақ таңы тәрізді. Бүкіл адамшылық негіздерінің қайнар көзі де осы тұста ерекше ашылуымен қоса, мінез-құлықтың қалыптасуы да қауырт жүреді. Олар осы жастарында негізгі мектепке әзірленеді.

Баланың мектепке жеті жасқа толғаннан кейін баруы өте орынды. Өйткені, адам ең алдымен жаратылыс заңдылықтарына бағынатын биологиялық индивид екенін

ешуақытта естен шығармаған жөн. Бала осы жасында физиологиялық бір кезеңінен оның екінші кезеңіне ауысады. Ол сәбиліктен өтіп жас бала сипатына ауысады. Бұл сәттен бастап жыныс бездерінің гармональдық әсерлері өз қызметіне кіріседі. Осылайша адам санасы мен мінез-құлықтарына әсер ететін үш бірдей жүйенің үндестігі басталады. Оларды біздер адам тәрбиесінің үш жүйесі: жүрек тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, жыныс тәрбиесі деп жіктей саралап, ықпалы мол жүйе ретінде ұсынамыз. Осы үш жүйенің үндесе қызмет істеуінен, бүкіл адамдық темпераменттердің негіздері қалыптасып қанақоймай, сонымен қоса, әрадамөзітіршілік етіп отырған әлеуметтік ортаның әсерімен қоғамдық тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Бұған әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын тектік қасиеттерінің әсерлерін де қосқан жөн. Бала тәрбиесіндегі ата-баба зердесі де, оята білсек, олардың ішкі қуат көздерін ашпақ. Жеті жасарлардың ойлауы мен ойнау тәрбиесіне де көптеген өзгерістер енеді. Балаға тәрбие сабақтары I, II, III және IV тоқсандарға жіктеліп өткізіледі және бұл сабақтардың өзіндік бағыт-бағдары мен әдістері болады.

Балиғат кезеңі немесе, халық педагогикасының VI-ші негізі

“Құпиялы құбылыстарды ғажайып екен дей салуға болмайды”

И.Гете.

Баланың мектепке жеті жасында баруы негізінен биологиялық және физиологиялық заңдылықтарды басшылыққа алудан деп түсінген жөн. Өйткені, дәл осы жастан бастап **“шабдалдың үшінші бұтағы”** деп бейнеленетін жыныс жүйесі біртіндеп бүршік жара бастайды. Бұрынғыдай емес, ұл балалар қыздарға, қыз балалар ұлдарға мүлдем жаңа көзқараспен қатынас жасауға ұмтылады. Осы кезеңнен бастап, жыныс безі мен жұлын-жүйке сөлдерінің үндесе қызмет атқаруының арқасында, адамның мінез-құлықтары мен темпераменттері

ғана қалыптасып қоймай, әр тұлғаның өз ерекшеліктерінің даралай дамуының ең күрделі сатыларына ауысады. Олай болса, табиғат қашанда заңдылықты сүйетінін ескергеніміз жөн.

Адам тәрбиесінің ең алғашқы екі кезеңі, яғни, ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тоғыз ай кезеңінде ойдағыдай жетіліп туған жас балалар әрқашанда алғыр да зерек болып келеді. Олар айналасындағы құбылыстарды тез ұғынып, қабылдауға бейімділік танытумен қоса, түсінгендерін өмір бойы ұмытпайтын зерделіліктің де сапасын байқатады. Баланың осындай ерекше қасиеттері жайында Н.К.Крупская: **“оның ала бөтен ерекше әсерленгіштігі – жеделқабыл танымдылығын да күшейтеді”** - деп тұжырым жасайды. Мұны Я.Корчак та: “Бала – сезімділіктің Тәңірі, – деп құптайды. Міне, осы тұжырымдарды жоғарғы нерв жүйесінің ілімдеріне сүйеніп, түсінгіміз келсе, И.П.Павловтың мына сөзіне көңіл аударалық: “Жан-жануарлар әлемінің жетіле өсуінің адамдық фазасында оның жоғарғы нерв жүйелерінің қызметінде қосымша өзгерістер пайда болады. Әуелден бар бірінші әсер (сигнал) қабылдау жүйесі жетіле келіп, екінші әсер (сөз) қабылдау жүйесімен үйлеседі. Бұл табиғат шебердің жасаған тіршілік әлемінің шырқау шыңы еді...” - дейтін ғылыми жаңалығының маңызы зор. Сонымен қоса, бұл екі жүйе тепе-теңдік заңдылығын үнемі сақтауға тиіс.

Біз халық педагогикасының негіздері туралы осы еңбегімізде, ұрпақты үзіліссіз тәрбиелеудің кестесін жасап, біртұтас үзіліссіз қазақ мектебінің болашақ құрылымының сызбасын ұсындық.

Жалпы, адам ғұмырындағы ең бір жауапты кезең ол мектеп қабырғасында өтетін тәрбие мен тәлімнің дұрыс ұйымдастырылуы болып табылады. “Ұйымдастыру” деген сөз XX ғасырдың ең ұлы ұғымына айналып отыр. Оны терең түсініп дұрыс жолға қоймайынша адамзат қауымының үндестікке толы өркенін көз алдына елестетудің өзі қиын. Өйткені,

әрбір жеке адамның іс-әрекетінен бастап мемлекеттік басқару жүйелеріне дейін, тіпті, ғылым мен творчествоның да ерекше жемістілігіне, тек дұрыс ұйымдастыру шеберлігін игергенде ғана қолымыз жетпек. Олай болса, адам баласының шыр етіп дүниеге келгеннен кәмелетке жеткенге дейін өтетін сан алуан тіршілік сабақтары барынша дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Әйтпесе, ұрпақтарымыздың тәрбиесі мен тәлімі жанбай жатып сөнуге де, ақпай жатып іркілуі де ғажап емес. Ол үшін биологиялық индивид ретінде, ең әуелі адамның табиғаты мен жан-дүниесін түсініп алған жөн. Міне, осынау күрделі құбылыстың жауабын адам жаратылыстарын терең зерттеген ғұламалар әл-Фараби, ибн-Сина, Ф.Энгельс, И.В.Павлов пен А.А.Ухтомскийдің еңбектерінен байқауға болады.

Мәселен, баланың биоритмдерін салыстыра келіп (тамыр соғуы, тыныстауы, жүйкенің қозуы мен саябырлауы және т.б.), оның ойлау қабілетінің белсенділігін анықтай келгенде, қазіргі біздердің мектептерде пайдаланып жүрген 45 минут уақыт мидағы биоритмді ескермейтін ұзақтығын байқатады. Ендеше, тіршілік ырғақтарын бұзу арқылы, әсіресе, бастауыш сыныптың оқушыларын тез шаршату оңай екен. Биоритмді ескермей жүргізілетін сабақтардың сапасы да нашар, оның үстіне баланың ынта-жігерлерін де әлсіретіп, бірте-бірте бейтараптық мінезге үйретеді екен. Сондықтан, әсіресе, бастауыш сыныптардың сабақтары **30-35 минуттан** аспағаны ғылыми негізделген. Белгілі гигиена маманы Р.Г.Сапожникова, өзінің

көп жылғы зерттеулерін қорытындылай келіп: **“кез келген сабақтардың соңғы 10-15 минуттары баланы қатты шаршататындықтан, оның тақырыпты игеруі мен қабылдауында өте көп кемістік бар”** - деуінде үлкен шындық жатыр. Осыны қуаттай пікір айтқан А.Н.Кабанова: “Сабақтардың уақыт мөлшерлерін қысқарту арқылы ми қабаттарының тез сергіп, жаңа қуаттылыққа ауысуына жағдай жасалынып, сонымен қоса, оның қабілетін арттырумен жоғарғы деңгейдегі биоырғаққа жетілдіреді, - деп тұжырымдайды.

Кәмелеттік кезеңі, немесе, халық педагогикасының VII-ші негізі

Жаппай міндетті білім беретін негізгі мектептің (7-8-9) оқу көлемі мен мазмұны тоғызыншы сыныппен аяқталуы керек. Осы кезде мектеп бітіретін қыз бен жігіттер 15-тен 16-ға шығады. Бұл жастар азаматтық жауапкершілікке жетіп, қолдарына куәліктерін алады. Міне, осы сәттен бастап еш зорлықсыз әр адам өзінің келешегін, табиғи қабілеттеріне орай таңдауы қажет. Сонда ғана тіршілік үндестіктері өз орындарында болмақ. Біз ұсынып отырған оқу жүйесінің құрылысы негізінен физиологиялық заңдылыққа бағынса, сонымен қоса, қоғамдық өзгерістердің ішкі қатынастарын да ескеретіндігімен құнды. Өйткені, он алты жасқа толған жігіттер мен қыздар өз мүмкіндіктерін, басқаға қарағанда өздері әлдеқайда жақсы білетіндігін ұғынуымыз керек.

ТҮЙІН ОЙ

Осынау барынша түйіндей қысқартып жазылған «Адам тәрбиесінің жаңа ілімінің» - Жеті түрлі негіздері немесе Физиологиялық кезеңдері бұрын-соңды бүйтіп жүйеленбегенін ұққан дұрыс. Байқасаңыздар, әр кезеңнің Басы мен Аяғы бар екендігімен қоса, тек сол кезеңдердің өзіне ғана лайықты ТӘРБИЕ ТӘСІЛДЕРІ болатындығы да алғаш рет айтылып отыр. Осылайша, адамдағы Тән құрылысы мен Жан дүниесінің тәрбие тәсілдері өзара үндеспей, Абай ғұлама аңсаған «толық адам, нұрлы ақылдың» шұғылалы сәулесіне шомыла алмайтынымыз анық. Бұл ілімнің инновациясы мен технологиясын, «Педагогика мен психология негіздері» (2008) атты оқулық-монографиядан жан-жақты танысып, тіпті оның екі сатылы МЕТОДОЛОГИЯСЫ

ӘДЕБИЕТТЕР:

- ## Резюме

Summary

Қ.Бөлеев –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ ұлттық білім беру академиясының академигі,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
“Педагогика және этнопедагогика” кафедрасының меңгерушісі

ЖАҢА ТҮРПАТТЫ ҰЛТЖАНДЫ МҰҒАЛІМ ДАЙЫНДАУ МОДЕЛІ

Бүгінгі таңдағы кеңістік өзгерістері және әлеуметтік тарихи уақыт мұғалім тұлғасына өзіндік талаптарын қояды. Сол себепті «Мектеп мұғалімі қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап іздеу ісі тоқтаған емес. Педагогика, психология және социология ғылымы сол ізденістердің алдыңғы шебінен табылуда. Айталық, Ресей ғалымы Л.М.Митина «Учитель как личность и профессионал» атты еңбегінде мұғалімге тұлғалық және кәсіптік қасиеттері тұрғысынан келе отырып, оған тән болуға тиісті 35 көрсеткішті атаған. Олар: сыпайылық, ойшылдық,

байқағыштық, өзін-өзі ұстай білуі, мінез-қылығын бағдарлай алуы, қайырымдылық, идеялық сенімділік, ісіне мұқияттылық, бастамашылдық, ісіне шынымен ықыласты болуы, ұжымшылдық, саяси саналылық, бақылау ісіне қабілеттілік, тыңғылықтылық, жауаптылық, балаларға сүйіспеншілігінің мол болуы, бала сұранысына сергектік, өзін-өзі ұйымдастыра алуы, адамдық арақатынастағы ашықтық, тәртіптілік, әділдік, педагогикалық ой-өрісінің жоғарылығы, көрегендік, принципшілдік, өз еркімен әрекет ете алуы, өзіне-өзі сыншы

бола алуы, қарапайымдылық, шыншылдық, тез ойлау және шешімділік, батылдық, өзін-өзі жетілдірушілік, үлгілі болуы, жаңаны сезінгіштік, өз қадірін сақтай алатын болуы, сезімталдық, эмоцияға бай болуы [1].

Мектепмұғалімінің қызметі мен тіршілігін әлеуметтанушылық тұрғысынан қарастыра келе, В.Я. Нечаев өзінің «Общество и образование» атты іргелі еңбегінде оның мынадай қабілетіне ерекше назар аударады: отбасы және мектепке дейінгі тәрбие тәжірибесін қабылдап алушы; «оқу» деп аталатын ерекше тіршілік режимін қалыптастырушы; оқу қызметі барысындағы арабайланыстардың құрылысшысы; оқу материалдарын даярлаушы; өмір тәжірибелеріне оқулықтық сипат беруші; оқу еңбегі барысындағы оқушылардың ішкі дүниесі құбылыстарын әлеуметтік-психологиялық сезінуші; оқу еңбегіне байланысты адамаралық құбылыстарды танып білуге іргелі ғылыми және методологиялық даярлығы; оқыту әдістері мен технологияларын меңгергені; білім мазмұнының оқушылардың жеке бастық сұраныстарына бейімдеу шеберлігі; оқушылар қабілетін алдын ала берілген үлгіге, яғни, стандарт деңгейіне бейімдеп жеткізуі; оқу процесін бақылау, талдау және істелетін істі оны алғышарттарын есепке ала отырып анықтау; оқыту ісіне сенімділігі мен іштей бағдарлануы; мұғалімдік ұжымның ынтымақтас қауым екеніне түсіністікпен қатынасы, шығармашылық жасампаздығы [2].

Қазақстандық әлеуметтанушы-ғалым Т.Ж. Қалдыбаева өзінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы ХХІ ғасыр мұғалімі» атты ғылыми еңбегінде Қазақстан мектептерін білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету проблемалары туралы айта келіп, мұғалімдік мамандықты таңдаушылардың әлеуметтік-мотивтік негіздері мен болашақ мұғалімдердің талап тілектері, қазақ мектептерінің білікті мұғалімдермен қамтамасыз етілуі, мектеп мұғалімінің әлеуметтік және мәдени проблемалары, мектеп мұғалімін кәсіптік даярлауға байланысты праксеологиялық қойылымдар мен тұжырымдамалардың жасалуын қарастырған [3].

Дегенмен, аталған еңбектерде мұғалімдердің ұлттық тәрбиелік құзырлығына мән берілмеген, әсіресе бұл мәселе Қазақстан Республикасында 2010-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда айрықша көңіл бөлетін проблемаға айналып отыр. Өйткені, 12 жылдық білім беретін мектептің мұғалімі қандай болу керек деген сұрауға жауап беру қажет.

Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі жалпы білім беретін қазақ мектептерінің оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу [4] және жаңа формация мұғалімін даярлау [5] міндеттерін шешуді қойып отыр. Сондықтан еліміздегі мұғалім мамандықтарын даярлайтын оқу орындарының алдында «Жаңа формация мұғалімі – ол рухани – адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық білімді, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа да түрлерін меңгерген құзырлығы жоғары маман» [5] даярлау міндеті тұр.

Біздің қосарымыз құзырлығы жоғары ондай мұғалім ұлтжанды болу керек. Сонда оны жаңаша «жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім» деген ұғыммен сипаттауға болады. Сонымен, жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім даярлаудың мазмұны және оның моделін жасау қажет. Өкінішке орай, ондай мұғалімді дайындаудың моделі қазақ педагогика ғылымында әлі шешімін таппаған көкейкесті проблема.

Біздіңше, жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім деп өз пәнін және оның әдістемесін жан-жақты меңгерген, қазақ этнофилософиясы, этнопсихологиясы, этнопедагогикасы және этнопедагогика тарихы білімдерімен қаруланған, оқушыларға ұлттық тәрбие беру іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан мұғалімді айтуға болады.

Болашақ мұғалімдерді жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім етіп дайындаудың

негізі – «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты оқу пәндері. Өйткені «Қазақ этнопедагогикасы – жалпы педагогика ғылымының құрамдас бөлігі, оның саласы, ол қазақ этнофилософиясының, этномәдениетінің, этнографиясының, этнос теориясының, фольклористикасының, этнопсихологиясының және этнопедагогика тарихының тоқайласуы аясында қалыптасқан, біртұтас жүйелі этнопедагогикалық білім беретін дербес оқу пәні», ал оның өз пәні – қазақтың ұлттық тәрбие үрдісі [6].

Этнопедагогикалық білім – этнопедагогика ғылымының теориялық негіздері, этнопедагогикалық іскерлік – этнопедагогикалық білімдерді практикада қолдану қабілетіне ие болу, этнопедагогикалық дағды – ұлттық тәрбие беруге қажетті этнопедагогикалық іскерліктердің қалыптасуы.

Болашақмұғалімдерге этнопедагогикалық білім берудің міндеті – оларды ұлтжанды ұстаз етіп даярлау, яғни олардың ұлттық санасы мен ұлттық дүниетанымын өз халқының тіліне, тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне біртұтас етіп қалыптастыру.

Болашақмұғалімдерге этнопедагогикалық білім мазмұны арнайы оқу бағдарламалары бойынша жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Этнопедагогикалық білім берудің аудиториялық формаларына: лекциялар, семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар, арнайы курстар, арнайы семинарлар мен факультативтер жатады. Ал аудиториядан тыс формаларына: экскурсиялар, рефераттар, конференциялар, диспуттар, конкурстар, олимпиадалар, курстық және дипломдық жұмыстар т.б. жатады.

Этнопедагогикалық білім беру әдістеріне: әңгімелеу, әңгімелесу, түсіндіру, пікірлесу, көрсету, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап т.б. жатады.

Этнопедагогикалық білім беру құралдары: ұлттық тіл, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, халық тарихы, ұлттық сәндік-қолданбалы

өнер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер т.б.

Этнопедагогикалық білім берудің нәтижесінде болашақ мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлығы қалыптасады, яғни олар ұлтжанды ұстаз болып шығады.

Біз 1992 жылда бастап бұрынғы Жамбыл, қазіргі Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім даярлау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүйелі жүргізудеміз.

Сол мақсатта «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау тұжырымдамасын» жасап, оның институттың оқу үрдісіне ендірілдік [6].

Тұжырымдамада оның қажеттігі, мақсаты, этнопедагогикалық білім беру мазмұны, оның кезеңдері, оны жүзеге асыру жағдайлары мен жолдары көрсетілген.

«Жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім дайындау моделін» жасадық (сурет 1).

Тұжырымдама мен модельді жүзеге асыру үшін арнайы «Қазақ тәлім-тәрбиесі» зертханасы ашып, оны талапқа сай жабдықтадық. Зертхана болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындықтан өткізетін орталыққа айналды.

Қойылған проблема – болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беруге дайындау үшін “Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты оқу бағдарламасын жасадық [7]. Ол 1992 жылы мамыр айының 19–20 жұлдызында Алматы қаласында Білім Министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми зерттеу институты бірігіп өткізген “Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы” атты ғылыми-практикалық конференциясында талқыланып, оны жоғары педагогтік оқу орындарының оқу үрдісіне ендіру туралы шешім қабылданды. Бағдарлама баспадан шығарылып, Қазақстанның барлық жоғары педагогтік оқу орындарында таратылды. Қазір ол болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындауда кеңінен пайдаланылуда.



Сурет 1. Жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім дайындау моделі

“Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты оқу бағдарламасы қазақ этнопедагогикасы ғылымының әдіснамалық, теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Оларда қазақ этнопедагогикасы - ғылым, оның пәні мен міндеттері негізгі ұғымдары, зерттеу әдістері, басқа ғылымдармен байланысы және зерттеу көздері, сондай-ақ қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері – дене, еңбек, кәсіби, адамгершілік, имандалық, ақыл-ой, эстетикалық, музыкалық, экологиялық және отбасылық тәрбиелер қарастырылады. Және қазақ этнопедагогикасы, мектептің оқу-тәрбие үрдісінде

қазақ этнопедагогикасының материалдарын оқушыларға ұлттық тәрбие беруді пайдалану әдістемесі бойынша сұрақтар берілген.

Ал “Қазақ этнопедагогикасының тарихы” атты бағдарлама [8] Алматы қаласында 1994 жылы қарашаның 22-23 жұлдызында өткен “Қазақстандағы этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдарының теориялық және қолданбалы проблемалары” атты ғылыми-теориялық конференцияда талқыланылып, оны да жоғары педагогтік оқу орындарының оқу үрдісіне ендіріп, пайдалану ұсынылды.

“Қазақ этнопедагогикасының тарихы” атты бағдарламасында Қазақстан жеріндегі педагогикалық ой-пікірлердің ілкі бастаулары мен көздері, орта ғасыр ойшылдарының этнопедагогикалық ой-пікірлері, хандық

көрнекіліктер жасалынып, олар баспадан шығарылып, оқытушыларға, мұғалімдерге және студенттерге таратылды [8-11].

Сонымен, арнайы оқу бағдарламалары, оған сай оқулықтар, оларға оқу-әдістемелік құралдар арқылы болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беріліп, олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары қалыптасып, олар жаңа тұрпатты ұлтжанды мұғалім болып даярлануда. Сондай мұғалім ғана ұлтжанды қазақ азаматын тәрбиелей алады.

Бағдарламаларға қажетті библиографиялық көрсеткіштер, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және

1. *Митина Л.М.* Учитель как личность и профессионал. – М., 1994.
2. *Нечаев В.Я.* Общество и образование. – М., 2005.
3. *Қалдыбаева Т.* Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы ХХІ ғасыр мұғалімі. – Өскемен, 2008.
4. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2005.
5. Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2005.
6. *Ұзақбаева С., Қожахметова К.* Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998.
7. *Бөлеев Қ.* Қазақ халқының этнопедагогикасы. Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл, 1992.
8. *Бөлеев Қ., Бөлеев Т.Қ.* Қазақ этнопедагогикасының тарихы. Оқу бағдарламасы. – Жамбыл, 1994.
9. *Бөлеев Қ.* Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Ғылым, 2001.
10. *Бөлеев Қ., Арзымбетова Ш.* Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2002.
11. *Бөлеев Қ.* Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008.

В статье разработана модель подготовки будущих учителей к национальному воспитанию учащихся. Показан опыт реализации этой модели в учебно-воспитательном процессе педагогических вузов Казахстана.

In article the model of preparation of the future teachers to national education of pupils is developed. Experience of realisation of this model in teaching and educational process of pedagogical high schools of Kazakhstan is shown.

А.Б.Біртанов –
«Парасат» орденінің иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері,
Денсаулық сақтау ісінің үздігі,
Алматы қалалық №2 емханасының Бас дәрігері

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Қазақтың мынадай керемет бір сөзі бар: «Бір бала бар әкесінен кете туады; бір бала бар ол әкесіне жете туады; бір бала бар, ол әкесінен өте туады». Әр әке баласын ақылды, білімді болып, өзінен аса туса, өзінен бақытты болса екен деп тілейді, армандайды. Егер солай болса, жалпы қазақ халқы өсіп, өркендей түседі. Бірақ өмірде әр түрлі жағдайлар болады. Барлық адамының арманы орындала бермейді. Өмір өзгертеді. Дегенмен сол әке арманының орындалуына тәрбиенің рөлі ерекше. Сол тәрбиенің бастауы ұлттық рухтағы тәрбиеде екендігі айқын. Ендеше, ұлттық тәрбиенің рөлін балаға кішкентайынан бойына құйып ұғындыра білу – ата-ананың тікелей борышы. Осы тұрғыда ұл мен қыздың тәрбиесіне айрықша көңіл бөлетін біздің қазақ халқының тәрбиесі туралы ой қозғамақпын.

Өмірдегі жұмыр басты пенденің бәрі есін жиып, азамат болған соң, перзент сүюді армандайды. Адам баласының өмірге келуі, ат қойылуы – Алланың жазуымен. Өмірге келген перзентке ат қоюға барлық ұлттар, әсіресе, біздің қазақ халқы үлкен жауапкершілікпен қараған. Көп ойланған, ақылдасқан. Әр нәрсеге ырым етіп, жас нәрестенің амандығын, саулығын, болашақ бақытты өмірін армандаған. Дастархан жайып, мүмкіндіктері болса, шілдехана тойын жасап, ат қою жолын дуалы ауыз қасиетті кісілерге, жасы-жолы үлкен қарияларға, сол рудың басшысына берген, болмаса, нәрестенің өз атасы, әкесі атын қойған. Нәрестенің екі құлағына кезек-

кезек үш мәрте дауыстап атын атайды. Қазақтар оны «Азан шақырып қойылған ат» дейді.

Перзентке жақсы ат қою – нәресте алдындағы әкенің бірінші қарызы. Ендігі біреуі – перзентінді ақылды, мейірімді етіп тәрбиелеу.

Сәби – сүйіспеншілік гүлі, отбасы махаббатының дәруіші, дәнекері. Баласын тірі жанның бәрі де жақсы көреді, ал баланы дұрыс тәрбиелей білу – өмірді көп білуді, дарындылықты керек ететін ұлы іс.

Жақсы әке болмаса, балаға еш мектеп, институт жақсы тәрбие бере алмайды. «Баланы ата-ана тәрбиелей алмаса, оған түн мен күндіздің өзі үйретеді» деген мәтел бар. Біздер оны «көше тәрбиесі» дейміз. Бала жастайынан өзінің қателігін білгені дұрыс. Оны қайталамауға әдеттендіру керек. Жастайынан денсаулығын қадағалап, қалайда суға жүзуге үйрету керек. Сонда ғана өмір ағысымен де, ағынға қарсы да жүзіп үйренетін болады. Тән сымбатын сақтау үшін төменгі сыныптан дене шынықтырумен айналысуына дағдыландыру қажет. Атқа мініп, үйге, өмірге қажетті күнделікті қол еңбегімен айналысу керек. Қыз бала болса, тігуді, тоқуды үйренгені дұрыс. Мұнан қор болмайды, әйтеуір бір керегіне жарататын болады. Қыз баланың анасынан ешнәрсе жасырмай, бір-біріне қатты сеніп, сырлас болып сыйласулары қажет. Қыз деген ата-ананың мұңлығы. Қызға мейірім, шапағат жасаған дұрыс. Не нәрсе де алдымен қызға

берілуі керек.

Мектеп жасындағы бала туысқандарға бауырмал, отансүйгіш, көпшіл, қолы ашық, үлкендерді сыйлайтын, кем, ауру адамдарды аяйтын, мейірімді, өтірік айтпай, шыншыл, көшедегі жаман әдеттен аулақ болып өсуі қажет. Ол үшін ата-анасы кезекпенен мектепке барып, балаларымен, ұстаздарымен кездесіп, пікірлесіп тұруы өте ұтымды. Қызметтен бос кезде, үйге қонақ келген кезде ата-анасы қастарына отырғызып, өзімен тең дәрежеде ұстап, ақылдасуы; әртүрлі тақырыптарда пікір таластыруы; есейген сайын көбірек еркіндік беріп; сыртқа жіберіп, қара жұмысқа салып, өмірдің қиындықтарын көрсете отырып үйретуі керек. Әкесі балаға қатал болуы керек, жас кезінде ұл бала әкеден қорқуы, есейген шақта сыйлауы қажет, ал анасы болса соған ықпал етіп отыру керек. Балаға әкесі ұрсып жатса, анасы немесе керісінше анасы ұрсып жатса, әкесі баланың көзінше ара түспеуі, бірін-бірі кінәлап, қарсы шықпаулары керек. Дұрыс болмаса, жеке жерде айтып, ескертулері керек. Сонда ғана бала ата-анасының сөзін заң көріп, өздерін сыйлайтын болады. Жалпы әкенің сөзі – заң, тыңдаулы әрі орындалуы тиіс. Үйдің иесі де, басшысы да әке екенін балалары кішкентайынан біліп, түсініп өссе, қатарының алды болады.

Соңғы кездері біздің көп қазақтар шектеулі, 1-2 балаларына барлық ақшалай, тұрмыстық мәселені артығымен жасап жатыр. Жастайынан, институтты бітіртпей, шет елдерге оқуға жіберіп, ұлттық сезімді, қазақи, мұсылмандық мейірімділікті, әдептілік пен бауырмалдықты азайтып алды. Оларға тек шет тілдерін білсе болғаны. Мансапқа, байлыққа алып баратын жолды олар шет елге барып оқумен байланыстырады. Олардың ойынша, шет елде оқыған бала болашақта үлкен бизнесмен, не үлкен бір бастық болады, жоқ дегенде бай болуға тиісті. Ал, сол

балалардың көбі өз ана тілін, ділін, дінін жете білмейді, тіпті кейбіреулері мүлде мақұрым. Олар мейірімсіз есейіп, ата-ананың қадірін кетіреді. Туған жері мен елін жат көреді. Содан барып көбі теріс жолға түседі. Отансүйгіштік қасиет отбасынан басталады. Балаға жастайынан ата-тегін, қазақтың тарихы (Саналы азамат болу үшін, қандай қызмет істесе де, тарихты жақсы білу қажет. Тарихты ақыл-ойы артта қалған адам ғана сүймеуі, тарихын менсінбеуі мүмкін. Тарихсыз болашақ жоқ) мен жақсы әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйретіп отыру керек. Сонда ғана, олардан жақсы азамат, жақсы келін, ұрпағы жарасқан жақсы ата-ана шығады.

Бала тәрбиесі – ең маңызды іс. Осы бала тәрбиесінде халық арасында қалыптасқан тағы да бір жақсы дәстүр бар. Ол – өкіл әке, өкіл шеше сайлау дәстүрі. Өкіл әке, өкіл шеше сайлау – қазақтың өте жақсы дәстүрлерінің бірі. Ағайынды, екі отбасын жақындастыра түседі, баланы, жас отбасын тәрбиелеуге үлкен ықпалын тигізеді. Бауырмал, көпшіл болуына, үлкеннің алдында жауапкершілікке, ұлттық дәстүр-салтымызды қадірлеуге, бірлік-ынтымаққа тәрбиелейді. Қазіргі күні, бұл дәстүр кей жерлерде сақталған болса, кей жерлерде сәл өзгеріске түскен. Соның бір дәлелі, бұл күндері кейбір облыс, аудандарда екі жас үйленген кезде өкіл әке, өкіл шеше сайлау дәстүрі қалыптасқан.

Сол сияқты ауылда босанған әйелдің баласының кіндігін ауылдастары, абысындары кеседі. Оларды баланың кіндік шешесі деп атайды. Қазір қаладағы перзентханаларда ананың кіндігін кескен – кезекші акушерка, мейірбике көбінде белгісіз, танымайтын жан. Сондықтан да, өздерінің жүректеріне жақын, тәрбиелі, өнегелі отбасы иелерін кіндік әке, кіндік шеше етіп сайлау дәстүрі қалыптасты. Ал осы кіндік әке, кіндік шеше, өкіл әке мен өкіл шешелер аттарына лайық еңбек

Осынау факторлардың жағдайы, күш-қуаты, тарихи өсу, өзгеру, жойылу-пайда болу, жаңарту-жаңарту т.б. құбылыстарға ұшырап отыратыны – тәрбиеге де ықпал етеді. Тәрбиенің жемістілігі осы факторларды өзара үйлестіре қолдануды мұқият ескеруде жатыр. Сондықтан да ұлттық тәрбиенің орта мектеп жеткіншектерінің ұлттық келбетін қалыптастырудағы рөлін ашып көрсету үшін оны түзуші факторлардың мектеп жағдайындағы қолданысы туралы айту керек болады.

Бұл жерде ғылымда және өмірде басынша айқындалған «тәрбие», «ұлттық тәрбие», «ұлттық келбет» ұғымдарының анықтамасын беріп жатудың қажеті аз. Дей тұрғанмен де бүгінгі өмір сүріп отырған қоғамның барлық белгілерін бойына сіңірмейінше ұлттық келбет толымды бола алмайтынын, бірыңғай этнологиялық мазмұннан ұлттық келбет құру қазіргі заманға лайық тұлға қалыптастыру мақсатына сай келмейтінін естен шығармау керек.

Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі мектепте ұлттық келбетті қалыптастыруға бағытталған ұлттық тәрбиені оқушыларды қазіргі Қазақстанның қол жеткізген табыстарымен, бүкіладамзаттық өркениет кеңістігімен біртұтас үйлесімде табыстыру үрдісінің елестету мүмкін емес дейміз. Ұлт болып қалу үшін өзіндік этнологиялық мазмұн толымдығы сапасындағы халықтың қазіргі әлемдік өркениетті меңгеруі міндетті. Ұлттық тәрбиенің құрылымы осы. Демек, ұлттық тәрбие мен этнологиялық тәрбие бір-біріне балама емес, этнологияны ұлттық тәрбиені құрайтын көздердің бірі деп ұғамыз. Мұнда екі мәселе туындайды: бірінші – қазіргі өркениет және адамзат тарихының әлеуметтік тәжірибесін меңгерту арқылы ұлттық тәрбиені жүзеге асыру; екінші – этнологиялық мазмұнды оқушы бойына сіңіру, яғни оқушы бойында ұлттық негіздерді қалыптастыру. Алайда, бұл екеуі екі бөлек емес, бір-бірімен кіріктіріле жүргізіледі.

Сонымен, біз қазақстандық ұлттық

тәрбиеге тәуелсіз мемлекеттігімізді сақтау мен нығайту мүддесі тұрғысынан қарағанымыз жөн деп ойлаймын. Мектептерімізде оны жүзеге асырудың негізгі тетігі – жеткіншектерге ұсынылатын білім мазмұнына этнологиялық сипат дарыту. Ғасырлар бойында адамзат жинақтаған бай тәжірибеден, қазіргі өркениеттік дамудан сұрыпталып түзілген білім мазмұны ұлттық құндылықтармен, ізгілікті адамгершілік қасиеттермен, олардың адам өмірі үшін маңызы мен мәнділігімен қанықтырылған түрде ұсынылғанда, біз ұлттық тәрбиеге, сол арқылы ұлттық келбетті тұлға қалыптастыруға қол жеткізетін боламыз. Бұл – қазіргі бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіндегі ең бір жетекші парадигма. Бұл – Қазақстанда білім беру ісін дамыту стратегиясының негізгі көздеген мақсаты.

Осы тұрғыдан келгенде, ұлттық тәрбие беру дегенде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Қазақстан – біздің Отанымыз, бұл ұғымға өте көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қоғамымызда, жас ұрпақ санасында қалыптастыруымыз керек», – деген сөзінің бағдарламалық мәні бар. Бұл сөздердің педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу міндеті – ұлттық тәрбиенің бағдаршамы екенін көрсетеді. Өз елінің, ұлтының өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін, бүгінгі жасампаз ұмтылыстарын, ертеңгі жарқын мұраттарын білу, меңгеру және құрметтеу осынау отансүйгіштіктің құрамына кірмек.

Сондықтан да біз өз педагогикалық тәжірибемізде ұлттық тәрбиені кешенді түрде жүзеге асыру бағытын ұстанамыз. Бүгінгі мектептің бір ғана этнопедагогика аясында оқшауланып қалуы оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ете алмайды деп білеміз. Міне, осы орайдан да өз мақсатымызда осы парадигмалық бағдарымыздың іс жүзінде орындалу деңгейлерін көрсеткіміз келеді. Біздің ойымызша, үш деңгейде жүзеге асуы тиіс, олар: ұйымдастырушылық және ғылыми-

әдістемелік деңгей, мектеп деңгейі және тұлға деңгейі.

Ұйымдастырушылық және ғылыми-әдістемелік деңгейде ұлттық тәрбиені білім мазмұны арқылы жүзеге асыру мақсатында жүргізілетін түрлі әкімшілік-ұйымдастырушылық ісі мен ғылыми-әдістемелік өнімдер дайындалып (білім беру тұжырымдамалары, білім стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электрондық оқу құралдары т.б.) мектепке ұсынылады. Бұл істе Білім министрлігінің тиісті жүйесінде, Б.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясымен және Республикалық оқулық орталығымен бірлестікте өзге де шығармашыл мектеп ұжымдары сияқты Алматы қаласындағы Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназия мұғалімдері ат салысып, барлық 100-ге жуық педагогтарымыздың ішінде 46 мұғалімнің оқу бағдарламалары, оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары, дидактикалық көрнекі және тарататын материалдары, электрондық оқу құралдары т.б. жарық көреді. Ұлттық тәрбие беру мәселесі бұл ғылыми-әдістемелік құралдардың арқауы болып табылады.

Екінші кезеңде, мектептік кезеңде сол ғылыми-әдістемелік оқу-тәрбиелік құралдарды ұсынылған білім – тәрбие мазмұнын жүзеге асыру жүргізіледі. Оны сапалы орындау мұғалімдердің жаңашылдық-шығармашылдық деңгейіне байланысты. Бұл орайдағы табыстарымыздың ахуалын гимназиямыздағы ұстаздарымыздың жаңашылдық-шығармашылдық бейнесінің төмендегідей көрсеткіштері біраз аңғартса керек: барлық педагог мамандардың ішінде: жоғарғы дәрежедегі жоғарғы санатты мұғалімдер – 50, жоғарғы дәрежедегі бірінші санатты мұғалімдер – 16, жоғары дәрежедегі екінші санатты мұғалімдер – 11, Қазақстанның Еңбек Ері – 1, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері – 8, ҚР Білім беру ісінің үздігі – 26, Қазақстанға Еңбек сіңірген қайраткер – 2, әдіскер мұғалім – 2, аға мұғалім – 2, Б.Алтынсарин медалінің иегері – 7, «Жыл мұғалімі» Республикалық

және қалалық байқауларының жеңімпаздары – 5, халықаралық, республикалық педагогикалық конференциялардың жүлдегерлері – 7, республика көлемінде іс-тәжірибесі таратылған мұғалімдер – 43, ҚР Білім Министрлігі Грамотасымен марапатталғандар – 25 мұғалім т.б.с.с ұстаздарымыз белгіленіп ұсынылған білім мазмұны мен тәрбие бағдарламалары негізінде ұлттық тәрбиені осы заманғы сипатта шығармашылықпен және жаңашылдықпен жүзеге асыруда деген тұжырым жасауға негіз бола алады. Бұл орайда, атқарылған оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын келтіріп жатуға мақаланың журналдық көлемі көтермеді.

Тек, мұнда ескерте кететін негізгі мәселе білім мазмұны мен тәрбие бағдарламаларындағы ұлттық этнологиялық ақауды сабақта және сабақтан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асыру – әр ұстаз үшін міндетті іс. Оқушының адамзат тарихында жинақталған әлуметтік тәжірибе мен қазіргі заманғы өркениеттік даму жетістіктерін ұлттық-этнологиялық көзбен, ұлттық-этнологиялық ниетпен және ұлттық-этнологиялық мазмұнмен адам өмірі үшін мәнділігі тұрғысынан қабылдауы қамтамасыз етіледі.

Мектебімізде әрбір пән, әрбір сабақ жалпы сапалы білім беру үшін ғана оқытылмайды, сонымен бірге әрбір баланың ішкі әлеміне ұлттық дән егіп, әрбір баланың өзін ұлттың өкілімін деп сезініп, ол дәннің, сол сезімнің азаматтыққа, адамзаттық санаға ұласуын қамтамасыз етуді де мақсат етіп оқытылады. Оның барлығының жиындық негізі – адамгершілікке баулу. Бұл істі сабақтан тыс жұмыстарда кеңейту, бекіту, тұрақтандыру көзделеді. Сөйтіп, ұлы Абайдың «алдымен адамды сүй» дегеніндей, ұлттық тәрбиені жүзеге асыруда адамгершілік, өзгені құрметтеу, төзімділік идеялары өзекті арқау болып табылады.

Үшінші деңгейде, оқушы деңгейінде, оқушы тұлғасының ұлттық рефлексиясы басымдыққа ие болуы көзделеді. Мұнда оқушының ұлттық санасының қалыптасуы

ата-ананың, қоршаған социумның және бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ мақсаттағы бірлестіктегі оң ықпалы арқылы ғана жемісті болатыны ескеріледі.

Міне, тап осы бағытта шешімін таба алмай жатқан түйіткілдер көп. Сондықтан екі ғана мәселеге назар аударғым келеді.

Бірінші – адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетінің балаларда да, оған деген көзқарас ата-аналарда да, жұртшылықта да ойланатын кездері бар. Ұрпақ тәрбиесі мәселесінде біз әлі сол масылшылдық сана құрсауынан босана алғанымыз жоқ. Жұртшылық тарапынан бала тәрбиесі үшін барлық жауапкершілік әлі де мектепке, яғни мемлекетке аударылып отыр. Әрине, мектеп өз міндетін мемлекеттік нормаларға сай орындайды және орындай береді. Бірақ, мәселе әрбір ата-ананың өз баласының тәрбиесі үшін өзі ғана жауапты екенін ұғынулары болмай келеді. Өз тамағын, өз киімін өзі табуы керек сияқты өз баласын оқытуды да, тәрбиелеуді де өзі атқару керектігін ата-аналар қауымы жеткілікті мойындамай отыр. Мойындаса да, соны орындау мәдениеті барлығында бірдей емес деп ойлаймын. Ал бұның шешімі біреу ғана – әрбір отбасында бала сәби шағынан бастап өзін-өзі меңгеруге тәрбие алу керек. Яғни, баланы ешқандай сыртқы теріс ықпалға берілмеуге үйрету керек, ал оған өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландырғанда ғана қол жету мүмкін. Балаға үнемі «Өзің қалай ойлайсың?», «Бұның ақыры не болады?», «Осы сен үшін керек пе?» деген сияқты әрбір істің, әрекеттің баланың өзі үшін мәнін түсіндіріп, көзін жеткізіп отыратын сұрақтарға жауап бергізіп отыру керек. Бұлай деу себебім, оларды бір ғана мектепте ескерту жеткіліксіз, үйде, қоғамдық орындарда бала осындай проблемаларды өзі шешетіндей жағдайға келтірілуі керек. Мектептерде оқушыны өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету жұмысы жүреді. Бірақ, бір мектеп күші жеткіліксіз.

Демек, мұндай мәдениетті қалыптастыру үшін отанымыздың әрбір ересек азаматы осылай өзін-өзі тәрбиелеуі керек,

әрбір баланы осыған үйретуі тиіс. Сонда ғана бала жат қылықтарға, тәртіп бұзушылыққа бой алдырмайтын болады. Түптеп келгенде, бұның өзі – ұлттық тәрбие. Қазақ табиғатында отбасы балалардың алдында өзінің барлық адамгершілік қасиеттерін, үлгісін көрсете білген. «Ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеде» деп санаған. Отбасы заңын бұлжытпай орындаған. Ата-ана балаларын өз беттерінше «ар», «ұят», «намыс» қасиеттерін сақтауға, қорғауға, дамытуға үйреткен. Бұл заңды жастар ешкімнің күштеуінсіз-ақ меңгеріп, өздерін-өздері реттеп, түзеп орындай алған. Қазақ халқының ұлттық асыл мінездерінің сақталып, біздің күнге жетуінің басты себебі – осы өз бетінше өзін-өзі тәрбиелеу әдісінің дұрыстығында болса керек. Кемеңгер Төле би айтқан екен: «Атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса – игі. Өзіңе келер ұятын, өзі біліп тұрса – игі», – деп. Мұнда «ұл» ұғымы нағыз адам деген мағынада айтылған. Халық ұғымында ең игі, ең қасиетті іс деп осы атаның ақ жолына, ізгі дәстүріне адал, сол жолды ұғып жалғайтын ұрпақ екені айтылған. Ондай ұрпақ өзіне келер ұятын өзі біліп, жаман істерден өзін-өзі сақтайтын болады. Біз халқымыздың осынау ұрпақ тәрбиесіндегі ізгі дәстүрін жаңғыртып, заман талабына сай бағыттап қолдану жолдарын ойластыруымыз керек.

Екінші мәселе – жастарды қазіргі болып жатқан медиазорлықтан қорғау мәселесі де ұлттық тәрбие ісіндегі аса зәру әңгіменің бірі. Жастар санасын теледидар т.б. бұқаралық ақпарат құралдары теріс қылыққа жетелейтін хабарлармен улап отырғаны бәрімізге аян. Бұдан қалай қорғану керек? Бәлкім, порнография, эротика, жауыздық коррупция, нашақорлық, ішімділік сияқты теріс идеяларды насихаттайтын өнімдердің эфирге, газет журналға шығарылуына батыл тосқауыл заң жүзінде арнайы жасалуы керек те шығар. Солай болған күнде де бұдан шығудың да жолы біреу ғана. Ол – бала бойында ондайлардан жиренетін асыл ұлттық талғам қалыптастыру. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі.

Отбасында, мектепте, қоғамдық

Л.К.Керимов –
*педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі*

ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДАСТЫҚТА ТӘРБИЕНІҢ АРНАЛАРЫ

Жер бетінде алғашқы адамдардың қалай, қай жерде, қай заманда пайда болғаны жайлы көлемді ғылыми пікірталас жалғасып келеді. Алғашқы адамдардың пайда болу төңірегінде көптеген монографиялар, ғылыми-зерттеу еңбектер жазылғанмен белгілі ой-тұжырымға келген жоқ. Әсіресе, XIX-XX ғасырларда ғылым ретінде кең тарай бастаған палеонтология ғылымы аталған мәселе төңірегінде ауқымды ғылыми ізденістер жасады.

Палеонтология ғылымның дамуына молекулярлық биология мен археологиялық ғылымдардың қалыптасып ғылыми зерттеулер жасауы, бұл ғылым саласының деңгейін көтеріп, жер шары халықтарының мәдени мұраларының эволюциялық даму жолдарын анықтауға септігін тигізуде.

Жалпы, палеонтология оқулықтары бүгінгі күндері адам баласының құрлықтағы пайда болуы осыдан 1 миллион 600 мың жыл бұрын шамасында шыққан деген түсінік береді. Кейбір деректерде адамның жер бетінде пайда болуы 9 миллион жылдарға тең деген болжам айтылады. Олай болса, мектеп оқулықтарында Ч.Дарвиннің дәлелдегендей, адам маймылдан эволюциялық жолмен бөлініп шықты деген тұжырым қалыптасқан. Болашақта ғылымдағы бұл жақтары анықтала жатар.

Белгілі археолог Кемел Ақышевтың басшылығымен шәкірттерінің зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ұлы даламыздың төсінде палеолит дәуірі кезеңіндегі Алматы облысындағы Қарғалы және Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай елді мекендерінде алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршіліктері жайлы жатақтары табылған.

Еуразия даласында жақын арада табылған ең ежелгі алғашқы адам тұрақтаған мекен анықталды. Қазба жұмыстары дәлелдегендей қазақстандық белгілі археолог В.Волошин ашқан жаңалық адамзат тарихы жөніндегі бірқатар теориялардың қайта қаралуына мүмкіндік туғызады. Аты аталған археологтың басқаруындағы экспедиция соңғы 30 жылдың ішінде Сарыарқа өңірінен палеолит кезеңінен 20-дан астам адам қоныстарын ашқан.

Ежелгі адамдардың қоныстарында еңбек құралдарымен қатар, осы заманғы жылқының арғы тегі – гиппарионның тістері табылды. Соңғы деректер бойынша, Еуразия даласында жабайы жылқыны қолға үйреткен тайпаның Нұра-Есіл аумағынан табылуы әлем палеонтологтарының назарын аударып отыр.

Сонымен, алғашқы адамның мекен еткен жері Африкада ғана емес, Еуразиядағы Ұлы далада алғашқы адамның тұрағы болуы, бұл жерде ертеректе тіршілік болғандығын айқындайды.

Еуразияның Ұлы Даласында б.з.б. соңғы 5-6 мыңжылдықтың ішінде үш рет қоныс аудару қайталанғандығын тарихи деректер көрсетіп отыр. Бірақ, тарихшы Қ.Салғариннің үш рет қоныс аудару болған деген пікірін шартты түрде қабылдауға болады. Айтылған тұжырымды нақтылай түсетін белгілі орыс академигі А.П.Окладников бастаған ғалымдар “Сібір мәдениеті” деген атпен археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Қазба жұмыстар көрсеткендей, Алтай тұрғындары тұрақтанған кезінде тұрмыс-тіршілікте пайдаланған тас-құралдардың мезгілін радиоактивтік құралдар арқылы

анықтау да, екі жүз мың жылдардан бұрын қолданғандығын дәлелдеген.

Сібір археологтары анықтағандай энолит (мыс, тас) дәуірінде-ақ солтүстіктің қалың орманының күнгей жағынан Алтайды Еуропаға байланыстырған дәліздің болғандығын анықтайды.

Еділ мен Жайық бойынан табылған заттар, құралдар мен бұйымдар сол шамадағы Сібірде жасалынып, қолөнершілердің қолынан туған өте бір-біріне ұқсас бұйымдарды ежелгі адамдардың қоныс аударуының барысында келгендігін айқындайды. Сол дәліздің бойымен арлы-берлі қарым-қатынас жасаған, жағалай мекендеген ежелгі адамдардың тұрағы болған, олар тұтынған құралдар мен бұйымдар табылғанымен кімдер жасағандығы белгісіз болып отыр.

Кейбір деректерге көңіл аударсақ, М.Аджидің айтуынша: "...біздің жыл санауымыздан бұрынғы YI-Y мыңжылдықтан кейін өздерін угор, фин, литван, эстон, кельт және викингпіз деп атап жүрген жұрттың көпшілігі жоғарыда айтқан дәлізбен Азиядан Еуропаға жол тартып, сол жерлерде өздеріне қоныс тауып, тұрақты мекендеп қалған. Сол кездерде олардың бір-бірінен айырмашылықтары да жоқ болатын, бір-біріне ұқсас өзен бойын, орман ішін мекендеп, аң аулап, балық ұстап, бірге көшіп жүретін. Халық болып ұйымдасып қалыптасса да, ұлы қоныс аударушылардың көш басы осылар болатын" деп айтады. Бұл жасалған тұжырым шындыққа келеді. Өйткені, Шығыс Еуропа елдерінің негізін қалағандар, яғни Скандинавия түбегі мен Балтық бойын угор, фин, эстон, литван және кельттер б.з.б. бірінші мыңжылдықтың ортасында бүкіл Галлияны иемденіп, YI-III ғасырларда қазіргі Испания, Британия, Италия, Германия, Чехия және Венгрия жерлерінің бір бөлектеріне орнығып қалғаны тарихтан белгілі.

Ал, Ұлы Далада мекен еткен көшпелілер тарихи деректерге сүйенсек, Ұлы қоныс аударудың қарбаласында үнемі екі

бағытпен, яғни солтүстік және оңтүстік бағыттар аралықтарында бірдей көшіп қозғалғандығын байқаймыз. Мысалы, жоғарыда айтқандай орман тайпалары солтүстік бағытпен Еуропаға өтсе, дәл сол шамада оңтүстік бағытпен Батысқа қарай қозғалғандардың ішінде орта азиялық тайпалар болған, кейінірек ежелгі түркілер (мықтар – сақтарға дейінгі елдің аты, ол туралы деректер аз) мен сақтар аталып, олардың бір бұтағы атақты шумерлер Кіші Азияға қоныс аударады. Олар дүниежүзі тарихында белгілі болғандай, Таяу Шығыста алғашқы өркениетті құрған елдер қатарында ауқымды үлес қосқан.

Екінші қоныс аудару – дүниежүзілік су тасқыны болып, б.з.б. екінші мыңжылдықтан кейін, Батыстан Шығысқа қарай болған қоныс аударуға байланысты тарихи деректер жоқтың қасы. Сонда да, халықтың санасында сақталған ауызша тарихи шежіре арқылы деректі аңыздар бар. Ол аңызда: "Дүниежүзілік су тасқынынан кейін Нұх пайғамбардың кемеге мініп, аман қалған Үнді үш баласын үш тарапқа - Хамды Үндістанға, Самды Иранға, Иафетті Солтүстікке жібереді. Иафет қоныс іздеп жүріп, Еділ мен Жайықтың арасына орын тебеді.

Әбілғазының "Түрік шежіресі" кітабында Иафет 250 жыл өмір сүріп, қайтыс болғанда, оның артында Түрік, Хазар, Сақлап, Орыс, Мең, Шын, Кеймар, Тарих атты сегіз балалары қалады. Соның ең үлкені Түрік елге патша болады.

Атадан балаға жалғасқан мирас бойынша осы дәстүрді Алансуоның балаларына келгенде бұзылып, Алансуо өлерінде егіз туған екі балалары – Татар мен Монғолға елді бөліп береді" деп жазады.

Адамзат тарихының әр кезеңдеріндегі тарихи-мәдени үрдістерді талдауда археологиялық және этнографиялық зерттеу нәтижелеріне сүйенеміз. Шамамен үш миллион жыл бұрын жануарлар дүниесінен гоминид тармағы бөлініп шығып, адам ұрпағының бастауы – австралопитек

және алғашқы адамдар архантроп және палеантроптар тарихы қалыптасу барысында қазіргі адамдарға ұқсау нышандары байқалынады.

Жалпы, біздің заманымыздан бұрынғы, сандаған дәуір шежірелеріне көз салсақ, яғни адам баласының тіршілік өмір қарекеті негізін үш антропогендік бөліміне бөліп қарау, тарихи дамудың орныққан дәстүрі. Алдыңғы мыңжылдық аралықтарындағы архантроп дәуірі және 300-200 мың жылдар мен 45-35 мың жылдар аралығында палеантроп дәуірі, біздің санамызға енген адамзаттың пайда болу дәуірі (тас, темір дәуірі болып үштік жүйеге бөлінген) деп санаймыз.

Дегенмен де, адамның пайда болуы мен даму кезеңдерін геологиялық хронологияларға негіздеу тарих ғылымында қалыптасқан жай. Геологиялық танымда жердің тарихы төрт дәуірге бөлінеді. Олар: архей, палеозой, мезазой, кайнозой деп аталады.

Жер бетіндегі тіршілік сілемі кайнозой дәуірінен басталады. Кайнозой өз кезегінде екі кезеңге, бірі шамамен 60 миллион жылға созылған геологиялық үштік кезең, екіншісі шамамен 1 миллион жылдан бүгінгі күнге дейінгі кезең болып ажыратылады.

Сонымен, саналы адамның тіршілігінде тұтынылған тастар “тас дәуірі” шартты атаудан бастау алады. Адам танымы ғылыми тұрғыдан тас дәуірін ең ежелгі кезең – палеолит, екіншісі – мезазой (орталық кезең), үшіншісі – неолит (ең соңғы кезең) деп үш кезеңге бөледі.

Ал, азиялық аумақта алғашқы адамдардың пайда болуы 9-7 мыңжылдықтар шамасындағы ең ежелгі палеолит кезеңінде Сібір, Қырым, Кавказ, Орта Азия және кейіннен Днепр, Дон жағалауларында пайда болған деген пікірлер бар. Бұл тұжырым әлі де нақтылана түседі.

Палеантроптар еңбек және аң аулау құралдарын жасап, әр түрлі топтық-шаруашылық қарекеттермен айналысып, үңгірлерге, жер үйлерге паналап алғашқы

от жағу, тағам дайындау, жеміс-жидектердің дәнін, тамырын жинау, сақтау т.б. істер жасауда үлкендермен қатар балаларда қатыстырылды. Осындай тарихи жағдайларда тәрбиенің пайда болуы заңды құбылыс. Күнделікті жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибелері жинақтала келе, тұрмыстық-тіршілік жағдайларындағы өмір, тіршілік тәрбиенің қажеттілігіне және оны жетілдіріп отыруға талаптандырды. Үлкендер мен балалардың бірлестік еңбектері бағдарлы үйрету қарекетімен ұштасты. Тұрмыстық тіршіліктің барысы, алғашқысында аң және балық аулау қауымдастарын қалыптастырса, егін және мал шаруашылығымен (8-5 мыңжылдықтан жаңа дәуір аралығы) айналысу адамдар өміріне өзгерістер енгізді. Яғни, 35 мың жылдардағы басталған тарихи кезеңі мен 5 мың жылдық біздің жаңа дәуірімізге дейінгі кезең аралықтары жаңа тас дәуірінде (неолит) аяқталады.

Осы аралықта аналық-рулық матриархат қауымдастығы өрбіді. Ауылдық ұйымда балалар мал бағуға, егін егуге, қолөнеріне үйретіліп, осыған сәйкес тәрбиені ұйымдастыру қажет болды. Балаларды тәрбиелеу тайпа көсемдеріне, ақсақалдарға жүктеліп, ертегі айту, ойын ұйымдастыру және өлең айту түрлері, сол дәуірдегі тәрбиенің мазмұндық құрамына айналды.

Кейінгі алғашқы қауымдағы аңшылық шаруашылықтары адамдардың өндірістік формадағы егіншілік пен шаруашылық еңбектерімен ұласты. Алғашқы қоғамдағы шаруашылық және әлеуметтік байланыстардың күрделенуі және өзгеріске түсуі өндіріс құралдарына иелік ету, отбасының пайда болуына жағдай жасады.

Қоғамдағы билеуші топтар, көсемдер, ақсақалдар, дін басшылары балаларды еңбекке баулу тәрбиесінен, есеп-шот біліміне үйрету, тәрбие мазмұнын кеңейтуге назарларын бөле бастады. Жер өлшеу, ауа райын, су тасқындарын болжау, адамды емдеу т.б. осы шамалас білімдерді үйрететін арнаулы мекемелер (мектеп типтес) ашылды. Онда балалардың практикалық іскерліктері

мен дағдылары жетілдірілді.

Қауымдастық қалыптасқан жағдайларына байланысты аңшыны, бақташыны, диқанды тәрбиелейтін бағдарламалар белгіленіп, жасөспірімдердің білім, практикалық дағдыларын дамытуға ат салысты. Қыз балаларға арналған бағдарламаларда оларды үй шаруашылығына, үй кәсібіне: жеміс-жидек жинау, ас дайындау, сақтау, қолөнер, бейнелеу, сурет салуға үйретілді.

Сонымен қатар, жастардың денесін шынықтырумен бірге ежелгі дәстүр-салттарын сақтауға бейімдеу қауымдық тәрбиеде басым болып, өмірдің жалпы ұстанымын ұстауға қажетті білімдер, практикалық іскерлік пен дағдыларды, рулық аңыздар, мифтерді және ертегілерді есте сақтауға ынталандырды. Аталған іс-шаралардың нәтижесінде оқыту іс-әрекетінің нышаны туды. Қорыта айтқанда, неолит дәуірінде тіршілік қажеттілігін өтеу шаруашылығынан өндірістік өнімге көшу адамзат тіршілігіне өзгерістер ендіріп, сонымен бірге тәрбие мәселесіне де өзіндік ықпалын жасады.

Алғашқы қауымдастықта күнделікті өмір-тіршілікке, шаруашылыққа, елді қорғауға қыз балалар да қатыстырылды. Қазақстанның территориясындағы таулы-тасты жерлердегі бедерленіп сызылған жүкті, балалы әйелдердің бейнелері, садақ ұстап нысананы көздеген қыздардың формалары салынған деректер ұшырасады.

Рулық қоғамдастықта көсемдер, жасы келген қариялар, ақсақалдар жас ұрпақтарды тәрбиелеуге қатысқандығы жайлы археологиялық және этнографиялық салыстыру жұмыстарын нақты деректермен дәлелдейді.

Дегенмен де, жас ұрпақты тәрбиелеуге қауымдастықтың барлық мүшелері қатысқан, оларды қауымдастықтың жалпы өмір тіршілігіне үйреткен, балаларды ересек адамдардың өмір қарекетіне даярлау мәселелері ортақ болған. Екіншіден, 10-12 жасар балалар үлкендер қатарына қосылуда тіршілікке қажетті іскерлік пен

дағдыларды игерулері тиіс. Ал бала 13-ке толғанда отбасы иесі деп саналып, үлкендер қатарына жатқызылып, дене күшін дамыту және шаруашылық іс-әрекеттер тәжірибесін жинақтауға жасөспірімдерді тәрбиеледі. Сол себептен тәрбиенің ұстаған бағыты үйрету, тәрбиелеу бағытында болғандықтан, тұрмыстық құралдарды жасау және қолдануға дағдыландырылды. Мәселен, қасиетті аң-құстардың, үй жануарларының, адамдардың бейнесінен ойыншықтар жасау, еңбек қолдарының ептіліктерін баптаудың әдет-дағдыларын қалыптастырады. Ертедегі палеолит дәуірінде Дон дариясының жанындағы Костенка ауылындағы қорғаннан балалар жасаған жоғарғыдай ойыншықтар археологиялық қазбадан табылған. Үлкендердің бірлесіп аң аулаудағы көргендерін, оған қатысқаннан алған сезім-күйлерін балалар осындай ойыншықтарды жасау арқылы белгілі формаға түсіріп, өзіндік ой-саналарын арттыруға мүмкіндік алған.

Сонымен қатар, Тәңірге табыну сияқты тотемдік ырым-салтқа байланысты балалардың магиялық ойлау образдарын дамытқан. Былайша айтқанда, тотемдік дін хайуанаттың қимыл-әрекеттеріне ұқсау арқылы адами қасиеттерін дамыту, ырымды ұстану, аң аулауда жасалынатын әдіс-тәсілдер, балық аулауда атқаратын әрекеттерді бөлісуге, игеруге үйретілді.

Үлкендердің басшылығымен атқарылатын балалардың жұмыстары, оларға ұқсауға талпыну барысында талғам-сезімдері, ептіліктері қалыптасады. Балаға арналған ер-тоқым, киім-кешек, садақ т.б. құрал-жабдықтар оның күш-қуатына, жас шамасына қарай бейімделіп жасалады.

Рулық қауымдастықта балаларға бостандық және өздіктерінен орындау, өз іс-әрекеттерінде, ойындарда өз ойларынан ойын элементтерін, сюжеттік, рөлдік ойындар арқылы әлеуметтік мінез-құлқын, жүріс-тұрыстарын дамытудың құралдары деп есептелді.

Сонымен, үлкендердің еңбектеріне

балаларды қатыстырумен қатар құрбылары аралығындағы бір-біріне ұқсап ойнау т.б. тәрбиелік орта құрап, алғашқы қауымдастықтағы тәрбиелік ерекшеліктері анықталған. Сол кездегі сұранысқа сай қарым-қатынас нормаларын белгілеу қауымдастық алдындағы күрделі мәселенің бірі болды. Күнге, айға, отқа табыну және қауымдас аралық салт-дәстүрге, жыл мезгілдеріндегі ырым-жырымдарды ұстануға, жасөспірімдерді қатыстыруда олардың көңіл-күйін, мүмкіндіктерін ескеріп, іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу тәсілдерін үйрету, олардың ересектердің өмір тәжірибелерін игеріп, алғашқы адамгершілік қарым-қатынас элементтері бойларынан көріне бастады. Балаларды тәрбиелеуде немесе тиымдар салынғанда қорқыту немесе қолдау көрсетумен қатар, ертегілер мен аңыздар мазмұндары арқылы күшті, ержүрек адамдар образдарына ұқсауға, үлгі-өнеге алуға бағыттады.

Сонымен, ертедегі алғашқы қауымдастықта тәрбие өндірістік және тұрмыстық қарым-қатынастарда рулық ұжымның табиғи өмір тіршіліктеріне байланысты бір-бірінен бөлінбегендігінен қайта аралас-құралас болуға бейімделген.

Жас ұрпақтарға берілген ертедегі еңбек, дене және адамгершілік тәрбиелер, өмірге дайындау біркелкі жинақы түрде беріліп, қарапайым санасын өсіріп, дүниетанымдық ой-сезімін дамытуға тәрбие берілген.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде үйрету бағытындағы іс-әрекеттер, амалдар сандық жағынан алғанда және тарихи мәні тұрғысынан өзіндік ерекшелігімен сипатталынады. Ертедегі алғашқы қауымдастықта, оның қарапайым тұрмыс тіршіліктеріндегі жеткен жетістіктеріндегі нәтижелерді бағдарлай білу, одан әрі дамытуға үйрету, балаларды жануарлар мен адамдардың бейнелерін жартастарға салу, мал сүйектеріне түсіру немесе бояумен бояу сияқты әрекеттерге дағдыландырды.

Кейінгі алғашқы қауымдастықтарда шамамен б.з.б. 8-5 мыңжылдықтарда

шаруашылықтың күрделенуіне орай адамның жеке қамын қанағаттандыру әрекеттерін (жеміс-жидек, аң аулау) сақтаумен қатар, өндірістік іс-әрекет формалары (егін егу және мал өсіру) қалыптаса бастады. Қауымдастықтардағы шаруашылық және әлеуметтік байланыстардың күрделене түсуі мен өзгерістеріне байланысты жаңа жағдайлардың туындауы, отбасының пайда болуына себепші болды. Отбасын құруда үйлену үрдісін жүйеге келтіруде, бір рулық топтан тыс тұрмыс құруға рұқсат беру, кейінірек келе екі ру қауымдастықаралық тұрмыс құру (экзогамия) тәжірибесі рулық қауымдастықтардың қарым-қатынастарын жаңа негізде ұйымдастыруға себепші болды. Сонымен, кейінгі рулық қауымдастықтардағы тұрмыс құрудағы топтық форма бертін келе екеуара некелесуге ұласты. Бұл өз кезегінде рулық қауымдастықта өзгерістер әкеліп, тәрбиенің жеке отбасылық формасын дүниеге келтірді. Осы кезеңнен бастап, отбасындағы тәрбиенің мазмұны баланың дене және рухани дамуымен толықтырылды.

Ал, қыз баланы анасы, әкпелері және рудың басқадай әйелдері тәрбиелесе, ұл баланы ата-анасы және олар жағынан туысқан ер адамдар тәрбиеге қатысты. Әрине, ол кезде ананың (матриархат) тәрбиедегі рөлі жоғары болатын. Ер бала 5 жасқа дейін отбасының ықпалында болса, сонан кейін қауымдастықта өзі қатарлас балаларымен бірге ортақ тәрбие алатын.

Шаруашылық және әлеуметтік байланыстар жаңа жағдайларында үлкендердің өмір тіршілігіне жас ұрпақты қатыстырып өмірге дайындау нәтижелеріне қоғамдық бақылау қойылды. Сөйтіп, тәрбие саласында қоғамдық мәні бар институттың алғашқы элементтері қалыптаса бастады. Жеткіншек қыздар мен бозбалаларды үлкендер қатарына қосу ырымдары орныққаннан кейін, тарихи маңызы бар алдын-ала мақсатқа сай ұйымдастырылған тәрбиелеу мен үйретудің алғашқы қоғамдық институты аяғына тұрды. Адамдардың өмір тіршілігін археологиялық ізденіс пен

этнографиялық зерделеу көрсеткендей, алғашқы қауымдастықтың кейінгі кездеріндегі жас ұрпаққа жинақталып қалған мәдени мұраларды беру және сол мұралардың кейбір элементтері осы күнге дейін сақталып (баланы бесікке салу, отпен аластау, май құю) қалды.

Жастарды өмірге, рулық-салтқа дайындауда ұл және қыз балаларды жеке-жеке тәрбиелеу рулық қауымдастықта белгіленген. Қауымдық орталықтарда арнайы “үйлер”, мысалы, “бойдақтар” үйі сияқты ұйымдар өз міндеттерін атқарды. Осы типтес орталықтарда жастарды өмірге дайындау мектептің міндетін атқарғандай ұқсастық бар еді.

Қауымдастықтағы өмір тіршіліктерінде қалыптаса бастаған үйрету бағдарламаларын белгілеу, жасөспірімдерге өмірге қажетті білім беру, мысалы, аңшы, егінші және әскери адамдарға қажетті тәжірибелік дағдыларын тәрбиелеу іске асырылды.

Қыз балалар болса үй жұмыстарына: тоқу, ору, қол өнерлеріне (қыштан ыдыстар жасау) үйретілді. Олардың денелерін шынықтыру, рәсімдік дайындықтар жасау сияқты, қыз балаларға әлеуметтік-адамгершілік тәрбиелер берілді. Балалар өмірдің жалпы заңдылықтарын біліп, қажетті ұғым, түсініктер алып, практикалық іскерлік пен дағдыларын игерді. Мәселен, рулық аңыздар мен салт-дәстүрді ұстауға, білуге ынталандырады. Кемелденудің аяқталу кезінде жастардың шыдамдылықтарын анықтауды ұйымдастыру сәтінде жасөспірімдердің дене күшін, практикалық икемділіктерін, әлеуметтік-адамгершілік және ерік күйлерін тексеруден өткізіп, олардың ересектер өмір-тіршілігіне жеткендігін бағалайды.

Кемелге келгендігін анықтау тәжірибесінен байқағандай, үйрету істерін алғашқы нышандарына байланысты болатындығын тәрбиешілер білген. Сөйлеу мәнеріне, биге үйретуде, есте сақтау, жаттықтыру, қайталау элементтерін қолданып, байқаусызда кеткен кемшіліктері

үшін баланы жазалау әдістерін (ескерту, зекіру, ұру) пайдаланған.

Берілген тапсырмаларды тиянақты орындау мазмұнын есте сақтау, орындау элементтерін ұстау, білу, өз орнын сезінуге балаларды дағдырландырды. Ал, егер тапсырмаларды жеткіліксіз орындаса, баланы жазалап отырған және жастарды кемелге келу жүйесін басқару рулық қауымдастықта арнайы айналысатын қарт адамдарға жүктелген. Сол себептен де, рулық қауымдастықта арнайы бөлінген ақсақалдар тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру негізінде жаңа әдіс-тәсілдер пайда болды. Бұл үрдіс, кейін келе мазмұндық жағынан мәдени-тарихи, тұрмыстық және шаруашылық дәстүрлердің сұранысынан сабақтастықпен дамып, алғашқы педагогикалық қызметтің түрлері сұрыптала бастады. Сонымен, алғашқы қауымдастықтың ыдырау жағдайында тәрбиенің дербестенуі басталып, оған басты себеп неолит дәуірінде өндірістік шаруашылыққа көшу адамдардың өмірлеріне ауқымды өзгерістер енгізді, тәрбиеге де ықпалдарын тигізді.

Ұлы Далада тас қару-жарақ пен құралдардың орнына қоладан жасалған өндіріс құралдары (кола дәуірі б.з.б. 4-3 мыңжылдықтарда, қалайы дәуірі 3-2 мыңжылдықтарда және темір дәуіріндегі 1 мыңжылдықта) жетіле келе темірдің шаруашылықта қолдануы өндіріс сапасын арттырудағы еңбекті бөлісу, егіншіліктің мал шаруашылығынан бөлінуі, қолөнердің қалыптаса бастауы шаруашылық қызметінің өрбуіне ұйытқы болды.

Алтайдан Днепрге дейінгі Ұлы Даладағы тайпалар мал шаруашылығымен айналысса, қазіргі Кавказ таулары етегі мен Орталық Азия, Украина, Молдава, Еділ бойлары, Сібір территорияларында егіншілікпен шұғылданды.

Рулық қауымдастықта еңбектің арнайы түрлерімен айналысатын арнайы адамдар тобы қалыптаса бастады. Мысалы, мал және егін, аң аулаумен қатар, жіп иіріп, мата тоқу, металл өңдеу, қыш ыдыстар жасау дамыды.

Рулық қауымдастықтары араларында тұрмысқа қажетті заттарды айырбастау, сауда-саттық элементері туа бастады.

Әлеуметтік шаруашылық жағдайларда жеке меншіктік бастау алып, өндірістік құралдар мен өнімдер бір қолға жиналып, рутайпалық ауқатты (көсем, тайпа басшылары т.б.) адамдар шыға бастады.

Неолит дәуірінде Ұлы Дала территориясында б.з.б. 8-6 мыңжылдықта ертедегі жазба, яғни пиктографиялық (тасқа сурет салу) таңбалар жартастарға түсіріле бастады. Суретті таңбалар тасқа ойып жазулар түсіру, белгілі территориядағы болған өмір тіршіліктері жайлы хабарлар беріп отырған.

Археологтар мен этнографтардың зерттеу материалдары бойынша Алтайдан Дунайға, Қиыр Шығыстан Балқанға дейінгі аралықтағы өмір сүрген тайпалар, тұрмыс-тіршіліктен түйген сезімдерін пиктографикалық жазбалармен тасқа, мал

терісіне, сүйектерге, қайың қабықтарына жазып келген.

Сонымен қатар еңбекті бөлісу қажеттілігі әр түрлі қолөнерге арнайы үйретуді талап етті. Сол себептен, материалдар, заттар мен бұйымдардың жекелеген отбасының қолында шоғырланғандықтан кәсіби мамандыққа балаларды даярлау отбасының мүмкіндіктеріне байланысты болды. Кәсіби мамандық икемділік пен қабілеттілікті басқалардан қорғауға, сақтай білуге талпыныс туды. Өйткені, бұл қажеттілік жеке отбасы мен кейбір әлеуметтік топтарға өте қажет болған. Сондықтан қолөнерлі шебер отбасы кәсіби ұстаздық пен қабілетті шәкірттерді дайындайтын орталыққа айналды. Ал, жасөспірімдерді еңбекке, әскери, дене шынықтыру және әлеуметтік-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу, өмірге дайындау, оларды арнайы үйретудің бастамасы деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Аджи М.* Полянъ половецкого поля. - М., 1994. - с.172-173.
2. *Әбілғазы. Түрік шежіресі.* – Алматы, 1992. - 12 б.
3. *Байбатиша А.* Қазақ даласының ежелгі тарихы. – Алматы: «Сенат». – 2004.
4. *Бержанов К., Мусин С.* Педагогика тарихы. – Алматы, 1976.
5. История педагогики и образования. /Под.ред. А.И.Пискунова М., 2001.
6. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: «Жалын». –1993.
7. *Мид М.* Культура и мир детства. – М., 1988.
8. *Салғарин Қ.* Қазақтың қилы тарихы. – Алматы: «Жалын». – 1992.
9. *Семенов Ю.Н.* Происхождение брака и семьи. – М.,1974.
10. *Сүлейменов О.* Язык письма. – А., 2004.

Резюме

В данной статье автор рассматривает воспитание первого человечества, в годы матриарха, неолита, их пути использования, значимость и т.п.

Summary

In given article the author stops on education of the primitive person living in Eurasia during an epoch of matriarchy and a neolith, his importance, use ways, etc.

Ж.А.Сейсенбаева –
филология ғылымдарының кандидаты,
Инновациялық технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ бөлім басқарушысы

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ДАМУШЫ ФАКТОР

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Кез-келген ұлттың дара көрсеткіші де, ішкі жан-дүниелік және сыртқы келбетін даралану сипаты да ұлттық мәдениетінің қалыптасуынан тұратыны белгілі. Ұлттық мәдениетін даралай білмеген ел тарихын да дұрыс пайымдай алмайды екен. Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасады. Осы құндылықтар негізінде ұлттық мәдениет дамып, кемелденеді. Ұлттық мәдениет – халықтың ежелден жалғасып келе жатқан өзіне тән өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы есебінде қалыптасып, жетіліп отырады. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтары.

Қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, фольклорды, ұлттық колөнерді, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтас жүйесін құру арқылы қолда бар мәдени құндылықтарды сақтап, дамытып ұлттық мәдениеттің негізін құрай аламыз.

Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп, нығайту және өркениетті елдер қауымдастығы

қатарынан орын алу – ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты алғышарттардың бірі.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибие жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге негіздеу. Мемлекетімізде ұлттық маңызы бар бірқатар бағдарламалар болса, соның бірегейі «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған бұл бағдарлама ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бағдарлама елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда әлемдік ғылыми ой-сананың, ұлттық мәдениет пен өнердің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отыр.

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында Елбасы Н.Ә.Назарбаев көшпенділердің әлемдік тарихтағы роліне тоқталып, қазақ жерінің Еуразия Кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп қазығы болғанын айта отырып: «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», – деді. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық

идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын. Біз ең алдымен, өзіміздің тарихымызды нақты айқындап алуымыз қажет, бұл - әрбір ғылымның саласына қатысты мәселе. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын академик философ Әбдімәлік Нысанбаев атап өткеніндей, түркілік кезеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан ата тегіміз болып келетін түркі халықтарының ділі мен дінін, дүниетанымы мен әлемді философиялық тұрғыдан игеру тәжірибесін қазіргі дамуымызда, өркениеттік жолында және ел тәуелсіздігін нығайту тұрғысында толық ескеруіміз керек. Рухани өмірдің бедерсізденуін еңсеру мен қазақ халқының өзіндік санасын жаңғырту міндеттері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, әсіресе педагогика ғылымы саласында Шығыс, оның ішінде түркі өркениетінің ерекшеліктері мен тарихи тамырларын дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып, кешенді түрде зерттеулер жүргізу қажеттігін туындатып отыр. Шығыстың бай педагогикалық және тәлім-тәрбиелік ой-санасы, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық дүниетанымы халық шығармашылығы мен ұлы ойшылдардың тәлім-тәрбиелік идеяларынан құралады. Адам мен дүниенің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға танытуын, тұлғаның өмірдегі орны мен ролін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ педагогикасының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ педагогикасы – шығыстық педагогикадағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік

мазмұнмен байытқан педагогика болып табылады. Қазақ педагогика ғылымының шоқжұлдыздары әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқариден басталып, олардың бай мұрасы педагогика ғылымындағы ұлттық тарихымыздың бастау көздері болып табылатындығын өркениетті ел болуға аяқ басқан қазіргі кезде батыл айтатын уақыт жетті. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы тәлім-тәрбиеге қатысты жинақтаған інжу-маржандарын әлем жұртшылығына танытып, әлемдік педагогиканың қатарынан орын алуына күш салуымыз елдігіміздің басты белгісі екендігін назарда ұстанған жөн деп білеміз.

Ұлттық мәдениетті білім беру үрдісінде ұлттық тәрбиенің бір бағыты ретінде ендіру жолдары:

1. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың басым міндеттерін білім беру жүйесімен үйлестіру;

2. Бүгінгі күн талабына сай ұлттың тілін, тарихын, дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпын, ділін қалыптастыру;

3. Қазақтың ұлттық құндылықтарын қазіргі заманға сай сараптап, жастарға білім мен тәрбие беру жолын анықтау;

4. Ұлттың терең де мәнді мәдениетін мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдеріне насихаттай отырып, ұлтаралық қатынасты нығайту жолдары мен тәсілдерін зерделеу;

5. Өз Отанына деген сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеуге баулу;


Ұлттық мәдениетті ұлттық тәрбиемен байланыстырып оқыту жайттарын қарастырғанда Ұлттық мәдениет негіздерімен тығыз байланыстыра қарастырғанымыз орынды. Бұл ұлттық тәрбие процесін дұрыс жүйелеуді қамтамасыз етеді. Ол төмендегідей үш бағытқа жүйеленуі тиіс. (Қараңыз сызба № 1)



Сызба №1

Сонымен, Ұлттық мәдениет негіздері: ұлттық сана, ұлттық тәрбие көздері, ұлттық идея тұрғысында білім беру процесінде жұмылдырылады. Ұлттық сана ұлттық мәдениет негізі ретінде қарастырылуының өзі жастардың рухани жан-дүниелерінің ұлттық деңгейде дамып жетілуінің бірден бір себебі. Ұлттық тәрбие көздері «**ұлттық**

діл, дін, тіл, тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді оқытудағы өзара байланыс жүйесіне негізделеді және ұлттық рух пен адам санасының жетіліп қоғамдық тұлғаға көтерілуін қамтамасыз ету болып табылады. Осы сатылар **ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін** қалыптастырады. (**қараңыз сызба № 2**).



Сызба №2

Ендеше көріп отырғанымыздай, ұлттық тәрбие көздерін мәдени тұрғыдан ұлттық сипат беріп ұғындырғанымыз мәдениеті толық тұлға тәрбиелегеніміз деген сөз. Осы процес білім беру үрдісінде өзіндік сипатпен ерекшелініп тәрбие жолындағы бедері жоғары болып табылары анық. Осы мәселелерді толықтыруда әрине, ұлттық идеясыз жүзеге аспасы түсінікті. **Ұлттық идея** – мәдениет толық кемелді тұлғаның өзіндік түсінік танымын қалыптастырушы процес ретінде саралануы тиіс. Осы тұрғыдан, ұлттық мәдениет негіздерінің құрылғыларын саралар болсақ, ұлттық тәрбие баспалдақтары нығая түседі. Тек егемендікті алып қоюмен ғана емес, әлемдік өркениеттің көші соңында қалып қоюда ғана емес, өсіп-өніп, қолдан келер бар мүмкіндікті арттыратын ұлттық идеясы да қымбат. Елбасымыздың пайымдауынан ұлттық идеяға қатысты екі ой туындап, оны тарқатып береді. Бірі – ұлттық идея өзін-өзі

таныған ұлт бар кезде ғана дүниеге келеді. «Ұлттық идея дегеніміздің өзі – этностардың – этникалық тұтастығын сақтап, ұлттық күш-қайратына сенімін күшейтетін ұмтылыс пен іс-қимылдардың маңызды құралы. Ұлттық идея – талай ұрпақтардың еңбегін, қуаныш, қайғысымен сараланған рухани дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы», [2. 133 б.] - дейді А.Айталы. (*Айталы А. (оқу құралы) 2-ші басылым – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 226 б.*)

Ұлттық мәдениет жалпы екі құрылымнан тұратыны белгілі. Соның бірі **ұлттық мәдени құндылықтар** болса, екіншісі: **ұлттық рухани құндылықтар**. Мәдениеттің осы екі құрылымын білім алушының бойына қалыптастыруда жоғарыда біз айтып өткен ұлттық мәдениеттің негіздері арқылы қол жеткізуге болады. Ал, ол мәдениеттің негізін отбасындағы тәрбиеден және білім беру орындарыдағы білім мен тәрбие арқылы

екендігі түсінікті. Осы тұрғыда білім беру орындарында ұлттық тәрбиелік білімді толық меңгеру қажет болса, ал отбасында рухани мәдени құндылықтарды қандай тұрғыда баланың бойына қалыптастыруға болады деген сұрақ көкейге ұялайды. Осы жөнінде біз төмендегідей қалыптастыру баспалдақтарын ұсынар едік.

1. Өмірге өзіндік көзқарасы қалыптасқан, жан-жақты терең ойлай білетін, жандүниесімен рухилылықты сезіне білетін «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» бала тәрбиелеу.

2. Отанды, жерін, елін сүйе білетін, халқының тарихын құрметтейтін, елімізде болып жатқан жайттарға бейжай қарамайтын, өзіндік үлесін қосуға даяр «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.

3. Отбасында балаға ата-бабамыздың ар-қасиетін жоғары қоя білу ерекшелігін ұғындыру.

4. Ұлттық ерекшелігіміздің бірі жеті атасын, туыстық қарым-қатынас, үш жұрт білуге тәрбиелеу. Отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлін ұғындыру. Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

Отбасында рухани мәдени құндылықтардың біз ұсынып отырған баспалдақтары бала бойына сіңіріле тәрбиеленер болса, бүгінде қоғамда белең алған ата-ананы қарттар үйіне өткізу, баланы тастап кету және т.б. жаман жайттардан арылар едік. Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Ендеше ұлттық мәдениеттің негіздерін білім беру үрдісінде білім мен қатар тәрбиелік мақсатта қатар

пайдалана білгеніміз жөн. Ұлттық биік сананы бүгінгі барлық елдер мемлекеттердің жаһандану жағдайында бейімделіп жатқанда ұлттық биік санасын қалыптастыру, оны жүзеге асыру кезек күттірмейтін мәселе. Жаһандану жағдайында әр тұлға еркін және жеке бастама жасай алатын идеяға негізделген Батыс өркениетіне талпынуда. Ол өте дұрыс-ақ. Дегенмен де ұлттық санаға, салт-дәстүрге ықпалын тигізетін жаһандануға бой ұрмай, өзіндік дербес жолымызбен дамуға түскеніміз дұрыс. Бұл жерде бізді алаңдатар мәселе Батыстану өркениеті. Батыстың технологиялық жетістіктерін, ғылыми-техникалық мәдениетімен экономикалық ұйымдастыра алу тәжірибелерін қабылдап отырғанымыз дұрыс шығар, бірақ та әлеуметтік реттелуге келгенде ұлттық сипатымызды жоғалта түсеміз. Атап айтар болсақ, жеке адамның тұлғалық дамуы, діни сенімі, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды ұстануы, ұлттық құнды қасиеттерді сақтай білуі, қарым-қатынас жағдайында өзі орынды ұстана білуі және т.б. Бұл тұрғыда келіспеушіліктер өркениеттердің өзара кірігіп, сіңісуінде және бір-бірімен ұштасып кетуінде болып отыр. Бұл бәрімізге белгілі, жанымызды ауыртар жағдай. Өйткені, жаһандану жағдайында Батыстың мәдени құндылықтарына бой алдыру, оның басымдық танытуы халықтың ежелден көздің қарашығындай сақтап келе жатқан өзіндік дара, төлтумалық сипатынан айырылуына мұрындық болатын қауіптің зоры.

Резюме

В статье рассматривается национальное культурное воспитание будущих специалистов посредством развития их познавательных процессов.

Summary

In the article patriotic education of the future experts by developing their cognitive processes is considered.

Ж.Ж.Молдабеков –
философия ғылымдарының докторы,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры,
«Қазақтану және ұлттық инновация» орталығының жетекшісі

ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ ҚУАТЫ – ӨЗІНДІК БАСТАУДА, РУХАНИ БАЙЛЫҚТА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАҒДАРДА

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы әлеуметтік-мәдени дамуының стратегиялық ресурсы неде? Президент Н.Ә.Назарбаевтың соңғы сөздерінде мына қағидалар алға ұсынылды: интеллектуальды ұлтты қалыптастыру, елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырту, ғылым мен білімнің инновациялық индустриясын жасау [1]. Бұл іргелі мақсаттар мәдени мұраны және халықтың рухани байлығын игерудің қазақстандық жөн-жобасын қалыптастырмақ. Жаңа ұрпақтың ойлану мәдениетін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру үшін, әрине, тарихи уақыт, әлеуметтік бірлік, ұйымдасқан тірлік, іс-әрекеттегі серіктестік керек, жинақталынған озық тәжірибелердің өзара ықпалдастығының сабақтасуы мен артуын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін экономикалық табысты, информациялық жетістікті рухани байлықпен және жаңа, әрі өзіндік бітімге деген бастаумен толықтыру шарт.

Азаматтық мәдениет пен азаматтық қоғамды қалыптастырудың гуманитарлық қуатыосында. Ал сол елдік дамудың әлеуетінің артуына жоғарғы оқу орнының, соның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қосатын үлесі қандай?

Білім саласындағы әлемдік кеңістікке ену, яғни білімнің халықаралық стандарттарын басшылыққа алу – жаңа дәуірдің өтімді қажеттілігіне, өркениеттіліктің айғағына айналуда. Әлеуметтік-гуманитарлық білім саласының ерекшелігі мұнымен шектелінбейді. Осы ғылымдардың өмірлік қуаты ұлттық мәдениетті жаңғыртуда, дәлірек айтсақ мәдениеттің адамзаттық және ұлттық үлгілерін тең ұстауда айқындалынбақ. Адамзаттық мәдениет жетістігін ойға сіңіру де, өзіміздің ұлттық мұрамызды әлемдік кеңістікте көрсете білу де – қазақты тану

мен танытудың қос өрімі. Енді қазақтық болмыстың, оның мәдени жетілуінің адами өлшемін өрбіту – оқу жүйесінің гуманитарлық маңызын арттыру. Ол үшін адами өлшемнің азаматтық қасиеті мен кәсіби қабілетін тең ұстау – тұлғалық тұтастыққа тірек болмақ. Білім арқылы кәсіби мамандарды даярлау – негізгі міндет, ал елдің азаматын тәрбиелеу – мызғымас парыз. Білім жүйесінің нышандық негіздерін – жаратылыстану, саяси-әлеуметтану, рухани-гуманитарлық, информациялық және т.б. деңгейлерін бір-бірімен үйлестіру өмір талабы. Білім сапасын, тұлға құндылығын, кісі қасиетін арттыру, интеллектуалды ұрпақ пен ұлтты қалыптастыру мәселелерінің күн тәртібіне қатар қойылуы кездейсоқ емес.

Саясат пен экономикада интеграциялық үрдіс халықаралық сипат алуда. Бұл бір заңдылық. Сол интеграциялық тенденцияда әркім өз пайдасын, серіктестік пен әріптестікті қатар алып жүретін тәжірибеге бет бұрып жатқаны – бұл да әлеуметтік бәсекелестіктің ережесіне айналуға. Содан адам капиталын заттық іс-әрекетте де, мәдениетте де қозғаушы күшке, шешуші факторға айналдыру үшін ортақ тәсілдерге тәнтілік артуда. Осы орайда интеграцияның гуманитарлық-мәдени деңгейі қандай көрініс алуда, жүзеге асуда деген сауалдар мамандарды мазалауда.

Бүгінгі таңда оқу үрдісінің технологиялық, информациялық, әдістемелік ұйымдастыру жағына басым назар аударылуға. Өркениетті өмірдің инновациялы тәсілдерін, инициативті бастамаларын, сыншыл көзқарасын білім саласына енгізудің маңызы да, перспективасы да осы тұрғыдан сарапталуда. Міндеттер нақты ғана емес, кешенді әрі күрделі. Осы бағдардың екінші жағы нені, неге білу керек, оны кіммен, қалай жүзеге асыруға болады деген сауалдар

бір-бірімен байланыста, жүйелі түрде жүзеге асырылмай келеді. Оқу жүйесіндегі кенжелік пен келтеліктің себептері алуан. Жоғарғы оқу жүйесінде жаратылыстану, гуманитарлық, қоғамдық, техникалық сияқты пәндердің өзіндік жоғарғы танымдық және тәсілдік ерекшелігі бар екені әйгілі. Жоғарғы ерекшелік осы білімдер саласындағы өзара тәуелділік пен өзіндік құндылықтардан құралатыны онсызда мәлім. Ғылымның философиясы мен тарихы ғасырлар бойы пікірталасты тудырса, оның шешімінің жалқы, біртекті еместігін аңғартады. Оның өзі жаратылыстану мен әлеуметтік-гуманитарлық білімдер саласын бір информациялық жүйеге немесе әдістік тәсілге енгізу оқу-тәрбие жүйесіндегі түрлі мақсат-мүддені нәтижелі алып кетуге жарай бермейтінін ХХІ ғасыр тәжірибесі көзімізді жеткізуде. Оқу жүйесіндегі идеялық, теориялық, әдістемелік негіздердің құрылымдық және мазмұндық байланыстары үзілуде, олардың құрамдас бөлшектері туралы көзқарастар формальді бір бағытта өрбиде. Соның салдарынан оқу жүйесіндегі танымдық мазмұн мен ұстанымдық нәтижені бір-бірімен толықтыру жасандыққа ұшырап жатқандығы ендігі үдеу үстінде. Содан технологиялық стандартқа, басқа өркениетте қалыптасқан информациялық жүйеге «тәуекелмен» кірісу әрекеттері түрлі күмәнді сейілтпей, қайта оны үдетушілік оқу жүйесінде, әсіресе гуманитарлық салада басылмауда.

Сонымен мамандарды интеллектуальды ұлтты қалыптастыру, елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғыртудағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әлеуеті аландатады. Мүмкін содан да болар, білім мен тәрбиенің іргелі проблемалары туралы а) ұстаз бен шәкірттер арасында, педагогтардың өз арасында дұрыс түсінбеушілік белең алуда; ә) көргеніміз бен көңілдегіміз, ұққанымыз бен үйретеріміз педагогикалық практикада әзірге бір-бірімен толық үйлесе бермеуде. Оған себеп қос құрамдастың біреуіне, бір жағына, әсіресе қолданбалы жағына ғана көңіл бөлу орнығуда. Бұл бәсекесі басым рыноктық қатынастың қатаң талабына бір жақты тұрмыстық түсінік.

Бәсекенің әлеуметтік-мәдени арқауы талдаудан тыс қалуда. Келтелік кенжелікке ұшыратады. Оны тұлғалық қабілет-қасиетін жетілдірмек азамат алдымен сезінеді.

Расында, оқу үрдісіндегі тұлғалық белсенділіктің қай түрі – кәсіби-қолданбалы, азаматтық-мәдени және дүниетанымдық фактордың қайсысы сұранысқа жақын деген кезде, әлгі ұстанымдар мен педагогикалық тәжірибе бір-бірімен мазмұндық және құрылымдық жағынан үйлесе бермейді. Педагогикалық тәжірибедегі ала-құлалық осы аяда біржақты өріс алуда, әзірге ол басылмауда. Информациялық технологияның шешетін нақты қолданбалы функциялары бар. Бірақ, ол оқу жүйесінің гуманитарлық жақтарын және тәрбиенің рухани-мәдени деңгейін тең алып кете алмауда. Уақыт өте бұл олқылық осалдыққа айналып кетсе, оның болашақта немен аяқталатынын ойлауға, болжауға әзірге мұрша келмей жатқандай. Осы тұрғыдан зерттеу жұмысының аяқсыз қалуы мамандарды қатты алаңдатады.

Егеменді елдің, тәуелсіз мемлекеттің, азаматтық қоғамның ұрпақтарын қалыптастыру, тәрбиелеу – бұл да бүгінгі күнмен болашақтың кезектен тыс талабы. Осыдан біреулер білімдегі ұстаздың рөлінің, яғни беделінің әлсіреп бара жатқанын, енді біреулер тұлғалық ықпалдың ыдырай түскендігін, үшіншілер, ұлттық мұраны игеру жүйесіздікке ұшырап жатқанын тілге тиек етеді. Бұл ойдан шығарған үрейлер емес, реформа жүріп жатқан кезде дұрыс шешуін таппай қордаланған, мамандардың нақты аңғарған проблемалары. Олардың аясы мен деңгейі уақыт өткен сайын кеңеюде.

Сонымен жаңа технологияға негізделген оқу жүйесіне не ұстаздар корпусы бейімделмеген, не информациялық реформа біржақты бағыт пен деңгейде жүргізілуде, не оқу жүйесіндегі интеграциялық үрдістің мазмұндық бағдарын бағалайтын тиянақты өлшемдер айқын еместігі туралы түрлі тоқтамдар айтылып жүр. Ол бекер емес. Әзірге түрлі көрсеткіштер бар, бірақ олар кәсіби және кісілік қасиеттерді бірге бағалауға, халықаралық үлгі мен ұлттық тәжірибені теңестіре жүргізуге

мүмкіндікті аша бермейді. Технология саласында жинақталынған жағымды тәсілдер алуан және молшылық, бірақ оларды кәсіби тәжірибеге айналдыруға не жетіспейді немесе әркімнің әр саладағы өмірлік тәжірибесінің озық та ортақ тәсілге айналуына нендей нәрселер (әлдекімдер) кедергі болуда? деп сұрақты әр саланың мамандары бір-біріне қойып көрсінші. Қандай жауаптар болар екен? Оны арнайы зерттеп жатқан орталық әзірге жоқ дерлік. Оқу жүйесіндегі инновациялық қызметтің бұл екі түрінің мән-мағынасын қалай ұғамыз, қайтіп түсіндіреміз? Әзірге жанды, түйінді шешімдерін таппай немесе жаңа әдістерді еркін қолдана алмаушылық қайталануда.

Тек таяу уақыттың дара пайдасын қуған әрекеттер бәсекелі екі тәсілдің басын біріктіре алмайтынын батыстың өз тәжірибесі көзімізді жеткізуде. Ал ұлттық мақсат қуған мамандар түрлі бастаманың бағдарын аңғаруға тырысады. Бұл да өмірдің үйреткен үлгісі. Кәсіби мамандық пен азаматтық өмірдің осы тектес мәселелері мен міндеттерін жүйелі түрде ұқпай, зерек те ерек тұлғалардың (ұстаздар мен студенттер) ортақ мәселеге араласуы, ортақ мүмкіндікті қарастыруы, ортақ жұмысты ұйымдастыруы, ортақ міндетке үйретуі, ортақ ісімен үлгі болуы өзара үйлесе бермейтіні белең алуда. Мәдениеттегі ұстанымдар мен ұлттық мақсат бір-бірімен үйлеспей, көзқарастар, шаралар, қимыл-әрекеттер бір-бірінен алшақтайтыны жаңалық емес, бұрын-соңғы мәлім жай.

Саяси-әлеуметтік дағдарыс мәселелері кең талқылануда. Өйткені, ол әлсіздерге алпауыт дауыл, бітімсіз елге қайта-қайта оралар қиындық, жігерсізді іштей күйретер дерт. Иә, ол діңкелететін дерт. Дағдарыс елдің экономикалық әлеуетіне кедергіні қолдап көбейтеді, ондағы әлеуметтік әбігерлікті асқындатады. Оған саясаты икемсіз, бірізді империялар да төтеп бере алмады. Кемшіліктің басты нышаны дағдарысқа қарсы шаралардың жүйесіздігінде, оның икемсіздігі мен тиімсіздігінде, яғни табанды шаралардың қолға алынбауында екенін әлеуметтік тәжірибе көрсетуде. Экономика тұралап

қалғанда дағдарыс іштен алып, ақырында, ұлттың өміршеңдігіне нұқсан келтіретіні де шындық.

Содан рухани дағдарыс тамыр жаяды. Дағдарыс рухани сипат алғанда қоғам мен мемлекеттің тұтастығына, тұрақтылығына сынақ әрқалай күшеймек. Қоғам мен мемлекетті басқарудағы осалдық адам болмысын күйзеліске ұшыратады. Ол – үлкен қауіп. Адам болмысын қалыптастырудағы жүйесіздік істі дәйектілікпен асыра алмаушылыққа ұшыратады. Дағдарыстан шығу – тарих төріндегі сын ғана емес, ел алдындағы жүйелі жаңғыру. Қыспақтан шығу – мемлекеттік саясаттың, елдік әрекеттің, тұлғалық тәжірибенің таяудағы межесі. Еліміз бұл қыспақтан біртіндеп шығуда. Бірақ қолданып жатқан танымдық-тәрбиелік тәсілдер қаншалықты тиімді, олар біздің тарихи тәжірибемізден, ұлттың менталитеттік ерекшелігінен, педагогикалық практиканың ішкі заңдылығынан туындауда ма? Жауап әзірге дәйекті, дәлелді, көңілден шыға бермегендіктен, гуманитарлық саладағы мамандардың, оқу жүйесінде тәлім-тәрбие жұмысымен шұғылданатын эдвайзерлердің ойын әр саққа жүгіртеді.

Қоғамдық және ғылыми-педагогикалық бірліктердің мемлекетке белсене қызмет ететін сындарлы кезеңі келді. Бұрын халқымыз үш байлыққа – елге, жерге, тілге ерекше мән берген. Ендігі байлық: а) қоғамдағы тыныштықта, экономикадағы тұрақтылықта, елдегі береке-бірлікте; ә) әлеуметтік белсенділікте, бітімде, беделде; б) тұлғалық біліктілікте, қабілет-дарында, қажыр-қайратта, іскерлікте; в) ақылға ақыл қосатын, өркениет өресін халыққа жеткізетін тіл, діл, дін құдіретінде. Ол үшін оқу жүйесіндегі информациялық жүйені, әлеуметтік инженерияны және ұлттық тәрбиенің тәжірибесін бір-бірімен үйлестірудің маңызын, оқу реформасының әлеуметтік-мәдени және саяси-философиялық сипатын арттыру шарт.

Ұлттық тәрбиенің тәжірибесі де, тілі де алуан. Оларды саралайтын, жинақтайтын білімділік тұтас жүргізілмегендіктен, тәлім-тәрбие жұмысында жүйелілік жетіспеуде,

жеке іс-шаралар студент жастардың бүгінгі үміттері мен қажетін өтей бермейтіні жиі байқалуда. Жалпы білімділіктің әлемдік және ұлттық үлгілері бірін-бірі толықтырмай тәрбие туралы дұрыс түсінік те қалыптаспайды. Содан жастардың мәдениеті туралы мемлекеттік саясат іске асырылмай, азаматтық мәдениетте, азаматтық қоғамда сапалық деңгейге көтерілмейтіні таңғаларлық нәрсе емес. Білім – шындыққа жол, егер ол тарихи және ұлттық тәжірибені сабақтап, ұлттық рухты қолдаса. Өмірлік шындыққа сүйенбей, ұлттық тәрбиенің қабырғасы қаланбайды, қадағасы қағылмайды. Ұлттық рух – а) адамшылыққа, адалдыққа, әділеттілікке, азаматтыққа тірек, елдік пен ерлік бітімі; ә) көне мен қуатты бәсекенің бел ортасы. Сондықтан оны қолдау – болашақты тәрбиелейтін ардың ісі. Бұл дегеніміз жүйенің ашықтығын мойындау және іс-әрекетті нақ ортаның өмірлік тәжірибесімен дұрыс және дер кезінде үйлестіре білу. Оқу жүйесі бұл бағытта кенже қалуда.

Мұндай келелі де кешенді ізденіс әдіснамалы сапалыққа немесе сапалы әдістік өнерге мұқтаж. Ұлттық тұжырымдаманы жасау қажеттілік десек, біздер үшін оның негізгі мәселелері мынау:

- тарихи сана – тарихи білім, ұлттық сезім және ұлттық тәрбие жиынтығы;
- туған жер, туған елдегі тәрбие, өзіндік сана-сезім;
- адами болмыстың табиғи шындығы және тарихи шындығы (білім, еркіндік сана, отбасы тәрбиесі, туған елдегі тәлім-тәрбиенің тұтастығы);
- ұлттық дүниетаным және ұлттық идея;

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан». – 8-16 желтоқсан, 2010.

Резюме

В статье поднимаются трудности адаптации социогуманитарных дисциплин, традиционных форм их обучения к инновационным тенденциям современных технологий образования. Предлагается возможный вариант сохранения национального начала в информационном пространстве.

Summary

The main meanings of this article are: some adaptation difficulties of the social humanities discipline, traditional form of the learning to the innovation tendencies of the education modern technology. Offers the possibilities variants to save the national beginnings in information space.

С.С.Қоңырбаева –
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Жалпы педагогика кафедрасы, ҚазМемҚызПУ

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі кезде отбасы жағдайындағы ата-аналар мен ата-әжелердің де мектепке дейінгі немесе мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасайтын педагогтардың басты проблемалары – жылдан жылға балалармен тәрбие жұмысын жүргізу қиындығы. Балалар өте мазасыз. Олардың педагогтармен, өз ата-аналарымен тіл табыса алмауы салдарынан кикілжіңдер мен даудамайлар жиілейді. Бұрынғы балалармен салыстырғанда, айырма жер мен көктей. Мұның себептерін: отбасында балалардың аз болуы, ақпараттардың көптігі және еркіндігі, теледидардан берілетін хабарлардың шектеусіздігі, компьютерлік ойындарға құмартуда балалардың жас ерекшеліктеріне орай талаптардың қойылмауы, отбасы жағдайында «жоқ, жетпейді» немесе «болмайды» деген тыйымдардың болмауы деп қарастырады.

Шынымен, тек біздің балаларымыз ғана осындай мазасыз ба? Ерекшеліктер назардан тыс емес. Тіпті жаңа туған балалардың өзінен ерекшелік байқауға болады. Бұрын балаларда туыла сала көз тоқтату ерекшелігі байқалмайтын. Қазіргі балалардың көпшілігі, жаңа туылған шақалақ туыла салысымен көз тоқтатып қарайды, тіпті дыбыс естиді. Бұрын балалар үш айлығында күлетін, қазір екі айлығында күледі. Осындай құбылыстарды байқасақ та байыпты, сабақтасты мән бермейміз.

Бұл кейбір елдердің ғалымдарын қызықтырып, зерттеу нысанына айналып келеді. Қазір ғылымға, оның ішінде психология мен әлеуметтік педагогика саласына «Индиго балалар» деген ұғым енді.

Америкалық психологтар Ли Кэрролл мен

Джен Тубер осындай ерекшелігі бар балалар туралы зерттеп кітап жазды. Олар Нэнси Энн Тэпптің «Сенің өміріңді анық түсінуге түстер қалай көмектеседі?» атты 1982 жылы жазылған кітабын басшылыққа алды. XX ғасырдың аяғында, нақтырақ 80-жылдардың соңын ала бере Америка ерекше балаларға тап болды. Бұларды басқа балалар сияқты «қалыпқа» сыймағаны үшін, психикалық ауытқушылығы бар балаларды емдейтін дәрілерді қолданып, өздері қасірет шекті. Ал, шын мәнінде, бұл балалар жаратылысынан өзгеше санадағы балалар. Ойлау жүйесі біздікінен өзгеше болғаны үшін оларды неге теріс қабылдауымыз керек? Тіпті, олар осы заманның сұранысына туылған балалар. Болашақты сеніп тапсыратын балалардың неге бізден аумай қалғанын қалаймыз. Біздер, осы балалардың ата-аналары, мұғалімдері, бойымызда өзіміз түсінбейтін бойкүйездік, селқостық, немқұрайдылық, жаратылыс заңын қабылдай алмаушылық, ақиқатқа сенбеушілік, рухани жұтандық т.б. қасиеттердің бар екенін білеміз. Біле тұра, бұл әрекеттерімізді «таптаурын» деп өзімізді алдаусыратамыз.

Индиго балалар – жаңа заманның символы іспеттес. «Индиго» қанық көк түс деген ұғымды береді. Жаңа санадағы осы балалардың денесінен бөлінген күш пен шашылған сәуле (аура) осындай көк түсті. Сондықтан, «индиго балалар» деп аталады. Тек көк түсті аураның ғана иесі болып саналмайды бұл балалар, көпшілігі ақыл-ой, дарын мен талант иелері.

Көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, қазір 12-14 жасқа дейінгі балалардың 90%-ы Индиго тобына жататын балалар. Қазіргі психология үшін әдеттен

тыс құбылыс саналып келген бұл балалар бір атаумен аталғанымен, іс-әрекеттері мен мінез-құлқының сипаттамалары алуан түрлі. Олар:

- өзінің басқалардан ерекше екеніне күмәнданбайды (өздерін ерекше ұстауға тырысады), тіпті өзінің кім екендіктерін айтып та қояды;

- көзге қораш көрінуі де мүмкін, бір көрінгенде таңқалдырарлық ештеңе байқай алмайсыз;

- таңдауын айтуға ұялмайды және өз әрекеттерін түсіндіріп жатпайды;

- әдеттегі көпке ортақ талаптарды орындағысы келмейді немесе шыдамдылығы жетпейді (мысалы, кезекте тұру т.б.);

- оның шығармашылығына қатты қысым жасай бастасаңыз, жаңылыса бастайды;

- оны басқалар түсінбейді, «дәстүрлі өмір сүруді» қаламай тұрғандай көрінеді;

- өзінің басқаша мүмкіндіктері бар екендігін біледі, соған сенеді;

- егер оның қолына 3-4 жаста компьютер түссе, оны егде жастағылардан артық меңгеріп кетеді (мұндай ерте компьютерге деген құлшыныстың оянуы оларды адамдар арасындағы жақындықтан айыра бастайды);

- үлкендерден жиі көңіл бөлінбесе, кейде олар ешкім түсінбестей өзгеріп, тіпті тіл табысуға қабілетсіз болып тұйықталып та қалады;

- тәртіп бұзғандығы үшін айыптаулар мен ескертулерге көңіл аудармайды;

- көңілінің қалауын айтудан ұялмайды;

- бұл балаларға көбінесе, көңіл бөлудің тапшылығы, гипербелсенді деп диагноз қойылған, ішінара вундеркинд деп аталуы мүмкін.

Индиго балалардың гуманистер, суретшілер, концептуалистер, барлық жағынан ерекше өмір сүрушілер – төрт түрі белгілі және соған сай өмірлік бағдарламалары бар.

Гуманистер – бұлар болашақ дәрігерлер, заңқызметкерлері, мұғалімдер, бизнесмендер мен саясаткерлер. Олар қазіргі заман және келешек туралы ойларын кіммен болсын

бөлісе алады. Ішкі сенімдері мықты. Бір ғана ойыншықпен ойнауға қанағаттанбайды, шашып, беріліп ойнайды. Олардың ойлары шашыраңқы: бір ескертуді бірнеше рет айтқызады.

Концептуалистер – болашақ инженерлер, дизайнерлер, архитекторлар, ұшқыштар мен әскери қызметкерлер. Олар отбасында басқарғанды жақсы көреді. Ұлдар анасын, қыздар әкесін басқару нысанына айналдыра бастайды. Егер, балалар ата-анасынан безе бастаса, мұның ақыры үлкен қиындыққа соғуы мүмкін. Ата-анасынан сырт айналған балалар теріс ортаға тез бейімделеді. Сондықтан, ата-аналар олардың іс-әрекетіне өте байыпты қарағаны жөн.

Суретшілер – болашақ мұғалімдер, әртістер, суретшілер, сондай-ақ, дәрігерлер. Олар басқалармен салыстырғанда сезімталдығымен ерекшеленеді. Барлық іске шығармашылық тұрғысынан қарайды, өнерге жақын. 4-10 жастың аралығында өнердің барлық түрімен бірінен соң бірімен немесе қатар айналысып көріп, өзінің неге аса құштар екенін біле бастайды.

Барлық жағынан ерекшеленетіндер – әлемге жаңа философиялық және діни өзгеріс әкелуі мүмкін. Сотқар, төбелескіш болатындары көп. Олар өз басқа Индиголардан ірілігімен ерекшеленеді және қоршаған ортаға бейімделуі қиын. Олар 1-2 жас кезінде-ақ «Өзім білем», «Тиіспеші маған» деген жауап беріп үйренген.

Расында, көпшілігіміз осылардың ішінен өз баламызды танып отырмыз. Демек, балаларымыздың бұрынғы балалармен салыстырғанда ойлары да, даму деңгейлері жоғарырақ. Егер, сіз мұны дұрыс емес немесе ауытқушылық деп санап келсеңіз, енді түсінуге, олардың еркін дамуына мүмкіндік беруге тырысыңыз. Бұлар жаратылысынан ерекше дарынды балалар. Оларды басқаша жасаймын десеңіз, дарынын өшіріп аласыз, тіпті бұзып алуыңыз мүмкін. Бұл менің ғана пікірім емес, бұл жөніндегі ғалымдар көзқарастары көңілге қонады.

Ресей ғалымдары да (тек педагог-

психологтары ғана емес) бұл мәселеге жан-жақты қарап, ең бір көкейкесті мәселе ретінде көтеріп, конференциялар, мен семинарлар т.б. іс-шаралар өткізгендеріне он жылдан астам уақыт өтті. Педагогика кең өрістеген Ресейлік әріптестеріміз «Индиго балалар – қоғам байлығы» деп, оларды дамыту мәселелеріне аса күш салуда. Ресейдің болашағы сенімді ұрпақ қолында боларына сенетіндіктен индиго балалардың кез келген ортада әлеуметтенуі мен дамуы мәселесін жоспарлағанда, жалпы олардың тәрбиесінде басшылыққа алар қағидалар бар:

- Индигобалалардыкөпкеортақ,дәстүрлі тәрбиенің түрлерімен тәрбиелеу нәтиже бермейді. Бұл дүние байлығына тәуелді емес, Жаратушының ерекше жаратқан тұлғалары.

- Бұл балалардың ата-аналары дінсіз болса, одан өткен қасірет жоқ. Индиго балалардың асқан дарындылығы арқылы ата-ана өмірді қабылдауға өзі тәрбиелене бастайды. Өз жасынан оза туып, ой айтқан балалар мына өмірдің әділетсіздігі мен ащы шындығын айтып қарсылық білдіре бастайды.

- Бұл балаларға үлкендер өз көзқарасы мен дүниетанымын таға алмайды. Егер, ондайларға жол берілсе, есейе келіп қоғамға жат өмір салтын ұстанып: ішімдік пен есірткіге салынып, т.б. теріс жолға түсіп кету қаупі бар.

Отбасында, мейлі мектеп немесе қандай да тәрбиелік қызметі бар әлеуметтік институттарда болсын, Индиго балаларды тәрбиелеуде ұстаным болар басты қағида – оған құрметпен қарау, сенім білдіру!

Тәрбиеші педагогтар мен ата-аналарға туындап отырған қажеттілік олардың бала тәрбиесіндегі қызметіне жаңаша көзқарас, серпіліс әкелуі тиіс. Сондықтан, баланың жанын түсінуге тырысыңыз: сырласы, досы болыңыз. Үлкен адаммен қарым-қатынас жасағандай, ұстанымыңызды сезінуі керек.

Жалпы, барлық ата-ана, тәрбиеші білуге тиісті:

- таңдауға ерік беріңіз;
- бұйрық райда сөйлеменіз;

- қарсыласпаңыз;
- уәдеңізді орындаңыз;
- ешқашан оны кемсіте сөйлеменіз;
- жақсы көретініңізді білдіре жүріңіз;
- оны «сендіру» қажет болса, оңаша түсіндіріңіз;

- оның ерсі қылығы жөнінде оңаша талқыласаңыз, ол дұрыс түсінеді;

- оны мазақтап, намысына тимеңіз;
- ұрып-соғуға, әлсіздігін пайдалануға болмайды;

- қарғыс айтудан аулақ болған жөн, бұл аса қатерлі саналады;

- ашулану орнына көмек сұраңыз (сенің көмегің керек болып тұр, киімді шкафқа салып жіберші!).

- жоспарыңызды алдын ала айтып қойыңыз;

- оның көмегі мен жетістігін шынайы мадақтап отыруды ұмытпаңыз т.б.

Қатал болсаңыз да әділеттілікке сүйенсеңіз – индиго балаларды тәрбиелеудің басты шарты. Олармен әрқашан жасына қарамастан, сөйлесе біліңіз. Бірге ойнаңыз. Барлық нәрсені жасауға рұқсат беру керек деген ойдан аулақ болған жөн. Әділ төрелік жасаңыз.

Бала – басты құндылығымыз. Қандай баламыздан да сырт айнала алмаймыз. Ал, ерекшелігі бар балалар – еліміздің ертеңі, баяндыболашақкепілі.Сондықтандаелімізде дарынды балаларға арналған мектептер ашылып, байқаулар, көрмелер жиі өткізіліп тұрады. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың дарынды балаларға айтқан өсиеті педагогика ғылымында ғана емес, баланы тәрбиелеуді мақсат еткен кез келген тұлғаның қарым-қатынас барысындағы ұстанымдарына айналуы тиіс.

Елбасының дарынды балаларға айтқан бес ғибраты:

1. Алдыңа мақсат қоя біл. Талмай ұмтыл. Мақсатыңа қолың бірден жете қоймаса да, мойыма, алған бетіңнен қайтпа!

2. «Қолымнан келмейді» деген ұғымды санаңнан біржола өшіріп таста. Ылғи да

нығайтып отыру – парызың. Тәніңді таза ұста. Бейауыз болма, былапыт сөз айтудан – аузыңды, тыңдаудан – құлағыңды сақта!

Елбасының дарынды балаларға арнаған ғибратты өсиетін әр отбасында ата-ана жете ұғындыра білсе, ортақ ойдың сабақтастық тапқаны. Әр ата-ана – өз отбасының ұстазы.

Ең бастысы, баладан асқан байлық жоқ. Оның тағдырына немқұрайлы қарау педагогикалық қауымға сын. Қоғамдағы өзгерістер мен құбылыстарды есепке ала отырып, қажеттілікке лайық әрекет ету – парызымыз.

Резюме

Summary

**С.Д.Ізтілеуова –
филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану»
ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері**

үстінде, кейінгі елу жылда жүздеген ұсақ халықтардың жойылып кеткендігінің куәсі болдық. Ұлттық құндылықтардың жоғалуы жағдайында әлем халықтарының басым көпшілігі өздерінің этникалық белгілерін сақтауға ұмтылыс жасауда. Қазақ ұлты да тарихи тағдырдың осындай сынына төтеп беру үшін күресуде. Халықтардың әлемдік бәсекелестік заманында қазақ ұлты жойылып кетпеуі үшін, ұлттық тілін, тарихи санасын, бай ауыз әдебиеті құндылықтарын сақтап қалу және дамыту міндеттерін ше-

шуге тиісті. Аталмыш міндеттерді шешу Қазақстан жастарына ұлттық тәрбие беру ісін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыра білуге байланысты. Жастарды ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелемесек, ұлтты сақтаудың тағдырлық мәселесін шеше алмаймыз. Мәселені айту оңай, ұлттық тәрбиені, ғылыми негізде ұйымдастыру, оның әдістемелік негіздерін жасау - өте күрделі педагогикалық міндет. Ұлттық тәрбие беру мәселесі қазақ халқының өткен рухани жолын түсіндірумен шектелмейді. Ұлттық құндылықтар, жақсылықтар, ізгіліктер бүгінгі күнгі адам тәрбиесі мәселелерімен ұласуы қажет. Халықтың тарихи гуманистік потенциалы қазіргі заманға адамгершілік тәрбиесі мәселесімен синтезделінуі шарт.

Өкінішке орай, ХХІ ғасырда жер жаһанда материалдық құндылықтарға адамзат өзін тәуелді етіп, рухани дүниенің маңыздылығына мән беру мәселесін кейінге ысырды. Ұлттар мен ұлыстардың рухани бет бейнесін, этникалық ерекшеліктерін «жаһандану диірмені» жаныштап, талқандауда. Бұл құбылыс Жаратқанның адамзатты нәсілге, ұлт пен ұлыстарға бөліп, тілімізді сан түрлі қылып сөйлетіп, солай бола тұра, бір ғана мазмұнмен ұғыстырған бұлжымас заңдылығына қарама-қайшылық болып көрінеді. Қазіргі заманда ұлтты сақтау оның тілінің, тарихи жадының, ділінің көсегесін көгерту ең маңызды міндет болып саналады. Өзекжарды осы міндетті шешуде ойшыл, ақын Шәкәрімнің рухани мұрасының берері мол. Шәкәрім: «Сөз – құдайдан шыққан бу», - деп, құдіретті сөздің Жаратушыдан бастау алатынына маңыз береді. Барлығының бір бастауы мен заңдылығы бар екендігін ескертеді. Тегінде данышпандар осы заңдылықтарды адамзаттың рухани, мәдени дамуында түп қазыққа айналдыруды ғибрат етеді. Кезінде Шәкәрім: «ХХ ғасырда адамзат баласынан ізгілік... көрмедім» деп назалануында үлкен мән бар. «Жиырмасыншы ғасырдың адамынан, Анық таза бір елді көрмей өттім - деп- Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, зұлымдықты тегінде әділ жеңбес», -

дейді. Солай тарқатып: «Адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл бар жерде адам нәпсісіне ие болады, әділетсіздікке, арамдыққа, өтірікке, алдауға тосқауыл қояды. Осы үш құндылық арқылы адам түзу жолға түседі. Адам жөнделсе – қоғам мен өмір жөнделеді, жаратушыны шын сүю басталады», - деп тұжырымдайды ойшыл ақын. Шәкәрім: «Ар ілімі» деген ілім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...». Ұлтымыздың болмысын, санасын арлылық пен ақ жүректілікке, адал еңбекке баулудың маңыздылығын нұсқайды. Шәкәрім ұлағатын басшылыққа алсақ, адамды түзетіп, тәрбиелеудің ең тиімді жолын табатынымыз ақиқат. Бүгінгі адамзаттың зиянды және қауіпті белгілеріне тек қана адал еңбек, арлы ақыл және ақ жүрек қана тосқауыл бола алады. Осы үш құндылықты басшылыққа алса адамзат түзеледі. Бірақ та олардың жеңіске жетуі оңай емес. Себебі, адамның тойымсыз нәпсісіне ынсап тұсау бола алады. «Нәпсі үйінде байлаулы Ынсап жатыр, Мұның емін тегінде, сол аша алған», - дейді ақын. «...байлаулы Ынсапты» қапастан босата алатын «Ар ілімі» арқылы келетін адал еңбек, арлы ақыл, ақ жүрек. Осы үш құндылық адам тәрбиесінің, ұлт тәрбиесінің мызғымас іргетасы іспеттес. Үш құндылықты берік ұстанымға айналдыру қанша қиын болса да түбінде олардың өркениетке тірек болатыны ақиқат. Шәкәрім осы күрделі байланысты деп баса отыра:

Ескіден қалған сөз теріп,

Өз ойымнан оң беріп,

Үйретуді жөн көріп,

Түзетпек едім адамды [2], - деп өзінің ізгілікті мақсатын ашып айтады. Шәкәрімнің өмірдегі ұстанған басты принциптерінің бірі – “адамды түзету” екендігі айқын. Шәкәрім шығармашылығында “адамды түзету” идеясының біртұтас жүйелі концепциясы айқындалады. «Адам түзеу» жайлы ойларын жетпіс екі жасында жазған:

Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір


Ар ілімі оқылса, – деп негізгі бағытын түйіндеп, қортындылайды. Шәкәрім: «Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп. «Алдында өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып білім жолына түстім. Негізгі алған білімім болмаса да, өз бетіммен ізденіп, өткен жазушы, ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойымнан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім». «...Алдындағы Абай марқұмнан ғибрат алған» Шәкәрім Абайдың «толық адам» ілімінің мәнін ашып,

оны тереңдетіп, «түзу адам», «шын таза жан», «ұждан» мәселелерін негіздеп, «Ар ілімі» концепциясын жүйелейді. Шәкәрім бұл мәселелерді Абай ойларына сүйене отыра көтереді.

Абайдың «толық адам» іліміндегі өзекті мәселе «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрек» ұғымдары Шәкәрімде «арлы ақыл», «адал еңбек», «ақ жүрек» негізінде тереңдетіледі. Екі ойшылдың адамды түзету идеясындағы ортақ мазмұн мен түрдің өзгешелігі айрықша көрініп тұрады. Бұл ерекшелік Абай көтерген адамға қатысты жүйенің Шәкәрімде жалпылық, халықтық немесе ұлттық мәселеге айналуында. Жалқы ұғымнан жалпылық, көпшілік мәселесіне ұштастыра білудің мәнісі күшті. Абайдың адамтану ілімін, Шәкәрім жетілдіріп, «түзу адам», «шын таза жан» тұлғасын қалыптастырады. Адамның рухани тәрбиесінің қоғам үшін маңыздылығы айрықша.



Шәкәрім: Шын таза жан тазалықпен,
Тәңірісіне бармақ ол, – дейді.



Ақынның көптеген өлеңдерінде адамды тәрбиелеу, адамды түзету, адамды жақсылыққа баулу сияқты идеялары үнемі кездесіп отырады. Осы өлеңдерді ортақ мазмұн мен ортақ идея – адамды әділет, ынсап, ақиқат, махаббат, жаратушыны сүю, еңбек, білім, талап сияқты құндылықтарға баулу арқылы дұрыс адам, түзу адам қалыптастыру. Шәкәрім адам мінезіндегі жағымсыз қасиеттерді жоя отыра, адамның өзін-өзі жетілдіру идеясын ұсынады. Жоғарыда аталған құндылықтар адам бойында өзінен-өзі бола алмайды. Оларға адамның өзі ынтық болып ұмтылуы керек. Шәкәрімнің пікірінше, түзу адам үнемі өзін-өзі жақсылық жолымен жетілдіруге ұмтылған адам. Шәкәрімнің осы ойлары ғұлама әл-Фараби ойларымен тоғысып жатқандығын айта кету жөн. Әл-Фараби: “Адамның өзін-өзі жетілдіруі туралы жетілушіліктің кез-келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі күмән жоқ адамның қалауы”, – деп көрсетеді [3].

Әл-Фараби танымындағы рухани жетілуді, дамуды Шәкәрімде адамның өзінің ішкі қалауымен байланыстырады. «Дұрыс өмірге ұмтылған адам өзін-өзі ұдайы жетілдіруге ұмтылып отыруы керек», – деп біледі ойшылдар. Әл-Фараби де, Абай да, Шәкәрім де халықтың, мемлекеттің жөнделуі адамның жөнделуіне тәуелді деген пікірде. Ірі ойшылдар қоғамның шаруашылығындағы, саяси-әлеуметтік дамуындағы қайшылықтар, кемшіліктер мен қателіктерді адам сапаларының нашарлығымен байланыстырады. Қазіргі қоғамда айтылып жүрген “адам факторы”, “адам капиталы”, “адам ресурстары” туралы әлеуметтік концепцияларды ойшылдар өз шығармаларында әлдеқашан бұрын көтергендерін айта кеткен жөн.

Ғұлама ойшыл әл-Фараби адам бойындағы жаман мінез-құлықтарды рухани жұтаң, яғни, кесел деп есептеген. Және сонымен қоса адамшылық дегеніміз адамдарды өзара байланыстыратын бастама

деп санаған. Шәкәрім де адам мінезіндегі қарама-қарсы келетін жақсы мен жаман қасиеттер жайында:

Адамның ең асылы –
Қиянатсыз ақ бейіл.
Ең зиянкес, жасығы –
Тайғақ мінез, екі тіл [4], – дейді.

Осындай салыстырулар арқылы жаман іс-әрекеттерді баса көрсетіп, одан сақтандырып отырады.

Мініңді тапса кім сынап,
Аяғына бар жығыл,
“Қап бәлем” деп кекті ұнап,

Сақтай көрме ойға зіл [5], яғни бұл жолдардың адамның өзімшілдігінен арылып, ішкі дүниесін қалыптастыруға өзін-өзі тануға тәрбиелейтін танымдық дүние екенінде дау жоқ. Ақын үнемі адам психологиясының қат-қабат сырларына терең бойлап, қандай да болмасын қиыншылықтарда, жағдайларда да жақсы қасиеттерді дамыту керектігін алға тартып отырады.

Ақынның:
Адамшылық міндетім
Айт дейді адам індетін
Еріксізбін, шын ниетім,

Алды деме мазамды [6], – деп Шәкәрім адамшылықты адам өміріндегі негізгі қағида деп есептеп, оны адам мен қоғамды өзара байланыстыратын жолдың бірі деп санаған. Ол өзінің азаматтық, ақындық миссиясын қазақ елінің кемшіліктерін түзеумен байланыстырады. Ұлтты жақсарту негізі тәрбиеде деп есептейді.

Айла, күш айуандықтың ең жаманы,
Бокты бокпен жуғанмен ел түзелмес.
Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес [7].

1915 жылы жазылған бұл өлеңінің мәнісі тереңде. Бұнда адамның бойында әділет, мейірім, ынсап, ақ жүрек, таза ақыл болмайынша, зұлымдық, әділетсіздіктер, соғыстар, зиянды қару-жарақтар, мейірімсіздіктер, озбырлықтың жойылмайтынын дәлелдеп көрсетеді. Сөйтіп, ол әлемдегі елдерде болып жатқан соғыстар, зұлымдықтың барлығының адамзатқа еш пайда әкелмейтінін көрсетіп,

оның зиянды табиғатына талдау жасайды. Сонымен, ақын өз ойларын пайымдай келе, «ақ жүрек» пен «таза ақыл» адам баласының рухани игілігіне, басты құндылықтарына айналу керек деген тұжырымға келеді.

Шәкәрімнің осы ойлары әл-Фарабидің мынандай ойларымен үндеседі: “Алдау, айла және екі жүзділік дегеніміз – игілік сияқты болып көрінетін пасықтық әрекеттер істеу, пасықтықпен пайда табу немесе пасықтықпен ләззат алу үшін ненің қолайлы және дұрыс келетінін мінсіз ашу», – дейді ғұлама әл-Фараби [8].

Шәкәрім адам өмірін түзетерлік әділет, ынсап, мейірім сияқты қасиеттердің маңыздылығы қиянатқа жол бермейтін бірден-бір құрал деп есептейді. Сонымен қоса, ішкі дүниенің мазмұндылығын адамды нәпсі сияқты тән құмарлығын тыюға, одан бойды алшақ ұстауға тиімді жолдың бірі деп, мына өлеңінде былай дейді:

Адамның сыртқы жаралысы,
Нәпсісі айуанмен анық теңдес,
Бөлектігі-жалғыз-ақ таза ақылда,
Өлің келсе, жол тап та осыны емдес [9].

Шәкәрім «ақыл» ұғымына терең мән бере отыра, «таза ақыл» ұғымын ұсынады. Ақыл ұғымына шығыс поэзиясында ақындар мен ойшылдар да терең мән берген. Бұл мәселенің маңыздылығы жөнінде әл-Фараби, Низами, Науаи және Абай шығармашылықтарында өз ой-пікірлерімен талай даналық ой айтқан. Шәкәрім өлеңдерінде ақыл ұғымы туралы осы ойлар өз сабақтастығын табады.

“Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз [10], – дейді әл-Фараби.


Абай:

Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек
Токтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста
Сонда толық боласың елден бөлек [11].

Абай “толық адам” жөнінде өз ойларын осылай білдіріп отырады.

Абай шығармашылығында «ақыл» ұғымын «суық ақыл», «нұрлы ақыл» ұғымдары жиі кездесіп отырады. «Суық ақыл» мәселесін бір жақты қарастырады. «Суық ақыл» жаманшылыққа жақын, «суық ақылдан» салқындық лебі еседі. «Толық адам» бейнесін суреттегенде «нұрлы ақыл» ұғымына айрықша мән береді.

«Нұрлы ақылды» адам руханилық пен имандылықтың әбден биік деңгейіндегі Жаратушысын сүйген, адамзат пен әділетті сүйген адам. Ал, Шәкәрім «арлы ақыл», «таза ақыл» ұғымдарына баса назар аударады. Шәкәрімнің «арлы ақыл», «ақ жүрек», «адал еңбек» ұстанымы, «шын таза жан», «түзу адам» болмысын айшықтайды. «Ақ жүрек» мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдықты қажетсінеді.



Шәкәрім:

Ақ жүрек пен Таза ақыл,

Қылсаң Адал еңбек

Бәрінен де сол мақұл

Артқыға жол бермек.

Адамның өзін-өзі тануы жөнінде Шәкәрімақын көп тұжырымдарын өлеңдері мен поэмаларында және мәнді сөздерінде кеңінен суреттейді. Адам тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің негізі. Адамы түзу қоғамның әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, тілі мен ділі де түзу болары сөзсіз. Адам мінезінің қалыптасып, жетілуінің негізгі тетіктерімен көздері ойшылдардың толғаныстарында басты мәселе ретінде қолға алынады.

Соның бірі:

Ойға түстім толғандым

Өз мінімді қолға алдым.

Мінезіме көз салдым,

Тексеруге ойландым [12], – дейді Абай. Абай «Отыз екінші қара сөзінде»: «Ғылымды, ақылды сақтай тұғын мінез деген сауыт болады. Сол мінез бұзылмасын. Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын? Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын». Адам мінезінің әрекеттен барып әдет туындайтынын және де одан кейін мінез қалыптасатынына әл-Фараби айрықша тоқталған. Абай:

«Дененің барша қуаты,

Өнерге салар бар күшін.


Жүректің ақыл-суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін».

Ойшылдардың адамның болмысы жайлы ой-толғаныстарында ұқсастық пен сабақтастық айқын көрініп тұр. Адамның мінез-құлқының қалыптасуына үлкен мән бере отырып, ойшылдар өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттілігі туралы ойды баса айтады. Адамның өз ішіне үңілуі, өзін-өзі тануы, өзіне баға бере алуы өте маңызды. Бұл жөнінде Абай былай дейді: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал? Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің. Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпсың.» Өзінен-өзі есеп алудың өзі, жақсы мен жаманды ажырата алып, «бес асыл істі» тануға, «бес нәрседен қашық болуға» жетелейді.

Абайдың қара сөздеріндегі ұлттық тәрбиеге қатысты қойылған мәселелердің мәні қазіргі кезеңде іс жүзіне асырылып, тәжірибеге айналдыру міндеттеріне байланысты. Қара сөздеріндегі адам тәрбиелеу, түзету, мінезге айрықша тоқталуы да қазіргі тәрбие мәселесіне берері мол. Тәрбие мәселесінің негізі – адам тәрбиесінде. Ендеше тәрбие мәселесін барлық жағынан қамтыған Абай қара сөздерінің жастарды тәрбиелеуге бүгінгі күннен бастап жүзеге асыру маңыздылығы алдымызда кезек күттірмейтін мәселе. Абай шығармаларында өлеңмен берілген тұстарында кездесетін тәрбиеге байланысты кездесетін ойлардың негізінде пайдаланып, ұлттық тәрбиеге қатысты тұжырымдарын алуға болады деп есептейміз. Адамның өзінен-өзі есеп алудың жолын он бесінші қара сөзінде айтқан ой-пікірін мынандай схемамен

Абайдың 15-қара сөзінде:



Абайдың «толық адам» концепциясы

Концепция	Толық адам сапалары	Сапаны құрастырушы элементтер
ТОЛЫҚ АДАМ	ЖЫЛЫ ЖҮРЕК	МАХАББАТ
		РАХЫМ
		ӘДІЛЕТ
		ҰЯТ
		ҚАНАҒАТ
	НҰРЛЫ АҚЫЛ	ЗЕРЕКТІК
		БІЛІМ
		ТЕРЕҢ ОЙ
	ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ	ТАЛАП
		ЕҢБЕК
		ШЫДАМДЫЛЫҚ

бердік:

Абай ойларынан, оның терең философиясымен ой теңестірген Шәкәрімнің адамның өзін-өзі тануы жөніндегі пікірлері үнемі сабақтасып, жалғасып, бірін-бірі толықтырып отырады.

Белгілі ғалым, абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы былай дейді: «Абай адамның өзін тануы жөніндегі ғылымға, яғни адам жанының сырына өз шығармаларының өне бойында мол тоқталып, өз танымы тұрғысынан көптеген тың ойлар, жаңаша тұжырымдар айтқан дербес ойшыл ақын [13]». Адамның өзін-өзі тану танымына екі ойшыл осылайша пікір айтып, ойлары мен ой танымы тоғысып, үндесіп жатады. Екі ақын

да өз заманының қат-қабат құбылыстарына ой жүгіртіп, салыстырып, ой-түйіндер айтады. Әрине, әрбір халықтың рухани мұраларында әлемдік ортақ руханилықты байыта түсетін құнды ой-пікірлер болатыны белгілі. Міне, осындай қазіргі адамзат қауымының өзара қарым-қатынасындағы имандылық, қоғамдағы адамгершілік мәселелеріне, адамдардың рухани құндылықтарын шындай түсіп, тәрбие мәселелерін жақсартуға өз үлестерін қосатыны сөзсіз. Абай да, Шәкәрім де өздері өмір сүрген ортадағы зорлық пен зомбылықты, жақсылық пен жамандықты, сатқындықты пен адалдықты, осылардың ара жігін ашып беруге тырысып, оған өз шығармашылықтарын арқау етті.

Және де халықтың рухани тірегіне айналды. Шәкәрім жеке адамның руханилылығының қалыптасуы адамның үнемі жетіле, дамып отыруы деп есептейді.

Мына көзді қалдырып,
Көңіл көзін көзің қыл.
Бас көзімен қаңғырып,
Ұқпай қойсаң, өзің біл [14], – дейді.

Шәкәрім бұл өлеңін 70 жасында жазған. Шәкәрім көбінесе адамның жетілуіне ішкі дүниенің маңыздылығының, мазмұндылығына баса көңіл аударады. Жеке адамның әлеумет, қоғам алдында адамгершілік пен ар-ұяттың, тәрбиеліліктің көзін іске асырушы басты тұлғаға айналғанын көрсетеді. Ақынның негізгі ақылдың жемісі адамгершілік деуі содан. Ол шығармашылығы арқылы адамдардың көңіл көздерінің, ішкі дүниесінің есігін ашып, оған жақсылық, ізгілік, адамгершілік, мейірім, шапағаттың маңыздылығын түсіндірмек.

Адам табиғатының қыр-сыры мол. Адам өз бойындағы жақсы қасиеттерін шығарып, нәпсісін тыйса, ол өз қолында.

Шәкәрім бұл жөнінде:
Бас көзімен қарасаң, нәпсі-жалған,
Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңданған.
Анық ақыл көзімен қарағанда,
Өзін берер қалыңға ол қызды алған [15], – дейді.

Демек, адамның нәпсісін тыюы, оңай емес, сондықтан ол былай дейді:

Нәпсі үйінде байлаулы ынсап жатыр,
Мұның емін тегінде, сол аша алған.
Сопысынып, ақсынып әуре болмай,
Ер болсаң, босатып ал сол зынданнан.
Ақыл, ғылым әр түрлі айтса-дағы
Жиыны осы сөзбен аяқталған [16].

Яғни нәпсіні тұсаулайтын “ынсап”. Өзінің ішкі жаман әрекеттеріне тосқауыл қоя алмаған адам нәпсісіне де тосқауыл қоя алмайды. Ынсап, ұят, ар, сабыр, мейірім, талап сияқты тағылымды қасиеттерді дамыту нәпсіге жол бермек емес. Өз мініңді көре білсең, өзінді-өзің билей аласың. «Нәпсі үйінде байлаулы Ынсап жатыр, Мұның емін тегінде, сол аша алған» деп «нәпсінің» зында-

нында жатқан «Ынсапты» шығару маңызды. Адамның өз бойындағы қасиеттерін өзі реттеуге тиісті. Шәкәрім «нәпсіге» тәуелділік адам баласын дүниеге байлаулы қылатындығын, сондықтан «ынсаптың» рухани жетілуімізге ықпалды күш екендігін баса көрсетеді. «Нәпсі» адамзат баласын қор ететін, оның рухани жетіліп, кемелденуіне кедергі келтіретін кесапат.

«...Тірлікте қосылысқан,
Шын Жар емес, ойнас ол.
Ондай асық шынға дұспан,
Ол бейіске бармады.
Жар сипатын білсеңіз де,
Нәпсің өлмей, деме Жар.
Айла, алдау сөзіңізге,
Шын хақиқат қанбады...».

Жаратушысына мұқтаж адамзат баласы нәпсісін өлтірмей, Жарына, Жаратушысына жақындай алуы мүмкін емес деген тұжырымды ойларын осылай тарқатады.

Сопы, әулие Йассауидің “Диуани хикметінде” адамгершілік қасиеттер руханилық, алланы сүю, тағылым-тәрбиелік адамның жетілу сатылары және сопылық ағымның басты арналарымен таныса аламыз. Алланы сүю, адамды сүю, өзін-өзі жетілдіру сияқты терең танымға жетелейтін бұл сопылық шығармашылықтың, әсіресе адамның ішкі әлемін тануға үлкен әсері бар. Сопылық әдебиеттің бейнелі де, мән-мағынасы терең ойлы дүниесі қазақ әдебиетіне ықпал еткені сөзсіз. Оның мақамдарының Шәкәрім шығармашылығында да өзіндік орны және әсері болғаны айқын.

Йассауи:

627. Залымдарда ар-ұят жоқ, бізде күнә,

628. Дәруіштің жаны өлік, өшпес дұға.

629. Сол себептен патша қылар бізге жапа,

630. Аят, хадис мағынасын айттым, міне [17], – дейді.

Немесе:

787. Наданменен өткен өмірің тозақ болар,

788. Надан барса дозақта одан қашар.

789. Наданменен дозаққа қылма сапар,

790. Наданменен қазан айындай солдым
міне [18].

Адамның қауіпті де жағымсыз қасиеттерден, надандықтан құтылу, оған бой алдырмау жолдарын көрсетіп, одан сақтандырады. Осындай ой тоғысулар данышпандардағы ой сабақтастығы, түйісулері үнемі қайталанып отырады. Бірақ олардың ойын баяндау тәсілдері әр түрлі.

Наданның көңілін басып тұр,

Қараңғылық пердесі.

Ақылдан бойы қашық тұр,

Ойында бір-ақ шаруасы [19], – деген Абай сөзінде терең мән мен байыпты байлау жатыр. Абай мен Шәкәрімнің поэзиясының тағдырластығын келтірген мысалдардан анық байқауға болады. Абай көтерген мәселелерді Шәкәрім жаңаша талдап, жаңаша жырлағаны анық. Шәкәрім көптеген мәселелердің шешуін Абайдан іздеп, оның ойларына сүйенеді. Абай шығармашылығының Шәкәрім поэзиясының қайнар бұлағы және рухани фундаменті болғандығы ақиқат. Шәкәрім шығармаларының басты ерекшелігі адам болмысы мен қасиеттері туралы дүниетанымды, философиялық ой-пікірлерін көркем сөзбен жеткізу болатын. Шәкәрім дүниетанымының тереңін бойлап, ол ой қозғаған мәселелерді саралап, тізбектеу оңайға түспейді. Ол адам болмысы мәселесін, адам тәрбиесін, құдай - табиғат - адам проблемасын кең аспектіде қарастырады.

Шынында да, Шәкәрім қоғамды, адамды барлық қайшылығымен, алуан қырымен, артықшылығымен, әлсіздігімен біртұтас қабылдап, ақиқат картинасын беріп отырады. Ақын реализмінің және психологизмнің мәнді ерекшелігін де оның осы ақиқаттық пафосының гуманистік мазмұнымен бірігуінде болса керек.

Шәкәрім шығармашылығында әрдайым кейіпкердің бет-пердесін сыпырып, адамдық болмысын ашып отырады. Бұдан ақын өлеңдерінің көркемдігі кемімейді, керісінше, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі фольклорлық эстетикамен үндестіріп, ақынның өзіндік

поэтикасын қалыптастырған элементтерінің бірі болып саналады. Шәкәрім өз шығармашылығында психологизмнің тура, әрі жанама түрлерінің мүмкіндіктерін еркін пайдаланады.

Шәкәрімнің мына өлең жолдарына үңілсек:

Құмарлық деген бір ит бар,

Жаныңа шын жау ит бар.

Алды-артыңа қаратпас,

Рахымы жоқ тым ит бар [20], – дейді.

Адамның бойындағы жат қылықтың бірі – құмарлық. Құмарлық бар жерде имандылық болмайды. Өйткені, бұл ашкөз сезім. Сондықтан, құмарлықтың қауіптілігін ақынның итке балап отырғаны сол. Құмарлық арам пиғылдарға жетелейді. Ондай адам өзін-өзі билей алмайды. Онда қанағат болмайды. Тек қана тәнге ғана қызмет етеді. Бұл адамды әр түрлі кеселді істерге апарары сөзсіз. Өл-Фараби: «Таза ниеттілік құмарлық пен ләззәт сезімінің жоқтығының аралығы, бұл екеуінің бірі – құмарлық, ысырапшылық, екіншісі тапшылық», – деген пікір айтады. Өл-Фараби «құмарлық» адамның жетілуін тежейтін жаман күш деп есептейді.

Сондықтан ақын:

Заман өтті, жас өтті,

Қайрат, өнер бос кетті.

Әбүйір жоқ, сана жоқ

Өз басыңа не жетті [21]? – дейді.

Шәкәрім әрбір ұғымды, сөзді өз орнында қолдана біледі. Сонымен қоса, ол әрбір сөзін ақылмен таразылап, жүйелі пайымдап отырады. Шәкәрім адам болмысы туралы айтқанда, адамның қоршаған ортамен, табиғатпен үйлесімділігін, жаратушысын сезінуін, сонымен қоса адамның өзін-өзі тануы, яғни, оның өзінің жетілуінде деп есептейді.

Шәкәрімнің адам түзетпекке ұмтылысы Қазақстан халқының бүгінгі өмірі үшін маңызды. Тәуелсіз еліміздің азаматтары Шәкәрім көксеген адамдық сапаларға қол жеткізіп отырса, елдің рухани өмірі, шаруашылығы мен ой-білімі үлкен биіктерге көтеріле берері даусыз. Шәкәрімнің көтерген

«түзу адам» концепциясы бүгінгі күнгі ұлт тәрбиесі үшін маңызды деп білеміз. «Ар ілімі» негізін қалайтын «арлы ақыл», «адал еңбек», «ақ жүрек» парадигмалары ұлттық тәрбиенің тіректеріне айналғаны абзал.

Ұлт ойшылдарының адам тәрбиесі жайында айтылған ой-пікірлерін жастар тәрбиесін ұйымдастыру барысында нақты жүзеге асыруымыз қажет. Ұлттық тәрбиенің адамгершілік, сыйластық, бауырмалдық, қайырымдылық сияқты қарапайым, сонымен

бірге, өмірде аса маңызды құндылықтарын жас ұрпақ ұлт ойшылдары шығармалары арқылы жылдам қабылдайды. Қазіргі халықтың адамгершілік сапалары төмендеп, оның санасын материалдық құндылықтар билеген заманда ізгілікті насихаттаудың маңызы арта түседі. Адами қасиеттерді бүгінгі таңда ұлт ойшылдары шығармаларындағы идеялар негізінде ұйымдастырып қана жүзеге асыра аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. - 541 б.
2. Құдайбердиев Ш. Иманым. – Алматы: «Арыс», 105 б. – 2000. - 105 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: «Ғылым», 1975. - 445 б. (3)
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1988. - 541 б.
5. Бұл да сонда. 92-93 б.
6. Бұл да сонда. 105 б.
7. Бұл да сонда. 86 б.
8. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - 225 б.
9. Құдайбердиев Ш. Иманым. - 86 б.
10. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - 11 б.
11. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том. - 128 б.
12. Бұл да сонда. - 309 б.
13. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы: «Қазақстан», –1994. - 208 б.
14. Құдайбердиев Ш. Иманым. - 112 б.
15. Бұл да сонда. - 50 б.
16. Бұл да сонда. - 50 б.
17. Йассауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) - 41 б.
18. Бұл да сонда. - 46 б.
19. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том. - 165 б.
20. Құдайбердиев Ш. Иманым. - 190 б.
21. Бұл да сонда. - 191 б.

Резюме

В данной статье автор поднимает вопрос о гуманизме, как в процессе глобализации привить его молодежи, используя национальное воспитание. С современной точки зрения анализирует как через творчество Абая и Шакарима молодежь усвоила проблемы гуманизма и т.п.

Summary

In this article an author raises a question about humanism, how in the process of globalization to instill to his young people, using national education. From the modern point of view analyses as through work of Abaya and Shakarima young people mastered the problems of humanism etc.

~~~~~  
~~~~~

Қ.Т.Әтемова –
педагогика ғылымдарының докторы,
«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі,
Шымкент университеті

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік дәстүрлері отбасында ұйымдастырылып, іске асырылып келгендігін білеміз. Қазақтың отбасы өмірі мен қарым-қатынас талаптары қашанда адамның жас ерекшеліктеріне байланысты қалыптасып келген. Тәрбиенің басында отбасы үлкені ата мен әже, яғни әулеттің үлкені тұрады. Тәрбиедегі басты мақсат – текті де парасатты тұлғаны қалыптастыру. Ол өздігінен іске аспайды, ол үшін жастарға ақыл-кеңес беріп отыратын үлкендер көмегі қажет, ал ересектерге қолқанат болар жас балалар көмегі де маңызды. Осыдан көретініміз, бір үйде бірнеше ұрпақтан тұратын отбасы мүшелері топтасып шаруашылық ететін ұжымдық сипаттағы адамдар тобы пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ отбасындағы тәрбие ұрпақтар сабақтастығы қағидасын басшылыққа алып жүргізілгендігін байқауға болады.

Отбасындағы балалардың өскенде өнегелі отбасын құрып өмір сүруіне жастайынан ата-аналарының өзара қарым-қатынасын көріп өскен өнегесі негіз болады. Сондықтан, түркі ғұламасы, ғұлама ақын Жүсіп Баласағұн отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – ата-аналардың балаларына берген жақсы тәрбиесі – жақсы мінез-құлық пен рухани байлыққа қол жеткізуі деп біліп, оның өнегесі ата-анадан екендігін: «Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана, Бәрі бізден - дұрыс па, әлде қата ма» (1485 бәйіт), – деп сипаттаған. Сөйтіп, ата-аналардың өзара сыйластығы мен қарым-қатынастағы жарастығы, балаларына жақсы тәрбие берудің бірден-бір дұрыс жолы деп санайды. Өйткені, ата-ана өнегесін көріп өскен ұрпақ есейгенде өздері де сондай отбасы іргесін құрады деп қорытынды

жасайды [1].

Кеңестік дәуірге дейін қазақ отбасы тәрбиесі бүкіл түркі халықтары ішіндегі ең ізгілікті де шынайысы болып келген. Қоғамның дамуында біз еуропалық бағытты ұстанып, ұлттық болмысымыздан ажырап қалдық. Нәтижеде қазақ отбасының бейнесі, тәрбие болмысы түбегейлі өзгерді. Бүгінде жас отбасыларының дені ата-аналарынан бөлек, жеке тұрғанды қалайды. Бұл отбасындағы тәрбиенің ұйымдастырылуына екі жақты ықпал етеді. Біріншіден, жас отау иелері ерте өз бетінше өмір сүруге бейімделсе, екіншіден, отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы үзіледі. Отбасындағы ересектер немере қызығынан шектеліп, жас отбасылары бала күтімі мен отбасы өмірін дәстүрлі тұрғыда ұйымдастыру бойынша көмек алу-дан шектеледі. Шын мәнісінде халқымызда отбасы тәрбиесі ұрпақтар сабақтастығы негізінде жалғасын тауып келген. «Қариясы бардың қазынасы бар» деп ұққан халқымыз ересектер кеңесіне мұқтаж болған жас отбасыларына барынша ақыл-кеңестерін беріп, олардың өз бетінше өмір сүруге қабілетті болып кеткенінше бірге тұрған. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген аталы сөзге тоқтаған бабаларымыз жастардың өз алдына үй болып кетуіне көздері жеткенде ғана оларды еншісін беріп бөлек отау етіп шығарған. Жас отау иелерін отбасылық қарым-қатынас пен бала күтіміне байланысты әр түрлі қиындықтар кездескенде міндетті түрде ересектер көмегінсіз шешу мүмкін болмайды. Сондықтан, мұндай жағдай бүгінгі отбасы дәстүрлерінде де тұрақты орын алғаны тиімді деп білеміз.

Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесі

бір шаңырақтың астында өмір сүретін бірнеше ұрпақтың өзара ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылатын тамаша ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүзеге асырылып отырған. Оған мынадай мысал дәлел: «Өзінің маңдай терімен тапқан еңбек ақысын үшке бөліп отырған бір кісіден оның мән жайын сұрағанда, ол: «бір бөлігін қарызыма берем, ал, екінші бөлігін қарызға берем, үшінші бөлігі ғана өзімдікі» деп жауап беген екен. Бұл мысалдың астарында қазақ халқының тарихи дамуында қалыптасқан өмір салтының көрінісі жатыр. Үш ұрпақтың: «ата- әке-бала» арасындағы қарым-қатынастың біртұтастығы мен тәрбиелік өнеге сабақтастығы арқылы отбасы тәрбиесінің тиімді түрде іске асуы сипатталып тұр. Өйткені, әрбір ата-ана өзінің баласына берген тәрбиесіне қарай оның жемісін көрсе, өздерін өсірген ата-аналарына құрмет көрсету балаларының парызы болып саналмақ. Осындай қарыздар мен парыздар арқылы үш ұрпақ арасындағы тәлімдік өнеге қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы өз жалғасын тауып келді. Бұдан көретініміз, отбасындағы бірнеше ұрпақ өкілдерінің бір-біріне тәрбиелік ықпалы арқылы тек әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, тәрбиелік тұрғыдан да көмек беру орын алады. Жауапкершілік, мейірімділік, өзара көмек, үлкенге құрмет, жастарға қамқорлық, көпшілдік, сабыр сақтау мен шыдамдылық, ұстамдылық және т.б. көптеген адами қасиеттер осындай топта, яғни әр түрлі жастағы, әр түрлі құқылы адамдар тобының арасында өмір сүргенде қалыптасады.

Түрік халқының ұлы ғұламасы әл-Фараби бала дүниеге келгенде оның алдағы өмірінде бақытты болуға жетелейтін қасиеттерді игеруде өздігінен жетіле алмайтындығын айта келіп, ол үшін арнайы тәрбие ортасының болуын қажет деп санайды. Ондай ортаның негізгісі, әрі баланың бақытқа қолжеткізудегі қасиеттерінің негізі қаланатын тәрбие институты отбасы ортасы екендігін: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін

көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді. Осы қауымдағы адамдардың әрқайсысын оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырды. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады», – деп отбасында өзара көмек пен ынтымақ болғанда ғана ортақ мүддеге қол жеткізуге болатындығын және сондай ұрпақтар сабақтастығы арқылы ғана әрбір отбасы мүшесі өз мүддесіне, бақытына қол жеткізетіндігін түсіндіреді [2].

Бүгінгі қоғамымызда орын алып отырған тәрбиенің сипаты мен нәтижесіне баға беруде біз Қазақстанда өзіндік орны бар танымал ғалым Мекемтас Мырзахметұлымен сұхбаттасқанымызда ол кісі бүгінгі отбасы тәрбиесіндегі олқылықтардың орын алуының себебі ұрпақтар сабақтастығының үзіліп қалғандығында екендігін айтты. Мекемтас Мырзахметұлы ұрпақ тәрбиесіне әсер етуші аға ұрпақтың өнегесін қоғамдық-саяси құбылыстармен байланыстыра отырып сипаттады. Олар:

- бірінші – аға буын, оны ғалым 75-100 жастың аралығын қамтитын буын өкілдері деп түсіндіреді. Оларға М.Әуезов және оның замандастарын жатқызады. Олар қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын біліп, Абай сынды ірі тұлғаларды көзімен көріп, олардың өсиеттерін құлағымен естіп, ұлттық тәрбиенің өнегесінен сусындап өскендер. Әйтсе де, олар келер ұрпаққа ұлттық тәлімнің өнегесін толық бере алмады. Себебі, олар кеңес өкіметі саясатының құрбаны болды. Дегенмен, олар жазып қалдырған еңбектер болашақ ұрпақ тәрбиесінде теңдесі жоқ құнды мұралар болып қалды;

- екінші толқын – 50-75 жастағылар. Олар аға ұрпақ өнегесін толық ала алмады. Себебі, өнеге берер аға буын кеңестік саясаттың құрбаны болған соң, олардың бойында қорқыныш пен үрей басым болды. Сондықтан олар да кейінгі ұрпаққа ұлттық өнегенің мәйегін жеткізе алмады;

- үшінші ұрпақ – 25-50 жас аралығындағылар деп санап, оларды ғалым М.Мырзахметұлы «бақытты ұрпақ» деп атады. Олар егемен еліміздің белді азаматтары болумен қатар, сөз және ой бостандығына ие болғандар. Бірақ, аға буын өкілдерінен ұлттық өнеге ала алмағандықтан олардың өмірдегі басты бағыты рухани өсуден гөрі материалдық байлыққа қол жеткізу болып табылатын батыс мәдениетін алға қойды дейді;

- төртінші ұрпақ – 1-25 жасқа дейінгілер. Олар «сынап» секілді күйде тұр деп сипаттайды ғалым. Олай дейтін себебі, олар тәуелсіз Қазақстанның өркендеуі жолындағы Президентіміздің саясатын түсініп, қазақтың тілін, мәдениеті мен тарихын және салт-дәстүрін бойына жинап үйренумен қатар, бүгінгі ғаламдық білім кеңістігіндегі адам мен маманға қойылатын талаптарды қатар игеруде. Осы тұста, бұл жас аралығындағы ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде отбасы тәрбиесі жағдайында патриоттық тәрбие қалыптастырылатын болса, осы жастар ғана болашақ Қазақстанды әлемдік деңгейде дамытып, ұлттық тәрбие мен мәдениеттің туын жоғары көтеретіндер болады. Сондықтан, дәл бүгінгі күнде жастар тәрбиесіне ұлттық тұрғыда ден қоя отырып, тәлімдік жұмыстарды жүргізу қоғамды өркениеттілікке, ал елімізді 50 дамыған елдер қатарында дамытуға қол жеткізетін болады деп тұжырым жасайды.

Осы орайда, қазақ ғылымында танымал ғалым, Мекемтас Мырзахметұлының досы болған біртуар азамат Құлмат Өмірәлиев те кезінде мұндай ойларды көтерген болатын. Ол: «Алдыңғы ұрпақ жасаған рухани мәдениетті оған жалғасып келген екінші ұрпақтың берік иеленіп, мұраланып оты-

руы – табиғи заңдылық, ал бұл мұралардың зерттелуі, насихаталуы, өз жағдайына жетілдіре, дамыта отырып пайдалануы – екінші ұрпақтың келер ұрпақ алдындағы міндетті борышын өтеуі. Бұл болмаған жерде-ақ, ол ұрпақ алдыңғылар жасаған мәдениетті өзінен кейінгі келесі ұрпаққа асырып салушы түріндегі дәнекерлік қызметін тоқтатады. Дәл осы жерде халықтың мәдениеті дәстүрлерінің үзілуі – ұлттық мәдениеттің кедейленуіне бастап әкеледі», – деп әр адам ұрпақтан- ұрпаққа рухани құндылықтарды жалғастырып отыруының қажеттілігін көрсеткен болатын [3]. Бұл ғалымның замандастары алған тәрбие ұлт пен елдің мүддесін тамырынан бастап ойластырып, болашақ ұрпақ тәрбиесін бір ғылым саласы тұрғысында ғана емес, барлық ғылымдардың ұстаным бірлігі мен тұтастығы тұрғысында қарастыратындығын дәлелдейді. Олай болса, М.Мырзахметұлы, Қ.Өмірәлиев сынды қазақтың маңдайына біткен асыл азаматтары ұсынған идеялары бойынша әрекет ету ұлттығымыздың болашағы үшін жарқын да маңызды нәтиже берері сөзсіз.

Абайдан кейінгі оның басары М.О.Әуезов мәдениеттің әрбірі қол ұстаса, ілесе дамуы үшін әрбір ұрпақ өмір табалдырығынан аттағанда бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесіне сүйенуі қажет екендігін айта отырып, «Бұл адамның есіне эстафетаны еріксіз еске түсіреді, бірақ бұл ерекше эстафета, өйткені, ондағы өнердің әрбір жаңа кезеңі өзіне жаңаны қабылдап, сол арқылы байып, дамып отырады», – деген болатын [4]. Бұл дәстүр мен жаңашылдықты бір-біріне қарама-қарсы қою мүлдем болмайтынын көрсетеді. Өйткені, жаңашылдық бұрынғының ескі деген түсініктен барды жою емес, сонымен бірге, дәстүрді сақтау деген бір орында ілгерілемей қалу да емес екенін ескертіп, дәстүр мен жаңалықтың диалектикалық байланыста екенін дәлелдейді.

Осындай қасиетті ата-бабаларымыздың құнды педагогикалық мұраларын өскелең

ұрпақ тәрбиесінде пайдалануда қазіргі отбасы өз деңгейінде қызметін атқара алмай отыр. Қоғамдық отбасылық қатынастардың жалпы бағытын айқындау мен үйлестіру тек әлеуметтік-экономикалық емес, ең алдымен үлкен маңызы бар психологиялық-педагогикалық проблема болып отыр. Өйткені, жасөспірім ұрпақтың ізгілік-адамгершілік денсаулығы бүкіл қоғамның құндылығы.

М.Әуезов – өз халқының этникалық мәдениетін терең түсінудің бірден-бір жолы мәдени мұра мен мирастық мәселесі деп түсінген зерттеуші. Ол қазақ халқының салт-дәстүріндегі ұнамсыз қылықтарды мінеп-сынаған әлдебіреулердің өткен уақытты жоқ еткісі келіп, оның бәрі кейінде қалған маңызы жоқ дегендеріне үзілді-кесілді қарсы болды. Өйткені, ұрпақтардың байланысы үзілетін болса, қоғам бүлінеді. Осы тұста М.О.Әуезов «Мәдениеттің әрбірі қолұстаса, ілесе дамуы керек. Өткендегіге менсінбей қарау қашан да болсын орасан зор шығындарға әкеліп соқтырады. Әрбір ұрпақ өмір табалдырығынан аттағанда бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесіне сүйенеді», – дейді [5]. Мұндай жалғастық рухани этномәдениетіміздің барлық саласына: білім, тәлім-тәрбие, таным-тағылым және тағы басқалар тән.

Отбасында ұрпақтар сабақтасып өмір

сүргенде ғана ата-аналар өз балалары алдындағы парыздарын орындай алады және балаларына берген тәрбиелерінің нәтижесін көре алады. Ол үшін ең алдымен оларды ата-аналары жастайынан қоғамда өз бетінше өмір сүре алатындай етіп тәрбиелеуі тиіс. Бұл тек ата-аналардың балалары алдындағы парызы ғана емес, әрбір мұсылманға қоятын шарифат талабы. Осы тұста Хазірет Әли былай деген екен: «Балаларыңды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелеңдер, өйткені, олар сендер болмайтын уақыт үшін жаратылған» [6]. Мұндай көзқарас қазақ халқының зиялыларының бірегейі М.Жұмабаевтың педагогикалық еңбегінде ата-аналарға бала тәрбиесінде берген кеңесінде келтіріледі. Онда ғалым: «Ата-аналар балаларын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі керек, одан да күшті етіп тәрбиелеуі тиіс, себебі олардың өмір сүретін заманы ата-аналардың заманына қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ» деп айтқан болатын [7].

Міне, осындай аталы өсиеттеріміз бен құнды мұраларымыздың отбасы тәрбиесі дәстүрлерінде маржандай тізіліп тұрған жолдары қатарласып тұрғанда неге бүгінгі заманда ескермеске. Ата-бабаларымыздың ізімен жүре отырып, олар жеткен тәрбие жетістіктеріне қол жеткізу үшін жоғалтып алған ұрпақтар сабақтастығы арқылы тәрбиені ұйымдастыруды қолға алу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. - 358 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. – Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
3. Өмірәлиев Қ. Ата тарихымызға үңілсек//Жалын. – 1985, №5. - Б.105-121.
4. Әуезов М.О. 20-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1978. –1 т.
5. Әуезов М.О. Дәстүр және жаңашылдық диалектикасы//Ақиқат. – 1996, 1-қаңтар.
6. Сахих хадистер. Ред. басқарған Мыңбаев М.Г. Таңдамалы бірінші кітап. – Алматы, 2003. - 224 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.

Резюме

В статье дается характеристика положительного влияния на воспитание преемственности поколений в казахской семье.

Summary

This article gives characteristic about good influence to upbringing of Kazakh generation.

Ә.Сәдуақасұлы –
педагогика ғылымдарының кандидаты,
ҚазақМемҚызПедУ-дің «Қазақ мектебінің даму
мәселелері» зертханасының аға ғылыми қызметкері

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БАСЫМДЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазіргі таңда Қазақстан білім беру жүйесіндегі тәрбиені ұлттық үрдіске жетелеудің шаралары мен амалдарын ұйымдастыру ықтияттылықпен жүргізіліп отырғанымен, елімізде қалыптасып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық ахуал әлемдік жаһандану үрдісіне жетелеп, еуроамерикандық технократтық білім мен тәрбиенің бел алуына жол ашуда. Ал, ол өз кезегінде халқымыздың ұлттық тәрбие нысандарының эволюциялық дамуына залалын тигізуде. Классикалық педагогиканың негізгі теориялық және қолданбалы принциптерін кеңестік кезеңнің коммунистік ұстанымдары мен қағидалары талаптарында пайдаланудың келмеске кеткендігі белгілі. Қоғамдық қарым-қатынастардың түбегейлі өзгеруі қоғамдық тәрбиені, әсіресе мектептегі тәрбиені ұйымдастырушылардың елеулі дағдарысқа ұшырауына әкеліп тірегендігі анық байқалып отыр. Әсіресе, қазіргі егеменді елге қажетті тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдары мен қағидаларын белгілеуде қатерлі адасушылықтардың етек алып бара жатқандығы айрықша көрінуде.

«...Теорияда да, іс жүзінде де барлық халықтарға ортақ тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың тәрбие жүйесі өзінше ерекше түзілген. Сондықтан да, бір халық екінші халықтың тәрбие жүйесін пайдалана алмайды. Соншама тартымды да үлгілі болғанымен бір халықтың тұрмыс тіршілігіндей екінші халық өмір сүре алмайтыны тәрізді жақсы ойластырылып ұйымдастырылған бөтен педагогикалық жүйеде басқа халықтың тәрбиеленуі мүмкін еместігі анық...», «Біздің тәрбиені ойлап тапқымыз келетіні бос әурешілік..., тәрбие орыс халқында, халықтың өзі қанша өмір сүрсе, тәрбие де сонша ғасыр өмір сүреді..., өз тұрпатында бүкіл тарихын, бүкіл жақсы және жаман қасиеттерін

бейнелейді», – деп жазды К.Д.Ушинский. Ол білім мен тәрбиенің қажетті, ұнамды және қызықты түрлері туралы жаза отырып, ұлтқа алдымен қажетті білім мен тәрбие берілуі тиіс екендігін баса айтады. Қажетті білім мен тәрбиені бойына толық сіңірген ұрпақ қана «ұнамды» әлде «қызықты» тәрбие мен білімді меңгеруге ұмтылуға тиіс екендігін ескертеді. «...қажетті білім баланың жанына ұлттық негіз болып ұялауы тиіс. Ал пайдалы білім қаншалықты қызықты болғанымен, оған ұлттың психологиясы тәуелді болмауы керек. Әр адамға: өз ана тілінде сөйлей білу, оқи білу, жаза білу, Өз отанын тани білуі алынуы тиіс» дей келіп, шынайы ұлттық орыс мектебінің қандай болуы қажет екендігін дәлелдегенеді. Әсіреқызыл қажетсіз білім мен тәрбиенің ұлт мәдениетін қожыратып, әдеті мен ғұрпына, салты мен дәстүріне нұқсан келтіретінін, ұлтқа жат моральдық-этикалық үрдістерді жөнсіз тықпалап, косметикалық өзгерістер ендіретінін бағамдауға болады. К.Д.Ушинский «Ұнамды», «қызықты» білімге қызығушылықтың басқа ұлтқа тәуелді ететінін көрсетіп, космополиттік білімнің залалды соқпақтарынан сақтандырған. Осы тұрғыда өткен ғасырдың басында [1912] орыс ғалымы А.В.Васильев «Отстранение ребенка – инородца от родного языка сопровождается сильным понижением умственных способностей, талантливости, творчества, порождает мелкодушие чувств и шаткость характера и ведет к вырождению» деген екен. Ал профессор Қ.Т.Арынов «Генетикалық жолмен кодталып қойылған бала дамуының табиғи үйлесіміне балта шауып, тұтқиылдан өзгеріс жасасак, бұл мемлекеттің де, қоғамның да, бір шаңырақтағы отбасының да, жеке тұлғаның да рухани болмысына қатер туғызады» деп, алдыңғы әріптесінің пікірін жаңа заман талабына үйлестірген.

Жас ұрпақ өзінің ұлттық психологиялық және халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап, жетілуі тиіс. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұлттық тәрбие жүйесінің мазмұны да қазақ этнопсихологиясы мен қазақ этнопедагогикасының тәлімдік ұстанымдары мен тағылымдық қағидаларына сәйкес түзілуі қажет. К.Д.Ушинскийдің жазып отырғаны да осыны дәлелдейді.

Ұлттық тәрбие мазмұны өзінің көпфакторлы, көпсатылы, дәстүрлі этнопедагогикалық құрылымымен ерекшеленеді. Ол көп ғасырлық тарихына сүйене отырып, жан-жақты, ұдайы, үдерісті жетіліп, толысып отыратын динамикалық процесс. Қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық қарым-қатынастарының өзгеріп отыруына байланысты тәрбиеде де жаңа қоғамдық көзқарас талаптары пайда болады. Қоғамдық көзқарастардың ықпалы арқылы тәрбие мазмұны да белгілі тарихи толымдылық ерекшелікке ие болады. Қоғамның әрбір тарихи даму кезеңіне сәйкес тәрбиенің жаңа мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, жүзеге асырылады. Міне, сондықтан да Қазақстан мектептеріндегі ұлттық тәрбие нысандары мемлекеттік деңгейде басымдық қызмет атқаруы тиіс, өйткені ол ұлтымыздың өркениетті дамуының рухани әлеуетінің бұлжымас іргетасын қалайды. Болашақ ұрпақтың мәдени және рухани-интеллектуалдық болмысын қалыптастырады. Еліміздің қоғамдық-әлеуметтік құрылымының күрделі де үдерісті дамуы қоғамдық тәрбиенің, әсіресе отбасындағы тәрбиенің ұлттық мазмұнына тікелей байланысты екені даусыз.

Қазақстан Республикасы зайырлы, әрі көпұлтты ел ретінде ұрпақ тәрбиесінің мазмұндық құрылымына біржақты қарай алмайды және екінші жағынан мемлекеттің иесі ретінде қазақ халқының атқарар қызметінің мемлекеттік дәрежеде мойындалуының маңызы зор және қазақ халқының ұлттық тәрбие ұстанымдарын басшылыққа алуы тиіс. Қоғамға қажетті ұлттық тәрбие моделін жасауда қазақ этнопедагогикасы-

на сүйенуі тиіс, бұл еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылудың руханияттық кепілдігін жасаудың алғышарты болып табылады. Ал ұлттық тәрбие моделі алдымен ұлттық тәрбие мазмұнының стратегиясы мен тактикасының, ұлттық қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сәйкестігінің, мақсаты мен мұратының, басымдық тәрбие бағыттары мен тәрбие қағидаларының, мемлекеттік дәрежеде орындалуға тиісті тәрбие міндеттерінің, пайдалану парадигмаларының құзыреттілігімен анықталады. Бізге ешқандай бөтен елдің, басқа халықтардың тәрбие моделі үлгі бола алмайды. Әр халықтың өзіндік генетикалық, этнопсихологиялық, тарихи-әлеуметтік қалыптасу ерекшеліктеріне тән туындап отыратын проблемалары мен ұрпақ тәрбиесіне арналған моральдық-этикалық ережелері бар. Бір халықтың тәрбие проблемалары екінші халыққа тәрбие проблемасы бола алмайды. Әр халық тәрбие жолын өзі таңдап алады. Оған бөтен халықтың араласуға, ықпал етуге құқы жоқ. Басқа ұлттың тәрбие дәстүріне жат әрекеттер істеп, зорлық-зомбылық жасау қашанда ұлтаралық қақтығыстарға апарғанын біз тарихтан білеміз. Сондықтан тәрбиенің тәуелсіздігі мен егемендігін, ізгіліктілігі мен тазалығын сақтауды ата-бабаларымыз келер ұрпаққа аманат етіп отырған. Бұл қағида қазіргі таңдағы тәрбиенің даму үдерісінде басты роль атқаруы тиіс деп ойлаймыз.

Егеменді ел аталып, тәуелсіздікте өмір сүре бастаған, бірақ толық қоғамдық кәмілеттікке қолы жете қоймаған қазіргі біздің қоғамымыздың болмысында феодализмның, социализмнің және қазіргі анықталмаған капитализмнің қоғамдық қарым-қатынастары араласып, шешуі аса күрделі педагогикалық проблемаларды алға тартып отыр. Қазақ, орыс, аралас және басқа да ұлттық мектептерде мемлекеттік тәрбие тұжырымдамасының басшылыққа алынып отырғандығына қарамастан әртүрлі діни конфессиялық, еуропалық, американдық, ресейлік т.б. бағыттағы тәрбие нысандарына «қызығушылықтың» етек алып бара жатқандығы жасырын емес. Әсіресе, әсіреқызыл космополиттік жолға түскен

технократизмнің әуесқойлары «жаттанды білім» мен «тәрбие бостандығын» жас ұрпақтың санасына тоғытуда.

«Тәрбие бостандығын» көксейтіндер еуропалық немесе американдық тұрмыс салтын қабылдап, «жүгенсіз махаббаттың» жолына түскендер. Бұдан он жыл бұрын қазақ жігіттерінің 4%, қыздардың 6% бөтен ұлт өкілдерімен тұрмыс құрған болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш екі есеге өсіп отыр. Ұлттық генефонның бүлінуі «тәрбиеге бостандық» берудің нәтижесі екендігі сөзсіз. Қазақ халқының дәстүрлі неке салты бүлініп, жеті атаға дейін қыз алыспау қағидасы тәркіленуде. Соңғы жылдары «азаматтық некедегілердің» көбейгендігінен барған сайын тастанды балалар мен тірі жетімдердің саны артуда. Бұл істің сорақылығы сонда телехабарлардан «азаматтық некені» жарнамайтын хабарлардың берілуі, оған кейбір педагог, психолог ғалымдардың «атсалысуы» таңдандырмай қоймайды. Ал олар тәрбиені ұйымдастырудың басы-қасында жүрген азаматтар емес пе? Тәрбиедегі адасушылықтың сорақы көрінісі міне осы болар. Көпекөрінеу жастарымызды бөтен елдердің бізге жат моралі мен этикасына бұрып әкету космополиттік экспансия екендігі даусыз.

Ұлттық идеологиялық тұрғыда шешілуге тиісті күрделі де өзекті мәселенің бірі орыс сыныптарында оқитын қазақ балаларының ұлттық тәрбие мәселесі. Еліміздегі 7576 мектептің 1777 (23,4 %) орыс мектебі мен 1500-ге (20,2%) жуық аралас мектепте 720 мыңға жуық қазақ баласы орыс сыныбында славияндық үлгіде тәрбиленуде. Оларға ұлттық тәрбие беріліп жүр деп айту қиянат болар. Жыл сайын орыс мектебін бітіретін түлектердің 60-65 мыңы қазақ баласы, олар өз ана тілін білмейтін шала қазақтар қатарын көбейтушілер екендігі ақиқат. Қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеруге кедергіні өзіміз қолдан жасап отырған жоқпыз ба?

Мемлекеттік тіл болып отырған қазақ тілінің қоғамдық рөлі туралы айтар болсақ: біріншіден, ана тілі ұлттық генезистің, ұлттық болмыстың жарқын

бейнесі; екіншіден, ана тілі ұлттық құндықтылықтың, қоғамдық белсенділіктің айнасы; үшіншіден, ана тілі ұлттық ой-сананың қайталанбайтын, алмастыруға келмейтін құралы; төртіншіден ана тілі ұлттық руханияттың жаршысы, ұрпақтан ұрпаққа мәдени-рухани құндылықтарды жеткізуші құдіретті күш; бесіншіден, ана тілінің өзі ұлттық өркениеттік құндылық, ұлттың абыройы мен беделі, тек қана өз ана тілі арқылы әр ұлт дүниежүзілік өркениеттен орын ала алады. Сондықтан қазақ тілінің философиясы мен логикасын, этномәдениеті мен риторикасын дамытып, қазақ халқының данышпандық мектебін қайта қалпына келтіру қажет. Мұның мәні қазақ даласының Ұлы ойшылдары мен ғұламалары, демократ ағартушылары мен халық педагогтары қалыптастырған данышпандық дәстүрлерін жаңғыртып, жас ұрпақтың қолына рухани, мәдени, біліми, ғылыми құндылықтарды тапсыру және ол құндылықтарды байытып, дамытып бүкілхалықтық игілікке айналдыру. Оған әл-Фарабидың философиялық, логикалық, педагогикалық қағидаларын, Ж.Баласағұнидің халықтық дәстүрлерін, ата-ананы, аруақты, табиғатты қадірлеу туралы тұжырымдарын, А.Йассауидың қиянатсыздалөмірсүружәнебейкүнәлілігін, М.Қашғаридың түркі тілі білімінің тәлімдік қағидаларын, А.Жүйнекидің моральдық-этикалық, табиғат-адам-тәрбие категорияларын, Абайдың тәлімдік-этикалық, қоғамдық-психологиялық тағылымдарын, Шоқанның демократиялық ой-пікірлерін, Шәкәрімнің педагогикалық ұстанымдарын, билер мен шешендердің толғаныстары мен тәлімдік философиясын терең зерттей отырып, оқу мен тәрбие үрдісіне ендіру.

Ендеше ұрпағын өз ана тілінде оқытқан ұлттың кемелденуі кемшін болуы тиіс емес. Орыс мектебі қазақ мектебіне қарағанда білімді сапалы береді деген желеумен балаларын орысша оқытуды жөн көруші ата-аналардың өзі орыстанған қазақтар екендігі анық. Дейтұрғанмен 60 мың қазақ баласының ұлттық тәрбиесі мен ана тілінің болашағына кім жауап береді? Бұл мемлекеттік дәрежеде

шешілуге тиісті аса күрделі және кезек күттірмейтін мәселе. Сонымен, «тәрбие бостандығы» дегеніміз өз ұрпағымызды бөтен халықтың боданына байлап беру десе артық айтқандық емес.

Осы тұрғыда білім беру жүйесіндегі адасушылықтан арылу үшін жас ұрпаққа берілетін ұлттық тәрбие тұғырының жаратылыстық немесе этногенездік ерекшеліктерін анықтап алудың маңызы зор деп санаймыз:

Біріншіден, қазақ халқының басты этногенездік ерекшелігі оның ежелгі түркі жұртының мызғымас мұрагері екендігінде. Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан түркілік ұлттық тәрбие жолын ұстанып келе жатқан ел. Жүзден астам түркі тектес ірі рулардан біріккендігіне, ол рулардың кезінде жеке дара мемлекет құрғандығына және олардың біртұтас ұлан-байтақ территорияға орналасқандығына қарамастан тілі мен ділі, әдеті мен ғұрпы, салты мен дәстүрінің тұтасып қазақ ұлтының дүниеге келуі тарихи таңданарлық құбылыс. «...Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малмен бірге өріп, сары сай-ран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, терең болуға тиісті» – деп, М.Жұмабаев қазақ халқының жаратылыстық ерекшелігін екшеп берген.

Ал, әлмисақтан жаратылысы жарасып келе жатқан түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесінде бірінің екіншісіне жаттығы жоқ, қайта ғасырлар тоғысында береке, бірлігі нығая түсіп, ғаламдану үдерісіне төтеп бере алатын руханиятты үрдіске айналып отыр. Түрік әлемін 36 ел құрайды. Оның ішінде 6 ұлт дербес мемлекеттер ретінде өз тәуелсіздігін жариялап, Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамына еніп отыр. Олар: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, Әзірбайжан және Түркия Республикалары. Ал қалған түрік жұрттары Ресей Федерациясының (Татар, Башқұрт, Саха, Алтай, Құмық, Қарашай, Ноғайлар мен

Гагауздар т.б. Кавказ және Сібір халықтары) мен Қытай Халық Республикасының құрамындағы (Ұйғырлар, Қидандар мен Қимақтар т.б.) автономиялық республикалар, облыстар және аудандар дәрежесінде өмір сүруде. Оған ертеде Еуропаға қоныс аударған арийлер, мажарлар мен бұлғарлар тәрізді түрік жұрттарын қосу қажет. Баку, Стамбул қалаларында болып өткен түркі мемлекеттерінің саммиты түркі халықтарының одақтастығының кепілі, ал ХХІ ғасыр түркі әлемі өркениетінің өркендеу ғасыры болады деп сеніммен айтуға болады. Сондықтан көк түріктің ғасырларды көктей өткен бабалар дәстүрін киелі аманат ретінде болашақ ұрпақтарымызға тапсыру біздің міндетіміз.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе? – деп, Мағжан Жұмабаев осылайша болашақ ұрпақтың санасына ұлттық патриотизмнің ұрығын сепкен.

Екіншіден, Қазақ – Азиялық халық. Ғасырлыр бойы Еуразия материгін көктей жосып, көшпенді өмір сүрді. Қытай, Парсы, Моңғол, Корей, Жапон, Үнді мәдениетімен, олардың әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен шендесіп, араласып, біте қайнасып отырған, тәрбие дәстүрлері үндесіп жатқан халықтар. Қытайдың ұлы философы Кан Фу Ци уағызындағы Қытайдың ұлттық моральдық ұстанымдары туралы ережелері мен Түркілік Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білігіндегі» тәңірге, аруаққа табынушылық нанымдарының біртектілігіне, ата-ана мен үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, мейірімділік ұстанымдарының, тәрбиелік категорияларының, философиялық тегінің бір негізден тарайтындығына қол қоймасқа болмайды. Оған қазақ даласының абыздары мен ғұлама ойшылдарының этикалық қағидалары үндесіп жатуы бекер емес. Демек, қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінің этногенезі Азиялық халықтарға тән екендігі даусыз. «Шығыс жолбарысына» айналған Сингапурдағы экономикалық ғажайыптың

атасы Ли Куан Ю: «Біз батыстың моральдық құндылықтарын ойланбастан қабылдайтын болсақ, қоғамымызды ұстап тұрған құдіретті күштен айырыламыз», – деп бекер айтпаған. Ал, моральдық құндылықтардың Азиялық халықтардың барлығына ортақ екендігі және Канфуциандық ұстанымдарды дамудың тұғыры етіп пайдаланып отырған Азиялық елдердің даму үдерісінің жылдамдығы осыны дәлелдесе керек. Мұның барлығы тамыры терең Азиялық тәрбиенің нәтижесі болар.

Моральдық құндылықтардың отбасы мен мектепте егілетіндігін, оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына енгізудің қажет екендігін пайымдау қиын емес. Қандай да болмасын халықтың қоғамдық құдіретті күші оның ұлттық моралінде, әдеті мен ғұрпы, салты мен дәстүрінде екендігін, ол дәстүрлі этнопедагогикалық қағидалар мен ұстанымдар арқылы берілетінін жадыда ұстау, одан айнымау басты шарт.

Үшіншіден, Қазақ халқы он екі ғасыр бойы ерікті түрде ислам дінін ұстанып келе жатқан, ислам шариғаттарының имандылық қағидаларымен ұрпағын тәрбиелеп отырған ел. Қазақ халқы үшін ислам қағидалары мен ежелден қалыптасқан тәңірге табынушылық нанымдарының біртұтастығы ұрпақ тәрбиесінде де мықты орын алып отырғандығының айрықша маңызы бар. Бұл ұстанымнан бас тарту ұрпақ тәрбиесінің болашағына күмән келтірумен пара-пар болмақ. Өйткені, әрбір қазақ отбасында қалыптасқан ислам шариғаттарының тәрбиелік мазмұнын қоғамдық тәрбие үрдісінде жоққа шығарудың кеңестік кезеңде қаншалықты моральдық азғындыққа ұрындырғаны ересек ұрпақтың жадында. Қазіргі қазақ-орыс аралас мектептерінің орыс сыныптарында, әсіресе орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларын басқа діннің ықпалынан сақтау қазіргі таңда өзекті мәселе. Үлкен қалалардағы қазақ отбасыларында бірнеше діннің өкілдерінің «ар-ождан бостандығы» желеуімен «бейбіт қатар» өмір сүруі барған сайын өріс алуда. Олар үшін тіл тазалығы, діл тазалығы және дін тазалығы күн тәртібіне қойылмаған мәселе. Демек, бұл

мемлекеттік деңгейдегі ұлттық тәрбие саясатында қайта қаралуға тиісті ең өзекті мәселе деп санау қажет.

Осы тұрғыда тәрбиенің қандай мемлекеттік міндеттерді атқаратынын еске сала кеткен жөн деп санаймыз:

1. Жас ұрпаққа берілетін тәрбие алдымен мемлекеттік мүддеге қызмет етуі тиіс. Мемлекеттік мүдде деп отырғанымыз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі үшін ғасырлар бойы күресіп, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының ұлттық мүддесі екендігін ашық айту қажет. Қазақ халқының ұлт ретінде сақталуы, ұрпақ сабақтастығын ұлттық үрдісте үдерісті жалғастыруы өзекті мәселе. Сондықтан да Қазақ халқының ұлттық мүддесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесі болып табылады. Өз тәуелсіздігін қорғап қалған қазақ халқының мемлекеттілігін баянды етудің ең маңызды және тура жолы тамырын тереңге жіберген ұлттық тәрбие екендігі даусыз. Ол Қазақ азаматының ұлттық-патриоттық рухын кемелдендіреді. Ендеше Қазақстан азаматына берілетін тәрбие қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғайтын қазақ этнопедагогикасының ұлттық ұстанымдары мен қағидалары негізінде ұйымдастырылуы шарт.

2. Ұлттық тәрбие – мемлекеттің қауіпсіздігі мен оның қуат-күшін нығайтудың кепілі. Ұлттық тәрбиесі мемлекеттік дәрежеде мықты қойылған елдің қоғамына қуаты да күшті болатындығын тарихтан білеміз. Мемлекеттің қауіпсіздігі мен әскери қуат-күшін нығайту оның тек техникалық жарақтануы мен экономикалық әлеуеттілігіне ғана байланысты емес. Әскери құрамалар мен бөлімшелердегі сардарлардың, сарбаздардың азаматтық әскери міндетін адал атқаруына, олардың тәрбиелік ұстанымына, бөлімшелерде қалыптасқан тәртіп пен тәрбиелік деңгейге тікелей байланысты екендігі даусыз. Ал, әскери қызметке тартылған азаматтардың тәрбиелік әлеуеті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің нәтижесі екені белгілі. Жас ұрпақты тәрбиелеуге тартылған субъектілердің,

атап айтқанда, отбасы иелері мен қоғамдық тәрбиені ұйымдастырушылардың мемлекет алдындағы жауапкершілігін заңдастыруды күн тәртібіне қоюдың кезек күттірмейтін мәселе екендігін мойындау қажет. Ата-ананың отбасылық міндеті мен парызы, мектеп пен қоғам алдындағы жауапкершілігі, мектептің, ұстаздардың мемлекеттік жауапкершілігі мәселелері күн тәртібіне қайта қойылуы тиіс. Қазақ халқы мемлекеттің иесі ретінде мемлекет алдындағы қоғамдық өз жауапкершілігін толық мойындай отырып, Қазақстандық патриотизм қалыптастырудың ұйымдастырушысы қызметін атқаруы тиіс. Ол үшін қазақ және Қазақстанды мекендейтін басқа да ұлттардың отбасыларындағы қалыптасатын ұлттық патриотизмнің Қазақстандық патриотизмге ұласуын қамтамасыз етудің басымдық ұстанымдарын заңдастыру қажет. Өйткені, ұлттық патриотизм мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шешуші факторы болып табылады.

3. Ұлттық тәрбие – азаматтық тұлға қалыптастырудың кепілдігін қамтамасыз етуі тиіс. Ұлтына және тегіне қарамастан этностардың қазақстандық азаматтық униформасындағы (жан-жақты жетілген) тұлғасын қалыптастыру тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Ол үшін алдымен қазақ халқының этногенездік ерекшелігіне сәйкес келетін этноформа қалыптастыру басты мақсат етіп қойылуы тиіс. Қазақ этногенезіндегі этноформа дегеніміз – өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында өмір сүретін, өз халқының тілін, білімі мен ғылымын, мәдениеті мен өнерін терең меңгерген, қазақ халқы мен мемлекет алдындағы азаматтық борышын адал атқаруға дайындығы мол, қажетінде ұлттық мінез көрсете алатын ұлттық тұлға қалыптастыру болмақ. Қазақ этноформасы қазақстандық униформаның негізгі үлгі этаптары болуы тиіс.

4. Тәрбие – отбасы тәрбиесі мен қоғамдық тәрбиені біртұтастығын қамтамасыз етуі тиіс. Біздің ойымызша, алдымен отбасы тәрбиесін шешудің негізгі тетігі мемлекеттік дәрежедегі отбасы саясатын жасап, тәрбиенің

ұлттық идеологиялық мазмұнына ендіру. Отбасы саясатының моральдық-этикалық және ар-намыс кодексін, қоғамдық-жауапкершілік ережесін жасап, оны практикалық қолданысқа беру қажет. Сонымен қатар отбасы саясаты мен отбасы тәрбиесін жүргізудің ғылыми-әдіснамасын жасаудың, әлеуметтік-педагогикалық шарттарын белгілеп алудың маңызы зор. Мемлекеттік деңгейде отбасылардың даму деңгейі мен болашағы, тәрбиелік әлеуеті мен мүмкіндіктері туралы жылдық есептер дайындап, мониторингілеу қажет. Үлгілі отбасы тәрбиесін насихаттау, оқулықтар мен тәрбие әдістемеліктерін молайту, бейнефильмдерді көбейтіп, жаңа технологиялық тәсілдерді кеңінен пайдалану маңызды рөл атқармақ.

Жедел үдерістегі дамудың жолына түскен еліміз саяси-экономикалық, демократиялық тұрақтылық, өзара түсіністік проблемаларын жоғары парасаттылықпен шешіп, жаңа кезеңге – тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді сақтап қалу, нығайту кезеңіне аяқ басты. Елбасымыз жүргізіп отырған бұл саяси бағыттың кемелденіп, тұрақтануын қамтамасыз ету үшін бүкіләлемдік жаһандану үрдісінің әлеуметтік, қоғамдық өмірімізге, ғылым, білім беру жүйесіне, әсіресе қоғамдық тәрбие ұстынына теріс ықпалынан сақтауымыз қажет. Соңғы кездердегі технократтық, космополиттік, нигилистік, шовинистік, діни – конфессионалдық, және миссонерлік жосықтар мен жорықтардың көрініс беруі, дүниежүзінде байқалған аса қатерлі лаңкестік ұйымдардың біздің шекараларымызға жақындауы қоғамымыздың ішкі және сыртқы қарым-қатынастары мен қауіпсіздігі үшін елеулі алаңдатушылық тудырып отырғаны белгілі. Оның еліміздегі қоғамдық тәртіп пен қоғамдық тәрбиеге тигізетін қаупінен сақтануды кейінге сырғытып қоюдың жөні жоқ. Елімізде қоғамдық тәртіпті қоғамдық тәрбиенің әлеуетті құралдары арқылы жолға қоятын, оның үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін қоғамдық тәрбиенің біртұтас институты болмай отыр. Кәсіпорындар мен құрылыс, транспорт пен байланыс, кәсіпкерлік пен іскерлік, сауда мен ақпарат

құрылымдарындағы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардағы тәрбие ұстанымдары мен оның мазмұнын бақылайтын, жөн сілтейтін, ғылыми-әдістемелік көмек беретін ұйымның болмауы қынжылтады. Тек оқытумен қолы байланып отырған мектеп пен басқа да оқу орындарының тәрбиеге кешенді кірісуге шамасы жетпейді. Тәрбиені тек мектептің қызметі деп түсінушіліктің саяси көрсоқырлық екендігін мойындайтын кез келді.

Қазақстан азаматының өркениеттік жаңа қоғам кеңістігіне шығуына лайықты руханияттық тұлға қалыптастыратын қоғамдық тәрбие жүйесін орнықтыру қажет. Ол үшін әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің руханияттық құндылықтарына, ұлттық философиялық, этикалық, эстетикалық ілімдеріне, этнопедагогикалық тәрбие қағидаларына сүйенген жөн. Барлық, мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншіктік, саяси, діни-конфессиялық, жастар мен кәсіподақ құрылымдарының, әсіресе оқу орындарының қоғамдық тәрбиені ұйымдастыру шараларына араласу белсенділігін арттырып,

жауапкершілігін күшейту, қоғамдағы ізгіліктілік, адамгершілік, моральдық, этикалық және руханияттық тәрбиеге қажетті ұлттық мәдени құндылықтардың мүмкіндіктерін толық пайдалану, қоғамдық тәрбиені ұйымдастырудың ұлттық идеологиясының басымдық ұстанымдары мен ұлтаралық этникалық мәдениеттің сәйкестілік ахуалын қалыптастырудың тетіктерініске қосу қажет. Біздің қоғамымызға жат көзқарастар мен ағымдардың қоғамдық тәрбие мазмұнына, ұлтымыздың зайырлы, парасатты, ізгілікті және демократиялық дамуына теріс ықпал етуіне жол бермеу керек.

Бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудің жолы келесі ұрпаққа үлгі. Өз басымыздың азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін, ұлттық руханиятын, қоғамдық белсенділігі мен төзімділігін тезге салмайынша зайырлы, мәдениетті, өркениетті қоғам орната алмаймыз. Ар мен намыс, жан мен тән, тіл мен дін тазалығы үшін күресу қажет. Ұлттық қырағылықты ұлықтау тәуелсіздігіміздің кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. (Пед.сочинение, сос. С.Ф.Егорова). – Москва, Педагогика. -1988.
2. Васильев А.В. Киргизский букварь. – Казань, 1912.
3. Аль-Фараби. Избрание трактаты. – Алматы, Ғылым. -1994.
4. Баласағуни Ж. Құтты білік. – Алматы, 1987. -135 б.
5. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы, 1993. -269 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы, II т. -1993 б.
7. Арынов К.Т. Тілдерді оқытудың әлемдік тәжірибесінен туындайтын қорытындылар. – Алматы, Білім. - 2004, 3 б.
8. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, Қазақстан. -1994.

Резюме

В статье рассматриваются приоритетные принципы, задачи национального воспитания и роль народной педагогики в организации воспитательного процесса.

Summary

The article examines the priority principles, objectives of national education and the role of traditional pedagogy in the organization of educational process.

Б.Амантайұлы –
тәрбие жұмысы кабинетінің әдіскері,
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық
кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институты

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫСТАРЫ

Қазақ халқының айбынды, рухы асқақ ұлдарының бірі – гвардия полковнигі, жазушы, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының ұлттық тәрбие беру туралы жазып қалдырған зерттеулері қазақ баласы үшін бүгінгі күнге дейін үлгі, өнеге. Отаршылдықтың тар пиғылы кесірінен полковник шенінен жоғарыламаса да, оның өзге генералдардан мәртебесі биік болып келгені тегіннен тегін болмаса керек-ті. Ұрыс салу өнерінің қыр-сырын терең меңгерген, ер жүректілігі арқасында қазақтың намысына айналған батыр туралы аңыз-әңгіме де ел аузында жиі айтылады.

Оның ой елегінен өткізіп, ұрыстың теориялық және практикалық мәселелер жөніндегі жазып қалдырған еңбектері Қазақстан Қарулы күштері үшін де, жас ұрпаққа отаншылық тәрбие беруде де тапсырмас қуатты құрал болып табылады. Батырдың ұрыс салу өнері туралы тұжырымдары Отан қорғау жолында жүрген әрбір азаматтың жүрек тұсына салып жүретін жарғысы және өзіндік принциптерін берік ұстануына жолсілтер болары хақ.

Себебі «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дейді қазақ даналығы. Сондықтан алапат соғысты көзімен көріп, оның теориялық жақтары мен практикалық қырларын кіріктіре кітаптар жазып қалдырған батырдың жазбаларынан көп жайды аңғарып, біршама нәрсені ойға түйеріміз анық.

Майдангер-жазушы ұрыста адамға тән барлық: жоғары және төменгі қасиеттер барынша ашылып көрінеді дей келе, оларды екі топқа бөледі:

1. Жоғары сезімдер:

Парыз

Адамгершілік

Ержүректілік

Ерлік

Батырлық

Қаһармандық

2. Төменгі сезімдер:

Опасыздық

Ұждансыздық

Үрей

Қорқыныш

Шошу және т.б.

Байқап отырсақ, Бауыржан Момышұлы парызды жоғары қояды. Ол парыздан артық қуатты қозғаушы күш жоқ, әрі болмайды да деген тұжырым жасап осы ойын былай білдірген:

Парыздан мықты күш жоқ,

Парыздан берік сауыт жоқ,

Парыздан нәзік сезім жоқ,

Парыздан қатал қазы жоқ,

Парыздан асқан қасиет жоқ...

...Парыз – ерлік рухы,

Парыз – ерліктің жүрегі,

Парыз – өжеттілік баспалдағы

Парыз – абырой қорғаны т.б.

Ол бұған қоса Ұлы Отан соғысының тәжірибесі жеңіске рухтың күштілігімен жетуге болатынын, табыс әскерлердің моральдық-адамгершілік күшіне тәуелді деген пікірді жоғары қояды.

«Ал рухани күштің негізгі қайнары мен қозғаушысы:

Ақыл

Сезім

Ерік-жігер

Адам қасиетінің осы үш элементін ұштауға бағытталған мақсатты жұмыс тәрбиелеу жұмысының басты нысанасы болып табылады» деп тәрбие саласына қатысты көреген ой түйеді Бауыржан Момышұлы.

Сондай-ақ, ол: «Бойында адамға тілерлік барлық абзал қасиеттері бар парасатты азаматты тәрбиелеу оңай іс емес. Бұл іс жақсы тәрбиешілерді ғана емес, сонымен қатар ондаған жылдар бойы тер төге еңбек етуді де талап етеді. Тәрбиелеу жұмысы көп сатылы, алуан қырлы, әрі көп еңбек сіңіруді қажет етеді» дей келе, әскери тәрбие проблемасына жан-жақты тоқталып кетеді. Батырдың пайымдауында әскери тәрбие проблемасы жас нәрестенің жөргөкте жатқан кезінен бастап, найзаласқан қоян-қолтық айқасқа дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие процесі ретінде бағаланады.

«Ата-ана тәрбиесі – мектеп жасына дейінгі тәрбиенің ең басты сатысына, кезеңіне саяды. Мектеп тәрбиесі, қоғамдық-жастар тәрбиесі – адамның қалыптасуындағы ең басты кезең. Адами қоғамдық тәрбиеге ақтық демі біткенше мұқтаж болады, қажет етеді. Ересек адамға тәрбие беруді жалғастырудың қажеті жоқ деушілік мүлдем қате».

Бауыржан Момышұлы Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Скворцовтың қабылдауында болған кезінде ұлтқа әскери тәрбие беру мен әскери мәдениеттілік туралы мәселе көтерген.

Баукең елжандылық сезімнің ұлттық құндылықтар мен әдет-ғұрып арқылы адам бойына сіңіп, рухани тұлға болып қалыптасатынын төмендегі мысал арқылы сипаттап өтеді: «Қатарымызды толықтырар жаңа күш келіп қосылып жатады, олардың кейбіреулеріне қарасақ бет әлпеті біздікі, ал кеудесіне үңілсек, аяғы аспаннан салбырап түскендей. Бұл қалай деп ойлайсың? Оған орысша айтсаң ұқпайды, қазақша айтсаң да түсінбейді. Оның бойында не қазаққа, не орысқа тән ешнәрсе жоқ. Бұл жағдай менің зығырданымды қайнатты, неге бұлай болды деп мұның себебін іздеуге мәжбүр болдым, сөйтсем, бұл сорлы бейбақ өзінің халқының игі дәстүрлерінен мүлдем бейхабар мақұрым екен. Дәстүр тәрбиенің басты қайнарларының бірі болып табылады, әрі оның өте үлкен мәні бар».

Баукеңнің бұл жан айқайы бүгінгі қоғамда

болып жатқан тәрбие берудегі деградацияны дөп басып тұрған жоқ па?! Одан кейін батыр «ұлтшылдық» пен «ұлтжандылық» сөзінің төркінін былай ажыратып береді: «Кейбіреулер ұлттық рухты немесе ұлттық патриотизмді ұлтшылдықпен оңай шатастырып алады. Ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, өз ұлтынды тануға көмектеседі, ал бізге осы асыл қасиеттерді дамыта түсу қажет, осындай адам ғана өз халқының алдындағы борышын терең де жоғары сезінеді».

Бұдан кейінгі айтқан ой-толғамдары да осы мағынада өрбиді.

«Тәрбие жұмысының мақсаты – адамның бойында жауынгерлік қасиетті, жауынгерлік өнегелілікті қалыптастыру. Бұған адамды иландыру арқылы қол жеткізіледі, отбасына, халқына, Отанына, мемлекетке берілгендік, үлкенді сыйлау, заңды, тәртіпті, салт-дәстүрлерді сақтау, жеке адамның игілігімен етене байланысты, қоғамдық игілік жөнінде қамқорлық жасау өмірлік, әрі рухани қажеттілік болып табылады. Бұл ұғымдар тәрбиелеу арқылы сана сезімге сіңіріледі де адамның бойында саналы іс-әрекет жасау үшін дербес мінез-құлық қалыптастырады, жауынгердің адамгершілік келбетіне қорқыныш пен құлдық ұрушылық жат болуға тиіс, мұның өзі шексіз сүюшілік пен мемлекетке, халқына шын жүректен сенушіліктің мән-мағынасын білдіреді».

Бауыржан Момышұлы бұдан өзге ақыл, ойлау, сенімділік, күдік, ес, зерігу, селқостық, армандаушылық, қулық, сезім, әсер, парыз, абырой, ұят, жігерлендіру, өзара көмек көрсету және коллектившілдік сезім, үрей, қорқыныш, сасу, өжеттілік, қайсарлық, патриотизм сияқты сөздерді жеке-жеке талдап, мәні мен мағынасына толық тоқталып өткен.

Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, жеке адам өз халқымен қан жағынан да шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және

этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын, әрі дербес ерекшеліктерімен байланысты.

Бауыржан Момышұлы «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» деген жоспар жазып қалдырған. Оны 1. Әдет және Әдеп бөлімінде «Жаным арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», «Ерді намыс өлтіреді» мақалдарының түбірі мен мән-мағынасын баяндауға көңіл бөледі. Оның пікірінше, тәрбиелік /әдеп/ ана сүтімен бірге сана-сезімге сіңіп дағдыға /әдет/ айналуы қажет. Үлкенді сыйлау, парыз бен ар-ұятты қасиет тұту, адамды ардақтау, адам бойында адамгершілік, Отанға, елге, отбасына, адамға, өмірге деген сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді.

2. Асық, шілік, жасырынбақ, жарыс, күрес, ақсүйек ойнау жастарды ептілікке, шеберлікке, айлакерлікке, мергендікке, ширақтыққа, табандылыққа т.б. жақсы әскери /жауынгерлік/ қасиеттерге тәрбиелейді.

Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруы тиіс. Халық даналығының алтын қазынасы біздің жетістігімізге айналып, біліміміз бен тәжірибемізді байытып, істерімізге қолғабыс жасауға тиіс.

Тарихымызда даңқты қазақ жігіттері Исатай, Махамбет, Амангелді т.б. ерлік істері қазіргі заманғы жігіттеріміздің дәстүріне айналуы керек – жастарымыздың оларды нашар білетіні қандай өкінішті деп қынжылады батыр.

3. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Бәдік айту, айтыс тез ойлануға, тапқырлыққа тәрбиелейтін өнер саласы. Ал, тапқырлық пен пайымдағыш қасиет солдаттың бойында үнемі болуға тиіс.

4. Көкпар, бәйге, аударыспак, батылдыққа ептілікке, бұлшық етті шынықтыратын, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті,

өзінің ары мен атағы үшін өлімге бас тігуге дейін баратын дәстүрлі ұлттық спорттық ойындар. Бұл ойындар игілікті екендігіне ешқандай күдік болмауы тиіс. Бұл ойындар ер жігіттің бойында игілікті рыцарлық қасиет сыйлайды. Бауыржан Момышұлы ойын жалғастыра келе осы игі дәстүрлерді мемлекеттік тұрғыда ойлай алмайтын кеңсе адамдарының жете түсінбей, менсінбей «күні өткен» нәрсе деп қарауына ашу-ызасы келетінін жасырмайды.

Мұның өзі сөзсіз артын ойламағандық, ақылсыздық іс деп күйінеді. Тәрбие жұмысындағы осындай сорақы жансақтықтың салдарынан, жастардың кейбір бөлігі адам танымастай әдепсіз, жеңіл ойлы, нашар, епсіз, қопал болып өсіп келеді, тіпті су жүрек, қажырсыз, бас қамын ғана ойлайтындар ұшырасады.

Кейбіреулер атқа мініп жүре алмайды, жылқыдан қорқады, ондайларды тіпті, қазақ деп айтуға ұяласың. Мен тек жастарды тәрбиелеуде өзім байқаған кемшіліктерді тізіп көрсеттім, жігіттерді игі қасиеттерге тәрбиелеудегі біздің заманымыздың тәрбиелеу жүйесі жұмысының оңды жақтарының алдында сенімді түрде басымды қара жерге жеткенше иемін.

Махаббат туралы өте көп кітап жазылады, алайда ұрыс, ерлікке тәрбиелеу жайында жазылған кітап аз.

Шындық – бұл ерлікке тәрбиелеудегі ең бір құнарлы құрал.

Енді батырдың ұрыс кезіндегі мәтеліне айналған бірқатар фразаларына тоқталып көрелік.

- Сын ерді шыңдайды, қорқақты қинайды.
- Азаматқа өмірден де ар қымбат, өлімнен ұят күшті.
- Екіжүзділіктің балын татқаннан әділдіктің ащы уын ішкен артық.
- Мақтаныш – ерлік анасы.
- Айбарлы адам жасық жанға дос емес.
- Барлық халық барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті.

Енді майдангер жазушының ерлік ісі туралы айтқан сөздеріне мән беріп көрелік. Бұл туралы да «Ерлік дегеніміз не? Бұл адамға туа біткен қасиет емес, дұрыс жүргізілген әскери тәрбиенің жемісі» деген ұлағатты сөзді оқимыз. «Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Еспсіз тәуекел – тұл» десе, ойланбай жасалған

Міне, Бауыржан Момышұлының жоғарыда берілген тұжырымдарынан оның тәрбие беру ісі туралы толғанысын анық аңғаруға болады. Бұған қоса ұлттық құндылықтарды, дәстүрді биік қоя білу дәрежесі де оның ішкі-жан дүниесін ашып көрсетеді. Баукеңнің жоғарыда берілген тәрбие жөніндегі ой-толғамдары бүгінгі жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде теориялық негіз болары анық.

1. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2001. 1, 2 том. - 480 б.
2. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы, 2005. - 224 б.
3. Момышұлы Б. Біздің генерал. – Алматы, 1966. -160 б.

В статье автор рассматривает важность мысли Бауржана Момышулы о воспитательной работе.

In this article the author examines valuable specifics of Baurirjan Momishuly's ideas of education.

.....

.....

Г.Т.Қажиева –
тәрбие жұмысы кабинеті меңгерушісі,
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық
кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институты

Қазіргі кезде білім, тәрбие беру саласында ежелден келе жатқан халық тарихының, дәстүрінің, рухани ата-баба мұраларының алатын орны зор. Ежелгі түркілік тектен тараған халқымыздың інжу-маржандары,

қазақ халқының ұлы ойшылдары Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Асан

Қайғы, Бұқар жырау, Жиренше шешен, бергі замандағы Абай, Ыбырай, Шоқаннан мұра боп қалған асыл сөздер халқымыздың бойына, жастардың жүрегіне өшпес із қалдырумен келеді. Ұлы қолбасшы, ержүрек батыр Бауыржан Момышұлынан қалған қазынаның өзі тәрбиенің терең тағылымы емес пе?!

«...Теорияда да, іс жүзінде де барлық халықтарға ортақ тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың тәрбие жүйесі өзінше ерекше түзілген. Сондықтан да бір халық екінші халықтың тәрбие жүйесін пайдалана алмайды. Соншама тартымды да үлгілі болғанымен бір халықтың тұрмыс тіршілігіндей екінші халық өмір сүре алмайтыны тәрізді жақсы ойластырылып ұйымдастырылған бөтен педагогикалық жүйеде басқа халықтың тәрбиеленуі мүмкін еместігі анық...», - деп жазды орыс педагогы К.Д.Ушинский. Қай халық та өзінің ұлттық психологиялық және халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап жетілуі тиіс. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұлттық тәрбие жүйесінің мазмұны да қазақ этнопсихологиясы мен қазақ этнопедагогикасының тәлімдік ұстанымдары мен тағылымдық қағидаларына сәйкес түзілуі қажет.

Ата Заңымызда және басқа да маңызды құжаттарда айқындалғандай, жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, білім алуы және жан-жақты жетілуі, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтауы, ақпараттану, ден-саулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру – мемлекеттік саясаттың негізгі тармағы болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен қабылданған Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердің тұжырымдамасында: «Ұлттық мектепті жаңартудың аса маңызды стратегиялық бағыттары: оны ұлттық және дүниежүзілік мәдени мұраның диалектикалық бірлігі негізінде дамыту, демократияландыру, ізгілендіру, сондай-

ақ, мәдени жасампаздық қызметін қалпына келтіру арқылы рухани жағынан қайта түлету болып табылады», - деп білім мен тәрбие берудің ұлттық идеологиялық бағыттары белгіленген.

Еліміз егемендік алғаннан кейін, 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру» тұжырымдамасының мақсаты жалпыадамзаттық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, өтпелі кезеңде гуманитарлық білім саласындағы мемлекеттік саясат стратегиясын ұсыну, оның серпінді дамуы мен қызмет атқаруына жағдай жасаудағы мемлекеттің рөлін көрсету болды.

Тұжырымдаманың басым бағыттары – гуманитарлық білім бағдарламаларын жүзеге асырудағы мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың, оқу және ғылым, ағарту мекемелері мен басқа да субъектілердің рөлін анықтау еді.

Ұлттық мәдениет пен білім беру дәстүрін әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты дамыту және ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасында этномәдени білім берудің арнаулы тұжырымдамасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылы 15 шілдедегі №3058 өкімімен мақұлданды. Аталған тұжырымдамалардың білім беру жүйесіндегі тәрбиенің ұлттық идеологиялық ұстанымдары мен тәрбиені ұйымдастырудың тактикасын анықтауда маңызы зор болғанымен, білім беру мекемелерінде толыққанды жүзеге асырылып жатыр деп айта алмаймыз.

Тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздегі аспектілерін объективті түрде танытатын қоғамдық орын – мектеп. Тәрбиелік таным – отбасында ата-ананың тәрбие мәдениеті мен әлеуметтік жағдайына, өмірге деген көзқарасына қарап танылатын болса, қоғамдық ортада мектепке дейінгі мекемелерден бастап, жоғарғы оқу орындарына дейін әдептілік, әдемілік, этика-

эстетикалық таным, салауатты өмір салты, ұлтжандылық, отаншылдық, қарым-қатынас мәдениетінің таным көздері тағылымтану мен тұлғалық таным аясында меңгертіледі.

Алайда, бүгінгі білім беру жүйесі аясында жас ұрпақты өмірге даярлау бойынша қызмет етіп келе жатқан тәрбие саласы бірқатар тоқыраушылықтарды бастан кешіруде. Бұған әлеуметтік құрылымдар: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, мектеп, отбасы т.б. өзіндік әсерін тигізуде. Сондай-ақ, тәрбиеленушілер мен ұстаздар арасындағы тәрбие қарым-қатынасындағы бірізділіктің жоқтығын байқаймыз. Зиялы қауым өкілдері арасында білім беру жүйесінің проблемаларына қарағанда тәрбие беру үрдісінің дағдарысы туралы жазып, дабыл қағып жатқандары көп. Бұл әлеуметтік деградация туралы Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында шешімі табылмаған проблемалардың негізгілері ретінде тәрбиенің мақсатын және басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік беретін нақты идеологиялық бағдар толық жасалмауы, ұлттық құндылық бағдарларының жоғалуы, ұлттық мәдени қабаттардың бұзылуы, әлеуметтік институт ретінде отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі, бұқаралық ақпараттар құралдарының жеке тұлғаны қалыптастырудағы теріс ықпал етуі тәрізді көптеген факторлары атап көрсетілген.

2004 жылдан бастап Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей басшылығымен ұлттың рухани ағартушылық және мәдени интеллектуалдық деңгейін көтеруге, өскелең ұрпақты туған халқымыздың ұлттық құндылықтарымен, салт-дәстүрімен, қолөнерімен т.б. таныстыра отырып, асыл қазыналарымыздың мұрагері болуға, жалпыадамзаттық құндылықтар мен идеялар рухында тәрбиелеуге бағытталған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынып, қыруар шаралар тындырылып жатқанын жақсы білеміз.

«Мәдени мұра» мемлекеттік

бағдарламасының іске асуы ұлттық мәдениетімізді қайта жаңғыртуға ғана емес, ғаламдану кезеңінде жас ұрпағымыздың бойында шынайы адамгершілік пен парасаттылық қасиеттерін, төл мәдениетімізге деген асқақ құрмет құндылықтарын сіңіру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында ұлттық мәдени мұраларды үздіксіз білім мазмұнына енгізудің ғылым-әдістемелік мәселелерін шешу проблемалары бүгінгі күні өте құнды да маңызды мәселелердің қатарында.

Ұлттық тәрбие саласындағы қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясына еңбегі сіңген белгілі ғалымдарымыз Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, Қ.Бөлеев, К.Қожахметова, Ж.Наурызбай, С.Ғаббасов, Р.Дүйсенбинова, Ш.Беркімбаева т.б. ғылыми еңбектері, монографиялары мен әдістемелік оқулықтары білім беру жүйесіне қосылған рухани құндылықтар болып табылады.

Алматы облысының «Қарасаз» мектебінде халықтық педагогиканың нұрлы шамын тұтатқан Жұмаш Өтеевтің есімі «Алтын көмбе» бағдарламасы арқылы республика жұртшылығына таныс. М.Құрсабаевтың «Атамекен», З.Ахметованың «Кәусар бұлақ», Ә.Садуақасовтың «Дәстүр», А.Қыраубаеваның «Сенім» сынды сан алуан халықтық педагогикаға негізделген бағдарламалардың ұлттық тәрбиені ұлықтауға арналған рухани құндылықтар екендігі анық.

Бүгінгі күні де жақсы дәстүрді жалғастырушы, ұлттық педагогикаға негізделген тәрбие бағдарламалары республикамыздың түкпір-түкпірінде баршылық. Мысалы, Рамазан Жәшиұлының жекелеген аймақтарда қолданылып жүрген (Атырау облысы, Алматы қ. мектептері) «Ұлттық мектеп: Қазақ тілінде білім алудың беделін көтеру» компьютерлік жобасы аясындағы ««Алақай» топтамасы» мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін дамытып, тілін жетілдіріп, әріп тануға үйрететін

болса, «Ой алғырлығына баулу» курсы көру, есту қабілетін дамытады, ақындық икемін қалыптастырады, жағымсыз қасиеттер мен әрекеттерден сақтандырады. Ал, «Ұлы дала тарихы» электрондық оқу құралы рух пен жігерге баулиды. «Үлкен ойын» циклі компьютерлік интерактивтік бағдарламасы арқылы пән материалы ұлттық құндылықтармен байытылады, шәкіртті ойға жетелеп, білімді болуды қызықты іске айналдыру көзделеді және ол іске асырылып отырады. Бұл бағдарламаның мақсаты — халқымыздың бай тілі мен терең өмір ұстанымын шебер пайдалану арқылы білім мен тәрбиенің ажырамас тұтастығын сақтау.

Жекелеген білім беру ұйымдарында «Жеті жетекші», «Жеке тұлғаны қалыптастыру», «Тағылым», «Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат», «Ұлы Жібек жолы», «Шаңырақ» тәрбиелік жүйесі, «Әдептілік әліппесі», «Халық тағылымы» т.б. ұлттық құндылықтарға негізделген бағдарламалар бойынша оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілуде. Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын Республикалық институты 2009 жылы жоғарыдағы аталған бағдарламалардың бірқатарын жинақтап, республиканың білім беру ұйымдарына ұсынды. Аталған институтта тәрбие мәселелеріне қатысты курстар, курсаралық шаралар конференциялар, семинар-кеңестер жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады. Институт мамандары «Қазақстан Республикасы азаматына тәрбие беру үлгісі» және «Оқушының ұлттық келбетін қалыптастыру» тұжырымдамаларын әзірлеп, «Мектептің тәрбие үрдісінде оқушының ұлттық келбетін қалыптастыру» атты әдістемелік құралды жарыққа шығарды.

2009 жылғы облыстардың біліктілік арттыру институттарының мәліметтері бойынша республикамыздағы білім мекемелерінде тәрбие ісімен айналысатын 7777 астам директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары, 2982 әлеуметтік педагог, 6895 психолог, 11813 қосымша

білім беруші педагогтар еңбек етеді. Бұл көрсеткіш күн санап өсе түсуде.

Соңғы статистикалық деректер бойынша Қазақстан халқының 70 пайызға жуығы қазақтар болса, мектеп оқушылардың 73 пайызы қазақ балалары. Өзге ұлт өкілдері — 27 пайыз, оның 14 пайызы орыс, 13 пайызы өзге ұлт балалары.

Бұл факт еліміздегі тәрбие беру жүйесін ұлттық құндылықтар негізінде жүргізуге қолайлы жағдай жасап, ұлттық құндылықтар негізінде жүргізілетін тәрбиенің біртұтас жүйесін жасау қажеттілігін тағы да дәлелдеп отыр.

Ал, Қазақстан Республикасында мекен етіп жатқан өзге диаспора өкілдері де ұрпақ қамын өздерінің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері негізінде жүргізе отырып, қазақ халқының тілі мен өзге де рухани тұстарын қабылдағаны жөн. Бұл үдеріс қазақ қоғамында бірте-бірте жүріп те жатыр. Бұған бүгінгі күні өзге ұлт өкілдерінің бүлдіршіндері қазақ балабақшалары мен мектептерінде тәрбиеленіп, тіл ұстартып жатқанын мысалға алуға болады.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев былай деген болатын:

«Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз алға баспайды...».

Демек, Елбасымыздың анықтағанындай, бұл өлшеуіш тек қана жергілікті ұлтқа ғана емес, қазақ жерінде тұрып, өсіп-өнген, еңбек етіп жүрген барша халықтарға да қатысты екені даусыз.

Айтылған ойды, қағидатты одан әрман тереңдете отырып Елбасымыз: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат етіп өсіре

аламыз», – дейді. Бұл: «Тәрбиесіз берілген білім адамзат баласына апат әкеледі», - дейтін әл-Фараби бабамыздың өсиетнамасымен толық қабысады.

Қазақстан Республикасы зайырлы, әрі көп ұлтты ел ретінде ұрпақ тәрбиесінің мазмұндық құрылымына бір жақты қарай алмайды, екінші жағынан мемлекеттің иесі ретінде қазақ халқының атқарар қызметінің мемлекеттік дәрежеде мойындалуының маңызы зор және барша жұрттың қазақ халқының ұлттық тәрбие ұстанымдарын басшылыққа алуы заңды құбылыс. Осыған орай, қоғамға қажетті ұлттық тәрбие моделін қазақ этнопедагогикасын басшылыққа ала отырып құру – еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуында руханияттық кепілдігінің алғышарты болып табылады.

Халықтық педагогика мәселелерін ұлттық тәрбие мақсатымен ұштастыру белгілі бір ұстанымдылықты, жүйелілікті қажет етеді. Ұстаным дегеніміз (латын сөзі) – басшылыққа алатын идея, негізгі талап, қағида. Тәрбиелеу жүйесі мынадай ұстанымдарды (тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы, тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы, тәрбиедегі дұрыстыққа арқа сүйеу, тәрбие ізгілігі, тәрбиені тұлғалық тұрғыдан қарау, тәрбиелік ықпалдардың бірлігі т.б.) басшылыққа алынады.

Ал, ұлттық тәрбие моделі алдымен ұлттық тәрбие мазмұнының стратегиясы мен тактикасының, ұлттық қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сәйкестігінің, мақсаты мен мұратының, басымдық тәрбие бағыттары мен тәрбие қағидаларының, мемлекеттік дәрежеде орындалуға тиісті тәрбие міндеттерінің, пайдалану парадигмаларының құзыреттілігімен анықталады. Әр халықтың өзіндік генетикалық, этнопсихологиялық, тарихи-әлеуметтік қалыптасу ерекшеліктеріне тән туындап отыратын проблемалары мен ұрпақ тәрбиесіне арналған моральдық, этикалық ережелері бар.

Қазақ халқындағы тәрбиенің қай түрін алсақ та, өскелең ұрпақтың ұлттық сана

сезімінің өршіл болып қалыптасуына әсер етеді. Мысалы:

- рухани адамгершілік тәрбие – этика, әдептілік, ар намыс, шындық пен әділеттілік, ынтымақ пен бірлік, жолдастық, достық, мейірімділік, қайырымдылық ізеттілік, қонақжайлылық, парасаттылық.

- эстетикалық тәрбие – өнер /ән-күй мен би/, білім, сымбаттылық, сұлулық пен әсемдікті сезінуге, қабылдауға баулу.

- ақыл-ой мен сезім тәрбиесі – аңыз ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, айтыс-өлеңдер, шешендік өнер үлгілері сияқты ауыз әдебиетінің бай қазыналары.

- еңбек тәрбиесі – қолөнерге үйрету, ептілік, шеберлік, жауапкершілік, ұқыптылық, табандылық пен төзімділік.

- имандылыққа тәрбиелеу – әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырымдар мен тиымдар, мақал-мәтелдер, нақыл-сөздер т.б. қасиеттерді бала бойына дарытады.

Әрбір мектеп – мемлекеттің шағын жанды бөлшегі, әрбір бала – қоғамның дербес мүшесі. Мемлекеттің бүгінгі даму саясатындағы басты бағдары – азаматтық қоғам құру идеясын мектептегі тәрбие жүйесінің өзегіне айналдырған жағдайда ғана мемлекет пен қоғамның қажеттілігіне сай адам ресурстарын өз елі үшін мақтаныш сезімдері қалыптасқан, өз елінің мүддесін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайын патриот тұлғаларды тәрбиелеуге қол жеткіземіз. Мектептегі әрбір балаға елдің ертеңгі тұтқасын ұстайтын келешек отансүйгіш азамат деп қана емес, ол бүгінгі сәттен бастап-ақ, өзінің және айналасындағы өзгелердің өмірін, білім мен тәрбие алуын, құқығын, міндетін, т.б. құндылықтарды реттей алатын белсенді тұлға деп қарауымыз керек.

Қорыта айтқанда, білім беру жүйесіндегі тәрбие беру ісін дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұлттық құндылықтар негізін басшылыққа ала, ізденісімізді ұлғайта отырып, іс тетігін шешуге тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Білім берудегі менеджмент», – № 2, 2010.
2. Основные показатели системы среднего образования в 2009 году.
3. Бержанов Б., Мусин С. «Педагогика тарихы». – Алматы, 1971.
4. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік.

Резюме

Автор поднимает вопрос о национальном воспитании, и через него указывает на роль национальных ценностей казахского народа в воспитании, показывает путь и важность осмысленного воспитания молодежи.

Summary

The author brings up a question on national education, and through him specifies in a role of national values of the Kazakh people in education, shows a way and importance of intelligent education of youth.

.....

.....

**Р.Ә.Жұмақанова –
педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, ҚазМемҚызПУ**

**Оқушыларға бала құқықтарын оқыту ресурсы – Бала құқықтары туралы
Конвенция және «Қазақстан Республикасындағы
баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы**

Оқушыларға бала құқықтарын оқыту адам құқықтары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған процесс болып табылады. Оқыту процесі балалардың белсенді түрде қатысуына негізделген, балалар адам құқықтары туралы білім алып, адам құқықтары проблемаларын түсіне бастайды, құқықты қорғауға және теңсіздік пен арнамысқа ізгілікпен қарауға қажет дағдылар мен қасиеттерді бойына сіңіреді.

Сондықтан адам құқықтарын оқыту кез келген білім беру процесінде басты роль атқаруы тиіс. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы балаларды адам құқықтарымен таныстырудың баға жетпес құралы болып табылады. Бала құқықтары туралы Конвенцияда балаларға тікелей қатысты адам құқықтары анықталған.

Бала құқықтарын зерделеу және қолдану
балаларға адам құқықтарының негізін

түсінуге, құқықтарды жеткізуші өздері екенін түсінуге, осы құқықтарды өзінің ортасына бейімдеуге және қолдануға көмектеседі. Бұл балаларды адам құқықтарына оқытудың басты мақсаты [1; 2; 3].

Конвенция преамбуласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаттарға сәйкес қоғамның барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, теңдей және ажырамас құқықтарын тану жер бетінде бостандықты, әділдікті және бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылатынын, Біріккен Ұлттардың халықтары Жарғыда өздерінің адамның негізгі құқықтарына, жеке адам баласының қадір-қасиеті мен құндылығына деген сенімін қуаттағанын және кең ауқымды бостандықта әлеуметтік прогреске және өмір сүру жағдайларын жақсартуға жәрдемдесуге бекем бел бұғанын айтады.

Преамбулада балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы екені, бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген идеалдардың, әсіресе, бейбітшілік, қадір-қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухында тәрбиеленуге тиіс екені туралы айтылған.

Конвенцияда баяндалған нормалар мен міндеттемелердің мақсаты елдегі заңнамаға, саясатқа және бағдарламаларға, сондай-ақ халықаралық, ұлттық, үкіметтік немесе үкіметтік емес ұйымдар мен органдарға, олардың балаларға қатысты қызметтеріне бағыт-бағдар беру.

Конвенцияда бала құқықтарының тізбесімен қатар мемлекет тарапынан балаға қатысты мойындалуы тиіс міндеттемелердің тізімі берілген. Бұл міндеттемелер тікелей болуы мүмкін, мысалы, білім алу үшін мүмкіндік беру немесе жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізу және жанама түрде болуы мүмкін, мысалы, ата-аналарға, отбасының басқа да мүшелеріне немесе асыраушыларға өздерінің басты рольдерін ойнауға және тәрбиешілер мен қорғаушылар міндеттерін орындауға мүмкіндік беру.

Басқаша айтқанда, Конвенцияның балаларға әсерін ең алдымен үкіметтің, содан кейін халықаралықтан жергіліктіге дейінгі мекемелер мен ұйымдардың қалай қабылдағаны арқылы бағалауға болады. Яғни, прогресс туралы ұлттық заңдар мен саясаттың сипатына, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін талап етілетін құрылымдар мен тетіктердің болуына, тиімділігіне қарай бағалауға болады. Конвенция ешуақытта «балаларды босату хартиясы» болған емес, оның мазмұны да ешуақытта отбасының маңыздылығын түсірген емес.

Конвенция адам құқықтарының ауқымды түрлерін қамтиды. Бұрын адам құқықтары бір жағынан азаматтық және саяси болып сыныпталса, екінші жағынан экономикалық және әлеуметтік, мәдени болып сыныпталды.

Алайда 4-бап осы санаттарға қатысты, дегенмен баптар осы қағидат бойынша бөлінбеген. Конвенцияның бүкіл мәні – барлық құқықтардың бір-бірін толықтыратынын көрсету, ЮНИСЕФ балалардың «өмір сүруі және дамуы» деп көрсететін қағидасын қамтамасыз ету. Конвенцияда қамтылған құқықтардың барлық түрі үш бағытта көрсетілуі мүмкін: есім, азаматтық алудан бастап, медициналық-санитарлық көмекпен пен білім алудан аяқталатын өмір сүру мен дамуды қамтамасыз ету, қорғау (азаптау, қанау, еріксіз бас бостандығынан айыру, негізсіз отбасы қамқорлығынан айыру сияқты белгілі әрекеттерден), қатысу (жеке басының өміріне және қоғамдағы өміріне қатысты шешімдерге).

Конвенцияда басты үш жаңалық бар.

Біріншісі, балалар үшін «*қатысу құқықтары*» ұғымын енгізу және балаларға өздерінің құқықтары туралы ақпараттану маңыздылығын мойындау. Екіншісі, Конвенция бұрын халықаралық құжаттарда мүлде қаралмаған мәселелерді көтереді: *қатыгездіктен және пайдаланудан жәбір көрген балалардың оңалуға құқықтары* және үкіметтің балалардың денсаулығына зиян келтіретін дәстүрлі практиканы жоюға қадамдар жасау міндеті. Үшіншісі, бұрын заңдық жағынан міндеттелмейтін мәтіндерде кездеспейтін қағидаттар мен нормаларды қосады, атап айтқанда, *бала/қыз асырап алуға және жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізуге* қатысты мәселелер.

Сонымен қатар, Конвенция - мәні зор екі маңызды тұжырымдаманы қамтиды:

- «бала мүддесін барлық жағынан қамтамасыз ету» (3-бап) «балаларға қатысты барлық әрекеттердің» міндетті критерийіне айналады;

- *ата-аналардың* (немесе бала үшін жауап беретін басқа да адамдар) баланың дамып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес, осы құқықтарды жүзеге асыруда балаға тиісті түрде басшылық жасап және жетекшілік етуі тиіс қағидат (5-бап).

Бүгінгі күні әлемнің барлық елдерінде дерлік балалардың жағдайы осы елдердің үкіметтерін балаларды қорғауға және олардың құқықтарының толықтай жүзеге асырылуын қадағалауға ресми түрде міндеттеу арқылы жақсаруы мүмкін. Конвенция қағидаттары үкіметтердің өз міндеттерін орындау барысына қарай балалардың күнделікті өміріне өзгерістер енгізеді.

Конвенция мынадай басты қағидаттарға ықпал етеді:

Мемлекеттер әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын қамтамасыз етулері тиіс (2-бап).

Жеке, мемлекеттік немесе қоғамдық нысандағы мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе атқарушы органдардың балаларға қатысты қолданатын іс-әрекеттерінің бәрінде де ең бірінші кезекте баланың мүддесі тұруы тиіс (3-бап).

Әрбір баланың өмір сүруге, есім, азаматтық алуға, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығына ие болуға деген ажырамас құқығы бар. Мемлекет оның тірі қалуына, денелік, ойлық, рухани, әлеуметтік және мәдени дамуды қоса жан-жақты дамуына кепілдік беруі тиіс (6-бап).

Бала тыңдалу құқығына ие. Балаларға өмірге қатысты барлық мәселелерді шешуге, өз пікірін еркін жеткізуге мүмкіндік берілуі тиіс (12-бап).

Конвенцияда мынадай маңызды құқықтар берілген.

Азаматтық құқықтар мен еркіндік. Әрбір бала туылған сәттен бастап есім, азаматтық алуға құқығы бар, мемлекет оны тиісті құжатпен қамтамасыз етуге міндетті. Балалар ойын еркін жеткізуге құқылы,

мемлекет олардың ойлау, ар-ождан және дін бостандығына, ата-анасының қамқорлығына ие болуға деген құқығын құрметтеуі тиіс. Балалар, сондай-ақ, араласу бостандығына құқылы және олардың жеке өміріне қол сұғушылықтан қорғалуы тиіс. Сонымен қатар, ешқандай бала зорлық-зомбылыққа, қорлауға, қатыгез, кемсітетін, адамшылыққа жатпайтын жәбірлеуге және жазалауға ұшырамауы тиіс. 18 жасқа толмаған жеткіншекке үкім кесу барысында өлім жазасы мен еркіндікке шығу құқығынан толық айырған өмірлік бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға тыйым салынған.

Отбасы және тәрбие. Конвенция балаларды тәрбиелеу үшін бастапқы және негізгі жауапкершілікті олардың ата-аналарына жүктейді және мемлекеттің оларды осы жағдайда қолдауын көздейді. Балаларды ерекше жағдайлардан басқа жағдайларда, ата-аналарының ықтиярынсыз, құзырлы органдардан басқа органдарда, қолданыстағы заңдарға қатаң сәйкестікте болмаған жағдайда ата-аналарынан айыруға болмайды. Ата-анасы еріксіз айрылған жағдайда балалар ата-анасының екеуімен де қарым-қатынаста болуға құқылы. Бала мен ата-ана от басын біріктіру немесе өзара қарым қатынастарын нығайту мақсатында кез келген елден шығып өз еліне келуге құқылы. Ата-аналар балаларының лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етуге жауапты, ал мемлекет сол жауапкершіліктің орындалуына кепілдік беруі тиіс. Конвенция мемлекетке отбасыларынан айрылған балаларды арнайы қорғауды қамтамасыз етуді міндеттейді. Мысалы, уәкілетті органдардың рұқсатымен бала немесе қыз асырап алу жүргізілуі мүмкін жерлерде. Мемлекет балалардың ұрлануын немесе ата-аналарының, я болмаса үшінші адамдардың оларды шетелде ұстап отыруын алдын алуға және жоюға; балаларды қиянат көрсетудің және кемсітудің барлық түрлерінен қорғауға міндетті. Балалар қарулы қақтығыстың, қорлаудың, кемсітудің, немқұрайлы қараудың немесе пайдаланудың құрбаны болған жағдайда, мемлекет

олардың қалпына келуін және қоғамға әлеуметтік қосылуын жеңілдететін емделу мен сауығудың тиісті көмегін алатынына кепілдік беруі тиіс. Сонымен қатар, мемлекет емдеуге немесе сауықтыруға жіберген бала ахуалының үнемі бағаланып отыруына құқы бар.

Балалардың денсаулығы мен әл-ауқаты.

Әрбір бала өмір сүруге құқылы, қатысушы мемлекеттер баланың тірі қалуына және дамуына, денсаулық сақтаудың ең жоғары қолжетімді стандартына құқығына ең жоғары кепілдік беруі тиіс. Мемлекеттер денсаулық сақтаудың алғашқы, алдын алу, денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық білім беру және балалар өлімін азайту жұмыстарына баса назар аударуы керек. Олар бұл салада халықаралық ынтымақтастықты барынша қолдап-қуаттауы және ешқандай бала жоғары сапалы сауықтандыру қызметінен алыстатылмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Дамуында ауытқулары бар балалар мамандандырылған қатынасқа, емдеуге, білім беруге және қамқорлыққа ие болуға құқылы. Балалар әлеуметтік қамсыздандыру саласы тарапынан да көмек алуға құқылы. Қатысушы мемлекеттер ата-аналары жұмыс істейтін балалардың балалық шақты қорғау қызметтерін пайдалану құқығына кепілдік беру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Қатысушы мемлекеттер әр баланың дене бітімі, ақыл-есі, рухани, имандылық және әлеуметтік тұрғыдан қажетті өмір деңгейіне құқығын мойындайды.

Білім алу, бос уақыт және демалыс.

Балалар білім алуға құқылы, мемлекеттің міндеті бастауыш білімнің еркін және міндетті болуына, мектеп тәртібі баланың арнамысын құрметтеуге бағытталуына, білім берудің мақсаты адамның жеке тұлға ретінде дамуына, оның ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға бағытталуына кепілдік беру. Білім беру ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын, ана тілін және адамзат құндылықтарын құрметтұтуды нығайтуы және ынталандыруы

тиіс, бұл баланы қоғамдағы саналы өмірге түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, басқа адамдармен достықта болу рухында дайындайды. Балалар бос уақытқа, демалысқа және мәдени іс-шараларға құқылы.

Арнайы қорғаныс шаралары

а) Қатысушы мемлекеттер 15 жасқа дейінгі кез келген баланың әскери әрекеттерге қатыспауы үшін мүмкін болған шаралардың барлығын қолдануы тиіс. 15 жасқа толмаған кез келген бала қарулы күштер қатарына қызметке шақырылмауы керек. Қабылданған халықаралық уағдаластықтарға, әсіресе қарулы қақтығыстарда азаматтық халықты қорғау жөніндегі Женева Келісіміне сәйкес, қатысушы мемлекеттер қарулы қақтығыстар аймағындағы балаларды қорғауға кепілдік беру үшін барлық шараларды қолдануы тиіс. Мемлекет барлық балаларға – әскери қақтығыстардан, қорлаудан, кемсітуден, немқұрайлы қараудан немесе пайдаланудан зардап шеккен балаларға тиісті көмек көрсетуге және оларды емдеуге кепілдік беруге міндетті. Арнайы қорғаныс босқын балаларға немесе босқын мәртебесін алуға ұмтылған балаларға көрсетілуі тиіс. Мемлекеттің міндеті – осындай қорғаныс пен көмек көрсететін құзырлы ұйымдармен ынтымақтасу.

ә) Бала заңмен қақтығысқан жағдайда балалардың құқық бұзушылықтары жөніндегі органдар баланың жасын назарға алулары және олардың қоғамда реинтеграциялануына жәрдемдесулері тиіс. Заңмен қақтығысқан балалар олардың адамдық қадір-қасиетін және өзін-өзі бағалауын ынталандыратын қатынасқа құқылы. Мұндай жағдайда балалар олардың сотта қорғалуына заңды немесе өзге көмектесу сияқты негізгі кепілдіктерге құқылы. Мүмкіндігінше оларды оқшаулайтын жерлерден аулақ болған дұрыс. Бас бостандығынан айрылған кез келген бала ересектерден бөлек жерде болуы тиіс, егер баланың өзінің ықтиярына қайшы келмесе. Сонымен қатар, қамауға алынған бала заңды және басқа да көмекке ие болуы тиіс, сондай-ақ отбасымен қарым-қатынаста

болуға құқылы.

б) Жұмыс істеген жағдайда балалар экономикалық қанаудан және денсаулығына, білім алуына немесе дамуына қауіп төндіретін жұмыстардан қорғалуға құқылы. Мемлекет жұмысқа алуда бірінші кезекте адамның ең төменгі жас мөлшерін және Халықаралық еңбек ұйымы, атап айтқанда, Ең төменгі жас туралы 1973 жылғы Келісіммен (№138) құрылған стандарттарға сәйкес жұмыс талаптарын реттейтін ережелер белгілеуі тиіс. Балалар есірткі және психотроптық заттарды қолданудан, сондай-ақ оларды өндіру немесе сату жұмыстарына тартылудан қорғалуға құқылы. Мемлекет баланы жезөкшелікті, порнографиялық бизнеске қанап пайдалануды қоса, сексуалды қанау мен зорлаудан қорғауы тиіс. Келісім мемлекет балаларды сату, саудалау және ұрлауды болдырмас үшін бүкіл күштерін салуға міндетті болғанын көздейді.

в) Бала ұлттық немесе өзге азшылық топқа жатқан жағдайда. Ұлттық немесе азшылық топқа жататын балалар өз мәдениетін, тілін және дінін қолдануға құқылы.

Бала құқықтары туралы Конвенция бойынша тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін мұғалімге Конвенцияның баланың тірі қалуына, дамуына, қорғалуына және қатысуына құқықтары берілген бірінші бөлімінің 1-41-баптарына сүйене отырып, оның мазмұнымен танысып шыққаны абзал (42-54-баптарда Бала құқықтары туралы

Конвенцияның сақталуы және күшіне енуі туралы мәселелер қаралған).

2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заң баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қағидаттеріне негізделген.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша мақсатты тәрбие жұмысын өткізу үшін баптардың мазмұнымен танысқан кезде құжатты тұтастай ұсыну және басты назарды баланың негізгі құқықтары мен міндеттері ашылатын Заңның 3-тарауына аударған маңызды.

Төменде «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының құрылымы берілген, оған 53-бап кіреді, ондағы 3 және 4 Тараулар баланың негізгі құқықтары мен міндеттерін ашады:

1-тарау. Жалпы ережелер	(1-5-баптар)
2-тарау. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат	(6-7-баптар)
3-тарау. Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері	(8-20-баптар)
4-тарау. Бала және отбасы	(21-26-баптар)
5-тарау. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың құқықтары	(27-30-баптар)
6-тарау. Мүгедек баланың құқықтары	(31-33-баптар)
7-тарау. Бала және қоғам	(34-41-баптар)
8-тарау. Баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау	(42-47-баптар)
9-тарау. Бала жауапкершілігінің және оның мінез-құлқына әсер етудің ерекшеліктері	(48-49-баптар)
10-тарау. Қорытынды ережелер	(50-53-баптар)

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңның «Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері» 3-тарауында баланың денсаулық сақтауға құқығы (8-бап), баланың даралық ерекшелікке және оны сақтауға құқығы (9-бап), баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы (10-бап), баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы (11-бап), баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы (12-бап), баланың мүліктік құқықтары (13-бап), баланың тұрғын үйге құқығы (14-бап), баланың білім алуға құқығы (15-бап), баланың еңбек бостандығына құқығы (16-бап), баланың мемлекеттік көмекке құқығы (17-бап), баланың дем алуға және бос уақытын пайдалануға құқығы (19-бап) қаралады. Әрбір бала басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға (20-бап) міндетті.

Заңның «Бала және отбасы» 4-тарауында баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы (21-бап), баланың отбасындағы құқықтары (22-бап), жан-жақты дамуына жағымды жағдайлар (24-бап), баланың өзінен бөлек тұратын ата-анасымен қарым-қатынас жасау құқығы (26-бап) қарастырылады.

«Бала және қоғам» 7-тарауда баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға (36-бап), баланы алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды әсерінен қорғауға (37-бап), баланы есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін немесе улы заттардан қорғауға (38-бап) басты назар бөлінеді, баланы жезөкшелік пен порнографиядан қорғау (40-бап), баланы соғыс қимылдарына қатыстыруға тыйым салу (41-бап) туралы айтылады.

Жетекші педагогикалық тәжірибе

көрсеткеніндей, балаларды Бала құқықтары туралы Конвенция және Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заң негізінде бала құқықтарына оқыту жұмыс барысында ойын әдістемелері қолданылған жағдайда тиімді болады. Мысал ретінде «Кемемен жаңа жерге сапар шегу» атты ойын түрін келтіреміз.

Кемемен жаңа жерге сапар шегу

Кеме бортының сыртына бірінші қандай затты тастар едіңіз?

Балалар көз алдыларына кемемен жаңа жерге сапар шегіп бара жатқандарын елестетеді, алайда оған жету үшін олар борт сыртына бірінші кезекті емес заттарды таңдап, тастаулары тиіс. Ойын басымдықтарды белгілеп, талқылауға бағытталған.

Міндеттер:

- Тірі қалу үшін және даму үшін не маңызды екенін бағалау.
- Өз қалауларын қажеттіліктерден бөлек қарау.
- Адам мұқтаждарын оның құқықтарымен біріктіру.

Дайындық: әр топ үшін қалаулар мен қажеттіліктер жазылған карточкалар жиынтығының көшірмесін жасап, оларды қырқыңыз; оны конвертке салыңыз.

Материалдар: Конверттер, қалаулар мен қажеттіліктер жазылған карточкалар көшірмесі, желім, қағаз беттері

Нұсқаулықтар:

1. Балалардан олардың жаңа континентке сапар шегетіндерін елестетуін сұраңыз. Ол континент қазір елсіз, сондықтан олар онда келген кезде жаңа елдің пионерлері, негізін қалаушылары болады.

2. Балаларды шағын топтарға бөліңіз, әр топқа қалаулар мен қажеттіліктер жазылған карточкалар жиынтығы салынған конвертті таратып, мынау жаңа елде өмір сүру үшін өздерімен алатын заттар екенін түсіндіріңіз. Әр топтың конвертті ашып, ішіндегі барлық карточкаларды алып, оларды зерделеуін сұраңыз. Нұсқа: оларға бірнеше бос карточка қосып, балаларға жаңа елде қажет болуы мүмкін немесе олар алғысы келетін бірнеше қосымша заттарды қосып жазуларын ұсыныңыз.

3. Кеменің қазір сапарға шығатынын түсіндіріп, әңгімені былай бастаңыз:

Сапар өте қолайлы болады. Күн жарқырап

тұр, теңіз тыныш. Кенет, үлкен теңіз дауылы тұрып кетіп, кеме шайқалып жатыр. Ол батып жатыр! Кеменің су бетінде қалуы үшін борт сыртына үш карточка тастауыңыз қажет.

Әр топтан неден құтылатындықтарын шешуін сұраңыз. Оларға бұл заттарды кейін қайтып ала алмайтындықтарын түсіндіріңіз. «Борт сыртына таслаған» карточкаларды жинап алып, оларды бір топқа жинаңыз.

4. Әңгімеге қайта оралыңыз:

Дауыл әйтеуір басылды. Барлығы жеңіл демалды. Алайда, дәл осы кемеге 5-санатты дауыл келе жатқаны туралы метеорологиялық мәлімет келеді. Егер дауылдан аман қалғыңыз келсе, борт сыртына тағы үш карточка тастауыңыз қажет! Есте сақтаңыз: жаңа елде тірі қалу үшін қажет заттарды тастамаңыз.

5. Әңгімеге оралыңыз:

Біз ажал аузында болдық. Алайда, біз жаңа континентке жақындап қалдық. Барлығы қатты толқып келеді. Бірақ біз горизонтта жерді көрген кезде, кемемізге үлкен кит соғылып, бортты тесіп кетті. Сіздер кемені бұрынғыдан да жеңіл қылуға тырысуларыңыз керек! Тағы үш карточканы борт сыртына тастаңыздар. Карточкаларды бір топқа жинап, реттеп қойыңыз.

6. Олардың жаңа континентке әйтеуір аман-есен жеткендерін және жаңа ел құруға дайын екендерін жариялаңыз. Әр топтан қалған карточкаларды жаңа континентке не алып келгендерін барлығы естерінде сақтай алатындай етіп, қағаз бетіне шаптауларын сұраңыз. Тірі қалуға қажеттінің барлығы бар ма екен? Қалыпты өсу және даму үшін не барын?

7. Әр топтың өз парақтарын бөлменің төріне іліп қоюларын сұраңыз, олардың жаңа жерге не алып келгендерін түсіндіріңіз. Әр сипаттаудан кейін барлық топтан: «Олардың аралда тірі қалуы үшін қажет заттардың барлығы бар ма? Өсу және даму үшін не барын?» сұрап отырыңыз.

Талдау және бағалау:

1. Мынадай сұрақтар қойып, ойынды талдап шығыңыз:

- Бұл ойында сізге не ұнады?
- Несіз күн көре алатыныңызды қалай шештіңіз? Басты нәрсе не болды?
- Кейбір шешімге келу қиын болды ма? Олар қандай шешімдер?

○ Топта нені қалдыру және нені борт сыртына тастау жөнінде келіспеушіліктер болды ма? Бұл келіспеушіліктерді қалай шештіңіздер?

○ Адамдардың қажеттіліктері бірдей ма екен? Кімнің қажеттіліктері басқаша?

○ Өзіңіздің соңғы таңдауыңыз туралы не ойлайсыз? Жаңа елде өмір сүре алар ма едіңіз? Онда қалыпты өсіп, дами алар ма едіңіз?

○ Тобыңыз борт сыртына не тастау қажет екенін қалай шешті?

○ Қорытынды нәтиже сізді таң қалдырды ма?

Егер осы ойынды қайта ойнау қажет болса, қандай заттарды борт сыртына тастар едіңіз?

2. Адам құқықтары адам қажеттіліктеріне: әр адамның тірі қалуына, қалыпты өсуіне және дамуына, лайықты өмір сүруіне қажет заттарға негізделгенін атап айтыңыз. Мынадай сұрақтар қойыңыз:

○ Сіздің тірі қалуыңызға қажет затыңыз бар ма?

○ Сіздің өсуіңізге және дамуыңызға қажет зат бар ма?

○ Сіз қандай заттардың болғанын қалар едіңіз, бірақ оларды бірінші кезекті заттар емес деп шештіңіз?

3. Барлық адамдарға адам құқықтарының барлығы қажет екенін айтыңыз! Кейбірі тірі қалу үшін қажет заттар, мысалы, тамақ, медициналық көмек, таза су және баспана. Қалғандары жақсы өмір сүріп, даму үшін қажет бірінші кезекті заттар. Тірі қалу - жеткіліксіз. Мынадай сұрақтар сұраңыз:

○ Олардың болғанын қалаған, бірақ тірі қалу үшін тастауға болатын заттар қандай карточкаларда жазылған?

○ Бізге тірі қалу үшін қажет заттар қандай карточкаларда жазылған?

○ Бізге қалыпты өсуімізге және дамуымызға қажет болуы мүмкін заттар қандай карточкаларда жазылған?

○ Сізде _____ болмаса, мына жаңа елде не болуы мүмкін? (карточкалардың ішінен бірнеше мысал келтіріңіз.)

Карточкалар

1.Өз пікірін білдіру	16.Тамақ өнімдері
2. Қалауымша жұмсауға ақша	17.Қатыгез қараудан қорғалу
3.Таза су	18.Білім алу
4.Дербес жатын бөлмем;	19. Дәргерлер
5.Компьютер және Интернетке қосылу мүмкіндігі	20.Велосипед
6. Әділ қатынас және дискриминацияның жоқтығы	21.Тәттілер
7. Таза қоршаған орта	22.Сәндік әшекейлер
8.Ұялы телефон	23.Плеер
9.Кока-Кола	24.Жылы киім
10.Демалу және ойнау мүмкіндігі	25.Ата-ана
11.Теледидар және газеттер	26.Ойыншықтар мен ойындар
12.Дінді қолдану мүмкіндігі	27.Дәрі-дәрмектер мен ауруларға қарсы егулер
13.Жайлы үй	28.Еркін таңдау мен нормалар
14.Сәнді киім	29.Сағат
15. Жағалаудағы каникул	30. Мәдениетін зерделеу және ана тілінде мейлеу мүмкіндігі

Ойынды жүргізушілерге кеңестер

- Балалардың бұл ойыннан адамның кейбір құқықтары басқаларынан маңызды емес және оларды қысқартуға болады екен қорытынды жасамағандары маңызды. Талдау барысында құқықтардың өзара тәуелділігін атап көрсетіңіз.

- Балаларға олардың тастаған заттарын қайта алу мүмкін еместігін және қалдырған заттарының оларды құтқарғанша тірі қалу үшін ғана емес, жаңа ел құру үшін де қажет екенін атап айтыңыз.

- Кейбір заттардың екі қыры болуы мүмкін, бұл жағдай бірінші кезекті затты

анықтауда қиындық туғызады (мысалы, ұялы телефон – біреулерге сән-салтанат құру үшін қажет болса, біреулерге – байланыс құралы ғана).

- Кішкентай балалар өздерінің қалаулары мен қажеттіліктерін ажыратуға қиналуы мүмкін. Сондықтан, оларға жаңа елде тірі қалу үшін не қажет екенін бас айтып көмектесіңіз.

Талдау барысында әр дағдарыс кезінде «борт сыртына» лақтырылған карточкаларды салыстырыңыз. Балалардан түрлі адамдарды таңдауда қандай ерекшеліктер байқайтынын сұраңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жумаканова Р.А. Права ребенка: Руководство по организации учебно-воспитательной работы по Конвенции о правах ребенка в начальной школе. – Алматы, НИЦГО, 2003. - 88 с.

2. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Методическое руководство по обучению правам ребенка с использованием сюжетов и персонажей детских книг и анимационных фильмов. – Алматы: Научно-информационный центр гражданского образования, 2009. – 40 с.

Резюме

Summary

The article shows implementation of International Convention Child Rights and Law of Republic of Kazakhstan on child rights as resource materials in legal education of students in the classroom. Practical aspect of the article is described on the basis of role play “Floating to the new land”.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Раскрыты особенности подготовки студентов высших учебных заведений к работе в условиях многонационального учебного заведения В.В.Соколовой, Г.Н.Волковым, Т.Г.Исламиной и др. Анализ психолого-педагогической литературы показал, что

Проблема формирования у молодежи культуры в сфере межнациональных отношений актуальна не только сегодня, но и в будущем в стране и за ее пределами. Молодому поколению придется осуществлять стра-

проблема формирования национальной культуры еще недостаточно изучена. На основании изучения и анализа проблема формирования национальной культуры встает во главу угла современного этапа. Культура общения между нациями в настоящее время является важнейшей проблемой, которое определяет будущее нашей многонациональной республики. Формирование национальной культуры у студентов педагогического вуза объясняется многонациональным составом студенческих коллективов, где не исключено влияние межнациональных отношений, с вовлечением в межнациональные противостояния студентов. Поэтому будущих учителей необходимо приобщать к ценностям мировой культуры и культуре своего народа, воспитывать их в духе взаимопонимания и взаимопомощи, бережного отношения к родному и изучаемому языку, равенства всех наций.

Человек является источником культуры, а культура – это есть средство формирования человека. Культура выражается прежде всего в терпимости.

Любовь к своей родине, земле, народу национальная психология – это есть общечеловеческие ценности, которые накапливаются через национальную культуру.

Понятие «национальная культура» характеризует связи и взаимодействия общества, развитие общенационального литературного языка, грамотности населения, возникновения средств массовой информации, появления профессиональной культуры. Культура сама по себе национальна.

Национальная культура является не только базой для воспитания высоконравственного представителя конкретной нации, но и основой формирования поликультурной личности.

Мировоззрение молодого специалиста должно формироваться на базе духовных ценностей подлинной культуры.

Интенсивный процесс поиска путей развития образования в XXI веке отразился не только в организационно-практической дея-

тельности органов образования, но и в теоретических изысканиях ученых педагогов.

Культура – высшее проявление человеческой образованности и профессиональной компетентности.

Освоение национальной культуры невозможно без осознания содержания культуры, следовательно для освоения национальной культуры необходимо знание национального языка.

Н.А.Бердяев в «Судьбе России» писал: «Другого исторического пути нет, другой путь есть отвлеченность, пустота. Все великие национальные культуры всечеловечны по своему значению... Можно и должно мыслить исчезновение классов и принудительных государств в современном человечестве, но невозможно мыслить, исчезновение национальностей» [2. 200 с.]. Таким образом, для формирования духовно богатой личности, ее мировоззрения актуальной является проблема национально-культурной идентификации. Каждая национальная культура представляет собой единство общего и особенного. Изучая свой родной язык, как и иностранный для личности необходимо знакомство с другими национальными культурами, т.е. освоение наряду с собственной национальной культурой культур других народов. Отсюда и вытекает задача перед преподавателями иностранных языков проблема формирования поликультурной личности в условиях высшего учебного заведения. Поликультурная личность – индивид, ориентированный через свою культуру на другие.

Проблемы развития национальной культуры через систему образования отражены в государственных документах: «Закон об образовании», «Закон о языках» и ряде концепций образования в РК [3, 4, 5].

Процесс освоения национальной культуры осуществляется на занятиях иностранных языков. Знание истории страны изучаемого языка, географического расположения изучение материальной культуры, продуктов деятельности (жилища, одежды, пред-

Б.А.Альмухамбетов –
доктор педагогических наук, профессор,
КазНПУ имени Абая

А.П.Белов –
кандидат педагогических наук,
КазНПУ имени Абая

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ В ПЕРВОБЫТНОМ ОБЩЕСТВЕ

Художественное воспитание и обучение относится к ранним формам общественного развития человека начало, которое берет в первобытном обществе. Известный исследователь Н.Дмитриева пишет: «художественная деятельность есть своеобразная форма познания и творческого труда, то истоки ее гораздо более древни, поскольку люди трудились и в процессе этого труда познавали окружающий мир еще задолго до разделения общества на классы». [6, 11]

Говорить о возникновении художественной педагогики, методах обучения и воспитания, как составляющей художественной деятельности, видимо наиболее целесообразно, в период, когда мы находим первые произведения искусства, а это в эпоху верхнего (позднего) палеолита. В этот период первобытно общинный строй достиг определенной зрелости, человек к этому времени овладел речью, физическими качествами не отличался от современного человека, изготавливал довольно сложные орудия труда из дерева, кости, камня, на которых мы находим изображения человека в основном это женские фигурки, в которых передавались общие черты присущие женщине – широкие бедра, массивные груди матери-кормилицы. В этот период древнего скульптора не интересовали черты лица, он их не изображает, как не изображает ступни ног. Матюшин Г.Н. в книге «У колыбели истории» отмечает, что подобные изваяния находят на всем пространстве «от Испании до Байкала – это одна и та же фигура – полная женщина с громадными грудями, большим животом, заплывшей поясницей и широкими бедрами». [4, 126] Таким образом создавался образ женщины матери. Но

чтобы освоить такой уровень изображения человека необходима была передача опыта нескольких поколений мастеров.

Художественное воспитание возникает, когда появляется потребность призвать предков, силы природы, высшие силы для достижения желаемых результатов в охоте, рыбной ловле, трудовой деятельности т.д. С этой целью первобытные люди украшали лицо, тело, одежду изображениями, призывая духов, предков, родовых животных помочь им в борьбе, с этой целью на предметах обихода, орудиях труда гравировались, знаки – обереги. На стенах пещер наносились изображения животных на которых предстояла охота. Перед нами встает система обрядов, своеобразный «полигон» для отработки точности попадания копьем, камнем другими предметами в предстоящую жертву. Оно должно было духовно подготовить охотника к неравной схватке с животным, зверем, закалить его волю, вселить бесстрашие, уверенность для предстоящего поединка. А поскольку охота могла быть только коллективным действием, то в этом игрище принимали участие все кому предстояло вступить в борьбу, как правило взрослой части объединения. Нам представляется, что такие «мишени» создавались не только в пещерах, их могли создавать и на открытом воздухе, у обрывов, выступах скал. В пещерах такие «полигоны» были целесообразны в ледниковый период, в зимнее время. С легкостью с которой древние мастера изображали лошадей, буйволов и других животных говорит, о том, что этот процесс для них повседневность, что этим они занимаются постоянно, а возможно и с детства, получая настоящую школу анималистического мастерства, в совместном

и постоянном творчестве. В одной из дискуссий видный скульптор-анималист В. Ватагин сказал: «что завидует художникам палеолита, учиться них жизнерадостному мастерству реалистической передаче звериного мира далекой ледниковой эпохи». [86, 72]

Исследования показывают, что изображения в пещерах, на скалах, сделанные руками первобытных мастеров, отличаются высоким сходством с животным, зверями, птицами которых они изображали, знанием анатомического строения, пропорций тела. Выдающийся исследователь первобытного искусства А. Окладников приходит к выводу, что первобытных художников «волновали мамонты и лебеди, змеи и современницы-женщины утрированно объемистые, то худощавые» и это было «наполненное реалистическим пафосом искусство». [8, 54] Такие навыки изображения, такой уровень графики, росписи требует длительных тренировок соединенных с опытом не одного поколения художников вырабатывавших этот опыт.

Художники знают, какую школу изобразительной деятельности нужно пройти, чтобы так цельно видеть объект, как его увидели древние художники увидевшие и изобразившие быка и лошадь и др. в пещере Ласко во Франции.

На фресках, создание которых относится примерно с XVIII и по XV тысячелетие до н. э., первобытные художники, опираясь на опыт своих предшественников, учителей-сородичей, уже умели изображать шерсть, они это делали параллельными штрихами, передавался опыт, техника использовать краски с различными оттенками жёлтой и красной краски. Первобытная художественная школа нарабатывала технику изображения цвета шкур на животных – бизонов, быков, лошадей. Они уже замечали и изображали темные и светлые части тела животного, усиливая или ослабляя контур в зависимости от освещенности, подчеркивая светлые и темные части фигуры. Они могли изображать складки кожи и густой волос в гривах лошадей, подчеркивали массивные загривки бизонов, передавая таким образом объём. В отдельных случаях,

чтобы подчеркнуть детали они врезались в каменную, скальную поверхность углубляя линию.

В XII тысячелетии до н. э., как считают исследователи, пещерное изобразительное искусство достигло своего расцвета. Первобытные мастера живописи того времени передавали своим общинникам подмастерьям, помощникам секреты передачи объёма, перспективы, цвета и пропорции фигур, движение. Благодаря такой школы обучения мастеров первобытного изобразительного искусства, были созданы громадные живописные «полотна», покрывшие своды глубоких пещер. Этому свидетельства открытые 1868 г. в Испании, в провинции Сантандер, пещеры Альтамира. А.С.Альмарики А.Л.Монгайттак описывают увиденное в пещере: «Потолок и стены были изрисованы охрой и углем. Рисунки изображали зубров и других животных и были столь искусно и живо выполнены, что им позавидовал бы любой современный художник». [2, 22] Открытие в пещере Альтамира стала первой из многих десятков, и сотен пещер, наскальных изображений найденных позднее на территории Франции и Испании – это Ла Мут, Ла Мадлен, Труа Фрер. Подобные памятники известны в Азии, в Северной Африке в России. В Казахстане, пишут известные археологи П. Агапов и М. Кадырбаев: «известно большое количество пещер и гротов». На стенах и потолках здесь и сейчас можно увидеть древние рисунки животных и людей выполненных красной охрой». [1, 23]

Исследуя наскальные изображения в пещерах, на костях животных следует отметить, что пытливый ум человека знал пропорции, конструкцию, анатомию того или иного животного на которого он охотился и этот опыт накапливался поколениями и переходил в пластическое решение на определенной плоскости. Проанализируем пластическое решение древних художников на изображенных ими животных. За основу возьмем пропорции данные выдающимся

английским скульптором и педагогом на рубеже XIX и XX веков Э. Лантери, в книге «Лепка» [7, 429-430] Э. Лантери на таблице №429 и 430 дает конструкцию и сравнительные размеры быка, которые позволяют сделать сравнительный анализ конструкции и пропорций изображенного быка в пещере Ласко во Франции относящегося к эпохе палеолита.

Анализ конструкции и пропорций корпуса быка позволяет сделать выводы, что художник достаточно точно сумел изобразить животное, выдержать конструкцию корпуса, пропорции его деталей. Очень выразительна голова быка с красивыми мощными рогами, которые художественно и пластически выполнены на высоком профессиональном уровне, со знанием их перспективного положения. Первобытный мастер, выполнив на высоком художественном уровне корпус животного, голову и рога, примитивно и достаточно условно намечает конечности животного, которые не пропорциональны к его корпусу. Такой же представлено изображение лошади в пещере Ласко. (Франция. Палеолит). Красиво в экспрессии изображается корпус лошади и тут же примитивно исполняются конечности, которые явно не пропорциональны такому мощному и красивому животному. Для первобытного мастера главное у животного корпус, голова с рогами, а ноги, не имеют особого значения в предстоящей успешной охоте. Такое представление о животном, о его пластике складывалось в нескольких поколениях мастеров и передавалось в процессе художественной деятельности подрастающему поколению, которое принимало участие в создании этих росписей.

Исследование, произведений созданных первобытным человеком, пещерных росписей, керамической посуды, резьбы по кости и других дошедших до нашего времени предметов, позволяет говорить о них, как о произведениях выполненных на достаточно художественном уровне. Ими в

этих произведениях создана целесообразная форма, присутствует украшение изделий, цветовое решение. Эти качества наблюдаем в росписях в пещерах. Мы можем констатировать, что первобытный человек обладал художественным мышлением. Б.М.Неменский писал: «постройка, изображение, украшение, известное каждому первобытному народу – и является формой художественного мышления: конструктивного, изобразительного и декоративного». [5, 100] Это художественное мышление формировалось в процессе передачи художественного опыта, знаний умений и навыков от старшего поколения младшему и это занимало тысячелетние периоды времени.

Первобытный человек в занимаемом им пространстве и во времени успешно использовал художественное мышление в создании условий для обеспечения жизни себе и своему потомству в борьбе с суровыми жизненными обстоятельствами и накопленный опыт передавал последующим поколениям. Так основой сооружаемых жилищ служили «огромные бивни мамонта», в строительство шли и другие кости животных, получалось сооружение куполовидной формы напоминающие современную юрту. [8, 53]

Археологические исследования жизнедеятельности первобытного человека, в далеком прошлом, изучение отдельных племен отставших в своем развитии в современном мире, позволяет моделировать общественные, художественные процессы в том числе и процессы передачи опыта, навыков, знаний от одного поколения последующим.

Как показывают исследования ряда ученых, в первобытном обществе, детей воспитывали вовлекая их в доступную для них деятельность. С ранних лет они принимают участие в добычании средств пропитания - собирая съедобные растения, плоды. По степени взросления, участие в совместном труде с членами рода увеличивалась. Со

старшими в совместной деятельности дети и подростки приобретали необходимые жизненные и трудовые, художественные умения и навыки.

Вместе с тем существовало различие в воспитании подготовке к жизни у мальчиков и девочек. Мальчики рано участвовали вместе с мужчинами в охоте и рыбной ловле, их учили стрелять из лука, кидать острые предметы, управлять животными, ездить верхом. участвовать в ритуалах предшествующих охоте, в росписи сцен охоты. Девочки вместе со старшими следили за маленькими детьми, помогали готовить пищу, участвовали в изготовлении и художественном оформлении одежды и посуды. Все дети, как правило ухаживал за животными, участвовали в занятии земледелием и собирательстве. Дети являлись неперенными участниками общинных праздников, которые становились средством художественного и эстетического воспитания через обрядовые игры, пляски, пение.

Родовая община поручала старшим, умудренным опытом людям знакомить молодое поколение с особенностями и своеобразием эстетической стороной

родового костюма, обрядов, традиций.

Переход первобытного хозяйства к занятию скотоводством, земледелием и ремеслом создают условия для новых форм художественного обучения и воспитания. Родовая община заинтересована в эффективности воспитательного процесса. Подрастающему поколению стали более целенаправленно прививать трудовые и художественные, музыкальные навыки, знакомили с религиозными верованиями, передавали предания, обучали письму. Воспитание начало занимать особое место и им стали заниматься особые грамотные люди. Навыкам изобразительной деятельности, изготовлению художественных изделий подрастающее поколение получали в процессе семейного воспитания, в создаваемых ремесленных мастерских.

Методы художественного обучения и воспитания в первобытном обществе могли быть аналогичными, которые использовались и сейчас используются в производствах с натуральными формами производства. Они представляются в следующих формах передачи информации: словесные, наглядные, практические. [3. 23]

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата, «Жалын», 1979 г.
2. Амальрик А.С., Монгайт А.Л. Что такое археология. Москва, «Просвещение», 1966 г.
3. Белов А.П. Художественно-эстетическое образование в средних школах Казахстана. Диссертация к.п.н., 2009 г.
4. Матюшкин Г.Н. У колыбели истории. Москва, «Просвещение», 1972
5. Неменский Б.М. Мудрость красоты. Москва, «Просвещение» 1987 г.
6. Дмитриева Н.А. Происхождение искусства. Всеобщая история искусств. Москва. «Искусство» 1956 г
7. Лантери Э. Лепка., М. «АХСССР», 1963г.
8. Окладников А. Открытие Сибири. Москва «Молодая гвардия», 1979 г

Түйін

Мақалада автор алғашқы қоғамдық тәлімнің өнегесі ретінде әсемдікке тәрбиелеу мен оқытудың пайда болуы мен дамуын көрсетеді.

Summary

In the article an origin and development are examined in artistic education and teaching on the example of primitive society.

=====

Л.У.Нукеева –
роман-герман тілдер кафедрасының
аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ
Г.А.Жанұзакова –
оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

ТЕРЕҢ БІЛІМ, ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ

Бүгінде Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңғыру жолымен орнықты дамып келеді. Тәуелсіз еліміз нарық айдынында іскерлік қауқарын танытып, әлемнің дамыған 50 мемлекетінің қатарына енуді көздеп отыр. Дамыған және мықты қоғамның тірегі – білім. Адамзаттың болашағы ең алдымен, оның интеллектуалды, ақпараттық, адамгершілік прогресіне тікелей байланысты.

Терең білім мен ұлттық тәрбие жүйесінің даму бағдарлары мынадай қағидаттарға негізделген:

- прогрестің факторы, ұлттық байлық, тұлғалық және әлеуметтік табыстың кепілі ретіндегі білім;
- бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге ықпал ететін білім;
- баршаға бағытталған білім;
- өмір және еңбек шеңберінде тіршілік етуді қамтамасыз ететін білім;
- бүкіл өмір барысында іргелі қажеттіліктерді өтейтін білім;
- ашық жүйе ретіндегі білім;
- ұлттық ойлауды қалыптастыратын тағылымды тәрбиеге тәуелді білім;
- патриотизмнің қайнар көзі, ұлттар мен ұлыстардың бейбіт қатар өмір сүруінің кепілі болатын ұлттық тәрбие.

Бәсекеге қабілетті адамның, қоғамның, мемлекеттің, бәсекеге қабілетті экономиканың, шығармашылық әлеуеттің дамуының берік тұтқасы болып табылатын ұлттық тәрбие. Сондықтан да тарихи тәуелсіздік тағылымы біз үшін білім мен ұлттық тәрбие ұстанымы, әлемдік тұтастықтың, парасатты және шығармашылық әлеуетінің, адам

ресурстарының негізі ретінде жас ұрпақ санасын жаңа сапалық даму сатысына көтеретіні анық.

Ғасырлар тоғысындағы жаһандану үрдістері әлемдегі барлық елдер мен аймақтардың өзара кірігуіне, халықаралық байланыстардың кең серпінмен дамуына, рухани-мәдени, тарихи қатысымдық жүйені жетілдіруге алғы- шарттар туғызып отырғаны жаңа дәуірдің жасампаз қуатын танытады. Білім жер бетіндегі миллиардтаған адам баласының негізгі іс-әрекетіне айналды. Білімнің қоғам өміріндегі рөлі мен орны, оның әлеуметтік функциялары мен міндеттері, мәселелері мен қарама-қайшылықтары, оны дағдарысты жағдайдан шығарудың және маңызды мәселелерін шешудің тәсілдері білім саласын зерттейтін педагогика ғылымының әдіснамасын, оның ішінде білім мен тәрбиенің әдіснамасын түбегейлі қайта қарау міндеті бүгінгі таңда маңызды мәселе болып табылады.

Білім сапасының белгіленген деңгейіне жету білім мен ұлттық тәрбиенің ұстанымдарын негіздеу арқылы жүзеге асыруға болады. Сондықтан биік мақсатқа ұмтылу үшін ғұлама әл-Фарабидің: «Адамға бірінші тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілетін білім адамзаттың қас жауы. Ол келешекте адам өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі» деген аталы ойын негізге алу ләзім.

Яғни, білімді сіңірту үшін алдымен дұрыс тәрбие ауадай қажет.

Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- жеткіншектердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашакорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге, ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-

пікірлерді: Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асан қайғы т.б. қазақ ақын- жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Сондай-ақ, қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі – ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен имандылықта болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп

отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды. Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қауым елге жеткізетін негізгі құрал – бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз. Елімізде тәрбие беру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) маңызы ерекше. Десек те, жаңа қазақстандық қоғамда теледидар мен радионы пайдалануға мүмкіндіктер болғанымен әлі де жеткіліксіз. Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық

сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Адам тәрбиелеу, ұрпақ өсіру – ең жауапты мәселе. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан – 2030” жолдауында: “Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптасуымыз керек,” – делінген.

Бүгінгі жаһандану үдерісінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі жас ұрпақ өкілдерін патриотизмге тәрбиелеудің ұлттық жүйесімен тығыз байланысты қарастырылады. Сондықтан да “мәдениет-тарих-білім” макропарадигмасы патриоттық тәрбиенің өзегі болғандықтан, Жолдауда “Қазақстан армиясын жаңғыртуды және оның жауынгерлік дайындығын жетілдіруді жалғастыруды” сыртқы саясаттағы және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басымдықтары қатарында қарастырылуы, ұлттық білім мен тағылымды тәрбиенің терең тамырын бекіте түседі.

“Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды” деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін орындау;
- жер байлығы мен табиғатты қасиеттеу.

Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл – туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттың тілі, дәстүрі, мәдени ескерткіштері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Адам бойына

патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесі әсер етеді. “Ел болсам десем, бесігіңді түзе”, – дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдерімен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс. Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала-шағаның баянды болуы жастардың тағдыр-тәлейінің қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу. Жастарымыздың бойына елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түседі.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазады: “Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен Қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...”. Осы қағиданы әр ұстаз басты мақсат етіп алдына қойса, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда әр ата-ана мектепке көмек берсе, сонда ғана Президентіміздің қойған мақсатының бәсекелестікке сай 50 елдің қатарына кіруге еңбек ететін ХХІ ғасырдың азаматын тәрбиелейміз. Осыған орай, мұғалім (тәрбиеші, сынып жетекшісі, ата-ана) қазақ жастарының келбетін қалыптастыруда мектеп, ЖОО тәрбие жұмысында төмендегідей қасиеттерді қалыптастыру керек:

- өзгеріп жатқан өмір жағдайларына

бейімделе білу;

- әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып, мақсат қоя білуі керек;

- ұлттық санасы, азаматтылық отангерлік қасиеттері болып елінің экономикалық және мәдени дамыған, әлемдік қоғамда сай орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына, қатысуға талпынуы керек;

- заңды сыйлап және әлеуметтік жауапкершілікті болуы қажет, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы болуы керек;

- өзін объективті бағалайтын және өзін дамытатын қабілеті болып, өз потенциалын (қабілеті, мүмкіншілігін) сезініп, оны іске асыра білуі керек, өздігінен шешім қабылдап, оны шеше білуі керек, алдына мақсат қойып, қажет және не нәрсенің алдын ала білуі қажет;

- өмірде бар жағынан жоғары әлеуметтік белсенді болуы керек, жаңаны іздеуге өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті болуы керек;

- жанашыр, өнегелі, парасатты, басқа ұлтты, басқа діндегі, басқаша ойлайтын адамға шыдамсыздық пен жаугершілік көрсетпейтін қабілеттері болуы керек;

- өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалау;

- әлемдік және ұлттық мәдениет байлықтарын бағалай білуі керек.

Жан-жақты жарасымды дамыған, мәдениетті, білімді, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу халық арманы. Шығармашылықтың қайнар бұлағы – ғылыми білім. Педагогикалық қызметте көптеген факторлар өзара байланыста жүреді. Дегенмен, қайталанбас жағдаяттар да туындап отырады. Тәрбиелік үдеріс алдымен жобада, сосын педагогикалық болмыста қайта жаңғырады. Оқушының, студенттің тұлғасы қайталанбас құбылыс. Тәрбие объективті және субъективті факторлардан тұрады.

әдістердің сәйкестігін керек ететін мақсатқа бағытталған үрдіс. Тәрбие мақсат пен әдістің бірлігі арқылы анықталады. “Америкалық сөздікте” тәрбие адамның қабілеттерін, қарым-қатынастарын және мінез-құлықтың формаларын дамытатын барлық үдерістердің жиынтығы деп көрсетілген. Тәрбие қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайымен байланысты нақты тарихи құбылыс болып табылады. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Ж.Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. Ол “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы.

Тәрбие – нақты мақсат мазмұн мен

1. *Тәжібаева С.Ф., Қалиева Г.И.* Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005.
2. *Тәжібаева С.Ф.* Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: “Қазақстан мектебі” № 3, 2007.
3. *Әбішқызы С., Сарманов Ж.* «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние», 2008.
4. *Керімбаева М.С.* «Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі». – Астана, 2007.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 1999.
6. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2003.

В статье рассматривается необходимость воспитания молодежи в национальном стиле и его роль в формировании личности.

The article deals with the necessity of upbringing the youth in the national style and its role in formation of individuals.

А.Е.Садықова –
*Жаңартпа технологиялар және білім беру
мазмұнын ҒЗИ-ның ғылыми қызметкері,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ

Әрбір халық – тарихтың қайталанбас жаратылысы. Сондықтан да, ешкімге ұқсамайтын бет-бейне мен рухани бітімге ие қазақ мәдениетінің әлемдік өркениет пен мәдениетке өлшеусіз үлес қосқаны белгілі. Ұлы далада өмір сүрген түркі халықтардың ішінде қазақтар да көшпелі салтын сақтап, көшпелі және қала мәдениетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бүгінге дейін жүргізілген тарихи-мәдени зерттеулер көрсеткендей, аң стилі, жетік дамыған сәулет өнері, әскери тактика, қару-жарақтардың түрлері т.б. айтпағанда, Отырардан табылған бай кітапхана, бай ауыз әдебиеті, Қасым ханның қасқа жолы мен әз-Тәукенің «Жеті жарғысынан» басталатын ел билеу, басқару жүйесі мен шарттары, көне Тараз моншалары, генетикалық тазалықты сақтау, мүшел жас, күнтізбелік жыл қайыру, айтыс өнер, шығыстың сәулет өнерінің энциклопедиясына баланған, әлі күнге дейін ешбір құпиясын ашпай отырған кесенелер, ер қанатына баланған – жылқы малының қасиетін танып, меңгеруі, бүгіндегі тізімге алынған 25000 ескерткіштің тіркелуі т.б. қазақ өркениетінің деңгей-дәрежесін қаншалықты екендігін дәлелдейді. Ал, ата-бабаларымыздың шеттерінен ақын-импровизатор болғаны, табиғатқа үлкен қамқорлық жасап, өмірге ерекше құштарлық танытып, батырлық пен ерлік, отансүйгіштік, адамгершілік, мейірімділік, ізгілік секілді іңкәр сезімдермен тіршілік кешті. Осының нәтижесінде адам болмысы дүниетанымдық пен әлеуметтік мәселенің ортақ негізіне айналып, жақсы өмірге деген құлшыныстар артты. Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән берілді [1].

Солар сияқты түркі халықтарының мифологиясында ғарыштың құрылымы да ерекше бейнеленген: жеті қат Жер бар, онда Көктебе тұр, Көктебеде Көктерек өсіп тұр, ол Көккүмбезді тіреп тұр. Бұл бейне киіз үйдің құрылымына да ұқсас. Сондықтан да, қазақ халқы киіз үйінің жасалуында үлкен философиялық ой-тұжырым жатыр, және де қазақ өркениетінің көрінісі де осында жатыр.

Қазақтың әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі – алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрлемелік қозғалысы, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтеректен эпос батырлары аспан денелеріне өрмелеп жете алатын болған. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғары және орта дүниені үшінші әлем – төменгі дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен кезбен, әруақтар аймағымен қатынасын үзбейді. Көктеректің тамырлары жер астында орналасқан. Жасыл-желек өмірлік ағаш күш-қуат пен нәрді төменгі дүниеден алады. Осы күндері бас қаламыз – Астанада бой көтерген «Бәйтерек» – ата-дәстүр мәдениетіміздің символикалық жаңғыруы десек еш қателеспегеніміз.

Сонымен қатар, түркі халықтарының мәдениетінде Аспанмен қатар оның шырақтары да құдай деңгейіндегі құдіретті, қасиетті құбылыс деп танылған. Бұл мағынада, әсіресе, Күннің атқаратын рөлі ерекше. Қазақ миф-аңыздары мен ертегілерінің кейіпкерлерін Күнсұлу, Күн астындағы Күнікей және т.б. деп бекер атамаған. Бұл мәдениет солярлық, яғни күндік деп аталады. Бұл мәдениет күн мен адамның тығыз байланысты екендігін

көрсетеді. Мұндай мәдениеттің көріністері іспеттес жәдігерлеріміз көптеп кездеседі. Мысалы, ғалымдар тапқан Саймалы-Таш, Тамғалы, Ешкі өлмес аңғарларында көптеген басы күн тәрізді құдайлар мен адамдардың петроглифтік суреттері. Мұнда Күннің нұры сияқты ұшқын шашқан дөңгелек басты антропоморфтық кескіндер тасқа қашалынып салынған. Күнді құдай ретінде бейнелеу Шығыстағы көне өркениеттерге тән құбылыс. Сол сияқты Арыс өзенінің бойындағы Алтынтөбеде көптеген «алтынбастылардың» кескіндері бейнеленген. Кейінірек бұл бейне аспан құдайы – Көк Тәңірінің негізі болды [2,125 б.]. Күнбасты адамдарды бейнелегенде олардың рәміздік мазмұны алдыңғы қатарға шығады: 1) күн – тіршіліктің бастауы; 2) көшпелілердің киіз үйіне жоғарыдан төмен қарағанда ол сәулесін шашқан күнге ұқсас. Бұл туралы жоғарыда айтып кеттік. Шаңырақ – күн, уықтары –сәулелер; 3) арбаның дөңгелегі мен күннің арасындағы құрылымдық изоморфизм; 4) көз және күн адам үшін маңызды, екеуін де шырақ деп атайды. Мысалы, халқымыздың арасында сақталған «шырағым» сөзі – өте ыстық жақындықты білдіреді; 5) адамдағы басты және терең сезім – «ыстық махаббат» деп аталады; т.с.с. Осындай мәдениетіміздің жиынтықтары Есік қаласы жаңынан табылған «Алтын адамның» бойында тұнып тұр. Бас киіміндегі нұрын шашып тұрған күннің бейнесі – сол кезде ел билеуші әмірші екендігін білдірсе, жанынан табылған алтыннан жасалған түрлі тұрмыстық заттар сол дәуірдің наным-сенімінен хабардар етеді. 1970 жыл Алматы облысындағы есік қорғанынан табылған «Алтын адам» IV ғасырда өмір сүрген сақ ханзадасы деген болжам бар. Бұл археологиялық олжаны тапқан тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев болатын. «Алтын адамның» бойындағы қаруы да, үстіндегі киімі де түгелдей дерлік алтыннан құйылған. Бұл ең алдымен, киімнің ішіндегі адамның, сонан соң оның елінің дәулетін көрсетсе, екіншіден сол кездің

өзінде-ақ түсті металлургияның қыр-сырын меңгерген тайпалардың өмір сүргенін куәландырғандай. Аталмыш олжаның көшірмесі Алматыдағы Орталық мұражайға қойылды, кейін қазақ елінің басты символы ретінде басқа елдерде қойылған көрмелерге шығарылды. Оңтүстік астананың орталық алаңында (Республика алаңы) Тәуелсіздік монументінің негізгі бейнесі де осы «Алтын адам».

Қазіргі кезге дейін бұдан басқа тағы екі «Алтын адам» табылды. Екінші «Алтын адам» 1999 жылы Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан табылған. Олжаны қазу жұмыстарын тарих ғылымдарының кандидаты Зейнолла Самашев жүргізген. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырға жататын осынау алтынмен көмкерілген жанды оның болат семсеріне қарап, ғалымдар сарматтардың көсемі деген қорытындыға келген екен.

Ал, үшінші «Алтын адам» 2003 жылы табылған. Профессор, тарих ғылымдарының докторы Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтар қауымы бұл олжаны Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығынан қазып алған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл «Алтын адам» біздің дәуірімізге дейінгі VII-VIII ғасырларда өмір сүрген. Мекен еткен жеріне және үстіндегі құйма алтыннан жасалған аң-құс белгілеріне қарағанда сақ патшасына келетін бұл әлі де зерттелу үстінде.

Яғни, бұл мысалдардан байқайтынымыз, біздің төл мәдениетіміздің өте бай және тым арыдан басталатыны.

Күнмен қатар қастерленген аспан шырағы Ай болған. Ай көне түрік мәдениетінде Күннің орынбасары, сұлулықтың таңбасы, көп мұраларда әйел құдай ретінде танылған. Қазақ эпосында сұлулық, нәзіктік, арулық Аймен теңестіріледі. Мысалы: «Қыз Жібек» жырындағы «Туғанайдай толықсып, бұралып кетіп барады» жыр жолдары, «Алпамыс» дастанындағы «Жалғыз қызы Гүлбаршын – он бесте толған ай еді» т.б. бұл жерде тек қана эстетикалық мәдениет қана беріліп

тұрған жоқ, сонымен бірге ғасырлар бойында жинақталған философиялық өркениет те тұнып тұр.

Сондай-ақ, қазақтың дәстүрлі мәдениетінде жұлдызды аспанның алатын орны да ерекше. Егер, нұрланған Ғарыш Хаос (ретсіздік) пен Гармонияның (үйлесімдік) мәңгілік күресі нәтижесінде адамдықтың, ізгіліктің, тәртіптің ұтуы арқылы қалыптасса, онда осы тәртіптің, яғни жұлдыздардың орналасу реттілігінің бұзылуы үлкен бақытсыздықтың белгісі ретінде есептелген [2, 126 б.]. Демек, тұрақтылық пен тәртіптің таңбасы болған әрбір жұлдыз адам тағдырына тікелей қатысты болған. Аққан жұлдыз өшкен шаңырақпен, бұл дүниеден кеткен тұлғамен теңестірілген.

Әркімнің жұлдызы – бақытының көрсеткіші. Бұл жерде адам өмірінің шектілігін аңғарып қайғырудан, мәңгілікке қарай ұмтылыс мүмкіндігін жариялау басым тұр. Дәстүрлі мәдениет тұлғасы өлімнен қорықпаған. Оны ғарыштық күштердің өзіндік заңдылықтары деп түсінген. Бұл жөнінде де халық арасында сақталған «Жұлдызым жоғары» деген ырым сақталған болатын.

Бұл мысалдардан байқайтынымыз, «көшпелілердің», түркілердің, соның ішінде, әсіресе, қазақ халқы ғарышты игеру тәжірибесі адамзаттық рухани қозғалыстың терең бір арнасы болып саналады.

Өз кезегінде әрбір мәдениет басқа мәдениеттермен өзара тұтастықта даму жолын белгілеп, басқа ел, ұлттардың мәдениетіне үлкен құрметпен қарап, диалогтық қарым-қатынас жасауы қажет. Бұл оның өзіндік дамуын жоғарылатумен қатар, әлемдік мәдениеттегі өз орнын бағамдауға жағдай жасайды. Кез келген қоғамның өнегелі бейнесі өзге ұлттар мен басқа халықтардың мәдениетіне деген қарым-қатынасынан байқалады. Басқа өркениеттің құндылығы мен жетістігін құрметтеу, оның дәстүрлі түрде дамуына мүмкіндік беруден әлем мәдениеті басталады. Міне, өзара рухани байланысу процесінде рухани-

мәдени эгоизм сеңі бұзылып, өзге мәдениет құндылықтарын, өркениеттер диалогының маңыздылығын жетік түсінуге болады.

Жалпы адамзат баласы жасаған мәдениет негізінен екі түрге бөлінеді. Біріншісі – рухани мәдениет болса, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды екен.

Рухани мәдениетіміз – төл әдебиетіміздің ежелгі бастаулары б.з.б. III-I ғ.ғ. пайда болған «Алып Ер Тоңға», «Шу батыр», «Атилла», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандарында жатыр. Бұл жазбалардағы оқиғалардың халқымыздың арғы тарихымен тығыз байланыста өрбігендігі соңғы уақыттардағы ғылыми ізденістер барысында толық дәлелденді. Мысалы, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері ұлттық әдебиетімізге тікелей қатысты үш түрлі мәселенің басын ашып берді. Біріншіден, қазақ жазба әдебиетінің түп-тамыры Түрік қағандығы тұсынан басталатыны белгілі болды. Екіншіден, өз дәуірінің кескін-келбетіне сай дамыған мәдениеті мен өнерінің болғанын айғақтады. Үшіншіден, жазба жәдігерлер поэтикалық қуатымен, тарихи шежірелік сипатымен және ой тереңдігі, мазмұн байлығы, көркемдік қасиеті жағынан түркі тайпаларында сөз өнерінің жоғары дәрежеге жеткенін көрсетті [3, 31 б.].

Кейін түркі тайпалары қауымдастығынан бөлініп шығып, өз алдына жеке ел болып, қазақ хандығының құрылуы дәстүрлі мәдениетіміздің өркендеуіне зор ықпал етті. Бұл кезеңдегі мәдениет, өнер, әдебиет бұрынғы қазақ даласын жайлаған түркі тайпаларының ғасырлар бойы жасаған рухани қазынасының дәстүрлі жалғасы ретінде, көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы принципіне сай дами бастады. Қазақтың халық ауыз әдебиеті ұлттық сипат алып, жанрлық түрлері көбейді, әсіресе жаугершілік заманның эстетикалық талап-тілегіне сай эпостық жырлар молая түсті. Ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін танытатын

ақын-жыраулар поэзиясы кеңінен қанат жайды. Қазақ жыраулары ертедегі түркілердің жазба поэзиясын тақырыптық, мазмұндық, жанрлық, көркемдік, образдылық, өлең құрылысы жағынан байытып, өркендетті. Жыраулар поэзиясы философиялық ой-толғамды, дидактикалық насихатты жалғастыра отырып, отаншылдық, патриоттық сарынды, лирикалық, реалистік суреттеудің алғашқы белгілері мен әдебиетке халықтық сипат әкелді, сөз өнерінің халық тарихы мен өміріне тығыз байланыстылығын, ел мұңын жырлау идеясын кіргізді.

Осы тұста баса айтатынымыз дүние жүзі елдерінің ішінде екі-ақ елде ғана эпос жанры өркендеп дамыған екен. Оның бірі – Қазақ елінде және екіншісі – қырғыз халқында екен. Бірақ, қазақ ұлтының эпос жанры басқа түркі халықтарының ішінде өте бай жанр. Оны өзімізге таныс бала күннен жатқа білетін батырлар жыры (эпостық) мен лиро-эпостық дастандар, тарихи жырлар және жыраулар поэзиясынан көре аламыз. Бұлар қазіргі қазақ әдебиетінің өз алдына мол мұрасы болып саналады. Мысалы, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ертарғын», т.б. батырлар жыры жастарды патриоттық сезімге баулыса, ал «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» т.б. лиро-эпостық дастандарымыз ұрпақ бойына адал махаббат пен сүйіспеншілік сезімдерін дарытады. Ал, Асан Қайғы, Бұқар жырау, Үмбетей, Доспамбет, Қазтуған сияқты жыраулар поэзиясы гуманистік, философиялық ой-пікірлерді қоғамдық дамудың жаңа асқар биігіне шығара алды.

Одан кейінгі жазба әдебиетіміз де өз биігінен көріне алды. Тұтастай алғанда қазіргі уақытта қазақ әдебиетімен қоса, әнби, күй, сәулет өнері де әлем өркениетінде өз орны бар, тарихы бай, жан-жақты жетілген дәстүрлі мәдениет болып қалыптасты.

Солардың ішінде әлемдік өркениетке өз үлестерін қосқан туындыларымыз бен ақын-жазушыларымыз, әнші-күйшілеріміздің саны қанша ма. Олардың қатарына поэзияда өзіндік өрнек салып, жаңа бағыт әкелген хакім

Абай, тірі кезінде еуропа жұртшылығы «XX ғасыр Гомері» ретінде мойындаған жыр алыбы Жамбыл Жабаев, Ұлы Қытай халқымен қоса бүкіл дүниежүзі елдері поэзия өрнегіне таңдай қағып тамаша қалып отырған Елібай ақын (Ли Бо), Париж елінде кең диапазонды даусымен еуропаны дүр сілкіндірген Әміре Қашаубаев пен небәрі он тоғыз ғана жасында әлем халқын өз өнеріне бас игізген жез таңдай бұлбұлымыз Күләш Бәйсейітова, бұлбыл әнші Бибігүл Төлегенова, он сегіз жасында «Алтын орфейді» ұтып алған әнші қызымыз Роза Рымбаева, төкпе күйдің атасы Құрманғазы, Ықылас, домбырасының үнімен дүниені күмбірлеткен Дина Нүрпейісова, қобызымен дүниені күңгіреткен Қорқыт, ұлт табиғатымен ән-жырлары біте қайнасқан арқаның серілері – Ақан сері, Біржан сал, Мәди ақын, толықсыған биімен дүниені дөңгелеткен Шара Жиенқұлова, буынсыз биші, үкілі аруымыз Шұғыла, скрипкасының сиқырлы үнімен еуропаны сиқырлаған Айжан Мұсаходжаева, «Ұлытау» тобы, мұхиттың арғы-бергі бетін әскери шеберлігімен тәнті еткен хас батырымыз Бауыржан Момышұлы, қылқалам өнерінің хас шебері Әбілхан Қастеев (Ә.Қастеев атындағы МӨМ ЮНЕСКО жанындағы беделді ИКОМ халықаралық музейлер қауымдастығының мүшесі болып табылады) және т.б. жатқызуымызға болады.

Мұндай өркениет сәулет өнерінде де өз жалғасын тауып келеді. Тым арыға бармай-ақ, қазіргі күні еліміздің салтанатын арттыратын сәулет өнерінің озық үлгілерін мысалға келтіруге болады. Бұл ғимараттар тек әдемі үйлесімділігімен ғана емес, рухани мәдениетіміздің жалғастығы жағынан тарихи құндылығы зор.

Осы тұрғыда біз өткен дәуірдің мәдениеті мен оның озық үлгілеріне көбірек тоқталамыз. Мұнымен ғана шектеліп қалмай, қазіргі күні жүріп жатқан мәдени үлгілерге тоқталып, олардың этика-эстетикалық қырларын ашып отырған жөн деп ойлаймын. Сондықтан, жоғарыда аталып өткен рухани мәдени мұрамыздың асқан үлгілерімен қоса

материалдық төл мәдениетімізді паш ететін қазіргі дамыған Қазақстанда бой көтеріп жатқан жаңа ғимараттарды мысалға ала отырып, оқушы танымын арттыруда тәрбиелік те, білімдік те пайдасы мол жағынан қарастырудың маңызы зор. Солардың біразын атап өтейік. Жоғарыда айтып кеткеніміздей бұрынғы астанамыз Алматы қаласындағы «Тәуелсіздік монументі» логотипі мен фарфор кәде-сый табағы. Мұндағы қанатты барыс үстіндегі Алтын адам – Қазақстан тәуелсіздігінің символы.

Ал, еліміздің жүрегі – Астана қаласының көк тіреген биік-биік ғимараттары сұлудай сылаңдап, әйнектері бұлт арасынан сығалаған күннің көзіне жалтырап, алыстан манаурап көрінеді. Бас қаламыздың салтанатын арттыратын сәулет өнерінің озық үлгілерін таныстыра отырып, жастардың танымдық дүниетанымын арттыру, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда көп септігін тигізбек. Атап айтар болсақ, «Ақорда», «Астана Триумфы», «Пирамида», «Тәуелсіздік сарайы», «Хан шатыры», «Бәйтерек», «Қазақ елі» және тағы басқалар ХХІ ғасырдағы мәдениет пен сәулет өнерінің ең озық үлгілері болып саналады. Бұл аталған рухани-мәдени әр сәулет өнерінің тамырында тәрбиелік мағына жатыр. Мысалы, «Астана-Бәйтерек» монументі қазақтардың рухани мәдениеті мен қазіргі технологиялар аралығында үйлесімділік таба білген. «Астана-Бәйтерек» монументі жалпы тек архитектурлық ескерткіш емес, біздің мемлекеттің өткенінің, қазіргі күнінің және болашағының айқын көрінісі. «Бәйтерек» жас, күшті, өсетін ағашты білдіреді ол өзінің тарихи тамырын сақтап қалған, мықты тірегі бар және болашақтағы дамуына бағытталғандықтың символикасы. «Астана-Бәйтерек» монументі барлық әлемдік бірлестік үшін тәуелсіз Қазақстанның символы болып табылады. Ата мәдениетімізді ұрпақтар жадында жаңғыру мақсатында салынған «Хан шатыры» – елімізді әлем жұртшылығына әйдік өркениетімізді паш етер әдемі ғимараттың бірі. Аса ауқымды

сәулет – тәуелсіз еліміздің дамуы мен гүлденуінің айғағы, киіз үй пішіндес салынған сыртқы түр-тұлғасы ертеден мұра болып келе жатқан қазақ мәдениетінің жарқын көрінісі. Ал, пирамида үлгісінде соғылған «Бейбітшілік және келісім» сарайы болса өзінің ғажайыптығымен адамдарды таң қалдырады. Ол зорлық-зомбылықтан бас тарту және адамдардың теңдік және сенім символы діни түсініктің ғаламдық орталығына айналды. Пирамиданың биіктігі 62 метр, ал жалпы ауданы 25 мың 500 шаршы метрді құрайды. Пирамиданың алғашқы бірнеше деңгейін 1500 орындық опера залы алады. Бұл ғимараттың астында Қазақстан мәдениетінің ұлттық музейі, өркениет Университеті, көрме және концерт залдары, кітапхана, сонымен қатар әлем діндерін зерттеу орталығы орналасқан. Дәстүрлі дін және конференция басшыларының басқосуларын өткізу үшін пирамиданың жоғарғы жағында Қазақстан байрағының ұлттық түсімен әшекейленген 200 орындықты зал орналасқан. Сондай-ақ, Елорда төрінен бой көтерген «Қазақ елі» монументі – ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға мұраға қалатын айрықша рәміз. Ол – біздің бабалар аманатына адалдығымызды, ұрпақтар алдындағы парызымызды, аялы да асыл үмітімізді бейнелейді.

Осы сияқты тамаша сәулет өнерлерінің бесігі болып отырған Астана бүгінде бүкіл әлемге – «Орталық Азияның гаухары», «Арман қала», «Болашақтың – жаңа символы» ретінде танылды. Астана – Отанымыздың жүрегі, Халқымыздың – тынысы. Ұлттық жаңғыруымыздың, рухани өрлеуіміздің рәмізі, берік негізі. Бас қаламыз – еліміздің өркендеуінің айқын нышаны, сенімінің алтын бесігі. Астана – шын мәнінде, біздің ұлттық идеямыз, болашаққа бағдарымыз.

Демек, бұл сияқты мысалдардан байқайтынымыз, ХХІ ғасырға қадам басқан Адамзат бүгінгі таңда өркениеттің өзгеше даму кезеңінде ерекше көңіл бөліп келеді екен. Ұлы өзгерістер мен қоғамдық дағдарыстар тұсында кез келген халық өзінің мәдениеті мен өркениеттің өркендеу

зекте, өткен ғасырларға әділетті көзбен қарай отырып, өз ата тарихымызды ой елегінен қайта қайта өткізіп шығуымыз қажет-ақ. Өйткені, республиканың бүгінгі халқы, ертеңгі жас өскіні дұрыс, шыншыл бағыт ұстануы үшін, өз ата-бабаларының өнегелі, алғыр қасиеттерімен қатар, өз мүдесінен гөрі ел мүдесін ойлаған, рухы шарықтаған тұстарын білуі шарт. Өткен мұраға көзқарсымызды жаңарту арқылы халқымыздың философиялық мәдениетін көтеру – қазіргі заманғы дүниежүзілік өзекті проблеманың бірі екендігін көрсетеді.

Бүгінде ескі дәстүр, салтты ақырын ғана күбірлеп сөз арасында қариялар еске түсіреді.

«Той – құдайдың қазынасы» дегендей қазір той көп. Соның бірі нағыз ұлттық дәстүрдегі «қыз ұзату» тойы. Бұл той сағат кешкі сегіз-тоғызда басталып, түнде он екіге он бес минут қалғанда аяқталып, қызды ел жұрты түнде шығарып салады.

Қыз ұзатылып кеткен соң түнделетіп ұлдың үйіне барады. Ал, бұрынғы салт-дәстүрге жүгінсек, ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің «қазақи неке, келін түсіру» деген кітабында этнограф Сейіт Кенжеахметовтың «Қазақтың салт-дәстүрлері» деген еңбегінде «қыз ұзату» тойы қыздың ел-жұртымен қоштасу тойы, - деп түсіндіреді. Екі ғасырдың ғұлама ойшылдарының еңбегіне үңілсек адамзат тіршілік еткен дүниенің қадір-қасиетімен аастастырып шығарғаны шындық. Түн – тіршіліктің тынығу сәті. «Түнмен алыспа», «түн ұйқысын төрт бөліп» деген сөз астарында терең философиялық мағына жатқан сияқты.

Ұзатылған қызды кеш батпай шығарып салу бұрынғы салтымызда бар. Ақ желегін жамылып, шымылдықтың ар жағында ай жүзін жарқыраған күнде келін түссе келісіп-ақ тұр ғой.

Қазақтың ауыз әдебиетінде «Тұрмыс-салт» жырларындағы «беташар» деген тақырыпты өткенде мен оқушыларымнан қатты ұяламын. Өйткені, олар кітаптан гөрі өздері көрген беташар туралы топырлатып сұрақтар қояды. Бүгінде «шоу бизнес», «той бизнес» деген кәсіби сөздер шықты. Асабаның алдына табак қойып еңкейген қарттан бесіктегі балаға дейін «сәлем» бергізеді. Табак толса, үй иесі қадірлі, толмаса «бергені аз» деген атақ алады. Ауылға түскен келінді әдептілікке, адалдылыққа үйреткен халқымыз:

Қаптың аузы бос тұр деп
Құрт ұрлама келіншек.
Аузы-басың сүйреңдеп,
Өсек айтпа келіншек.
Өзің жатып байыңды

Тұр-тұрлама келіншек, - деп келіннің бетін ашқан жігіт халық атынан жас келінді тәрбиеге шақырған емес пе?! Табалдырықтан

аттағаннан бастап келінді ел-жұртымен таныстырып, келіннің басына әулеттің асыл әжелері ақ жаулығын салса, үйлесіп-ақ тұр ғой шіркін!

«Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без» деген мәтелдің аударма мәтіндерін әркім-ақ біледі. Қазіргі тойға әке-шеше, келін-бала, немере-шөбере бәрі түгел бара береді. Соның ішіндегі ең сарапшысы – оқушы бала. Олар – магнит. Оның ақыл-ойы, сезім күші өте жоғары. Тойда не көрді, айна-қатесіз ашық айтатын тұлға. Бұрынғы қазақи өлеңдерде:

«Апам тойға кеткенде

Не деп кетті жар-жар.

Тары түйіп талқанын,

«Же» деп кетті жар-жар», - деп үлкені кішісін жұбатып, тойдан келгенше үйінде отыра беретін. Бұл дәстүрдің түпкі мәні адамдар арасындағы «тектілік» болса, ал балаларды «өзін-өзіне» тәрбие беруге шақырған.

Бәрі де заманның көші деп ілесіп жүре берсек, дәстүр-салттан біртіндеп айырыламыз. Тектілік пен тексіздік, саналы мен мәңгірттік, арамдық пен адалдық, жақсылық пен жамандықтың бәрін араластырып жіберсек ата-бабамыздың тастап кеткен рухани байлығымыз жойылады.

Әлдеқашан көшіп кеткен жұрттың орнынан өткен шоқты қайта тұтатқан Мұхтар Әуезов ғұлама Абайды өшірмей бізге әкелсе, сол жалынды болашақтың қолына дәстүр-салтты өзгерпей тапсыру біздің қолымызда.

Әдептен озбайық!

Құрметті оқырмандар!

Сіздерді «Қазақ тілінің мәртебесін ұлттық салт-дәстүріміз арқылы дамыту» тақырыбында пікір алмасуға шақырамын. Заман ағымына жаңа қырынан көрінемін деп өз тілі мен салтын, әдеті мен дағдысынан ауытқып кеткен жастарымыздың легі күннен-күнге көш бастауда. Осы журнал арқылы халқымыздың ұлттық тәрбиесі мен болмысына, жастарға үлгі боларлық тағылымы құнды мақалалар күтемін.

Г.Б.Шарипова –
старший преподаватель кафедры романо-германских языков, КазНПУ имени Абая

К.К.Ибрагимова –
старший преподаватель кафедры романо-германских языков, КазНПУ имени Абая

МОЛОДЕЖЬ, КАК СОЦИУМ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

«Молодежь – социально-демографическая группа, выделяемая на основе совокупности возрастных характеристик, особенностей социального положения и обусловленных теми или другими социально-психологическими свойствами, которые определяются общественным строем, культурой, закономерностями социализации, воспитания данного общества, доля в составе населения до 20%». [1, 824]

Молодежь – всем хорошо известная, но мало понятная категория современного общества.

На сегодняшний день отсутствует общее видение молодежного социокультурного пространства, как состояния и среды, определяющей реальное развитие индивида, не определена общая тенденция, выступающая главной в развитии молодежи как субъекта в социуме, в системе отношений.

Понимание принципиальной смены парадигмы юношеского возраста, социологии молодежи, социальной педагогики – главный позитивный итог многолетних поисков и дискуссий в социальной педагогике.

С целью социального познания будет правомерным отметить следующие основные факторы определения понятия «молодежь»:

Психофизиологический фактор: молодость - определенный возраст со своими биологическими и психологическими отношениями и обладающее всеми особенностями возрастного класса.

Социальный фактор: молодежь - это особая социально-демографическая группа, ограниченная возрастными рамками; со

специфически - социальной позицией, статусом и ролями.

Личностный фактор: молодежный возраст - период социального роста, первичной социализации, когда бурно развивается чувство индивидуальности, самоопределение, персонализация.

Субкультурный фактор: молодежь - группа со своим специфическим образом жизни, стилем поведения, нормами культуры и ценностями.

Конфликтологический фактор: молодость - это трудный, полный стрессов и важный период жизни; характеризующийся как «проблемная стадия в развитии человека».

Субъективный фактор: молодость - это особое мироощущение, устремленность в будущее, оптимизм, жизнелюбие, жажда деятельности.

Сопоставление определений молодежи фиксирует ее реальные, значимые черты и особенности, но ни одно не является исчерпывающим.

Было бы методологически неверно и непродуктивно сводить процесс социального развития личности лишь к выделению ее типологических характеристик, однозначно определить то или иное поколение независимо от характера и обоснованности оценок.

На наш взгляд, с большой долей вероятности можно выделить всеобщие, универсальные свойства молодежи: возраст следует оценивать не только формально, как количество прожитых лет, но и содержательно, по основным ролям и функциям, которые люди выполняют на определенном этапе жизни.

В рамках социального фактора молодежь рассматривается как социальный феномен.

Молодежь - часть общества; ключом к познанию природы молодежи является диалектика целого и части. Непоняв общества, в котором живет молодежь - не понять самой молодежи и ее специфических проблем. Не поняв молодежь данного общества - не постигнуть всех его противоречий и проблем, а значит, не раскрыть будущего этого общества.

Общественные проблемы в сущности во многом берут свое начало от молодежи и в этом смысле являются молодежными. Исследование молодежи вне общества в целом является абстрактным, неполным и бессмысленным. На этом основании строится широко распространенное заблуждение, что никаких особых проблем молодежи не существует, есть проблемы общества, и их надо решать. Решив проблемы общества - решим проблемы молодежи.

Молодежь является зеркалом, в котором отражается социальная действительность, в условиях которой она живет. Молодежь, такова, каким является взрастившее ее общество.

Молодежь - часть различных классов и социальных слоев, наций, она их продукт и средство их воспроизводства, что предполагает рассмотрение молодежи как части общества во взаимосвязи, взаимозависимости, взаимодействии. При этом важно изучение не только психо - физических факторов, но и социального развития молодежи, т.е. ее статус и роль в обществе с точки зрения экономических, политических, социальных и духовных условий ее учебы, труда, быта отдыха, досуга, социального продвижения и т.п., а также стимулов для саморазвития и самореализации, как личности.

Положение и роль молодежи в обществе, отношение общества к молодежи становятся индикатором современности и способности быстро прогрессировать. Молодежь - своего рода социальный двигатель тех

трансформаций, которые постепенно и незаметно для общего взора происходят в перипетиях общественной жизни. Она обладает критическим взглядом и настроен в отношении существующей действительности, новыми идеями и энергией, огромным интеллектуальным потенциалом и образностью мышления, восприятием и особой способностью к творчеству, необходимые в момент коренных реформ. Молодежный возраст сегодня - это понятие не столько демографическое, сколько социальное и политическое.

Ценность молодости в современном мире увеличивается и в связи с расширением сроков образования, профессиональной подготовки, необходимой в условиях научно-технической революции.

Молодежь - это наиболее здоровая физически часть населения, это жизненная сила общества, сгусток энергии, нерастраченных интеллектуальных и физических сил, требующих выхода. Нельзя не признать, что принципиально новые типы машин и оборудования, новейшие технологии, системы управления, как основные факторы интенсификации экономики, могут быть созданы только людьми нового, нетрадиционного типа мышления, т.е. молодыми.

Социальный статус молодежи во всех конкретных обществах и во все времена в главном одинаков: молодежь одновременно объект и субъект социализации. Данная группа общества по законам преемственности осваивает наследуемые общественные отношения, духовные и материальные ценности конкретного общества с целью их последующего воспроизводства. Уровень социального развития молодежи в решающей степени зависит от взгляда общества на молодежь.

Если общество нацелено на устойчивое развитие, оно обучает и воспитывает т.е. социализирует, развивает и направляет молодежь на саморазвитие и способность развивать общество. Если общество

настроено на сохранение существующего строя, его идей, ценностей и традиций, оно формирует молодежь по своему образу и подобию. В данном случае молодежь как субъект деятельности выступает в крайне ограниченных масштабах, она прежде всего объект и чаще всего объект воздействия.

Между тем молодежь может и должна быть социальным субъектом, способным к инициативе и обратному воздействию на общество. Однако в силу своего двойственного положения и природы молодые люди зачастую не обладают самостоятельностью в принятии личностно значимых решений. Они обретают субъективность по мере самоопределения, осознания своих интересов, роста своей организованности.

Своеобразие молодежи как социальной группы состоит в постоянном переходе от преимущественного свойства быть объектом общественного воздействия к преимущественному свойству быть субъектом социально-преобразующей деятельности. В этом и есть социальный смысл «взросления» молодежи.

Молодежь - явление конкретно-историческое, она движущая сила и фактор перемен, социальная ценность. Современная жизнь в нашей стране требует кардинального изменения возрастного самосознания общества как следствия фантастических перемен в экономике и производстве под воздействием научно-технической революции, изменения стиля и характера во всех сферах общественной жизни. Необходимо новое понимание молодежи как самой ценной стадии возрастного, духовного и социального развития. Молодость - не служебно-подготовительная фаза возрастного развития, как считалось веками, а главный источник сегодняшних перемен. Правильное понимание сущности молодежи, грамотная молодежная политика – вот главные пути общества в будущее. Успех там - где ведется грамотная работа с молодежью. Отягощение принципами

и идеями вчерашнего дня, устаревший опыт, утрата к восприимчивости нового сегодняшних взрослых, к сожалению, нередко ущербны для развития общества.

Анализ демографической ситуации в Казахстане свидетельствует, что в последние десятилетия количество молодежи в стране сокращается. Но зато процесс старения населения охватывает в полной мере развитые регионы планеты и все в большей мере Казахстан.

Начавшийся в Республике во времена перестройки процесс расширения свободы личности, возможностей личного выбора и способов действия резко замедлился, что сказалось на отношении молодежи к рыночным отношениям в целом. Усиливается противоречие между стремлением молодежи к рынку и растущим пониманием, что невозможно включиться в рыночные отношения, соблюдая провозглашенные обществом требования.

С другой стороны, реформы последних десяти лет изменили модель социально-трудовой мобильности молодежи - на место традиционной модели пришло рациональное планирование карьеры. Каждый молодой человек понимает, только качественное образование дает возможность получить интересную и перспективную работу.

В общественном мнении молодежь обычно ассоциируется с понятиями «молодежная субкультура». Субкультуры молодежи разных стран при кажущейся типичности, обладает своими особенностями.

Молодежная субкультура является продуктом неформального, свободного общения, а основным регулирующим принципом взаимоотношений – групповая или возрастная солидарность. Неформальные «тусовки» для молодежи служат средством самоопределения, где юноша находит свое место в деперсонализированных отношениях

Современное казахстанское общество представляет собой две большие разно ориентированные социальные группы.

Первая группа воспитана в рамках русской культурной традиции, и ориентирована на ее продолжение в Казахстане независимо от степени его политической независимости. Вторая группа, сторонники самобытности казахской национальной культуры, ее самодостаточности и независимости от воздействий других культур, что предполагает создание этнокультурного и суверенного Казахстана.

Учитывая социокультурный дуализм казахстанского общества следует по новому взглянуть на происходящее в молодежной среде.

Молодые люди практически целиком ориентируются на центры. Это продуктивно с социальной точки зрения – возрастает мобильность молодежи, ее готовность осваивать новую территориальную, профессиональную, научно-техническую, культурную среду. Но в свою очередь создает ощутимую дисгармонию в воспитании молодежи, в общем процессе ее социализации.

Существующее пассивное участие молодежи в общественных процессах формирует адаптационный механизм социализации, что значительно тормозит инновационные реформы в Казахстане.

Для признания молодежи как социума,

т.е. для защиты ее прав и интересов, участия в жизни государства, поддержки молодежных инициатив в Казахстане создаются молодежные организации и молодежные движения. Наиболее активные из них Союз патриотической молодежи Казахстана, молодежное движение «Кахар», «Социалистическое Сопротивление», Общество Молодых Профессионалов Казахстана, молодежное крыло партии «Алга», «За Справедливый Казахстан».

В целях формирования нравственного воспитания и культуры, развития новой национальной молодежной политики КазНПУ им. Абая преподается предмет «Национальное воспитание», а также проводится научно – практические конференции. На данные мероприятия приглашаются известные представители культуры и правительственных органов.

Современная социально-экономическая ситуация в стране и в мировом обществе требует высокой степени субъектности молодого поколения в социуме, социальной активности и ответственности, создание оптимальных условий для самоорганизации и самореализации, профессиональной подготовки молодежи в условиях рынка, развитие социально-профессиональной компетенции.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Советская энциклопедия . – Москва. - 824 с.
2. Зайниева Л., Калетаев Д. Молодежь Казахстана в условиях демократизации общественных и экономических отношений. – Астана, 2004.
3. Муратова С.Ш. Ценностные ориентации молодежи // Саясат. 2003. № 4. С. 31-32.
4. Чупров В.И. Молодежь в общественном воспроизводстве // Социол. исслед. 1998. № 3. С. 9-7.
5. Бобахо В.А. Социально-политические аспекты молодежной субкультуры // Вестник МГУ. Сер. 12. Политические науки. - 1996. - № 2. - С. 35-45.
6. Ильинский И.М. Молодежь и молодежная политика // М. : Голос, 2001. - 694 с.

Түйін

Мақалада жастарды тәрбиелеудің құндылығы мен оның рөлі жан-жақты көрініс табады. Қоғамдық фактор аясында жастар қоғам феномені ретінде қарастырылады.

Summary

The article deals with the value and the role of rising generation. In the frame of social factor the rising generation is shown as the social phenomenon.

О.Қазиев –
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

ЖЕТПІС ЖАС, ЖЕТПІС ЖОЛ...

*(Белгілі ғалым-саясаттанушы, философия ғылымдарының докторы, профессор
Р.Әбсаттаровтың 70 жылдық мерейтойына орай)*

«Ақсақалын ардақтаған ел азбайды» деген ғой, үлкенді сыйлау, біліммен сусындатқан ұстазын құрметтеу халқымыздың қанына сіңген қасиет. Бұл қасиет дінімізбен, ділімізбен, дәстүр-салтымызбен үйлесіп, үндесіп, жарасып жатқаны аян. Соның бірі ғылым саласында жұлдызы жанып, арамызда жүрген ақсақалымыз ҚазҰПУ-нің қарашаңырағында өз біліктілігімен талай ұжымды басқарып, елмен етене араласып, бүгінде шәкірт қадірін, қас-қабағынан, жан дүниесімен түсіне білетін жалғанда тыныш таптырмайтын ғылым соқпағында қыл қаламы қолынан түспей, шабыты шау тартпаған өнегелі істерімен шәкірт алғысына бөленіп арамызда жүрген Раушанбек ағамыз. Адамға бедел мысқылдап жиналады. Ал, беделді болу үшін адам өзінің өмірдегі орнын дұрыс таңдай білуі керек. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері Раушанбек ағамыз осындай өмірден өз орнын тапқан жан. Бұл есім ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына даңқы жайылған ұстаз, білікті ғалым ретінде танымал. Бүгінде шәкірттерінің рухын оятып, тәрбиелеп, оларға бастамшылық жасап, әлі де тұғырынан таймай олармен қоян-қолтық ұстаздық міндетін атқарып келе жатқанын айтуға болады. ҚазМУ сияқты үлгілі ордадан түлеп ұшқан, ауыл балаларына қорған бола білген және тіл табыса біліп, олардың ұстаздық жолының оң ісіне ұйтқы бола білудің өзі неге тұрады?!

Ол өзінің өмірлік жолын 1962 жылы Т.Г.Шевченко атындағы Киев Мемлекеттік университетінің философия факультетіне түсіп, оны 1967 жылы бітіріп шықты. Одан соң аспирантура мен докторантураны тәмамдады.

Р.Б.Әбсаттаров – белгілі ғалым-саясаттанушы, философия ғылымдарының докторы, профессор, тамаша жолдас және оқытушы, студенттер мен жас ғалымдардың көрнекті ұстазы, ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен екі рет марапатталған. Сонымен қатар, ол 2006 жылы «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Қоғам керек адамын кейде әр салаға салып, жауапкершілік жүктейді. Осыған төзіп, тиянақтылық таныту екінің бірінің қолынан келе бермейтін шығар. Әсіресе, ұстаздық ауыр жолды таңдап оған төзе білу үлкен өнер. Міне, осы қызметті абыроймен атқарып жүлделі орындардан көріне білу ұстаздың тәрбиесі емес пе? Ұстаздың көзінен төгілген шуаққа тәнті болып, кірбің көңіл, қабақ шытудан ада болып шәкірт көңілінің бір өсіп қалуы бұл ұстаздың бауырына жақын тартуынан емес пе? Өзінің ұстаздық міндетін белсенді және мақсатты дамытып жатқан шәкірттерімен студенттердің білім алу бағдарламасын ұдайы үйлестіру мәселесін тұрақты түрде өткізіп, оны күнделікті, қазіргі заманғы тыныс-тіршілікпен қалыптастырып отыру осы азаматтың бойына біткен азаматтық борышы деп сеніммен айтуға болады.

Ол қоғамдық құбылыстарға терең түсінікпен, шәкірттеріне үлкен кеңшілікпен, әкелік қамқорлықпен қарайтын ұстаз. Өйткені, өзін де осы қоғамның белсенді азаматы, белді қайраткері санайды. Ұстазға қарап, ұлылық пен ұлықтың үрдістерін шебер үйлестіріп, бір ғана ұстаз

бейнесінде тоғыстырған адамдықтың биік үлгісін көретінбіз. Өзіңізге еліктеп, талай шәкірттеріңіз келешектің көшін түзеп, кеудесінің шуағына талай шәкірттерін шомылдырып, ел ықыласына бөленуді қалайтын.

Қазіргі өзі басқарып отырған саясаттану және әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы ұжымы қызметі аясында алуан түрлі маңызды шаралар өткізіп жатыр. Небір айтулы ғылыми конференциялар, пікір алмасатын отырыстар ұйымдастырып осылардың ұйтқысы бола біліп жүрген өзінің қызметін абыройлы атқарып келе жатқан университеттің беделді ұстазы. Әр уақытта шәкірттерінің басын қосып, жинастырып қамқорлық жасап отырады. Бас қосқан шәкірттері ынта-ықыластарымен құрметті ұстаз деп отырады. Шәкірттері оның білімдарлығына, кәсіби біліктілігіне, қай мәселені де нақты дәлелдермен ұғындыра білетініне, барлық шәкірттерінің адам болып қалыптасуы мен өсіп-өркендеуіне бағдаршам сияқты бағыт беруші, жолдасын жарты жолда қалдырмайтын қазақы болмысына сүйсінеді. Өйткені, осы кәсіпте жүріп университеттің алтын діңгегі, ұстаздар көшінің нарқасқасы – сіздің бауырыңызда талай шәкірттер бауланып өсті емес пе? Әрине, мұндай құрметке екінің бірі ие бола бермейтіні белгілі.

Жалпы, ұстаздың еңбектерін парақтап оқып отырып, оның қысқа да нұсқа мақалаларынан ішкен адамның мейірі қанатын, татқан адамның таңдайынан дәмі кетпейтін, тартымды, тағылымды, өрісі кең, тілі бай, дүниетанымы терең нағыз оқымыстының шебері екеніне көзің жетеді. Оның еңбектері жадағай жылтыр сөзден құралмай, ойлы-мағынасы терең санаға сәуле, жігерге еге, ойға қозғау салатын туындылардан, ұлттық-патриоттық рухтың қалғып кетпеуін көздеп, заман тынысын, уақыт демін, тарих тағылымын алдыға тосады. Ұстаздық жол оған қалыптасу мен дамулардың қара қазанының отын үрлеген қара көрік секілді қыруар міндеттерді уысына

толтырып жүктеді. Ол міндетті абыройлы атқарып та келеді. Бұл менің ұстазым жөніндегі, жазушылық бір қыры жөніндегі пікірім. Бірақ, барлық шығармаларын түгел оқыдым деп айта алмаймын. Осындай ұстаздың үзеңгісін ұстап, тізгінін тартып, атын ерттеуге жараған сол кісінің тәлім-тәрбиесін көрген шәкірттеріне шын мәнінде, кім болса да қызығушылықпен қарайтынына сенемін. Ал, өз мамандығы саласы бойынша еңбектердің, зерттеудің көмескі тұстарын ашып, көпшілікке таныстырып, дәріптеу оқырман қауымның көңілін серпілтеді.

Барлық өмір жолында жас мамандарды Отан сүйгіштікке, адамгершілігі мол, білімді, азамат болып өсуіне күш-жігерін жұмсап жүрген ұстаздың маңдай алды. Жасыратыны жоқ, білім саласында еңбек етудің өзіндік ерекшеліктері мен ауыртпалықтары жетерлік. Алайда, ерік-жігері, күш-қуаты мықты азаматтардың алдындағы биік қамалдан қаймықпайтындай көңіліне қуаныш ұялатып тәрбиелетін осындай ұстаз бары көңілге демеу береді. Әр адамның тағдыры әр түрлі қалыптасатыны белгілі ғой. Оған бір кезде қоғамдағы, өскен ортадағы ахуалдар мен оқиғалар әсер етсе, бір кезеңде кездейсоқ кездесулер мен ұшырасулардың елеулі ықпалы болары мүмкін-ақ нәрсе. Шәкірттері өзінің бүгінге дейін қол жеткен жетістігі ата-ана шаңырағындағы тәрбиеден басталып, содан кейін алғаш еңбек жолында қамқорлығын көрсеткен, тәжірибесін бөліскен ұстаз ағаның көмегінің нәтижесі деп есептейді. Бүгінде әлгі жас талаптардың біразы ғылым саласында өзіндік орны бар қабырғалы қаламгер, ұстаздарға айналып отыр. Еліне, туған жеріне адал қызмет етуді ғұмырлық биік мақсатына айналдырған осындай азаматтың болуы әрине, құптарлық жәйт. Ол жұмысын өрекіп, өртеніп істейтін адамдардың санатынан емес, арыны аңдып, иін әбден қандырып істейтін өте ұқыпты, ұмытуды, жалған айтуды білмейтін адамдардың санатынан. «Жақсылық жерде қалмайды, иман отқа жанбайды» деген аталардан қалған мақал бар. Сол сияқты

серпіп тастап, шығарып салып, тілеуін тілеп қала бердіңіз. Әлі сол қыран тұғырда отырсыз. Біз сіздің осы тұғырда мәңгілік отыруыңызды, сіз шыққан абырой биігіңнің жылдар жалғасында да аласармауын тілейміз!

В данной статье отражены жизнь и творчество известного казахстанского деятеля, наставника и учителя Абсаттарова Р.Б.

This article describes the life and work of an the known scientist, Kazakh leader, mentor and teacher Absattarov R.B.



Н.Ә.Назарбаев

І.Р.Халитова –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Магистратура және PhD доктрантура институты,
Абай атындағы ҚазҰПУ

ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ – БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Тарих дегенде өткен дәуір, небір заман ойға оралып, қиялымыз шарықтап оқыған, естіген, білген тіпті көргеніміз көз алдына келеді. Тарихи кезеңдерді зерттеп ондағы кейбір оқиға, құбылыстар, қоғамдық өзгерістер мен сол замандағы адамның санасы мен бүкіл бір халықтың немесе ұлттың ахуалын нақтылау, деректер, дәлелдер, айғақтар іздеп тауып, оның анық-қанығына көз жеткізу т.б. ғылыми-зерттеудің құзырында. Өйткені, «қоғам тарихы – халықтың зердесі» дейді тарихшы ғалымдар.

Кез келген зат не құбылыстың келіп шығу тегі, дамуы, өзгерістерге ұшырауы, белгілі бір уақыт аралығындағы ахуалы оның тарихын құрайды. Қазақ ұлттық энциклопедиясында тарих «1) табиғат пен қоғамның уақыт пен кеңістіктегі өткен жолы; 2) адамзат қоғамының өткенін жан-жақты зерттейтін ғылым саласы» делінген. Қоғамның тарихи даму барысындағы мынадай үш нәрсенің адам үшін аса маңызды екенін даналар атап өткен: адамзат қауымын азықтандыру; адамзат қауымын емдеу; адамзат қауымын үйрету. Осы үшеуінің қай-қайсысы да келіп ғылымға тіреледі. Солардың ішінде адамзат қауымын үйрету – қоғамның дамуына, адамзат санасының дамуына байланысты оқытуға, сол арқылы үйретуге дейін даму тапқан. Үйрету де, оқыту да ежелгі дәуірден бастап осы күнге дейін тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Бұл өз кезегінде мынадай үштік: оқыту, үйрету, тәрбиелеу – бір үрдістің үш тарабы ретінде, жалпы тарихтың ішіндегі құрамды бөлігі, біртұтас құбылыс ауқымында қарастырылады. Осыған орай, ілім «Педагогика» деп аталып, оның

даму тенденцияларын, тарихи дәуірдің әр кезеңіндегі жай-күйін зерттейтін ғылым саласын «Педагогиканың тарихы» деп атау қабылданған.

Қоғамдағы барлық ғылым саласы секілді педагогиканың тарихы, ең алдымен, диалектиканың себеп пен салдар және олардың өзара әрекеттестігі; қайшылықтардың тұтастығы мен оның шешілуі; мәңгілік қозғалыс немесе даму үрдісі, оның прогрестік (үдеріс), регрестік (шегініс) сипаты; даму кезіндегі мазмұн мен пішімнің өзгеруі; санның сапаға өтуі; терістеуді терістеудің даму кезіндегі алатын орны; маңыз (суть, сущность) бен құбылыс арасындағы көп қырлы байланыс; мазмұн мен форманың сәйкестігі және оның мәні (значение); кездейсоқтық пен қажеттіліктің қоғам дамуындағы, адамның іс-әрекетіндегі т.б. маңызы; шындық пен мүмкіндіктердің қоғам және адам дамуындағы мәні, олардың арасындағы байланыстар сияқты т.б. көптеген заңдылықтарына тәуелді. Сондықтан, ғылыми зерттеулерде жұмыс барысындағы әдіснама мен әдістеріне мән беріледі. Өйткені, бұл заңдылықтар табиғат, қоғам, адам санасының барлық тұстарында орын алады.

Педагогика тарихы ежелгі дәуірден бастап, осы күнге дейінгі әр түрлі тарихи дәуірде тәрбие, мектеп және педагогиканың теориясының дамуын танып біледі. Педагогикалық энциклопедия да «педагогиканың тарихы – әр түрлі тарихи кезеңдердегі тәрбиенің, оқыту мен білім берудің теориясы мен практикасының дамуын танып-білетін ғылым. Педагогиканың тарихы, сонымен бірге педагогика және тарихи ғылым» делінген. Тарихи-педагогикалық

таным мен ізденістер философияның «абсолютті шындыққа дереу қол жеткізу мүмкін емес, ол алдымен шындыққа жақын нәрселерден жинақталады» деген тұжырымынан да тысқары емес.

Педагогиканың тарихы оқу пәні ретінде болашақ педагог мамандарды, кәсіби педагогтарды даярлау жүйесінде маңызды орын алады. Өйткені, оқыту мен тәрбиелеудің териясы мен практикасының әр түрлі қоғамдық саяси-экономикалық шарттардағы тарихи даму жолын танып-білу, біріншіден, педагогикалық мұраларға дұрыс көзқарас қалыптастыруға септігін тигізсе, екіншіден, педагогиканың теориялық негіздерінің дамуын пайымдауға және меңгеруге; үшіншіден, күнделікті педагогикалық, практикалық іс-әрекетінде тарихи тәжірибеден өткен тәлім-тәрбие жолдарын ескеруге; төртіншіден тарихи-педагогикалық зерттеулер жүргізуде көптеген проблемалар мен құбылыстардың келіп шығу тегін пайымдап, қазіргі күн талаптарына сай пайдалануға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеулерге қойылатын басты талап, таңдап алған тақырыптың өзектілігі (көкейкестілігі – актуальность). Бұл алынған тақырыптың ғылымда қаншалықты дәрежеде зерттелгеніне және оның педагогиканың теориясы мен практикасына тигізетін пайдасына байланысты. Осыған орай ғалымдар, көкейкесті мәселелерді шешуге арналған және бұрын-соңды болмаған жаңалығы бар, оны зерттеуден келіп шыққан нәтиже педагогиканың кейбір мәселелеріне, не болмаса осы ғылым саласына толығымен жаңа көзқарас қалыптастырып, қолданбалы мәселені шешуде жаңа бір ғылыми зерттеу бағытын ашатын болса онда көкейкестілігі немесе өзектілігі ең жоғары дәрежедегі тақырып деуге болатынын көрсеткен.

Бұдан басқа белгілі бір ғылым саласында кейбір тұстары шешімін таппай келе жатқан мәселені меңзесе, не болмаса ғылымда табылған шешімі әлсіз, оған арналған басылымдар да жеткіліксіз бол-

са, ондай тақырыпты да көкейкесті деп санауға болады. Бұндай тақырыптарды зерттеу ғылымның осы саласына қатысты теориялық мәселелерді толықтырып, қолданбалы зерттеулерге жол ашады.

Кейбір тақырыптардың өзектілігі немесе көкейкестілігі төмен, мәселе теориялық жақтан зерттелген, бірақ кейбір тұстары шешімін таппаған, басылымдарда жариялануы жеткілікті көрініс тапқан болуы мүмкін. Бұндай жағдайда тақырыпты зерттеу теорияның кейбір тұстарын нақтылап, жекелеген адамдардың талабын қанағаттандырады.

Кез келген диссертацияның тақырыбында, оның басты шешімін табуға тиісті мәселесінің (проблеманың) көрініп тұруы – оның көкейкестілігінен хабар береді. Демек, оның жаңалығы да осыған байланысты болуы тиіс. Тақырыпқа байланысты түпкі мақсат көрсетілген соң, соған сәйкес оның нысаны мен пәні айқындалып, осыған орай шешімін табуға тиісті мәселелер зерттеу жұмысының міндеттері ретінде анықталады, болжамы, жаңалығы және басқа да ғылыми аппараты белгіленеді.

Диссертациялық (магистрлік, PhD) зерттеулерге қойылатын басты талаптардың бірі – белгілі бір дәрежеде жаңалықтың болуы мен оның сол ғылым саласында алатын орны практикалық және теориялық мәнділігі ретінде көрсетіледі. Жаңалық дегенді, белгілі бір нысанаға қатысты қойылған мәселенің, жалпы бұрын соңды ешкім айтпаған, жазбаған, елең еткізерлік шешімін тауып ұсыну деп түсінген жөн. Олар ғылыми жаңалықтардың сипаты нысанаға, қойылған мақсат пен міндеттерге байланысты әр түрлі дәрежеде болатынын біз келтірдік. Бұл туралы ғылыми-теориялық және практикалық мәндегі шығармашылық үрдістерді зерттеген ғалымдар Я.А.Панамарев, В.И. Андреев, Г.С.Альтшуллер, Д.Б.Богоявленская, А.В.Бушлинский, А.М.Коршунов, А.Б.Мигдал, П.К.Энгельмейер т.б. өз еңбектерінде көрсеткен.

Ғалымдар, қай тұрғыдағы зерттеулерді

жаңалық деп санауға болатынын көрсетуге ұмтылған. Олар мынадай болуы тиіс:

1. Бұрын зерттелген нысананың, толық ашылмай қалған тұсын көрсетіп, оны мәселе ретінде қойып, шешудің жаңа әдістері, тәсілдері, жолдары, құралдары т.б. бірқатар нұсқаларын тауып ұсыну және табылған шешімді ғылыми тұрғыда дәлелдеп көрсету;

2. Қойылған мақсатқа сай белгілі бір дәрежеде тиімді нәтиже алу үшін нысананың кейбір тұстарын ғана өзгерту. Бұндай жағдайда оның (өзгертудің) көптеген нұсқаларын (варианттарын) қарастыра келіп, ең тиімді деген бір немесе бірнеше жолдарын анықтап ұсынуға болады. Осы нысананы өзгертудің өзін жаңалық деп көрсетуге де, оны ғылыми-теориялық дәлелдеу аса маңызды. Алайда, оны шешу барысында қолданған әдістер, тәсілдер, құралдар т.б. бұрыннан белгілі болуы да мүмкін;

3. Қойылған мәселенің шешімін, көптеген жаңсақ шешімдердің арасынан іздеп тауып, айқындау арқылы нысананы айта қаларлықтай жіті (серьезно) өзгертуді ұсыну. Бұндай жағдайда оны шешу әдістері мен тәсілдерін т.б. басқа ғылым салаларынан іздестіріп тауып, осы нысанаға сәйкестендіруге болады. Бұнда алынған нысананың жаңа сипатын және оны жаңғыртуға қолданған құралдар, әдістер, тәсілдер, технологиясын т.б. жаңалық ретінде ұсынуға болады;

4. Қойылған мәселені шешу барысында нысана толық өзгертіліп жаңа түрде, нұсқада, сипатта ұсынылады. Мұнда оны жаңартудың немесе жаңа нұсқасын ұсынудың шешімдері техника, жеңіл өнеркәсіп, химия, математика, физика, басқа да ізгілікті (гуманитарлы) ғылымдар т.б. іздестіріледі.

5. Нысананы құрайтын бүкіл жүйені түгелдей, толығымен өзгертуге байланысты мәселе қойылған жағдайда, оның шешімдерін іздестіру барысында көптеген қателіктер, кемшіліктер, жаңсақтықтардың болуы заңды құбылыс деп қабылдаған

жөн. Бұндай күрделі мәселені шешудің құралдары мен тәсілдері, әдістері дәл сол сәтте, уақытта, дәуірде табыла қоюы да екіталай болған жағдайда, оның жекелеген тұстарына қатысты нағыз жаңалық ашу қажеттігі туындайды. Сондықтан күрделі мәселелерді бөлшектеп жеңілдету, кейбір тараптарын ғана қарастыру секілді т.б. жүзеге асырылады.

Ғылыми зерттеулерге классикалық тұрғыда жуықтайтын (подход) болсақ, кейбір жаңалықтар дәл сол уақытта ғалымдар тарапынан, кейде тіпті көпшілік тарапынан дереу танылмай, қателік ретінде қарастырылуы да қоғамда орын алады. Бұл диалектиканың заңдылықтарының бірі екенін ескерсек, зерттеулерде, егер белгілі бір дәрежеде ашылған жаңалық ғылыми тұрғыда дәлелденсе, оны дұрыс тани білген жөн. Қалай болған күнде де тақырыпты анықтаған кезде онда зерттелетін басты мәселе (проблема) көрініп тұруы керек. Бұл зерттеу жұмысының нысаны мен пәнін т.б. дұрыс анықтауға шарт түзеді.

Тарихи-педагогикалық зерттеулерге тоқталамыз. Барлық басқа салалардағы зерттеулер сияқты бұл да көрсетілген диалектиканың заңдылықтарына тәуелді. Бұл ретте тарихи-педагогикалық зерттеулердің жаңалықтары қандай болуы мүмкін деген сауал туындайды. Осыған орай, қарастыратын болсақ, жаңалық зерттеу нысанына байланысты, ал ол тарихи-педагогикалық зерттеулерде сан алуан. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық.

Диссертацияның тақырыбы Қазақстанда білім берудің даму тарихына байланысты болса, мұны жалпы тарихты зерттеушілер, философ, әлеуметтанушы, саясаттанушылар да зерттеген. Сонымен бірге, тарихи-педагогикалық тұрғыда Қ.Бержанов, Ә.Сембаев, И.Б.Мадин, К.Қ.Құнантаева, Г.А.Уманов т.б. зерттеген. Педагогиканың басқа салаларына байланысты, мысалы, мектепке дейінгі мекемелер мен педагогиканың дамуы: бастауыш білім және педагогикасының дамуы; Қазақстанда жалпы орта білім беретін

мектептердің дамуы; Қазақстанда орта кәсіптік мектептердің дамуы; Қазақстанда колледждер мен лицейлердің дамуы деп қарастырған еңбектер де баршылық.

Қазақстанда жоғары мектептің дамуы; оның өзі педагог кадрлар даярлаудың даму тарихы, инженер, экономика, техникалық және басқа да кадрлар даярлаудың дамуы секілді т.б. бөлінеді. Бұдан басқа педагогика ғылымының дамуы; педагогика теориясының дамуы, оқушыларға адамгершілік тәрбие беру теориясының дамуы деген секілді тәрбие мен оқытудың жекелеген құрамдас бөліктерінің дамуы мен қалыптасуына қатысты еңбектерді кездестіреміз.

Белгілі уақыт аралығындағы қоғамның даму кезеңіне байланысты, не бүкіл бір дәуірге қатысты тарихи-педагогикалық ғылыми зерттеулер бар. Мысалы, X-XI ғғ. Қазақстандағы тәлімдік ой-пікірлердің дамуы, XIX ғ. екінші жартысында ағартушылардың мұрасындағы рухани-адамгершілік идеялардың дамуы, Қазақ хандығы тұсындағы педагогикалық ойлардың дамуы, ақын-жыраулар мұрасындағы жас ерекшеліктеріне қатысты педагогикалық ойлар; қазақ ойшылдарының мұрасындағы ұстаз тәрбиесіне қатысты ойлар, Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұралары, инновациялық бастауыш мектептің дамуы, Шығыс Қазақстан аймағындағы білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуы т.б. бағыттағы еңбектерді айтуға болады.

Бұлардан басқа жекелеген белгілі тұлғалардың өмірі, педагогикалық қызметімен тәлім-тәрбиелік көзқарастарына қатысты еңбектерді де тарихи-педагогикалық зерттеулер аясынан көреміз.

Атап айтсақ, Ыбырай Алтынсариннің өмірі, қызметі және педагогикалық көзқарасы; М.Жұмабаевтың педагогикалық қызметі мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері; Абай Құнанбаев мұраларын оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің тарихы; М.Әуезов еңбектеріндегі педагогикалық ойлар т.б.

арналған диссертациялық жұмыстар бар. Бұндай диссертациялық жұмыстар да тарихи-педагогикалық зерттеулерге жатады. Бірақ олардың өзіне тән ерекшелігі алынған тақырыптың алдына қойыған мәселесі, көкейкестілігіне сай өзгешеленеді. Біз бұл жерде жалпы мәселені ғана қозғап отырмыз.

Осы, тағы басқа да тарихи-педагогикалық мәндегі зерттеулердің басты мақсаты өткен дәуірдегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді зерттеп, соның ішіндегі қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге қажетті тұстарын іріктеп алып, іс жүзінде қолдану, сол арқылы педагогика ғылымының теориясы мен практикасын байыту, толықтыру, керек десеніз жаңғырту деуге де болады. Жалпы алғанда, зерттеу үшін таңдап алған нысананың өткені, бүгіні мен болашағын тарихи-педагогикалық тұрғыда көрсету осындай зерттеудің міндеті саналады.

Қалай болған күнде де аталмыш сипаттағы ғылыми зерттеулер тарихи-педагогикалық тақырыпта болуы себепті, өткен дәуірдің белгілі бір кезеңіне соқпай өтпейтіні анық. Өйткені, қоғамның дамуы біртұтас сипатта болғаны себепті, ондағы болып жатқан өзгерістер, саяси-әлеуметтік, экономикалық т.б. ахуалдар жеке адамға да, ондағы сол қоғамға қызмет етіп жатқан мекемелерге де ықпалын тигізбей қоймайды. Осы және басқа да жоғарыда келтірген пікірлерді ескере келе, жалпы педагогиканың тарихына қатысы бар еңбектерге қойылатын талаптарды былайша көрсетуге болады:

1. Қарастырып отырған нысананың (объектінің) – ол белгілі бір тарихи кезең бе, жоқ әлде жекелеген оқу-тәрбие институтына байланысты ма, жекелеген тұлғаның өмірі мен қызметі педагогикалық көзқарасына қатысты ма, қазіргі кездегі жай-күйі мен оның өткен тарихи кезеңмен байланысы және болашағын, мысалы оқыту мен тәрбиелеуге тигізетін пайдасын, пайымдап көрсету. Бұл зерттеу жұмысының мәнділігін дәріптейді.

2. Объектінің даму тенденцияларын айқындау; бұл алдыңғы көрсетілген

нақты, анық көрсетуге және жалпы ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық мәнділігін дәлелдеуде маңызды. Бұл нысананың нағыз даму үрдісін сипаттауға, талдауға байланысты болуы себепті, жұмыстың тараулары мен пәрелері (параграфтары), бөлімдері арасындағы логикалы байланысты көрсетуге септігін тигізеді.

6. Әрбір ашылған жаңалық немесе жаңа педагогикалық пікірлермен ой тұжырымдар, айғақтар, дәлелдер, деректер, құжаттар, жазбалар тағы басқа нақты материалдармен дәл, анық көрсетіліп, педагогикалық тұрғыда сипатталып, қажеттілігі дерек көздерімен дәріптелуі тиіс. Бұл жұмыстың тарихилығының көрсеткіші болмақ.

Кез келген зерттеу жұмысының мәні сол салада, айталық, педагогика саласына қатысты жаңалық ашу арқылы оны байыту, ондағы туындап отырған мәселелерді шешуге ықпал ету, осы ғылымның өз ішіндегі белгілі бір саласына қатысты теориялық және практикалық мәселелерді шешу жолдарын көрсету. Отандық педагогика ғылымының мазмұнын байыту, оның теориясы мен практикасына үлес қосуды көздейді. Бұл ретте бірқатар жұмыстар жүзеге асып та жатқаны белгілі. Алайда, педагогика секілді аса күрделі де, терең, әрі жан-жақты ғылым саласы әлі де болса көптеген іргелі зерттеулерді қажетсінеді. Алдымызда 12 жылдық мектеп мәселесі бой көтеруде. Осының өзі-ақ педагогика тарихына қайырылып, ондағы озық тәжірибелерді қайта жаңғыртып, қазіргі заман талаптарына сай азаматтарды оқытып тәрбиелеуде ұтымды қолдану міндетін қойып отыр.

В статье рассматривается проблемы научного исследования истории педагогики.

In article it is considered problems of scientific research of history of pedagogics.

Қ.М.Омаров –
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
«Туризм» кафедрасының меңгерушісі
С.Қ.Алшымбеков –
аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕКТЕПТЕН ТЫС ТУРИСТІК ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының саяси кемелденуі мен білім беру жүйелерінің қайта құрылуы жағдайында жан-жақты білімді, мәдениетті, іскер, белсенді тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына жағдайлар жасау қажеттілігі бұрынғыдан да даму түсуде.

Себебі, бүгінгі қоғам дамуының басты және күрделі міндеттерінің бірі – келешегіміз жеткіншек жас ұрпақты тәрбиелеуде біліміне біліктілігі сай мамандар даярлау ісін жоғары деңгейге көтеру. Ал ұлт мектептерінің қоғам алға қойған талаптар деңгейінен көрінуі де болашақ мамандар тұлғасына байланысты.

Сондықтан, туризм мамандығына бейімделген туризм мамандары мен нұсқаушыларды, әсіресе халықтық педагогикадағы ұлттық ойындарды оқушылардың мектептен тыс туристік іс-әрекеттерінде пайдалану жөнінде ғылыми-теориялық, әдіснамалық, әдістемелік даярлық сапасын арттыру өзекті мәселе. Сондықтан туризм мамандары мен нұсқаушыларының әдістемелік даярлығына қоятын қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, ең алдымен, осы даярлықтың мазмұнын, формалары мен әдістерін өзгертуді, екіншіден, оны халыққа білім берудің бүкіл жүйесін жаңарту мен қайта құру принциптеріне сай дамытудың негізінде айтарлықтай жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Бұның бәрі, түптеп келгенде, туризм мамандары мен нұсқаушыларды оқушылардың мектептен тыс жұмыстарындағы туристік іс-әрекеттерінде ұлттық ойындарды тәрбие құралы ретінде пайдалана білуге даярлығын қалыптастырудың аса көкейкесті проблемасы екендігін дәлелдейді.

Аталған проблеманың шешімін табу үшін мұнда тәрбие процесіне байланы-

сты көрсетілген бірнеше жеке мәселелердің мақсат, міндеттерін айқындау қажеттілігі туындайды. Атап айтқанда, ұлттық ойындар пайдаланылатын оқушылардың туристік іс-әрекеттері мектептен тыс жұмыстар жүйесіне жататындықтан туризм мамандары мен нұсқаушылар алдыңғы кезекте осы жүйелі жұмыстың педагогикалық мақсат, міндеттерін, ерекшеліктерін, мазмұны мен жай-күйін, ондағы өз қызметтерінің орнын теориялық, әдістемелік тұрғыдан игерулері тиіс. Себебі, тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай жауапты жұмысқа тәжірибесі жеткіліксіз мамандарды тартуға жол беріліп жүр.

Сонымен, оқушылармен жүргізілетін мектептен тыс тәрбие жұмысының жүйесі оларға тәрбие беру және жан-жақты дамыту мақсатында мектептің өзінің, педагогтардың, оқушылар ұжымының, мектептен тыс ұйымдарының, ата-аналар активінің мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануға құрылады және екі негізгі міндетті шешумен анықталады.

а) мектептен тыс тәрбие жұмысының барлық негізгі түрлері мен бағыттарын, бірінші кезекте қоғамдық-саяси қызмет пен қоғамдық пайдалы еңбекті, дене тәрбиесі мен спортты, алуан түрлі көркемдік қызметті, туристік өлкетануды дамыту;

б) оқушылардың жеке мүдделері мен бейімділіктерін барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс алуан түрлі жұмысқа барлық жастағы оқушыларды тарту.

Мектептен тыс жұмыстың өзіндік ерекшелігі. Оқыту сабақтарына қарағанда мектептен тыс жұмыс ерікті негізде өткізіледі. Оның бірінші ерекшелігі, міне, осында. Оқушылар ынта мен бейімділіктеріне байланысты өз беттерімен әр түрлі үйірмелерге жа-

зылады, сабақтан тыс уақытта өз қалаулары бойынша көп болып және жеке атқаратын жұмыстарға қатысады. Демек, еріктілік, ең алдымен мектептен тыс жұмыс түрлерін еркін таңдап алуды білдіреді. Педагогтар және оқушылар ұжымдарының міндеті – мектептен тыс жұмысқа оқушылардың ешқайсысын қалдырмай, түгел тарту. Мұны, әрине, ешқандай мәжбүрлеусіз, атқару керек.

Мектептен тыс жұмысты ұйымдастырудың екінші ерекшелігі, оның міндетті бағдарламалар көлемімен байланысты болмайтындығында. Оның мазмұны мен формасы негізінен алғанда оқушылардың ынталары мен талап-тілектеріне, жергілікті жағдайларға байланысты болады. Пәндік және басқа үйірмелердің программалары шамалық, бағдарлық күйде болады. Осы программалардың және методикалық нұсқаулардың негізінде үйірмелердің жетекшілері нақты жағдайларды және оқушылардың ықылас қалауын ескере отырып жұмыс жоспарын жасайды. Бұл мектептен тыс жұмыстың мазмұны анағұрлым икемді, мектеп оқушыларының ынтасы мен тілекталаптарына сай келетіндей етуге мүмкіндік береді.

Оның үшінші ерекшелігі жас шамасы әр түрлі оқушыларды қамтитындығында. Мектеп көркемөнерпаздар үйірмелерінің, туризм және ұжымдарының жас шамалары әр түрлі болып келетін құрамы мектептен тыс жұмысты ұйымдастыруға және өткізуге кедергі бола алмайды. Керісінше, әр түрлі сыныптардың оқушыларын біріктіре отырып, мектептен тыс жұмыстар бүкіл мектеп ұжымының топтаса түсуіне себепші болады. Әр түрлі сыныптардың оқушыларын біріктіретін үйірмелерде ересектеу балалардың өзінен кішілерге қамқорлық жасауларына, жолдастық өзара көмекті өрістетуге жақсы жағдай туғызылады. Мектептен тыс жұмыстың төртінші ерекшелігінде өз бетімен айналысудың басым болуынан көрінеді. Үйірмелерде, туризм және ұжымдарының спорт, көркемөнерпаздар ұжымдарында балалардың өз беттерімен жұмыс істеулеріне кең мүмкіндіктер беріледі. Оны, әрине, педагогтар бағыттап отырды, бірақ оқыту сабақтарынан ерекшелігі – оны негізінен мектеп оқушыларының өздері ұйымдастырады.

Мектептен тыс және жұмыстарға басшылық жасау инициатива мен дербестікті дамытумен үйлестіріледі. Оқушы ересектеу болған сайын оның инициативалылығы мен дербестігі толығырақ, жан-жақты көрініс береді. Олар әр түрлі үйірмелерге, клуб типтес бірлестіктерге қатысушылар ролінде ғана емес, мектептен тыс істерді ұйымдастырушылар ролінде де көзге түседі. Жоғары сыныптардағы оқушылардың бастауыш және орта сынып оқушыларын біріктіретін үйірмелерге жетекшілік етуі де жиі кездеседі.

Қазіргі жағдайдағы мектептен тыс тәрбие жұмысының бесінші ерекшелігінің мәні ондағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттің сыбағалы салмағының артқандығында. Егер біраз уақыт бұрын сыныптан тыс жұмыста өзара сөйлесу және көңіл көтеру формалары басым болып келсе, қазір ол қоғамға пайдасы мол бағытқа ие болып келеді. Соның нәтижесінде ол мектеп оқушыларына, әсіресе жоғары сыныптарда кәсіптік бағдар берудің өте маңызды да ықпалды құралы ретінде көрініп отыр.

Оның алтыншы ерекшелігі – формалар мен әдістердің сан алуандығы. Мектептен тыс жұмыстардың барлық формалары мен әдістерін санап шығу өте қиын және мүмкін де емес.

Қазіргі жағдайдағы мектептен тыс жұмыстың жетінші ерекшелігі – оның бұқаралығы. Ол табиғатты, техниканы, өнерді сүйетін жеке балаларды ғана емес, барлық оқушыларды қамтиды. Оның бұқаралық формалары топтық және жеке-дара жұмыстармен толықтырылып отырады.

Қазіргі кездегі мектептен тыс жұмысқа қойылатын негізгі талап – оқушылардың жан-жақты дамуына көмектесу. Балалар үйірмелері, секциялары, әр түрлі қоғамдары мен басқа да өз бетімен жұмыс істейтін шығармашылық бірлестіктері жүйесі олардың пайдалы және қызғылықты істерді кең молынан таңдап алуға мүмкіндік беруге тиіс. Мектептен тыс жұмыс процесінде жекелеген балалар мен жеткіншектер үшін белгілі бір сабақтарды таңдап алу ерікті іс болып табылатындықтан, мұндай жұмыс жүйесінің болуы әрбір мектеп үшін міндетті. Мектептен тыс жұмыс жүйесі мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, қоғамдық

белсенділігін көрсететін майдан бола отырып, оқушылар ұжымдарының қалыптасуына және топтасуына, оқушыларды саналы тәртіп, жауапкершілік, өз мектебіне пайдалы болуға тырысу рухында тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мектептен тыс жұмыстардың тәрбиелік құндылығы, олардың тиімділігі көбіне мына төмендегідей бірқатар талаптарды сақтауға байланысты.

Ең алдымен, олардың мемлекеттің саяси бағыттылығын қамтамасыз етудің маңызы зор. Бұл талапты мектептен тыс жұмыстың формалары мен әдістерін таңдаған кезде, оны жоспарлау және ұйымдастыру процесінде, қорытынды шығарған кезде сақтау қажет.

Мектептен тыс жұмысқа қойылатын талаптардың ең маңыздыларының бірі – оның өмірмен, практикамен тығыз байланыстылығы. Кез келген үйірменің, ғылыми қоғамның жұмысы айнала қоршаған өмірмен танысуға және оны гүлдендіруге белсене қатысуға себепші болуы тиіс.

Мектептен тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылуын мектептің оқу-тәрбие міндеттеріне бағындыру қажет. Үйірмелік және бұқаралық мектептен тыс жұмыс үшін жалпы білімді және политехникалық дүниетанымды кеңейтуге, адамгершілік және еңбек тәрбиесін беруге, саяси сананы, эстетикалық талғамды және дене қуатын дамытуға септігін тигізетін материал іріктеудің маңызы үлкен.

Қорыта айтқанда, мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі – олардың алуан түрлі және

жаңа болуы. Оқушылардың бір сарынды, біркелілік пен іш пыстыратын іске төзбейтіні белгілі. Олар бірсарынды жұмыстарға ынта көрсетпейді, оларға қатыспайды, оларды өткізген кезде тәртіп бұзады. Сондықтан оқушылар мектептен тыс жұмыстарға ықыласпен барулары үшін онда тартымдылық, алуан түрлілік, жаңалық болуы керек.

Өкінішке орай, мектептен тыс жұмысты ұйымдастыруда әлі де болса айтарлықтай кемшіліктер кездеседі. Кейбір мектептер үшін бұл жұмыстың жеке бағыттарын ғана дамыту тән болып отыр. Мәселен, кейде педагогтар мен оқушылар ұжымдары өз күш-жігерін дене тәрбиесін немесе эстетикалық тәрбиені ұйымдастыруға ғана бағыттайды. Енді біреулерінде еңбекке тәрбиелеуге, ғылым-техникалық шығармашылықты дамытуға ғана басар назар аударылады. Кешенді түрде тәрбиелеу – балалардың жан-жақты дамуын талап етеді. Мектептен тыс жұмыстың бір бағытын арттыру оқушылардың ынтасы мен бейімділіктерінің жан-жақты дамуын тежейді, баяулатады. Педагогтар ұжымдарының кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – мектеп ұжымының іс-әрекеттерінің барлық негізгі бағыттарын дамытуды қамтамасыз ететін жүйе құру.

Демек, оқушылардың туристік іс-әрекеттерінде пайдаланылатын ұлттық ойындарды мектептен тыс тәрбие процесінде тәрбие құралы ретінде қолдану педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі, негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

Резюме

В статье рассматриваются казахские национальные игры, используются как система средств воспитания в организации туристской деятельности. А также, казахские национальные игры являются эффективным средством воспитания в организации внешкольных туристских мероприятий.

Summary

In this article, were determined upbringing possibilities of kazakh national games, used in tourist activity of pupils. Importance's of the interconnected notions «Tourist activity», «national game» reveal as scientifically-theoretical base of the research.

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Жұмағұлов Б. Білім мен тәрбиедегі үндестік.....	6
Пірәлиев С.Ж. Білім беру үрдісіндегі тәрбиенің бүгінгі таңнан қойылу талабы.....	11
Нуриев М.А. Оқытушыларды даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселесі.....	16
Бейсенова Ә.С., Алиаскаров Д.Т. Педагогикалық білім берудегі ұлттық тәрбиенің өзекті мәселелері.....	19
Нүкетаева Д.Ж. Заң жүйесі негізінде оқушыларға құқықтық білім беру – ұлттық тәрбиенің құралы.....	23
Ішпекбаев Ж.Е. Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы.....	32
Мұқанов С. Ұрпақ тәрбиесі – ұлағатты іс.....	37
«Ұлттық тәрбие – өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» атты дөңгелек үстелдің отырысынан.....	38
Абай атындағы ҚазҰПУ-де ұлттық тәрбие мәселелеріне байланысты өткен «Отбасы тәрбиесі» атты дискуссиялық клубтың кезекті пікірталасынан	45
Мұсабаев Т. Кәсіби ісім мен отаныма деген махаббат – міне, менің ұстанымым!.....	53
Бельгер Г. Что увидишь в отчет гнезде....	57
Ғаббасов С. Ұлттық сана – ұлы ұстаз.....	62
Бөлеев Қ. Қазақ мектептерінің оқушыларына ұлттық тәрбие берудің теориялық негіздері	76
Біртанов А.Б. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық тәрбиенің маңызы.....	81
Миразова А.Т. Ұлттық тәрбиенің орта мектеп жеткіншектерінің ұлттық келбетін қалыптастырудағы рөлі.....	83
Керимов Л.К. Еуразия даласындағы алғашқы қауымдастықта тәрбиенің арналары.....	88
Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық мәдениет – ұлттық тәрбиені дамытушы фактор	95
Молдабеков Ж.Ж. Гуманитарлық білім қуаты – өзіндік бастауда, рухани байлықта және ұлттық бағдарда	99
Қоңырбаева С.С. Қазіргі балалар және оларды отбасы жағдайында әлеуметтендіру мүмкіндіктері.....	103
Ізтілеуова С.Д. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі.....	106
Әтемова Қ.Т. Қазақ халқының отбасылық тәрбие дәстүрлеріндегі ұрпақтар сабақтастығы... ..	116
Сәдуақасұлы Ә. Ұлттық тәрбиені ұйымдастырудың басымдық ұстанымдары.....	120
Амантайұлы Б. Бауыржан Момышұлының тәрбие туралы толғаныстары.....	127
Қажиева Г.Т. Ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып рухани-адамгершілік тәрбие беру жолдары.....	130
Жұмақанова Р.Ә. Оқушыларға бала құқықтарын оқыту ресурсы – Бала құқықтары туралы Конвенция және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.....	135
Мусаева К.С. Некоторые вопросы формирования национальной культуры студентов на уроках иностранного языка.....	143

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

<i>Альмухамбетов Б.А., Белов А.П.</i> Художественное воспитание и обучение в первобытном обществе.....	146
<i>Нукеева Л.У., Жанұзақова Г.А.</i> Терең білім, тағылымды тәрбие.....	150
<i>Садықова А.Е.</i> Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудағы ұлттық мәдениеттің рөлі.....	155
<i>Абдуманапова К.</i> Әдептен озбайық.....	160
<i>Шаринова Г.Б., Ибрагимова К.К.</i> Молодежь, как социум в современном обществе	162
<i>Қазиев О.</i> Жетпіс жас, жетпіс жол.....	166
<i>Халитова І.Р.</i> Тарихи-педагогикалық зерттеулерді жүзеге асыру –бүгінгі күн талабы.....	169
<i>Омаров Қ.М.</i> Оқушылардың мектептен тыс туристік іс-әрекеттерінде ұлттық ойындарды пайдалану арқылы тәрбиелеу	174

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі №12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті-2 см, асты-2 см, сол жағы-3 см, оң жағы-1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми-лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде болса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қатерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Көшіріп басқан жағдайда, сілтеме жасау міндетті.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль-12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее- 2см, нижнее-2 см, слева-3 см, справа-1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы ҚазҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН: 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции. Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24-39 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің өндірістік-жарнама бөлімінің баспасы
Типография производственно-рекламного отдела КазНПУ имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Сейсенбаева Жанар
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Сеитова Жанат
Беттеген/Верстка – Бердиева Айгуль Мурзабекқызы*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ, каб. 24-39.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 25.01.2011ж.
Пішімі 60x84. Борлы қағаз. Басылым – офсет. Көлемі 16 б.т. 1000 Дана. Тапсырыс №23